



БҰЙРЫҚ

2016 жылғы 20 қаңтар


Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 48

город Астана

«Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы



«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7409 болып тіркелген, 2012 жылғы 29 мамырдағы № 157 -158 (26976 - 26977) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары» осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда берілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына» жіберуді;

3) осы бұйрықты облыстар, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының назарларына жеткізілуін;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Е.Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**



А. Сәрінжіпов

09

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы «20» қаңтардағы
№ 48 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 29 желтоқсандағы
№543 бұйрығымен бекітілген

Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнермектептерінің Үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің осы үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және балалар музыка мектептеріндегі, балалар көркемөнер мектептеріндегі және балалар өнер мектептеріндегі балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді.

2. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің, балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің білім алушыларының оқу пәндерінің, практикаларының, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, бірізділігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын анықтайды.

Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің білім беру бағдарламалары балалар музыка мектептері, балалар көркемөнер мектептері және балалар өнер мектептерінде оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларын анықтайды.

3. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің, балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларының мақсаты тұлға, қоғам және мемлекет мүддесінде музыкалық және көркемөнер, эстетикалық білім беруді дамыту, балалардың тұлғалық дамуы, кәсіби өзін-өзі айқындауы және шығармашылық еңбегін

тұлғаның таным мен шығармашылыққа уәждемесі, оқу пәнінің аясында білім алушыларда пәндік құзыреттілікті қалыптастыру.

4. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларының негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамдық құндылықтар негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) білім алушыларды музыка, көркемөнер, хореография, театр және басқа өнер түрлерінің негіздеріне оқыту;

3) білім алушылардың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға, қабілеттерін іске асыруға және ерте бейіндік бағдарлануына ықпал жасау, өнер саласындағы шығармашыл дарынды білім алушыларды анықтау;

4) көркемдік-эстетикалық талғамды қалыптастыру мен тәрбиелеу, әлемдік көркем мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерге қатыстыру;

5) өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген отансүйгіштік, азаматтық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

2-тарау. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары

5. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының түрлері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары осы балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспарларының қосымшаларында берілген:

1) балалар көркемөнер мектебінің (өнер мектебінің көркемөнер бөлімі) Үлгілік оқу жоспары 1-қосымшаға сәйкес;

2) балалар музыка мектебінің (өнер мектебінің музыка бөлімі) Үлгілік оқу жоспары 2-қосымшаға сәйкес;

3) балалар өнер мектебінің (хореография бөлімі) Үлгілік оқу жоспары 3-қосымшаға сәйкес;

4) балалар өнер мектебінің (театр бөлімі) Үлгілік оқу жоспары 4-қосымшаға сәйкес;

5) балалар өнер мектебінің (цирк өнері) Үлгілік оқу жоспары 5-қосымшаға сәйкес;

6) балалар өнер мектебінің (қуыршақ театры) Үлгілік оқу жоспары 6-қосымшаға сәйкес;

7) балалар өнер мектебінің (кино өнері) Үлгілік оқу жоспары 7-қосымшаға сәйкес;

8) балалар өнер мектебінің (цирк өнері) Үлгілік оқу жоспары 8-қосымшаға сәйкес.

6. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің пәндері бойынша бақылаудың келесі түрлері жобаланады: ағымдық, аралық және қорытынды бақылау, қорытынды аттестация.

Ағымдық бақылау бағдарлама материалының әр тақырып және бөлім бойынша игерілуін тексеру мақсатында білім беру бағдарламасына сәйкес жеке сабақ процесінде өткізіледі.

Ағымдық бақылау – 1, 2, 3 тоқсанның соңындағы академиялық тыңдалымдар.

Аралық бақылау бір пән көлемі бөлімінің мазмұмын білім алушылардың игеру сапасын бағалау мақсатында сынақ немесе емтихан түрінде өткізіледі.

Қорытынды бақылау – оқу жылының соңындағы көшіру емтиханы. Білім алушы сыныптың талаптарына сәйкес бағдарлама ұсынады.

Қорытынды бақылау үлгілік оқу жоспарында қарастырылған және білім алушылардың пәнді оқуын аяқтағаннан кейін оның мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында оқу жылының соңында емтихан түрінде өткізіледі. Оған дайындалу кезінде меңгерілген материалды терең жалпылау және жүйелендіру жүргізіледі.

Қорытынды аттестация – пән бойынша бітіру емтиханы.

Білім алушыларды қорытынды аттестациялау білім беру бағдарламаларында қарастырылған пәндердің көлемін игеру деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі.

7. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары тиісті жұмыс оқу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

3-тарау. Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің білім беру бағдарламалары

1-параграф. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Сурет» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

8. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Сурет» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) балаларға сурет салуды, ең алдымен натураға қарап салуды, сонымен қатар елестету және есте сақтауы бойынша сурет салып үйренудің мазмұнын анықтайды, түрлі сызба құралдары арқылы геометриялық заттарды, натюрморттарды, күрделі қойылымдарды, гипстік

модельдерді, тірі натураларды пайдаланудан алған білімдері, біліктері және дағдыларын қалыптастырады.

9. Бағдарламаның мақсаты: академиялық және шығармашылық сурет арқылы тұлғаны дамыту және өз ойын көрсетуге ықпал ету.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) пән бойынша теориялық білім беру, алған білімдері, біліктері мен дағдыларын практикада қолдануды үйрету;
- 2) заттардың сызықтық-конструктивтік құрылымдарын үйрету;
- 3) екі өлшемді жазықтықта парақта үш өлшемді форманы көрсетуге үйрету;
- 4) түрлі графикалық материалдар арқылы заттардың материалдылығы мен фактурасын жеткізуді үйрету;
- 5) суретпен жұмыс істеудің реттілігін үйрету;
- 6) кеңістіктік елестетуді, көркемдік және ұқсата отырып ойлауды дамыту;
- 7) өнермен қарым-қатынас жасау қажеттілігін жетілдіру;
- 8) шығармашылық тұлға ретінде өзін үздіксіз дамытып отыруға тәрбиелеу;
- 9) шығармашылық даралықты қалыптастыруға ықпал ету;
- 10) отандық мұра мен әлемдік сызба өнеріне араластыру.

10. Оқу мерзімі 4 жыл, жылдық сағаттар жүктемесі 476 сағат, оның ішінде даярлық сыныбындағы (10-11 жас) жылдық сағаттар жүктемесі 68 сағат, бейін сыныбына 136 сағат қарастырылған.

Топтардағы балалардың сандық құрамы - 8 адамнан 15 адамға дейін.

11. Білім беру бағдарламасына сәйкес білім алушылар теориялық білім мен тәжірибені бір уақытта алады.

Білім беру бағдарламасы сатылап күрделендіру, жүйелендіру қағидаттарына сүйеніп әзірленген. Оқу тапсырмалары біртіндеп күрделендіріледі, жұмыс сапасына қойлатын талаптар жоғарылайды. Осылайша білім алушылардың білімдері, дағдылары, техникалық тәсілдері жүйелі түрде жиналады.

12. 1-сыныптың бағдарламасы академиялық суретті сауатты бейнелеуді меңгерудің тұрақты алғашқы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Бұл жерде білім алушылардың жас ерекшеліктері, талдау қабілеттері, арнайы көркемдік дағдылары мен біліктері арқылы шығармашылық қиялды жүзеге асыру ескерілген.

Суретке оқыту кіріспе әңгімелесуден басталады, онда педагог балаларды пәнмен, оның мақсаттарымен және міндеттерімен қол жетімді және қызықты түрде таныстырады, сабақтарда қажет болатын материалдарды (қағазды, резеңкені, графит және басқа да қарындаштарды, көмірді, сангинді, соусты, тушьті, пастельді және басқалары) көрсетеді.

Балаларды мейлінше қызықтыру үшін мектептің әдістемелік қорындағы еңбектерді және алуан түрлі сызбалық материалдар мен түрлі қағаз түрлерінде орындалған шеберлердің суреттерінің көшірмелерін көрсету қажет.

13. Педагог білім алушылардың сурет салудағы дайындық жұмысына: қарындаштарды ұштауға, планшетке ватман тартуға және сапалы ластиктің болуына назар аударады. Білім алушылардың сызықтармен, штрихпен және реңктермен таныстыратын бастапқы жаттығуларды қағаз көлемінің шағын ғана форматтарында (А4, А3), ал кейінгілерін - планшеттерде орындауға болады, бұл балаларды жұмысқа байсалдылықпен қарауға баулиды.

14. Суреттің негізгі материалы болып қаттылығы әртүрлі графит қарындаштар табылады. Бөлек тапсырмалар жұмсақ материалмен (көмірмен, сангинмен, пастельмен және басқалары), сонымен қатар қауырсынмен, тушьпен, фломастермен орындалады. Бірінші және кейінгі сабақтарда педагог білім алушылардың натуралық қойылымға қатысты дұрыс орналасуын, қарындашты ұстай білуін, тапсырмаларды нақты және мұқият орындауын байқау керек.

15. Заттардың пропорциясымен, формасымен танысу үшінші сабақтан-ақ геометриялық денелердің суреттемелерінен (сымды конструкциялардан) басталады, мұнда білім алушылар сызықтық перспектива түсінігін меңгереді. Суреттегі «пропорция» түсінігін зерттей отырып, педагог «визалау» әдісін пайдалана отырып, балаларды заттарды өлшеуге үйрету керек. Бейнеленген заттың формасын түсіну және жақсырақ көру үшін білім алушыға оны барлық жағынан қарауға мүмкіндік беру керек.

16. Суретті оқытудағы маңызды орында форма мен оның құрылымының мәселесі алады. Заттардың және кеңістіктің сызықтық перспективасын анағұрлым толық түсіну үшін сыйымдылықтардың құрылымын түсінуге көмектесетін, кеңістікті ойлау қабілетін дамытатын геометриялық денелердің сымды құрылымдары пайдаланылады.

17. Сурет салушыларға жұмыстың әдістемелік жүйелілігін сақтау керек, мұнда әрбір нақты тапсырма алдыңғысынан шығады, және соған негізделеді. Суретке оқыту әдістемесі натурамен жұмыс істеудің келесі негізгі кезеңдерінің бірізділігін қарастырады:

- 1) қойылыммен танысу, оған қызықты деген көзқарасты таңдау;
- 2) осы қойылым үшін форматты таңдау және парақ бетіне жалпы композицияны орнату;
- 3) осьтік, конструктивті, қосалқы сызықтарды пайдаланумен заттардың формасын жасау;
- 4) конструктивті суреттің сызықтық перспективаға бағынуы;
- 5) жарық көлеңкесінің көмегімен көлемді модельдеу, заттардың реңкін және олардың жарықтандырылуын жеткізу.

18. Заттар мен пропорциялардың, қойылымның реңктік сипаттамасының, заттардың білім алушының көзқарасына қатысты кеңістікте орналасуының сараптамасы – жұмысты бастаудың қажетті шарты болып табылады.

Педагогтердің өздерінің суреттерін басқа еңбектерімен салыстыра білулері, оның жағымды және жағымсыз жақтарын көргендері маңызды.

19. Суреттің бекітуші кезеңі: суреттің жалпы жағдайын, бөлшектердің бүтінге бағынуын тексеру, суреттің реңкін нақтылау. Суреттің нақтылығын тексеру және олардағы қателіктерді анықтау мақсатында ұжымдық қараулар өткізген абзал. Жеке жұмыста балалардың көркем суреттерінің шеттерінде немесе бөлек парақтарда қателіктерді түзету тәсілдерін көрсетуді пайдаланған маңызды.

20. Натюрморттың суреті – оқу жұмысының негізгі түрі. Ойластырылған, мақсаты жағынан айқын, қойылым орнынан жақсы көрінетін сурет білім алушылардың бойында көркемдік талғам мен қабылдау мәдениетін тәрбиелейді. Натюрморттар алуан түрлі, қызықты және қолдан келетін болу керек. «Жансыз» заттардың суретін салғаннан кейін, құстың тұлыбының (жұмсақ материалмен) суреттемесі сабақтарды әралуан етеді.

21. Натюрмортты реңкпен салу бойынша 1-сынып білім алушылары мыналарды білу біледі: көлемін жарық көлеңкелі градациялар (жарық, өзінің көлеңкесін, жартылай көлеңкені, сәулені, рефлекс, түсетін көлеңке) арқылы бере отырып, реңкіне қарай бөлуді. Жұмыс бейнеленген заттардың формаларын және олардың санын бірте-бірте күрделендірумен жасалады.

22. Дербес қабілеттіліктерге сәйкес, бағдарламалық тапсырмалардан басқа білім алушылар сыныпта және үйде өз бетінше қысқа мерзімді тапсырмаларды (әр түрлі техникаларда және материалдарда) орындайды. Көру арқылы қабылдау өткірлігін тәрбиелеуге, ой-өрісін кеңейтуге, байқағыштықтың және көзбен көргенді сақтаудың дамуына бүтіндей көріп, байқауды тез арада қағазға белгілеу шеберлігін шынықтыратын қысқа мерзімді суреттер, суреттемелер, нобайлар ықпал етеді.

23. 1-сыныпта-ақ «композиция» пәнінде білім алушылар сурет сабақтарында адам мүсінінің бейнесін салатын болатындықтан аудиторияда және үйде (тапсырманы сабақтың соңында беруге болады) натурадан нобайлар салу тәжірибесі енгізіледі. Жасы, жынысы және дене бітімі әртүрлі адамдарды салу – байқағыштықты, адамды есте сақтауы мен елес-қиялы бойынша салу шеберлігін дамыту мақсатында қажет.

Сурет сабақтарында көрнекі материалды, құралдарды, слайдтарды, әр түрлі техникалық оқу құралдарын мүмкіндігінше жиі қолдану маңызды, бұл білім алушыларға жаңа материалды жылдамырақ және сапалы меңгеруге мүмкіндік береді.

24. Оқу жылының соңында 1-сыныптың білім алушыларыкелесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) қарындашпен жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін, оның техникалық мүмкіндіктерін біледі;

2) жұмсақ материалдармен (көмір, сангина, соус, сепия, пастель), қаламұш, тушьпен жұмыс жасаудың әдістері мен тәсілдерін біледі;

3) «пропорция», «симметрия», «асимметрия», «реңк» түсініктерін біледі;

4) тәжірибеде «перспектива» (көкжиек сызығы, түйісу нүктесі) түсінігін біледі және қолданады;

5) «жарық (блик)», «жарық», «көлеңке», «жартылай көлеңке», «рефлекс» түсінігін біледі және оларды тәжірибеде қолданады;

6) «нақыш» түсінігін біледі, шығармашылық жұмыстардағы нақыштау амалдарын;

7) сызба өнері түріндегі (сызық, штрих, дақ, нүкте) бейнелеу-мәнерлеу құралдарының негізін біледі;

8) берілген қағаз парағының форматындағы заттарды біріктіре алады;

9) формаларды, заттардың пропорциялары, сонымен қатар олардың негізгі жарықтық-көлеңкелік градация арқылы (блик, жарық, жартылай көлеңке, өзінің көлеңкесі, рефлекс, түсіп тұрған көлеңке) немесе бай реңктік «созылымдарды» және реңктік кереғарлықтың тазалығын пайдаланып жеткізеді;

10) есте сақтау және елестету арқылы натураға қарап жұмыс істейді;

11) перспективаның заңдылықтарын пайдалана отырып, заттардың ерекшелік сипаттарын және кеңістіктің тереңдігін жеткізе біледі;

12) көңіл күйді және бейнелеп отырған заттардың жағдайын жеткізу үшін суреттің мәнерлілік тілін білу және түсінеді;

13) суреттің (пропорциялар, симметрия, асимметрия, түстердің кереғарлығы, ось, масштаб, тепе-теңдік) негізгі бейнелеу-мәнерлеу құралдарын түсінеді және қолданады;

14) педагогтің көмегі арқылы және өз бетінше парақтың форматын дұрыс таңдайды;

15) жұмысты жүргізудің негізгі кезеңдерінде бейнеленген заттарды біріктіреді;

16) педагогтің көрсеткен жарық пен көлеңке негіздерінде және қойылымды жарықтандыру сипатын ауызша талдау негізінде түстерді талдай біледі;

17) адамдардың бет әлпеттері мен сұлбасының пропорциялық құрылымының алғашқы дағдыларын тәжірибеде қолдана біледі.

25. 1-сыныптағы оқу пәнінің оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Мектепте және 1-сыныпта суреттің міндеттері туралы әңгіме. Көркем сурет, оқу бейнелеу құралы. Сызықтардың түрлері. Сызықтардың пластикалық қасиеттері.

2-тақырып. Көркем суреттің бейнелеу құралдары. Реңк. Штрих, дақ, нүкте. Штрихтеу түрлері. Реңк, Реңктік дақ, реңктік диапазон. Реңкті жеткізудің техникалық тәсілдері.

3-тақырып. Сызықтық перспектива. Көлемдік дененің фронтальді және бұрыштық перспективадағы құрылымдық заңдылықтары. Көкжиек сызығы, заттық және суреттік жазықтық, перспективалық қысқартулар, түйісу нүктесі. Шаршы және шеңбер перспективалары.

4-тақырып. Сурет салудың жүйелілігі. Сәуле мен көлеңкенің үйлесімділігі. Жалпыдан жекеге, күңгірттен ашыққа қарай жұмысты жүргізу қағидаты. Жарық көлеңкесі мен оны қабылдаудағы және заттардың көлемділігін жеткізудегі өрбуі.

5-тақырып. Сызықтық перспектива туралы білімді бекіту. Заттардың формасы, негізінде цилиндр, конус, шар және олардың үйлесімінің формасы жатқан конструкция ретінде. Заттар пропорциясы.

6-тақырып. Суреттегі реңктік кереғарлық. Үлкен реңктік диапазонда жұмыс істеу ерекшеліктері. Суретте кереғарлық реңктік қатынастардың тазалығы.

7-тақырып. Жұмсақ материалмен танысу. Әртүрлі жұмсақ материалдардың түрлері мен қасиеттері. Жұмсақ материалмен жұмыс істеу техникасындағы графикалық мәнерлілік пен өзгешелік.

8-тақырып. Сынақ жарты жылдық жұмыс. Сынақ жұмысына қойылатын негізгі талаптар. Натюрморт көркем суретінде бейне кезеңдерінің жүйелілігі.

Екіншіжартыжылдық.

9-тақырып. Суреттемелер. Заттардың көлемділігін жеткізудегі сызба-техникалық тәсілдердің сан алуандылығы.

10-тақырып. Заттар конструкциясы және олардың ерекшеліктері. Заттардың формасы қойылымның тереңдігінің кеңістігімен бірлікте кеңістік конструкциясы ретінде.

11-тақырып. Жұмсақ материалмен көлемді форманы жеткізу қағидаты. Түрлі беттердегі кеңістікті, көлемді, фактурасын жеткізудегі жұмсақ материалдың қасиеттері: қауырсындануы, керамика және тағы басқалары

12-тақырып. табиғи формалардың конструкциясының әралуандылығы. Пластика мен өсімдіктер фактурасының ерекшеліктері, оларды салу техникасы.

13-тақырып. Шығармашылық сурет.Натураны шығармашылық тұрғыдан қайта пайымдаудағы нақыш және нақыштық тәсілдер. Қысқа реңктік шешімнің графикалық мәнерлілігі.

14-тақырып. Жылдық емтихан жұмысы. Емтихан жұмысына қойылатын негізгі талаптар. Натюрморт көркем суретіндегі академиялық міндеттерді орындау жүйелілігі мен бүтінділігі.

26. 2-сыныпта 1-сыныпта алынған білімдер бекітіледі және ұлғайтылады. Зерттелген ережелерден басқа, күрделендірілген деңгейде пропорционалды қатынастар, біріктіру туралы жаңа қойылған талаптарда қойылымдардың кеңістікті жоспарлылығы және олардың перспективасы зерттеледі.

27. Ұзақ мерзімді қойылымдар – жас суретшінің оқуының негізі. Бұл жерде алуан түрлі формалардың құрылымын байсалды және терең қарауға, олардың заңдылықтарын ұғуға мүмкіндік болады.Ұзақ мерзімді қойылымдағы көркем суретпен жұмысты орындай отырып, білім алушылар ең қарапайымнан күрделіге дейін техникалық тәсілдерді меңгереді.

28. Білім алушылар алғаш рет ілініп тұрған қаптау материалының қатпарларын зерттеуге араласады – сынақ қойылымының міндеттерінің бірімен.

Тік, радиалды және доға тәріздес бағытта қалыптасатын қатпарлармен таныса бастағандары абзал.

29. Екінші жартыжылдықта тапсырмалар қиындатылады. Білім алушылар адамның басының бейнесін және киінген фигураның суреттемесін салады.

Қиын емес интерьерлік қойылымның көркем суретінің және жерде жатқан ірі заттардан салынған натюрморт перспективасы туралы білімдер бекітіледі.

30. Емтихан тапсырмасында (гипс розеткамен натюрмортта) педагог білім алушылардан гипс плитаның нақты композициялық және конструктивті шешіміне, олардың перспективасына ғана емес, сонымен қатар заттардың материалдылығын таратуға да қол жеткізу керек.

31. Оқу жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) бейнелеу өнерінің сызба түрінің ажырамас бөлігі ретінде суреттің ерекшеліктерін түсіну, оның басқа жанрлармен, нақыштармен қарым-қатынасын, көркемдік мәнін түсінеді;

2) натураны шығармашылық ойлау арқылы нақыштық тұрғысынан түрлы жанрдың, тарихи кехендер мен оларды тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы сызба шығармаларының туындыраны түсіндіре біледі;

3) салыстыра білу, нысан формаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, олардың жазықтықтағы бейнесін салыстыра біледі;

4) натураны шығармашылық тұрғыдан қайта ойлау арқылы сызба өнері туындысын талдай біледі;

5) қойылым мен суреттің жалпы реңкін талдай біледі;

6) форма мен кеңістікті қабылдау дағдыларына ие болады;

7) сызықтық перспектива заңдарын біледі (қойылымға жоғары көзқараспен қарағанда);

8) суреттегі сызықтар, реңктер, иілгіш формаларды, штрихтарды, дақтарды ерекшеліктерні пайдаланады.

9) пропорциялар мен сәуле мен көлеңкенің қатынастарын анықтай алады;

10) бейнеленіп отырған заттар мен үстіңгі бөліктердің фактураларын жеткізе біледі; сызықтық және әуе перспективалары туралы білімдерін пайдаланады;

11) адамның басын, киінген сұлбасын бейнелеу дағдыларына ие;

12) реңктік созылымдар арқылы натюрморттағы, портреттегі, интерьердегі, сонымен қатар адам сұлыбындағы және киім қыртыстарының жағдайы мен көңіл-күйін берудің негізгі модельдеу тәсілдерін пайдаланады;

13) бұрын қалыптасқан машықтардың негізінде күрделендірілген кеңістікті шешімдердің қойылымын бейнелей біледі;

14) олардың бейнесінің заңдылығын түсіне отырып, алуан түрлі күрделендірілген формадағы заттармен көркем суреттерді сала біледі;

15) ұзақ мерзімді қойылымдарда суретті жасаудың негізгі техникалық тәсілдерін, сонымен қатар жұмсақ материалдардың мәнерлік мүмкіндіктерін біледі;

16) бастың, адамның мүсінінің және әр түрлі табиғи формалардың конструктивті ерекшеліктерін біледі;

17) мата қатпарларының негізгі түрлері мен формаларын модельдеу қағидаттарын біледі;

18) интерьер мен оның конструкциясы бейнесінің ерекшеліктерін білу;

19) жаңа терминологияны түсінеді (тондық масштаб, радиалдық қатпарлар, гипс розетка және басқалары);

20) сызбалық көркем материалдарды пайдалану ерекшеліктерін пайдалана біледі және шеберлігі, оларды біріктіру мүмкіндіктері (бор, сангина, көмір; бор, түрлі түсті қарындаштар; гель қаламдар және қара акварель және басқалары.);

21) оқу қойылымдарымен жұмыс істеудің негізгі кезеңдеріне ие болады (натюрморт, интерьер, портрет, адамның мүсіні);

22) педагогтің бақылау сұрақтарына сүйене отырып, көзқарасты өз бетінше сауатты таңдайды;

23) өз бетінше, алынған білімдердің негізінде тиімді формат түрін таңдайды;

24) педагогтің жетекші сұрақтарынсыз заттардың, модельдің, нысандардың таңдалған форматта саналы түрде біріктіріледі;

25) заттардың, бейнелердің, олардың бөліктерінің пропорцияларын педагогтің жетекші сұрақтары бойынша салыстыра білу, сонымен қатар өз бетінше, көркем суреттің құрылуының қосымша сызықтарын пайдаланады;

26) тапсырмаларда бұрыштық және фронталды сызықтық перспектива туралы алынған білімдерді қолданады;

27) педагогтің бақылауымен жұмысты жүргізудің кезеңдік жоспарын ұсына отырып, жарық негізгі көлеңкесі градациялары туралы білімін пайдаланады;

28) педагогтің жеке мысалына, әдістемелік құралдарға сүйене отырып, анағұрлым күрделі оқу қойылымдарымен қарындашпен және басқа да графикалық материалдармен жұмыс жүргізу жүйелілігін иелену, шеберлердің жұмыстарының көркем суреттерін өз бетінше зерттейді;

29) күрделі ракурстан заттардың көлемі бойынша анағұрлым ірі пропорциялардың формаларын жеткізе біледі (көкжиек сызығынан әлдеқайда төмен);

30) жаңа қойылымдарда қаңқа пластикасын пайдалана біледі;

31) ер және әйел натурасының әр түрлі қалыптағы бейнелерінің білімі мен машықтарын игереді. Натураның тән ерекшеліктерін түсіну, пропорционалды ара қатынастарды, тондық құрылымды және қиын емес іс – қимылдарды жеткізеді;

32) гипстік розетка суретінде анағұрлым күрделі тапсырмаларды орындау үшін конструкциялар, тондық градациялар, пән фактурасы туралы білімді жүзеге асыра біледі.

32. 2-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. 2-сыныптағы тапсырмалар туралы әңгіме. Натурашының суреттемесі. Баладағы, жасөспірімдегі және ересек адамдағы пропорционалды қатынастардың ерекшеліктері.

2-тақырып. Сурет салушының көз деңгейінен төмен орналасқан заттардың конструктивті бейнесінің ерекшеліктері.

Жоғарыдан бейнеленетін геометриялық денелердің сызықтық перспективасы.

3-тақырып. Тақырыптық натюрмортта жұмсақ материалдармен жұмыс істеу техникасы. Жұмсақ материалмен бейнеленген заттардың формалары мен көлемдерінің әралуандылығы. Жарық көлеңке градацияларына пайдаланылатын жұмсақ материалдардың түсі мен тонының сәйкестігі.

4-тақырып. Мата қатпарларының негізгі түрлері және формалары. Көлемді конструкция ретінде маталар қатпарлары. Қатпарлардың негізгі типтері (цилиндрлі, конустық). Мата қатпарларындағы жарық көлеңкесінің градациялары. Мата қатпарлары мен қарапайым геометриялық денелердің формаларын модельдеудің тепе – теңділік қағидаттары.

5-тақырып. Жарты жылдық сынақ жұмысы. Сынақ жұмысына қойылатын негізгі талаптар. Тіреуіштің көлденең және тік жазықтықтарының, қойылым заттарының және қапталған мата қатпарларының перспективті қысқартуларын жеткізудегі бірлік.

Екінші жартыжылдық.

6-тақырып. Интерьерді салудың ерекшеліктері. Бөлме ішкі көрінісінің сызықтық перспективасы. Салушы көзқарасынан қарағанда көкжиек сызығы, түсу нүктесі, интерьер суретіндегі перспективтік қысқартулар.

7-тақырып. Адам фигурасы суретінің заңдылықтары. Адам фигурасының негізгі пропорциялары. Кеуденің, бастың, қол-аяқтарының конструктивтік ерекшеліктері. Ракурсқа байланысты, фигураның суретін салудағы перспективтік қысқартулар.

8-тақырып. Портрет. Адам басының негізгі пропорциялары. Ракурсты есепке ала отырып бас конструкциясы құрылысының жүйелілігі. Бастың суретін салудағы перспективті қысқартулардың заңдылықтары (қарсап, үште бір, беттің қырынан қарағандағы сұлбасы).

9-тақырып. Салушы көзінің деңгейінен төмен болатын ірі заттарды бейнелеудің ерекшеліктері. Төбе тұсынан қаралатын қойылымның сызықтық перспективасы. Формат шегінен тыс, биік көкжиек жағдайларында перспективті қысқартулардың өзгеруі.

10-тақырып. Жылдық емтихандық жұмыс.

Емтихандық жұмысқа негізгі талаптар. Розетка плитасының және оюлы бедерлердің сызықтық перспективасы.

33. 3-сыныптың бағдарламасы академиялық сурет туралы тұтас білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған, білім алушылардың жұмысты өз бетінше жүргізу дәрежесінің ұлғайғандығы және тәжірибелік тапсырмаларды орындаудағы жауапкершілі ескеріледі. Бағдарлама білім алушылардың өзін-өзі дамытуға және дамытуға, олардың суреттің күрделі тапсырмаларына жеке көзқарастарына бағытталған.

34. 3-сыныптың қойылымдарының міндеттері мен сипаттары жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескеріп, айтарлықтай қиындатылады.

Натураны терең әрі жан жақты зерттеу талаптары жоғарылайды. Мысалы, «портрет» тақырыбы бойынша бас пропорцияларын, модель даралығын көрсету ептілігі тұрақты жаттығулар арқылы қалыптастырылады: беттің жеке бөліктерін, күрделі ракурста сызықтық және түстік суреттеулерді зерттеу, автопортреттерді және натурашыны анықтап зерттеу. Көрнекілік материалдар белсенді қолданылады: портреттердің көшірмелері, білім алушылар туындыларының үлгілері және пластикалық анатомия бойынша кесте. Үй тапсырмасы ретінде шеберлердің туындыларын қайталап көшіру болуы мүмкін.

35. 3-сынып білім алушылары планшеттің үлкен форматы – 45сантиметрде×55сантиметрге көшеді.

36. Гипстен жасалған мүсіннің басын салуда асқан дәлдік және шындалғандықтың ең жоғары деңгейі қажет, онда форма пластикасын, көркемділігін және өнер туындысының эстетикалық құндылығын ұғынуды дамыту қажет. Форманың пластикалық ерекшеліктерін түсіндіру үшін білім алушыларды пластикалық анатомияның қарапайым қарапайым мәліметтерімен таныстыру қажет (бас сүйек, «экорше»).

37. Тірі моделдің натуралық қойылымдары – фигура, портрет эстетикалық қызықты, айқын, нақты оқылатын формалы болу қажет. Нобай жасауда мінез, пропорция, қозғалысты көрсетуді мақсат ету қажет. Оймен сурет салу үшін оқу жоспарына кірмеген қосымша сағаттар берілу қажет.

38. Оқу жылының соңында 2-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) графикалық тілдің әртүрлілігі туралы түсінігі болады;
- 2) академиялық және шығармашылық суреттің оқу-тәжірибелік жұмысының жаңа әдістері мен тәсілдерін меңгереді;
- 3) мәселелерді өз бетімен шешу негізінде оқу және шығармашылық жұмысты жүргізудің жоспарын жасай алады;
- 4) күрделі формалы заттардың, сондай-ақ, тірі моделдің және олардың пропорциясы және перспективті өзгерістерінің конструктивті ерекшеліктері туралы білімін қолдана біледі;
- 5) түстік қатынастарды және кереғарлықты ескере отырып заттар мен образдардың көлемін жарық-көлеңке арқылы моделдеуді біледі;
- 6) ұзақ мерзімді тақырып бойынша натюрморттарды, гипстен жасалған және тірі моделді, гипстен жасалған күрделі бедерлі розеткаларды жасауда жұмыстық тәжірибелік тәсілдерін жетілдіреді;

7) қойылымның түстік құрылымын талдай біледі, түстелген қағазда сурет салу жұмысында қажет графикалық материалдарды өз бетінше таңдай біледі, әртүрлі техникалық тәсілдерді қолдана отырып (материалдың бір қабатын басқаға салу, штрихтеу, қарайту, жапасынан жұмыс және басқа) заттардың материалдығын көрсетеді;

8) тақырыптық көп жоспарлы қойылым суреттерінде заттардың көлем қатынастары, олардың пропорциялары, күрделі түстік диапазонды сақтайды.

9) таңдалған техникалық құралдарға сәйкес (нүктелер, дөңгелектер және тағы басқа) шығармашылық тапсырмаларды орындайды;

10) көп жоспарлы интерьерді бейнелеуде суретті моделдеудің негізгі конструктивті және жарық көлеңкелік қағидаттары туралы білімді қолдана біледі;

11) қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін біледі (дұрыс отыру және жұмыс орнын ұйымдастыру, жарықты бақылау, кескіш құралдармен жұмыс жасай біледі);

12) оқу және шығармашылық жұмыс барысында жұмыс жасаудың негізгі кезеңдерін орындайды;

13) оқу қойылымының қызықты көз қарасын өз бетінше таңдау жасайды;

14) педагогтің бағыттаушы сұрақтарына байланысты, формат және заттарды тұтастырудың сәтті түрін сауатты өз бетінше анықтайды;

15) бойында бар тәжірибе негізінде, жұмысты жүргізудің басты кезеңдерін өз бетінше жоспарлайды;

16) педагогтің бағыттаушы және бақылаушы сұрақтары негізінде натуралық қойылымдардың конструктивті және түстік талдауын жасау, өз бетінше;

17) «кесіндеме» тұрғысынан, натураны жалпыланған, тұтас ретінде қабылдай білу;

18) ұзақ және қысқа мерзімді суреттерде сызықтық және ауа перспективалары туралы білімді тәжірибеде қолдану;

19) бейнеленетін суреттердің кеңістікте алатын орнын, түрлі фактуралығын, ол үшін қарындаш және жұмсақ материалдармен жұмыс жасау техникаларының тәсілдерін сауатты таңдай отырып, көрсете біледі;

20) натуралық қойылымдардың түстік құрылымын талдай біледі;

21) композиция жағынан күрделі жұмыстарда аяқталған жұмысты көрсете біледі;

22) қойылған мәселелерді шешу үшін жұмыстың ең айқын тәсіл және әдістерін таңдайды (графит қарындашпен, жұмсақ материалдармен, қылқаламмен және тағы басқа);

23) зерттелген жұмыс үлгілері және білім алушының жеке ұсыныстары негізінде моделді бейнелеу үшін пластиканың, нақыш және техниканың сәйкес түрлерін таңдайды;

24) қойылым заттарының жарықтығын, розетка элементтерінің (интерьердің, гипстен жасалған және тірі бастың) жоспарлылығын, гипстің

(матаның, бет терісінің және басқалар) материалдылығын көрсету үшін жарық-көлеңкенің негізгі үдемелері туралы білімін қолданады;

25) суретте моделдерге сәйкес фактураларды көрсету үшін түрлі техникалық әдіс-тәсілдерді қолданады (гипс, маталар, ағаш, әйнек, метал).;

26) педагогтің жеке мысалы және өз бетінше меңгерген техникалары негізінде штрихтеу мәдениетін жетілдіреді;

27) академиялық және шығармашылық жұмысты максималды аяқтайды және айқындай біледі;

28) суретті, оған сәйкес тұтастық пен эстетиканы бере отырып, жалпылай білу. Өз жұмысын одан әрі жетілдіруге ұмтыла отырып, сынап талдай біледі.

39. 3-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Сыныптың мақсаты мен қажетті материалдар жөнінде әңгімелесу. Адам фигурасының формаларының айқындылығын және динамикасын берудегі графикалық материалдардың мүмкіншіліктері.

2-тақырып. Суреттегі түс. Жұмсақ материалмен жұмыс жасауда техникалық тәсілдердің әртүрлілігі. Қойылым заттарын моделдеудегі фактура, жоспарлылық.

3-тақырып. Шығармашылық тапсырмамен тақырыптық натюрморттағы суреттің бейнелеу құралдары. Ерекше тақырыптағы көп планды кереғарлығы қойылым жұмысының ерекшеліктері. Түрлі графикалық материалдардың айқындауыш мүмкіндіктері.

4-тақырып. Жартыжылдық сынақ жұмысы. Сынақ жұмысына негізгі талаптар. Розетка плитасының және ою бедерінің сызықтық перспективасы. Заттардың көлемдігін моделдеудегі гипс және мата фактурасы.

Екінші жартыжылдық.

5-тақырып. Жұмсақ материалмен күрделі интерьерді бейнелеудегі перспектива. Интерьердегі жарық. Түстік қатынастардың кереғарлығы және айқындылығы.

6-тақырып. Гипстен мүсінделген адам басының конструктивті және түстік моделдеу. Адам беті бөліктерінің конструктивті ерекшеліктері негізінде басты бейнелеудің бірізділігі.

7-тақырып. Натурашы басының суретінде конструктивті және түстік моделдеудің ерекшеліктері. Гипстен жасалынған және тірі модель бастарының суретін салудың арасындағы негізгі айырмашылықтар. Адам басының пропорцияларындағы үлгілілер және өзіндік ерекшеліктер. Жұмыс барысында типтеуден индивидуализацияға бірізді көшудің тәсілі.

8-тақырып. Жылдық емтихандық жұмыс. Көп планды күрделі қойылым суретіндегі сызықтық перспектива. Гипстен жасалынған моделді енгізе отырып жасалынған кереғарлығы қойылымдағы түстік диапазон.

40. 4-сыныптың бағдарламасы академиялық сурет туралы тұтас білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған, білім алушылардың жұмысты өз бетінше

жүргізу дәрежесінің ұлғайғандығы және тәжірибелік тапсырмаларды орындаудағы жауапкершілі ескеріледі.

41. 4-сыныптың қойылымдарының міндеттері мен сипаттары жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескеріп, айтарлықтай қиындатылады. Жаттығулар білім алушылардың белсенділікке жеке қабілеттілігі мен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының дамуын ескеруі қажет.

Натураны терең әрі жан жақты зерттеу талаптары жоғарылайды. Көрнекілік материалдар белсенді қолданылады: портреттердің көшірмелері, білім алушылар туындыларының үлгілері және пластикалық анатомия бойынша кесте. Үй тапсырмасы ретінде шеберлердің туындыларын қайталап көшіру болуы мүмкін.

42. 4-сыныптың білім алушылары планшеттің 45 сантиметрде×55 сантиметр өлшеміндегі үлкен форматта жұмыс істейді.

43. Гипстен жасалған мүсіннің басын салуда асқан дәлдік және шыңдалғандықтың ең жоғары деңгейі қажет, онда форма пластикасын, көркемділігін және өнер туындысының эстетикалық құндылығын ұғынуды дамыту қажет. Форманың пластикалық ерекшеліктерін түсіндіру үшін білім алушыларды пластикалық анатомияның қарапайым қарапайым мәліметтерімен таныстыру қажет (бас сүйек, «экорше»).

44. Тірі моделдің натуралық қойылымдары – фигура, портрет эстетикалық қызықты, айқын, нақты оқылатын формалы болу қажет. Нобай жасауда мінез, пропорция, қозғалысты көрсетуді мақсат ету қажет.

45. Оқу жылының соңында 4-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) өз бойындағы сызбалық сауаттылықты өз бетінше дамытады және біледі, және оларды тәжірибелік академиялық және жеке шығармашылық жұмыста пайдаланады;

2) сызықтық және әуе перспективасы тәсілдерімен саналық түрде қолдана біледі;

3) гипстен жасалған адамның басын, портретін, сұлбасын және тағы басқаларын конструктивті құру және жарықтық көлеңкемен жасау, заттары жазықтыққа мықтылап орнату;

4) күрделі заттардың көлемдерін жарық көлеңке арқылы саналы түрде жүргізеді және белсенді түрде модельдейді;

5) академиялық суретпен жұмыстың барлық негізгі кезеңдерінің ретін сақтай отырып өз бетінше ұзақ қойылымдармен жұмыс жасайды;

6) реңк арқылы күрделі заттардың формаларын модельдейді;

7) жарық-көлеңке құралдары арқылы кеңстікті, заттардың фактурасын жеткізе алады;

8) сызық, дақ, штрихтеу мәдениетін сенімді меңгеру: көзбен өлшеуі жетілген, сызықтық және түстік суретті салу дағдылары болады;

9) нобайлар мен суреттерде негізгі түпкі ойды ерекшелей отырып, мінезді байқата білу;

- 10) әртүрлі қалыптардағы заттарды ойша сала білу;
- 11) қойылымдардың композициясын шеше біледі, олардың эмоциялық күйін жеткізе алады;
- 12) тұрмыстық жанрдағы қойылымдарды, натюрморттар мен портреттердің конструктивтік талдауын жүргізе біледі;
- 13) сызық, штрих мәдениетін, дақтарды меңгерген: көз көрегендігі жеткілікті дамыған бола отырып сызықтық және түстік суреттерді құру дағдыларына ие;
- 14) жеке ойларын және көркем талғамын негізге ала отырып, суреттің шығармашылық мәселелерін креативті шеше білу;
- 15) қойылымдармен жұмыс істеу негізгі кезеңдерін және оларды практикада қолдана біледі;
- 16) натуралық қойылымның максималды тиімді ракурсын өз бетінше анықтау, сондай ақ, өз таңдауын сауатты түрде негіздей алу;
- 17) қойылымды максималды мәнерлі ететін форматты қатесіз анықтай білу;
- 18) адам сұлбасын, тұрмыстық заттар мен жихаздарды енгізе отырып интерьерлі көп жоспарлы қойылымдарды бейнелеу жұмыстарының барлық кезеңдерін жоспарлай алады;
- 19) түрлі кеңістіктік жоспарда екінші кезектегі сұлбаларды басты сұлбаға бағындара отырып, пропорциональды бірнеше адам сұлбаларын топтай біледі;
- 20) үлкен түстік диапазонды пайдаланып, қойылымды жарықтандыруды жеткізу, алғашқы кезеңдерде жұмысты жалпыдан жекеге, ал аяқтағанда жекеден жалпыға бойынша аяқтайды;
- 21) гипстік бетпердені, капелиді немесе адам бейнелеудегі көкжиек сызығы деңгейі мен перспективалық қысқартуларды ескере отырып алған күрделі формаларды бейнелеу дағдыларын пайдаланады және өзбетінше талдай алады;
- 22) көкжиек сызығының деңгейі және перспективті қысқартуларды ескере отырып, күрделі формалар және кеңістік құрылысын жасау жөнінде алған тәсілдерін өз бетінше қолданады және талдайды;
- 23) алдын ала жасалынған нобайлар негізінде бұрылыс және индивидуалды мінезін көрсетуге сәйкес тірі моделді бейнелей алады;
- 24) перспективаға барлық қажетті конструктивті сызықтарды бағындыру арқыл, қойылымға деген бір көзқарасты сақтап, өз бетінше адамның толық бойымен орындайды;
- 25) кеңістіктің тереңдігін жеткізудегі әуе перспективаларын ескеру және жалпылай алу негізінде интерьер алдындағы сұлба бейнесінің артықшылығына қол жеткізу, түстік кереғарлық туралы білімін қолданады;
- 26) жұмысты аяқталу, тұтастық және жалпылау кезеңіне дейін жеткізеді;
- 27) өзінің, сондай ақ өз достарының шығармашылық туындыларын сынап отырып, талдай біледі.

46. 4-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сағат. 4-сыныптағы сурет тапсырмалары жөнінде әңгіме. Нобайлар мен суреттер.

2-тақырып. Жұмсақ материалмен гипстен жасалған адам басының суреті. Гипстен жасалған бастың суретінде жұмсақ материалмен салудағы түстік шешімнің айқындылығы және жалпылығы. Күрделі форманы ықшамды құралдармен бейнелеу.

3-тақырып. Гипстен жасалған моделден көп планды натюрморттың композициялық бірлігі. Артқы планда орналасқан, жұмыстың түстік тұтастығын есептей отырып, композициялық орталықты айқындаудың тәсілдері.

4-тақырып. Жартыжылдық сынақ жұмысы. Салушы көзінің деңгейінен жоғары орналасқан, күрделі конструкцияның сызықтық перспективасы. Капитель конструкциясын геометриялық денелердің күрделі комбинациясы ретінде түсіну.

Екінші жартыжылдық.

5-тақырып. Жеке портреттік сипаттаманың конструктивтік шешімдерінің тәсілдері. Әртүрлі ракурстағы адам басы конструкциясының перспективасы. Бет көлемінің, оның бөлшектерінің, шашының, мойнының «мүсіндеріндегі» түстік шешімдер. Портреттегі индивидуализация.

6-тақырып. Интерьерлік қойылым фонында адам фигурасын моделдеудің ерекшеліктері. Фигура мен интерьерлік кеңістіктің сызықтық деңгейінің бірлігі. Интерьер детальдары мен фигура пропорцияларының өлшемдерінің үйлесімділігі. Фигура мен интерьер кеңістігінің жарықтығы.

7-тақырып. Жылдық емтихан жұмысы. Емтиханға қойылатын негізгі талаптар.

47. Білім алушылардың шығармашылық жетістіктері келесідей өлшемдерді есептей отырып бағаланады: алған білімдерді академиялық немесе шығармашылық жұмыста толық қолдану, графикалық материалдармен жұмыс жасай білу (қарындаш, пастель, көмір, соус, сангина, және тағы басқалары).

48. Білім, ептілік және тәсілдерді бағалау жұмыстың әр кезеңінде жүргізіледі. Тақырып таңдау және орындау техникасына шығармашылықпен қарау, алған теориялық білдімдерді тәжірибеде қолдана білу жоғары бағаланады.

49. Сондай ақ, бағалау жартыжылдық және қорытынды жылдық суреттерді карауда жүргізіледі.

2-параграф. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Кескіндеме» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

50. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Кескіндеме» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) білім мазмұнын, білімді игерудегі қажетті білімді, шеберлі пен дағдыларды меңгеруді, жұмыс әдістерін анықтайды.

51. Бағдарламаның мақсаты: тұстану негіздерін, түрлі кескіндеме құралдарымен және түрлі техникалық тәсілдерді пайдаланып акварель және гуашьпен салынатын кескіндеме техникасын оқыту.

52. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша теориялық білім беру, алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын тәжірибеде қолдануды үйрету;

2) білім алушылардың заттарды және қоршаған шынайыл көріністерді көзбен көру арқылы қабылдау мәдениетін дамыту;

3) кескіндеменің эстетикалық мәнін, тұстанудың, перспективалардың, кескіндеменің түрлі техникаларының теориялық негіздерін оқыту;

4) түсті қабылдауды, заттардың көлемін түстер арқылы жеткізу, сызықтық және әуелік перспективаларды оқыту;

5) кескіндеме құралдарын пайдалануды, кеңістік пен жарықтық байланысындағы түстердің ерекшеліктерін ескере отырып формаларлы түспен модельдеу;

6) өнермен қарым-қатынастың қажеттілігін дамыту;

7) шығармашылық тұлға ретінде өзін үнемі дамыту қажеттілігін тәрбиелеу;

8) шығармашылық даралықты қалыптастыруға әсер ету;

9) отандық мұра мен әлемдік сызба өнеріне араласуға әсер ету.

53. Бағдарлама білім алушылардың өз бетінше шығармашылық қызметке даярлығын қалыптастыруға бағытталған. Кескіндеме – академиялық білім негізін беретін, білім алушыларға өз шығармашылығы мен жеке қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік туғызатын көркемсурет мектептердегі маңызды пәндердің бірі болып табылады.

54. Пән 408 сағаттық жүктемемен 4 жыл оқытылады, даярлық сыныбындағы (10-11 жас) жылдық оқу жүктемесі – 68 сағат, бейіндік сыныпта – 136 оқу жүктемесімен оқытылады.

55. Топтардағы балалардың сандық құрамы - 8 адамнан 15 адамға дейін.

56. 1-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. 1-сыныптағы кескіндеме міндеттері және қажетті құрал – жабдықтармен танысу. Хроматикалық және ахроматикалық түстер. Күн спектрі туралы түсінік. Түстерге мінездеме: негізгі және құрамдас түстер; жылы және суық түстер; қосымша түстер. Бояулардың араласуы.

2-тақырып. Акварельмен жұмыс істеу негіздері. Қарапайым өсімдік пішіні мен тегіс заттың суреті. Акварель бояудың техникалық жұмыстары: түсті түске құю, лессировка – акварельдің мөлдір қабаттарын бір біріне қою, формасы, көлемі және бағыты бойынша түрлі бояулар.

3-тақырып. Кескіндемедегі реңк және түс көлеңкелері. Түстің өзіндік реңк ерекшеліктері (жарық). «Гризайль» техникасымен танысу. Танысқан техниканың негізінде қараңғылықтан жарыққа жұмыс түрлерін жүргізу. Жалпыдан жалқыдағы реңк ара-қатынастарымен жұмыс. Реңк ара-қатынастарын берудегі су мен бояудың тепе-теңдік маңыздылығы

4-тақырып. Көлемді берудегі түс пен реңк. Заттың шекті түсі және оның жарықтық ауа кеңістіктегі өзгерісі. Түстердің өзара ықпалдасуы, түс рефлексі туралы түсінік.

5-тақырып. Гуашь кескіндемесі. Бояу туралы түсінік. Гуашь бояуларымен жұмыс істеу ерекшеліктері (бояулардың консистенциясы, айқын еместік, ақ бояу рөлі, жұмыс жүргізудің бірізділігі). Шектеулі түс гаммасы. Кескіндемедегі ауыр бояулар.

6-тақырып. Түс және оның мол қамтылған жақтары Жарық әсерінен түстердің өзгеруі. Әр түстердің молдық деңгейлері, өзара әсер етуі. Заттың мол қамтылған түстері бойынша натюрмортты орындаудағы бірізділік. Жинақтау туралы түсінік.

7-тапсырма. Жартыжылдық сынақ жұмысы.

Қорытынды жұмыстың негізгі талаптары. Жұмыс жүргізу кезеңдері. Жарыққа байланысты түстердің арақатынасы. Заттар қойылымдағы түстердің өзара ықпалы.

Екінші жартыжылдық.

8-тақырып. Түрлі техникалардағы акварель кескіндемесі Пуантилизм. Пуантилизмнің пайда болуына тарихи анықтама. «Пуантилизм» техникасының ерекшелігі. Түстерді көзбен алмастыру. Таяқшаларда бояуларды механикалық араластырусыз құрамдас түстерді алу ұстанымдары. Түс рефлекстері және оларды «пуантилизм» техникасымен беру жолдары.

9-тақырып. Гуашь кескіндемесіндегі түстердің кереғарлығы Кескіндеменің жеңіл және ауыр түстері. Бояулардың кереғарлығы туралы түсінік. Кереғарлы түстердің өзара ықпалдасуы мен араласуы. Түс рефлекстері.

10-тақырып. Ақ заттардың кескіндемесі. Ақ заттардың үстіндегі суреттегі түс рефлекстерінің рөлі.

11-тақырып. Жылдық емтихан жұмысы. Емтихан жұмысына қойылатын негізгі талаптар. Жұмыс кезеңдерінің орындалуы. Жұмыстың аяқталғандығын білдіретін жалпылау және талдап көрсету.

57. Оқу жылының соңында 1-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) арнайы терминдер мен түсініктердің мағынасын біледі;
- 2) табиғаттағы түстердің сан-алуандылығын ажыратады;
- 3) күн сәулесінің түс бояуларын, негізгі және құрамды түс, жергілікті бояу, түстің айқын және мол қамтылған жақтарын біледі;
- 4) түстік кереғарлық және олардың құрамдастары болып табылатын, бір-бірін өзара толықтыратын түстерді біледі;

5) өзара әсер еткен түс бояларын, сонымен қатар түстердің рефлекстердің шығуын көреді, біледі;

6) тақтайшада күрделі түс реңктерін жасай біледі;

7) акварель және гуашьпен жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктерін түсінеді;

8) форматтың сипатын ескере отырып композициялық құрылымның негізгі қағидаттарын пайдалана біледі;

9) ұзақ және қысқа мерзімді этюдтерді гуашьпен және акварельмен орындау барысында негізгі жұмыс түрлерін игереді;

10) зат көлемін түс реңкі арқылы беруді және түстердің жарыққа байланыстылығын түсінеді;

11) алған білім, білік, дағдыларды бейнелеу қызметінің тәжірибесінде жүзеге асыра біледі;

12) қойылымдардың көңіл-күйін беруге арналған мәнерлі шешімдер жасаудың тәсілдерін қолдана біледі;

13) түрлі қарапайым қалыпта тұрған заттарды есте сақтауы бойынша сала біледі.

58. 2-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Түс берудің негіздері, өтілген материалдарды қайталау. Пейзаждағы түс-ауа перспективасы. Пленэрде жұмыс істеу.

2-тақырып. Кескіндемедегі түс көлеңкелері «Гризайль». «Гризайль» техникасындағы көлемді пішіндегі сурет заңдылықтары. Натюрморт кескіндемесіндегі рең диапазоны.

3-тақырып. Түс гаммасымен жақындасқан гуашь кескіндемесі. Қарама-қарсылық қатынастағы жақын (немесе жалғызхромды) түс гаммасындағы бояулар үндестігі.

4-тақырып. Кескіндемедегі түс және реңктік кереғарлығы. Бір уақыттағы қарама қарсылық. Кереғарлы бояулардың өзара ықпалы. Бояу кереғарлы рефлекстер рөлі.

5-тақырып. Жартыжылдық сынақ жұмысы. Қорытынды жұмыстың негізгі талаптары. Сынақ жұмыстың орындалу кезеңдері. Этюд жоспарының амалы ретінде детализациялау мен жинақтау.

Екінші жартыжылдық.

6-тақырып. Кескіндемесіндегі интерьердің сызықты және әуе перспективасы. Интерьер этюдының кеңістікте жоспарлы берілу амалдары. Әуе перспективаларындағы бейнелеу заңдылықтары.

7-тақырып. Гуашь кескіндемесінің түс-реңк ерекшелігі. Жанасқан болмашы рең диапазоны бар түс гаммасындағы кескіндеме.

8-тақырып. Портрет кескіндемесі Живопись портрета. Акварельмен жанды үлгілеу суретінің заңдылықтары.

9-тақырып. Қысқа мерзімді этюдтердегі кескіндеме. Академиялық жұмыс тәсілдері және «шикі күйде» мен «құрғақтық» техникаларының қосарлануы. Кескіндемедегі стилизациялау мен сәндеу.

10-тақырып. Жылдық емтихан жұмысы.

59. Оқу жылының соңында 2-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) қойылымның жалпы құрылымы мен түстер тізбегіне сараптама жасай біледі;

2) қысқа және ұзақ мерзімді этюдтерді орындауда акварель және гуашьпен жұмыс істеудің негізгі тәсілдерін игереді;

3) суреттелетін заттар және беттердің қарапайым сипатын беруге оңай фактурасын береді;

4) қарапайым геометриялық денелердің көлемін үлгілеуді түсіну негізінде бүркелген маталардың күрделі емес көлемдерін үлгілеуді игереді;

5) интерьердің бұрыштық және қарсы алдынан келешегін құрастыру заңдылығын біледі;

6) адамның басының пропорцияларын біледі;

7) портрет жасау үрдісінде қарапайым ракурсте адамның басының құрылымын құрастыруды игереді;

8) күрделі, жақын түс – реңк қатынастарын салыстыра алу және олардың берілу жолдарын игереді;

9) әр түрлі түстердің тіркескен үйлесімін түсінеді;

10) әртүрлі түстік қатынастар мен әртүрлі реңдік қатынастардың тепе-теңдігін алып беруге икемі болады;

11) натюрморттан шығармашылық этюд жасауда кескіндемедегі нақыштау тәсілдері мен сәндік әдістерді қолдана біледі;

12) толыққанды әрі аяқталған этюд табысына жету үшін әдістер жиынтығының мәнін түсінеді;

13) алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын танымдық, тәжірибелік және шығармашылық қызметті меңгеру негізінде пайдалана біледі.

60. 3-сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Түстану негіздерін қайталау. Пленэр кескіндемесіндегі бояу мен түс–эуе перспективасы. Пейзаждағы кеңістіктік.

2-тақырып. Алдын ала салынған суретсіз акварельді кескіндеме. Түсті – реңктік дақ, жағу, осы тапсырманың басты бейнелілік құралдары. Кеңістіктегі құрылымдылықтың жиынтығы.

3-тақырып. Гуаш кескіндемесіндегі заттар бейнеленген материалдары мен өзгешеліктер бар фактура. Реңк және түс ерекшеліктері туралы түсінік. Фактураны жеткізудегі гуашпен жұмыс.

4-тақырып. Натюрморт жанрындағы шығармашылық құрылым. Натураға сүйене отырып әртүрлі заттарды нақыштап бейнелеу арқылы шығармашылық құрылысын салу тәсілдері (оңайлату, «жан беру» және тағы басқа).

5-тақырып. Жартыжылдық сынақ жұмысы. Сынақ жұмыста академиялық тапсырмаларды орындау кезеңдері. Күрделі натюрморттың акварель кескіндемесіндегі әртүрлі беттердегі фактура.

Екінші жартыжылдық.

6-тақырып. Күрделі интерьер қойылымының этюдты кескіндемесі. Интерьерлік кеңістік пен натюрморттағы сызықтық перспектива бірлігі. Композицияның жоспарлылығы мен түс-реңк бірлігі.

7-тақырып. Гуашьпен портрет кескіндемесі. Адамның төс портретінің композициясы. Негізгі көлемдердің пропорционал байланыстары. Портреттің жеке сипаттамасы. Жанды үлгі портреттеуде гуашьпен жұмыс істеудің техникалық ерекшеліктері. Әртүрлі түстің рендерінің максимал алуудағы материалдың мүмкіндіктері.

8-тақырып. Акварель кескіндеменің айна фактурасы. Емтихандық жұмыстарға дайындық этюдтері. Заттардың айнаға шағылысуы.

9-тақырып. Жылдық емтихан жұмысы. Күрделі тақырыптық натюрморт кескіндемесіндегі шыны фактурасы және тағы басқа материалдар. Суреттегі заттардың түс пен реңктік ерекшеліктері және олардың айнадағы шағылысуы.

61. Оқу жылының соңында 3-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) күрделі композициялық қойылымдар қатарын композициялық, түстік және реңктік тұрғыдан талдай біледі;

2) күрделі натюрморттар мен интерьерлердің құрылымдарындағы сызықтық перспектива заңдылықтарын біледі және қолданады;

3) әуе перспективасы әдістері арқылы көпжоспарлы, күрделі қойылымдарда кеңістікті жеткізе біледі;

4) әр түрлі фактурадағы бейнелерді жеткізе біледі, ол үшін акварель мен гуашьпен жұмыс істеу техникасын сауатты таңдай біледі;

5) күрделі композициясы мен бояу жұмыстың біткендігін көрсете біледі;

6) жеке дара портреттің үлгілеу сипатын мен жас айырмашылығын жеткізе біледі;

7) жеке дара шығармашылық талаптарды қоя біледі;

8) ойлаған ойға және жұмыстың ерекшелігіне байланысты түсті таңдай білуге нақыштық әдістерді қолдана алады.

62. 4-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Төртінші сыныпқа арналған кескіндеме бағдарламасымен, керекті материалдармен танысу. Түстану мен әуе перспективаның заңдылықтарын қайталау.

2-тақырып. Алдын ала суретсіз жасалған акварель кескіндемесі. Жұмыс жасауды қабылдау және техника. Күрделі көп деңгейлі жарықтық шарттарындағы көркем бейне ретінде гүл шоғы туралы бүтіндіктің әсері. Түс үндес дақ қысқа мерзімді этюдтегі басты көркемдік құрал.

3-тақырып. Сәндік кескіндеме. Тақырыптық натюрморттағы гуашьпен жұмыс кезіндегі әрлеу тәсілдері. Натюрморттың шығармашылық этюдтегі әртүрлі техникалық тәсілдері.

4-тақырып. Портрет. Жасаралық және жеке дара модельге мінездеме. Портрет жұмысының кезеңдері.

5-тақырып. Жартыжылдық сынақтық жұмыс. Күрделі натюрморттың орындалу кезеңдерінің этюды. Гипстелген дене пішінінің өңдеуіне қоршаған ортаның түс пен жарық жағынан әсері.

Екінші жартыжылдық.

6-тақырып. Интерьер кесіндемесі. Интерьердің суретіндегі кеңістік. Сызықты және әуе перспективасының заңдылықтары.

7-тақырып. Тақырыптық портрет. Белдеудің суреті бар құрылымдық портреттің көрінісі. Портреттегі күнделікті жанрдағы тақырып, көңіл күй, элементтер.

8-тақырып. Гипстік модельді жүргізу арқылы гуашьпен күрделі натюрморттың кескіндемесін жасау. Ақ және түрлі түсті беттердегі ақ заттардың кескіндемесінде, түс берудегі өзара ықпалы. Гуашьтық кескіндеме техникасындағы гипстың және басқа материалдардың фактурасы.

9-тақырып. Жылдық емтихан жұмысы. Кескіндеменің қорытынды жұмысындағы академиялық міндеттердің орындалу тәртібі. Шығармашылық жұмыстардың фольклорлы сипаты, бояудың ерекшеліктері, тақырыптық натюрморттың өзіндік атрибуты.

63. Оқу жылының соңында 4-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) акварель және гуашьті пайдаланатын академиялық және сәндік кескіндеме жасаудың түрлі тәсілдерін біледі;

2) қысқа мерзімді және ұзақ кескіндемедегі этюдтер үшін техникалық әдістері үшін өз алдына таңдап қолдана алады;

3) тұстану негізін біледі;

4) натураның түстік ерекшеліктерін талдау және шығармашылық тапсырманың түстік мәнін анықтай алады;

5) әуе ортасына жарық түстің өзгерістерінің барлық алуантүрлігін түсініп дәлелдей біледі;

6) кескіндеуде басты композицияны таба біледі, оны барлық бөліктерін композициялық, мағыналы орталықтарына бағындыра біледі;

7) көңіл күүді білдіру үшін түстерді дұрыс қолдана алады;

8) әртүрлі материалдардың фактурасын кескіндеу құралдарымен жеткізе біледі;

9) күрделі конструкциялардың суретіндегі сызықты перспективаның заңдарын қолдана алады;

10) негізгі заңдар және композицияның ережесін біледі;

11) тақырыптың ашылуы үшін әр түрлі композициялық құралдарды қолдана алады (түстердің кереғарлығы, ырғақ және басқалары);

12) күрделі этюдтердегі, академиялық және шығармашылық міндеттері бар көп жоспарлы қойлымдардың аяқталғандығы мен түстік тұтастыққа қол жеткізе отырып, жалпылау және әуе перспективасының тәсілдерін игерген.

3-параграф. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Станокті композиция» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

64. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Станокті композиция» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) композиция негіздері бойынша оқыту негіздерін және күтілетін нәтижелерді анықтайды.

65. «Станокті композиция» пәні өнер тілін түсінуге, білім алушылардың бейнелі ойлау қабілеттерін дамытуға, тіршілікті бақылай білуге, қызықтыларды, өнерде бейнелеуге лайықтыны көре білуге үйретеді. Композицияның жалпы теориялық негіздерін оқыту практикалық композициялық тапсырмаларды орындау арқылы бекітіледі.

66. Бағдарламаның мақсаты:

бала тұлғасын көркемдік-эстетикалық тұрғыдан дамыту, шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, бағдарламаны меңгеру барысында оқу пәні бойынша көркемдік-орындаушылық және теориялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын меңгеруге жағдай жасау.

67. Бағдарламаның міндеттері:

1) балалардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту (заттарға, қоршаған ортаға деген эмоциялық көзқарасын, қиялын, көзбен көру-бейнелі есте сақтауын);

2) эстетикалық талғамды, әсемдікке деген эмоциялық жанашырлықты тәрбиелеу;

3) «Станокті композиция» пәнінің терминологиясын игеру;

4) бейнелеу өнері мен көркемдік шығармашылыққа деген қызығушылығын дамыту;

5) екі және үш дәрежелі кеңістікті сатылап игеру;

6) композицияның негізгі заңдарымен, заңдылықтарымен, ережелерімен және тәсілдерімен танысу;

7) түс пен реңктің бейнелілік мүмкіндіктерін үйрену;

8) көркемдік-орындау орындаушылық қызметіне деген қабілеттерін дамыту;

9) үйрену: этюдтермен, сызбалармен, нобайлармен, дайындық материалдарымен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын;

10) білім алушының шығармашылық қызметтен тәжірибе алуы.

68. Бағдарламаның теориялық бөлімі композиция теориясымен танысуды, иллюстрациялық материалдармен талдау жұмыстарын жүргізу бөлімдерін және алған білімдерін тәжірибеде бекітуді қамтиды.

Тәжірибе сабақтары композицияның негізгі заңдылықтарын меңгеру және қоладануға есептелген композициялармен тікелей жұмыс жүргізуден тұрады.

69. Осы бағдарлама бойынша оқу жылдарында білім алған білім алушы кескіндеме мен сызбаның түрлі жанрларының көмегі арқылы композицияның тақырыбын ашу біліктерін меңгереді және дамытады.

Сабақтар балалардың жас ерекшеліктерін және ең алдымен олардың кеңістіктік ойлау ерекшеліктерін ескеріліп құрылады.

70. «Станокті композиция» пәні композициялық білік негіздеріне сүйеніп, сондай-ақ өз бетімен шығармашылық жұмыстарға араластыра отырып, 1-4-сыныптарды оқытылады.

71. Топтардағы балалардың сандық құрамы - 8 адамнан 15 адамға дейін.

72. Бағдарламаның мазмұны балалардың шығармашылық қабілеттерін бастапқы кәсіби деңгей сатысына дейінгі шығармашылық қабілеттерін барынша қолдану негізінде олардың жеке мүмкіндіктерін ескереді.

73. 1-сыныпта білім алушылар көркемдік шығармаларды құрудың негізі болатын заңдылықтарды, ережелерді, композициялардың тәсілдерін оқиды. Оқу барысында білім алушылар композициялармен сауатты түрде сатылап жұмыс жүргізу дағдыларын меңгереді, құрылым қағидаттары мен сурет элементтерінің бір ойға бағынуын меңгереді.

Шығармашылық жұмысты құру реті қарапайым элементтері түсіруден, бейнелеу құралдарын (сызық, нүкте, дақ) қолданудан бастап, көркемдік образ бен көркемдік шығарманы талдауға дейін жүргізіледі.

74. 2-сыныптың басты міндеті – колорит, статика – динамика, ритм, сатылап көшу, тереңге қарай қозғалу сияқты түсініктер арқылы шешілетін көркемдік бейнені жасау.

75. 3-сыныпты композицияның негізгі заңдылықтары арқылы сюжетке бейнені жеткізу болып табылатын негізгі міндеттері бар, композицияның тақырыптары күрделенеді.

76. 4-сыныпта өтетін станокті композиция сурет, кескіндеме, композициялық заңдылықтар мен тәсілдерді меңгеруді меңзейді, сондықтан міндеттердегі маңызды орын шығармашылық жұмыстарға бөлінеді.

77. Білім алушыларға композициялық тапсырмалардың мақсаты ретінде – композициялық заңдылықтарды сауатты қолдану, білім алушылардың көркем бейнені шешуі, әр білім алушының даралығын іздеу, бұлардың барлығы міндетті түрде композицияларды мәнерлі орындауға алып келеді.

78. Сабақтар білім алушылардың бастаған тапсырмаларын аяқтап үлгеретіндей құрылады. Композициямен жұмыс істеу кезінде міндетті түрде нобайлар жасалынып алады. Суреттердің көлемі жұмыстың мазмұны мен материалдарға байланысты А4 форматтан А3 және А2 форматқа дейін болады.

79. Жылдар өткен сайын композицияға қойылатын міндеттер күрделенуде. Осы бағдарлама бойынша оқу жылдарының ішінде білім алушы кескіндеме мен сызбаның - натюрморт, пейзаж, интерьер және басқалары сияқты түрлі жанрларының құралдары арқылы композициялардың тақырыбын ашуды меңгереді және дамытады. Олар сюжетті-тақырыптық композициямен жұмыс істеу кезінде көмектеседі.

Сабақтар балалардың жас ерекшеліктерін, ең алдымен олардың кеңістіктік ойлау ерекшеліктерін ескере отырып құрылады.

80. Композиция бағдарламасы сурет, кескіндеме және жаздық оқу практикасы (пенэр) бағдарламаларымен тығыз байланысты.

81. 1-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. «Композиция» түсінігін анықтау. Шығарма бөліктерінің өзара орналасуын, олардың бір-біріне және тұтастай бағынуын ұйымдастыратын шығарма құрылысының құрылымдық қағидаты. Композициямен жұмыс жасау кезеңдері. Композиция түрлері: статикалық, динамикалық, ашық, тұйық, жазықтықтық, кеңістіктік. Форматтағы суретті тұтастыру. Композиция элементтерін тұтастыру нобайлары: диагональдық, толқын тәрізді, шеңбер бойынша, үшбұрышты, текше түрінде және басқалары.

2-тақырып. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Бейнелеу өнерінің түрлері: көркемөнер, сызба, мүсін, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнер. Бейнелеу өнерінің жанрлары: портрет, пейзаж, натюрморт, интерьер, тұрмыстық жанр, батальды, тарихи, мифологиялық, анималистикалық. «Жанрлық картина» түсінігі.

3-тақырып. Бейнелеу құралдары: сызық, нүкте, дақ. Негізгі бейнелеу құралдары - сызық, нүкте, дақ, оларды көркемөнерде, сызбада және бейнелеу өнерінің басқа түрлерінде қолдану. Сызық типтері. Штрихтау түрлері. Реңкті, түсті дақтарды жасау тәсілдері.

4-тақырып. Симметрия, асимметрия. Тепе-теңдік. Симметрия түрлері – осьтік, айналық, орталық. Табиғаттағы симметриялар үлгілері. Симметриядағы станокті және сәндік композиция. Симметриялық композициядағы тұрақтылық, тыныштық күйі. Масса, реңк, түс бойынша сюжеттік композиция бөліктерінің біркелкілігі. Композициядағы ассимметрия. Ассимметриялық композициядағы қозғалысты, тұрақсыздықты көрсету. Нысан, масса, реңк және түс айырмашылығындағы композициялық тепе-теңдікті сақтау.

5-тақырып. Ырғақ және ырғақтық қозғалыс. Композициядағы динамика және статика. Композиция элементтерінің (реңктік және түсті дақтардың, заттардың, фигуралардың, табиғат нысандарының, ою-өрнек элементтерінің) кезектесуі. Станокті және сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы ырғақ және ырғақтық қозғалыс. Өрнек түрлері - геометриялық, өсімдіктік, зооморфтық. Құрылу қағидаттары: тұйық (шеңберде, текшеде, ромбта және басқалары), ашық (жолақты, торлы).

6-тақырып. Туынды форматы және оның бейнелеу қасиеттері. Тұйық композиция және «ашық» композиция. Формат – композиция құралдарының бірі. Көркемдік ойды бейнелеу үшін суретшілер таңдайтын формат түрлері. Форматтың бейнелеу қасиеттері және мүмкіндіктері. Сюжетті ашудағы форматтың рөлі.

8-тақырып. Түстердің кереғарлық заңдылықтары. Ньюанс. Колорит түсінігі. Реңктік және түстік кереғарлық. Көлемнің, фактуралардың,

сипаттардың, табиғат көріністерінің және басқалардың кереғарлығы. Кереғарлық – композициядағы маңызды мағынаны көрсетуге арналған құрал ретінде. Бояу (колорит) – түстер гаммасы. Бояулардың кереғарлық және жақындатылған эмоциялық қасиеттері.

9-тақырып. Нысан мен мазмұн бірлігі. Композицияның барлық құрылым заңдылықтары мен құралдарының идея ойына бағынушылығы. Түс, жарық, өң және форма саны мен сапасы, ырғақ пен пластиканы көрсету, қозғалыс пен салыстырмалы тыныштық күйі және тағы басқа саны мен сапасының ара қатынасы. Бүкіл фигуралар мөлшерінің формат мөлшері мен нысанына, сюжеттік орталықтық композицияның басқа бөліктеріне қатынасы. Композиция бөліктері мен элементтері үйлесімділігінің ойымен сәйкестігі. Табиғаттың әртүрлі жанды және жансыз заттарын топтарға, түрлерге, нысан, мөлшер, фактура, мазмұн түсініктеріне біріктіретін белгілер.

10-тақырып. Түрлерге бөлу заңы. Түрлерге бөлу заңының негізгі үш белгісі. Іс-әрекет дамиды сипаттардың және жағдайлардың түрлері. Бейнедегі элементтердің түрлік, сипаттылық белгілерін (мөлшерлері, нысандары, фактуралары, мазмұны, сипатты элементтердің саны) беру. Іс-әрекеттің уақыттағы қозғалыс және даму сезімін беру, яғни сюжеттің алдындағы және кейінгі дамуы. Жаңалық факторы. Күнделікті өмірдегі әдеттегіні шығармашылық интерпретациялау, ғажайыптағы эстетикалық жаңалық.

11-тақырып. Сюжеттік-композициялық орталық. Көркемдік шығармадағы сюжеттік-композициялық орталықтың мәні. Композицияның геометриялық және мағыналық орталығы және олардың сипаттамалары. Сюжеттік-композициялық орталықтың орналасуының шығарманың ойына тәуелділігі. Алтын қиманың пропорциясына сәйкес бастының орналасуы – тұтастың үштен бірі, яғни бейненің жазықтықтағы тепе-теңдігі. Бастыны мөлшермен, түсімен, үйлесімімен, қалған бөлшектерін топтаумен ерекшелендіру.

12-тақырып. Стилизациялау. Бейнеленетін нысандарды суреті және түсі бойынша жинақтау және жеңілдету. Заттың «натуралық» бейнені стилизациялаудә әртүрлі әдістері. Стилизациялаудың белгілі мысалдары: мультипликация, эмблемалар, пиктограммалар, ою-өрнек, карикатура. Стилизациялаудың декоративті-қолданбалы өнерде, көркемөнерде, графикада, скульптурада қолдану. Стилизациялау дизайны құралы ретінде.

13-тақырып. Сызықтық және әуе перспективасы. Сызықтық перспективаны құру қағидаттары: орталық және бұрыштық. Түйісу нүктелері. Сурет салушыдан алыстаған сайын заттардың мөлшерлері мен түстерінің өзгеруі. Заттардың түсіне жарықтандырудың (күннің және айдың) ықпалы. Колориттің көмегімен тәулік уақытын беру.

14-тақырып. Көркемдік шығарма, көркемдік бейне. Көркемдік шығарманың мақсаты – көркемдік бейнені жасау. Көркемдік образдың сипаттық ерекшеліктері – нақты құралдар мен композиция әдістерімен құрылған үлгілік және даралық, мәнерлілік және эмоциялық, өміршеңдік және жаңалық. Көркемдік шығарманың белгілері: тақырыпты шешудегі жаңалығы,

олардың образдық бірлігіндегі мазмұны мен нысанының мәнерлілігі, нақыштық өзінділігі, бірегей авторлық қолтаңбасы, композиция заңдарын ескере отырып композициялық құрылым. Көркемдік шығармадағы түстің, үйлесімдіктің және колориттің мәні.

15-тақырып. Көркемдік шығарманы талдау. Көркемдік шығарманы талдай білу – өнерді түсінудің негізі. Шығарманы (композициялық сызбаны) құру тәсілдері, ережелері, заңдары, құралдары. Көркемдік шығарманы талдау жүйелілігі.

16-тақырып. Сынақ сабағы.

Екінші жартыжылдық.

17-тақырып. Иллюстрациядағы нысан мен түстегі сәнділіктің стилизациясы. Иллюстрациялау мақсаттары мен міндеттері туралы, иллюстрациялар түрлері туралы кіріспе әңгіме. Иллюстрацияларды орындауға қойылатын негізгі талаптар. Жұмысты орындау кезеңділігі. Бейнелерді ашудағы колориттің рөлі, оның мәнерлілігі, сипаты, эмоциялық күйі.

18-тақырып. Қазақ ою-өрнегі. Оюдың халық мәдениетіндегі маңызы. Қазақ оюлары элементтерінің символикасы. Өсімдік және жануарлар нысандарын өрнектік элементтерге стилизациялау. Өрнектік элементтердің түрлері және оларды құру қағидаттары. Әртүрлі тұрмыстық заттарды ою-өрнекпен декорирлеу қағидаттары.

82. Оқу жылының соңында 1-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) композицияны – белгілі бір заңдарды, ережелерді және құралдарды қолдана отырып, туынды жасаудағы шығармашылық үдеріс ретінде түсінеді;

2) бейненің мәнерлілігін көрсету үшін негізгі бейнелеу құралдарын өз бетімен таңдай біледі;

3) бейнелеу өнерінің алуан түрлері мен жанрлары туралы түсінеді;

4) ою-өрнек пен тақырыптық композициялардағы ырғақ тәртібі әдістерін біледі;

5) бейнелеу қасиеттері мен форматтың мүмкіндіктері туралы түсіну, оларды бейнелеу өнерінің түрлі жанрларында пайдалана біледі;

6) материалдармен және аспаптармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді;

7) тапсырмамен жұмыс істеу сатыларын дұрыс жүргізеді;

8) түсті таңдау негіздерін меңгеру: құрамдас түстерді алу тәсілдері, бір түстің түсі мен өңі, ашық және қара түстерді, жылы және суық гаммалар туралы түсініктің болуы, түстердің эмоциялық-мағыналылық мәндерін сезіне білу дағдыларына ие;

9) түрлі форматтарда біріктіре алады;

10) өзара байланысы мен қиысуында композицияның басты элементтеріне қосалқыларды бағындыра біледі;

11) стилизациялаудың негізгі әдістерін білу және оларды шығармашылық композицияларда қолдана біледі;

12) образдардың, оқиғалардың, құбылыстардың үлгілік, өзіндік белгілері туралы түсініктерді жалпылай алады;

13) сызықтық және ауа перспективасы туралы түсініктері бар;

14) композициялық құрылымның барлық таңдалған құралдарын негізгі ойға сәйкес туындының мазмұнына бағындыра біледі;

15) көркемдік туындының тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құрастыру қағидаттарын біледі;

16) көркемдік туынды және көркемдік образ, олардың ажырамас өзара байланысы туралы түсінеді;

17) композиция заңдары, ережелері және тәсілдері білімі негізінде көркемдік туындыны өз бетімен талдай біледі;

18) ығармашылық композиция үшін ақпараттық-теориялық материалды таңдауда өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізе біледі;

19) күрделі шығармашылық жұмысты сауатты кезең-кезеңмен жүргізе біледі;

20) қазақ ою-өрнектері сарынының ерекшелігі және оларды құру қағидаттары туралы түсінеді.

83. 2-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Сюжеттік композиция. Тұрмыстық жанр туралы әңгімелер. Жанрлық картинадағы композицияның заңдары мен ережелері. Тақырыпты, сюжетті бейнелеу. Сюжеттік-композициялық орталық. Композицияның түстік және үйлесімдік құрылымы. Композициядағы сызықтық және ауалық композиция.

2-тақырып. Бейнелеу өнерінің сәнді-монументальді түрлері. Бейнелеу өнерінің сәнді-монументальді түрлері (витраж, мозаика, қабырғалық көркем панно), сондай-ақ гобелен, батик, ши – циновка шим-ши сияқты сәндік түрлер туралы кіріспе әңгіме. Бұл шығармалардың орындау технологиясы және оларды нобайлауға қойылатын талаптар.

Екінші жартыжылдық.

3-тақырып. Плакат. Графика түрі ретіндегі плакат түрі. Плакат тарихы туралы, оның: жарнамалық, экологиялық, саяси, ақпараттық, плакат-афиша және тағы сол сияқты түрлері туралы қысқаша мәліметтер. Плакаттағы шрифтің рөлі. Плакаттағы мәтіннің мазмұны, оның тақырыптың мәнін ашатындай қысқалылығы. Плакат сұлбасымен жұмыс жасау кезінде компьютерлік технологияларды қолдану.

4-тақырып. Жанрлық көпфигуралық және көпкөріністік композиция. «Наурыз» мейрамын өткізудегі қазақтың ұлттық дәстүрлері. Ұлттық билердің, костюмдердің, ат жарыстық-спорттық ойындардың ерекшеліктері. Тақырыпты ажудағы пейзаж бен сәулет. Әртүрлі елдердегі ұлттық мерекелер.

84. Оқу жылының соңында 2-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) неғұрлым терең кеңістікті бере отырып, көпфигуралы композицияларды орындай алады;

2) сәулет пен адамдар топтарын пейзажға үйлесімді қосады;

3) алдыңғы және артқы көріністеріндегі композициялар элементтерін салыстыра біледі;

4) жанрлық композицияларда сызықтық және әуелік перспективаны береді;

5) жыл мерзімін және тәулік уақытын ескере отырып, сызықтық, түстік және үндестік шешім арқылы сюжеттің эмоциялы мәнерлілігін бере алады;

6) адам мен жануарлар фигурасының пропорцияларын, құрылымдарының жастық және жеке-дара ерекшеліктерін білуді және олардың өзара қатынастарындағы қимылдарын бере біледі;

7) сюжеттік-композициялық орталықты анықтай білу және композициялар заңдарын, ережелері мен құралдарын білуінің негізінде бөліктердің реттелуін жалпы идеялық ойға бағындыра алады;

8) бейнелеу өнерінің сәнді-монументальді түрлері туралы түсініктерге ие;

9) нақыштау қағидаттарын түсінеді және оларды өсімдіктерді, жануарларды, құстарды, ұсақ жәндіктерді, адамдарды бейнелегенде қолдануды біледі;

10) плакатта ықшамды бейнелеу және қысқа мәтін арқылы мазмұнды ашудың тәсілдерін игерген;

11) өз жұмыстарында түрлі көркемдік техниканы пайдалана білу, сондай-ақ түрлі көркем материалдардың бейнелеу мүмкіндіктерін пайдалана алады;

12) алынған білімдерін, дағдылары мен біліктерін тәжірибелік жұмыста дербес, сауатты қолданады;

13) өзін өзі дамыту уәждемесін ескере отырып өзінің жетістік деңгейін бағалайды.

85. 3-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Қалалық пейзаж жанрындағы көп көріністі композиция. Пейзаждың жанры және оның түрлері. Көркемдік бейне ретіндегі қала. Қалалық пейзаждың композициялық құрылымы. Сюжеттік-композициялық орталық және композицияның қосалқы орталықтары.

2-тақырып. Көркемдік образдардағы қазақ фольклоры. Станокті көркемөнер жанрларындағы фольклор: тарихи, мифологиялық және тұрмыстық. Тілдің байлығы, әлеуметтік түрлердің әралуандылығы, даналық, қазақ ертегілеріндегі, эпосындағы және халық ауыз шығармашылығындағы ғибраттылық пен әзіл-оспақ. Қазақ халқының тұрмысы, үй жиһаздары, халық билері мен ойындары фольклорлық шығармалардың ажырамас бөлігі ретінде. Фольклорлық шығармалардың суретші-иллюстраторлары Е. Сидоркин, К. Ходжиков, Сахи Романов, М. Қисамединов, А. Смағұлов және басқалары.

Екінші жартыжылдық.

3-тақырып Кітаптың көркемдік ресімделуі. Кітап шығару және кітап графикасы тарихынан қысқаша мәліметтер. Кітапты ресімдеу құрылымы және элементтері, иллюстрациялар түрлері. Әдеби шығармамен білім алушының танысуындағы суретші-иллюстратордың рөлі. Кітап графикасының жетекші шеберлерінің шығармашылығындағы иллюстрацияларды орындаудың стилдері мен техникаларының әралуандығы (Е. Кибрик, Кравченко, Агин, Фаворский). Кітап парағының композициясы. Кітапты ресімдеудегі шрифттің рөлі. Иллюстрациялардың сюжеттік мазмұны.

4-тақырып. Портрет. Портреттік жанр және портрет түрлері (кеудеден жоғары, белден жоғары, толық түскен, жұпталып түскен, топтық портрет). Портреттегі мінез бен көңіл-күй. Портреттің эмоциялық мазмұнын берудегі колориттің рөлі. Портреттік образды ашудағы композицияның қосымша элементтерінің, атрибуттарының рөлі. Портреттің тақырыбын ашуға мүмкіндік беретін жанрлар синтезі (мысалы, портреттік және тұрмыстық жанрларды құрастыру, пейзаждағы портрет).

86. Оқу жылының соңында 3-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) көп фигуралы, көп жоспарлы композицияларда жалпы идеялық ойға сәйкес фигураларды алдыңғы және артқы көріністер арасында бөле отырып, орналастыра білу;

2) сызықтық және ауалық перспективаларды пайдалана отырып кеңістіктің тереңдігін бере білу және сәулеттік элементтер мен адамдар тобын пейзажға үйлесімді енгізу;

3) пропорцияларды, жастық ерекшеліктерді, жеке сипаттамаларды, адамдардың бір бірімен өзара қатынастарындағы көрнекі ишараттарын беру дағдаларын иелену;

4) бас кейіпкерлер бейнелерінің психологиялық сипаттамаларын беру үшін көрнекі құралдардың, композициялық тәсілдердің, орындау техникасының әралуандылығы туралы түсіну;

5) портреттік бейнені ашу кезінде адамның дара және мінездерінің сипаттарын аша білу, қоршаған ортаның элементтерін, атрибуттарын жинақтауды қолдана білу;

6) бұрын игерілген білімдері мен біліктерін шығармашылық жұмысқа оны бірегей тәсілмен шешу жолымен дербес ауыстыра білу.

87. 4-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Бітіру жұмысы – қорытынды аттестаттаудың формасы ретінде. Диплом туралы әңгіме құру (бағыты, бағдары). Тақырыпты іздеу. Бөлімдерінің тұжырымдамаларын құру, материалдарды іздеу және өңдеу, сызбалар, нобайлар. Бір ойлылыққа байланыстырылған бөлімді құру. Жеке парақта, толық бөлім түріндегі сызбалық және кескіндемелік шешімдерді табу. Композицияда жеке жұмыс жасау.

Алдын ала масштабтық эскиздеу. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Болуы мүмкін тақырыптардың сан алуандылығы және оларды көркемдік бейнелерде іске асырудың шығармашылық әдістері. Материалдар технологиясы және оларды орындаудың мүмкін технологиялық әдістері. Дербес шығармашылық қорытынды жобамен жұмыстың кезеңдері.

2-тақырып. Бітіру жұмысының бекітілген тақырыптары бойынша негізгі эскиздермен жұмыс. Негізгі эскиздеу – бекітілген тақырыпты шешудің шығармашылық әдісін түпкілікті анықтау процесі. Жобаның станокті және декоративті-қолданбалы түрлеріндегі негізгі эскиздеудің ерекшеліктері: нақты мөлшерінде («қалың қатырма қағаз»), белгіленген масштабта (А3 форматынан кем емес), материалда (қолданбалы-сәндік өнер, мүсін).

Екінші жартыжылдық.

3-тақырып. Түпнұсқадағы Бітіру жұмысы. Түпнұсқаларды орындау – бұл жобаны пысықтау және кемшіліктерді жою бойынша барлық ескертулер мен ұсынымдарды ескере отырып, композициялық шешімдердің нобайларында пысықталып, таңдалып алынған форматтар мен материалға түсіру үрдісі.

4-тақырып. Бітіру жұмысының түпнұсқасымен жұмысты аяқтау. Бітіру жұмысының негізгі бөлігін орындаудың қорытынды кезеңі. Алдындағы жылдардағы мектеп бітірушілерінің дипломдық жобаларымен жұмыс жасау тәжірибесі.

5-тақырып. Бітіру жұмысын аяқтау. Жұмысты қорғау алдындағы дайындықтар. Бітіру жұмысының ресімделуі.

88. Оқу жылының соңында 4-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) өз бетінше шығармашылық жұмысты жүргізуде кескіндеме сауатын еркін меңгеруде алған білімдерін, біліктерін мен дағдыларны қолдана біледі;

2) стилистикалық ұстанымды қалыптастыру, бейнені стилизациялаудың тәсілдерін анықтау, материалдағы тәжірибелер арқылы жобаны орындау техникасын таңдай алады;

3) бітіру жұмысының алдын ала әзірлемелеріндегі станокті композиция, сурет, көркемөнер, графика, скульптура, қолданбалы композиция бойынша қалыптасқан практикалық дағдыларын қолдана алады;

4) ұсынылатын образдардың, нақыштық ерекшеліктің эстетикалық құндылықтарын, көркемдік деңгейін талдай біледі;

5) шығармашылық жұмыстағы сюжеттік-композициялық орталықты, мағыналық доминантаны, түстік-үйлесімділік шешімді дербес анықтайды;

6) жалпылаудың практикалық тәсілдерін, бейнені (бұйымды) мұқият бөлшектеуді және оның тұтастығын біледі.

7) бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлерінің ерекшеліктерін, олардың жанрларындағы, нақыштарындағы өзара байланысты және олардың көркемдік мағынасын түсінеді;

8) болашақ жоба идеясының бірегейлігін дербес айқындау – кесіндемелерде, суреттемелерде, кішкентай эскиздерде оның шығармашылық

іске асырылуының нұсқаларын әзірлеу арқылы тақырыптың шеміні талдамалы іздейді;

9) бітіру жұмысын қалыптастырудың әртүрлі көркемөнер құралдарымен және тәсілдерімен композицияны шешудің баламасын көре біледі;

10) түрлі вариациялардағы идеяларды тәжірибе жүзінде іске асыру мүмкіндіктерін көрсете біледі;

11) жазбаша түрде де, диалогтық түрде де өз ойының шығармашылық іске асырылуын әдістерін және тақырыпты таңдаудың сенімді, дәлелді негіздемелерін дербес анықтау міндеттері;

12) алынған білімдердің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы нықтау, нәтиженің шынайылығын дербес бағалайды;

13) көркемдік материалдармен жұмыстың түрлі графикалық және көркемөнер техникаларын, техникалық тәсілдерін игереді;

14) жазықтықты асимметриялық толтырудағы парақтағы композициялық тепе-теңдікті жеткізеді;

15) сызықтық және ауалық перспективаларды, жарқыты, кеңістікті қолданады;

16) адамның сыртқы келбетінің даралығын жеткізеді;

17) түстердің кереғарлықтары мен байланыстарды байқайды;

18) жұмыстың түрлі техникалары мен тәсілдерін пайдаланады;

19) композиция мен түсті жүргізудің негізгі заңдылықтарын тәжірибеде қолдануыды меңгереді.

4-параграф. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Қолданбалы композиция» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

89. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Қолданбалы композиция» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) көркемдік талғамды дамыту және түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдылары бойынша «Станокті композиция» пәнін толықтырады.

90. Бағдарлама сәндік-қолданбалы өнердің жеке түрлерін, дайындау технологиясын меңгерген ұлттық көркемдік дәстүрлерді, тарих, бейнелеу өнері, сурет, кескіндеме, станокті композиция, мүсін сияқты пәндермен байланысын оқытуды қамтамасыз ететі.

91. Сәндік қолданбалы өнердің түрлері туралы: көркемдік керамика, жазба және ағашты ою, шыныға жазу, металды көркемдік өңдеу, батик, гобелен, көркемдік кестелеу, жұмсақ ойыншық және басқалары (мектептің таңдауы бойынша) білімдерді және олардың жалпы білім беретін пәндер бойынша алатын білімдермен (сызу, технология) байланысын, құралдарды тәжірибеде пайдалану дағдыларын қалыптастырады.

Қолданбалы композиция киімді, үйді және басқаларын халықтық дәстүр бойынша сәндеуге сүйенеді.

92. Бағдарламаның мақсаты көркемдік білім алуға жағдай жасау, білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттерін дамыту болып табылады.

93. Бағдарламасының міндеттері: білім алушылардың әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеру, білім алушылардың шығармашылық белсенділіктері мен көркемдік қабілеттерін дамыту, сәндік-қолданбалы өнер тілінің көркемдік-тазалық ерекшеліктерін түсіну, композицияның негізгі заңдарымен, заңдылықтарымен, ережелерімен және тәсілдерімен танысу, өндер мен түстердің тазалық мүмкіндіктерін түсіну, дайындық материалдарымен: этюдтермен, сызбалармен, нобайлармен өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын үйрену, білім алушылардың шығармашылық қызметте тәжірибе алуы.

94. «Қолданбалы өнер» пәні көлемі 102 сағаттық жүктемемен үш жыл оқытылады. Көркемөнер мектептерінде қолданбалы композиция 2-сыныптан бастап жүреді.

95. Топтардағы балалардың сандық құрамы - 8 адамнан 15 адамға дейін.

96. Қолданбалы композицияны оқу барысында білім алушылар материалдар және құрал-жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, халықтардың түрлі сәндік өнерлері мен кәсіптерінің технологияларын оқып-зерттейді, өздерінің бейнелеу дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді және дамытады, абстракты, ассоциативті және көлемдік-кеңістікті ойлауларын дамытады. Балалардың ой-өрістері кеңейеді, олар көрнекі материалдармен жұмыс істеуді және шеберлердің жұмыстарын талдауды, өз жұмыстары мен күнделікті өмірде көргендеріне сын тұрғысынан қарауды, өз жұмыстарында бақылағандарын бейнелеуді үйренеді.

97. Сәндік-қолданбалы өнердің түрлерін оқып-үйрене отырып, білім алушылар өздерінде материалдарды жаңаша сезіну, заттардың жоғары эстетикалық құндылығы, декоры, ұлттық ерекшеліктерінің табиғи бірлігін түсінуді тәрбиелейді. Білім алушылардағы бұл сапалар шығармашылық қабілеттерді дамыту, халық мәдениетіне араластыру үшін қажет.

98. Сабақтарда жұмыс; сызбалы сызықтық әзірлемелерден, тондық және түстік нобайларда жұмыстың өзін орындауға, яғни қарапайымнан күрделіге қағидаты бойынша жүргізіледі.

99. Бірінші жартыжылдық сәндік қолданбалы өнер түрін таңдауға және шығармашылық түпкі ойдың нобайларда туындауына, ал екінші жартыжылдық түпкі ойдың бекітілген нобайлар бойынша материалда көрініс табуына арналады.

100. Танаудың кеңдігі, бұйымды орындау технологиясы мен материалдар және құрал-жабдықтармен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасына байланысты әрбір сыныпта білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тапсырмалар біртіндеп күрделеніп отырады.

101. Тапсырмаларды күрделендірудің бірізділік қағидаты мен оқу бағдарламаларының сабақтастығына сәкес композициялық шешімдердің күрделілігі, көлемі, мөлшері 4-сыныпқа қарай ұлғаяды.

Мысалы, жұмсақ ойыншықты орындау 2-сыныпта жазықтықтан 4-сыныпта көлемді-қаңқалыққа дейін күрделене түседі. Ағашпен жұмыс сувенирге жазудан бастап кеңістіктегі сәндік панноға дейінгі көлемі мен күрделілігі артады.

102. 3 және 4-сыныптарда сәндік жұмыстардың еңбекқорлықты және зейіннің шоғырлануының қажет ететін неғұрлым күрделі түрлері (металды көркем өңдеу, коллаж, гобелен, костюм макеті) ұсынылады. Оларды орындау үрдісінде білім алушылар тақырыптар, орындау техникасы, құрал-жабдықтармен жұмыс істеудің техникалық тәсілдері күрделене түсінетіндіктен алған білімдері мен біліктіліктерін бекітеді және кеңейеді.

Мысалы, кілемді тоқу ине техникасынан түкті техникасына дейін орындалады, көлемі ұлғайтылады және композициялар күрделенеді.

103. Оқу сағаттарын тақырыптар бойынша бөлу, бағдарламалық материалды орналастыру тәртібі білім алушының жас ерекшелігіне, жергілікті тәжірибеге байланысты мектептің педагогикалық кеңесінде қайта түзетілуі мүмкін.

104. 2-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Сәндік-қолданбалы өнері, оның түрлері туралы әңгіме. Сыныпта ұсынылған («ши», батик, ағашқа жазу, бетперде, тұзды қамырдан панно, маржан, жіптермен кестелеу) сәндік-қолданбалы өнері бұйымдарын дайындау технологиясы.

2-тақырып. Сәндік-қолданбалы өнер түрі мен болашақ бұйымның тақырыбын таңдау. Сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің технологиялары туралы жалпы түсінік. Түрлі материалдардың сәндік мүмкіндіктері. Қажетті материалдарды таңдау. Құрал-жабдықтар және материалдармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

3-тақырып. Негізгі эскиздеу. Композициялық және түстік-тондық шешім. Композициядағы тепе-теңдік пен біртұтастық. Материалды түстік эскизде беру ерекшеліктері.

Екінші жартыжылдық.

4-тақырып. Түрлі құрал-жабдықтарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Дайындау технологиясы. Түрлі құрал-жабдықтар мен материалдарды қолдану. Жұмыс орнын ұйымдастыру.

5-тақырып. Материалмен жұмыс. Түрлі материалдардың сәндік қасиеттері мен орындау техникасының ерекшеліктері.

105. Жұмыстарға қойылатын талаптар:

1) «ши» - техникасы өте көп еңбек сіңіруді қажет ететіндіктен, кішкене көлемдегі ши. Ою-өрнек, күрделі емес композиция, жазықтықтағы шешім

мүмкіндігі, яғни көлемді бермей-ақ. Ши кезең-кезеңмен орындалады: эскизге сәйкес иірілген жіппен шиді орау, негіздерін рейкаға жіппен бекіту.

Материалдар: ши шырпылары, жүннен иірілген немесе басқа жіп, негіздің жіптері, армирленген немесе жіңішке қармақ бау, рейкалар.

2) маржанмен, жіптермен кестелеу – эскизге сәйкес матаның бейтарап фонында күрделі емес мотив орындалады. Фонның кеңістігі бос қалады. Жұмыс орындалғанан кейін кестелеу техникасы. Маржаннан сәндік панно орындалуы мүмкін.

Материалдар: негіз матасы немесе канва, кергіш немесе кестелеуге арналған кергіш, маржан немесе «мулине» жіптері, багетті рама, инелер, оймақ.

3) жұмсақ ойыншық – сәндік-жазықтық (қабырғалық) немесе қарапайым пішілген көлемді. Детальдарды пішу сызу бойынша эскизге сәйкес орындалады. Негізгі форма ішіне поролон немесе синтепон салынып тігіледі. Тігістер – ішкі машиналық немесе қолмен жасырын тігіс түрі. Қатты қағаздан негіз қолданылуы мүмкін. Бұйым сәндік элементтермен безендіріледі.

Материалдар: түрлі фактуралар маталар, калька немесе миллиметрлік қағаз, қатты қағаз, инелер, поролон, синтепон, жасанды жүн, тесьма, түймелер және тағы басқа.

4) Батик - суық, түйінді аралас техникада. Сызықтық суретті эскизден матаға түсіру. Суреттің контурын резервті құраммен құрсау. Жұмыс батикке арналған бояулармен орындалады. Композицияда кеңістік берілмеген (түстік «растяжкалардың» көмегімен фонды ойластыру), күрделі емес.

Материал: кергіш, табиғи немесе жасанды жібек, бөз, батикке арналған бояулар, резервтеуші құрам.

5) папье-маше – адамның бетінің табиғи өлшеміндегі бетперде немесе кішкене бетперделерден композиция немесе ваза және басқалары. Ермексаздан форма илеп жасалады. Формаға қағаз қабат-қабат бойынша жапсырылады. Толық кепкен соң жұқа наждақ қағазбен жеңіл өңделеді және ПВА желімімен, ақ гуашьпен грунтталады. Нобайға сәйкес жазу жазылады. Қосымша сәндік элементтер қолданылады. Бұйымға лак жағылады.

Материал: ермексаз, қағаз немесе папье-маше массасы, ПВА желімі немесе клейстер, жұқа наждақ қағаз, гуашь немесе акрил, нитроцеллюлозды лак (НЦ) немесе пентафтальденген (ПФ) лак.

6) көркем жазу - ағаш, шыны, керамикадан сувенирлер және басқалары. Дайын бұйымдар, ағаш, шыны заттар немесе өз бетімен орындалған керамика қолданылады. Оларға гуашь темпера немесе акрилмен жазылады. Дайын жұмысқа лак жағылады.

Материалдар: ағаш кәдесый пішіндер, сәндік тақтайшалар, қобдишалар, керамикалық бұйымдар немесе шыны ыдыс, гуашь, темпера, акрил шыны мен керамикаға арналған бояулар, НЦ немесе ПФ.

7) тұзды қамырдан илеп жасау – дөңгелек пластика немесе көлемді композиция. Жасалған пішіндер немесе көлемді композиция элементтері суық немесе ыстық тәсілмен кептіріледі, бояу үшін грунтталады (алдын ала боялған

қамыр пайдаланылуы мүмкін). Бұйым нобайға сәйкес жазылады және мата, таспа, сым темір, моншақтар, түймелер, ағаш шарлар және тағы басқалары сәндік элементтермен толықтырылуы мүмкін.

Материал: түрлі түстегі тұзды қамыр, гуашь, темпера немесе акрил, ДВП-дан планшет, «Момент» немесе «супержелім» желімдері, планшетті қаптау үшін мата, лак.

106. Оқу жылының соңында 2-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) сәндік-қолданбалы өнер түрлерін біледі;
- 2) қазақ ою-өрнектерінің және ою-өрнектерінің басқа түрлерінің стилистикалық ерекшеліктерін біледі;
- 3) тақырып мәселесін шешу үшін алдын ала нобайлауда өз бетінше ізденіс жүргізе алады;
- 4) өзінің шығармашылық идеясын жүзеге асыру үшін сәндік-қолданбалы өнерде таңдалған орындау техникасын ескере отырып, композициялық құрылым заңдары, ережелері және тәсілдерін қолдану (кереғарлық пен нюанс, ырғақ пен ырғақтық қозғалыстар, стилизация, симметрия мен асимметрия) дағдыларына ие болған;
- 5) нобайда сәндік-қолданбалы өнердің таңдап алынған түрінің сипаттамалық ерекшеліктерін жеткізе алады;
- 6) нобайдан дайын шығармаға дейінгі жұмысты бірізді жүргізе алады;
- 7) сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын дайындалудың түрлі күрделі емес технологиялық тәсілдерін қолдана біледі;
- 8) көркемдік бұйымдарды дайындау үшін қажетті материалдарды өз бетімен таңдай алады;
- 9) түрлі материалдардың сәндік мүмкіндіктерін қолдана алады;
- 10) түрлі аспаптармен және материалдармен жұмыс істеудің алғашқы тәжірибелік дағдыларына ие;
- 11) түрлі құрал-жабдықтар және материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасын біледі және сақтайды;
- 12) қауіпсіздік техникасын ескере отырып, өз бетімен жұмыс орнын ұйымдастыра алады.

107. 3-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып: Кіріспе әңгіме 3-сыныптағы қолданбалы композиция міндеттері. Сәндік-қолданбалы өнері, оның түрлері мен жанрлары туралы әңгіме. Сәндік-қолданбалы өнер түрлерін дайындау технологиясы. Бұл сынып үшін жаңа сәндік-қолданбалы өнер түрлері: гобелен, коллаж, костюм макеті, кілемдер және басқалары. Композиция тәсілдерін сәндік-қолданбалы сипаттағы жұмыстарды орындауда қолдану.

2-тақырып: Тақырып пен орындау технологиясын таңдау. Тақырып таңдау. Түрлі сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын орындау технологиясы.

3-тақырып: Негізгі нобайлау. Композициялық орналастыру. Түстік-реңктік шешім.

Екінші жартыжылдық.

4-тақырып: Қауіпсіздік техникасы. Түрлі құрал-жабдықтарды қолдану. Жұмыс тәсілдері. Жұмыс орнын ұйымдастыру.

5-тақырып: Материалмен жұмыс. Орындау технологиясы. Түрлі материалдардың сәндік мүмкіндік былғары. Қажетті материалды таңдау. Түрлі материалдар мен олардың ерекшеліктері.

108. Оқу жылының соңында 3-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) сәндік-қолданбалы өнердің жаңа түрлерінің негізгі ерекшеліктерін біледі: гобелен, кілем тоқу, көркемдік керамика, коллаж, костюм макеті, былғарыдан көркемдік бұйымдар;

2) арнайы терминологияны біледі;

3) өзін-өзі дамыту мақсатында өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейте отырып, сәндік-қолданбалы өнердің жаңа түрлерін саналы түрде меңгере алады;

4) өз бетімен сәндік-қолданбалы өнердің түрлерін таңдай алады және жобалық әзірleme мен ары қарай дайындау үшін нақты бұйымды анықтай алады;

5) жинақталған білім негізінде көркемдік және функционалдық қасиеттері, размерлері, болашақ бұйымды дайындаудың материалдары мен технологиясын толық көрсете алатын нобайлық жобаларды әзірлеу алады;

6) болашақ бұйым үшін өз бетімен оның сәндік және функционалдық ерекшеліктеріне сәйкес материалдар таңдай алады;

7) әрекеттің барлық жағдайында өзінің таңдауын негіздей алады;

8) тәжірибелік жұмысты таңдап алынған қолданбалы өнерде қолданылатын технологиялық тәсілдерді қолдана отырып орындай алады;

9) форма мен декор бірлігін түсіну негізінде заттарды әшекейлеу тәсілдері және дағдыларын меңгерген;

10) бұйымды орындауда таңдап алынған техникада жұмысты өз бетімен, бірізділікпен орындайды;

11) түрлі құрал-жабдықтармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдыларына ие;

12) жұмыстың қауіпсіз тәсілдерін туралы білімді ескере отырып, қажетті құрал-жабдықтарды пайдалана алады;

13) қауіпсіздік техникасын ескере отырып, жұмыс орнын өз бетімен ұйымдастыра алады;

109. 4-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

Тақырып 1. Кіріспе әңгіме. 4-сыныптағы қолданбалы композиция міндеттері. Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын («ши», батик, ағашқа жазу, тұздалған қамырдан панно, маржанмен, жіптермен кестелеу, көркемдік жазу,

костюм макеті, коллаж, гобелен, ілгекті кілемше, былғарыдан көркемдік бұйымдар, ағаш, металл, тасты көркемдік өңдеу) дайындау технологиясы.

2-тақырып: Тақырып пен сәндік-қолданбалы өнер түрін анықтау. Композициялық орналасу. Сәндік композициядағы түстік-тондық шешім. Орындау техникасы.

3-тақырып: Негізгі эскиздеу. Композициялық және түстік-реңктік шешімдер. Нобайда аталған түрдің мазмұнды ерекшеліктерінің «имитациясы».

Екінші жартыжылдық.

4-тақырып. Қауіпсіздік техникасы бойынша әңгіме. Түрлі құрал-жабдықтарды қолдану. Түрлі сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің технологиялары туралы жалпы түсінік. Түрлі материалдардың сәндік мүмкіндіктері. Қажетті материалдарды таңдау. Құрал-жабдықтар және материалдармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

5-тақырып: Материалмен жұмыс. Жұмыс кезеңдері. Материалдардың ерекшеліктері. Бұйымды дайындау технологиясы. Түрлі құрал-жабдықтармен жұмыс тәсілдері.

110. Оқу жылының соңында 4-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік пен дағдыларға ие болады:

- 1) сәндік-қолданбалы өнер технологияларының мен терминдері біледі;
- 2) сәндік-қолданбалы өнер шығармаларында көркем бейнелерді құру үшін бейнелеу мен техникалық құралдарды саналы түрде таңдай алу;
- 3) үйлесімді түстік үйлестіру мүмкіндіктерін сауатты пайдалана алады;
- 4) өзінің шығармашылық жұмысында материалдардың созылғыштық мүмкіндіктерін біледі және қолдана алады;
- 5) қажетті құрал-жабдықтарды сенімді пайдалана алады;
- 6) білім алушылардың таңдауына сәйкес ұсынылған сәндік-қолданбалы өнер бойынша бұйымдардың түрлі технологиялық тәсілдерін меңгерген;
- 7) композицияны құру кезінде төмендегі ережелер мен құралдарды қолдана біледі: тепе-теңдік, тұтастылық, статика, динамикасы, ашық және жабық композиция, симметрия және асимметрия, сюжеттік-мағыналық орталық;
- 8) композициялық ойлау негіздерін біледі;
- 9) сәндік композициялардың құрылымын талдай алады;
- 10) бұйымдарды нақыштау және нақышты композициялар жасай алады;
- 11) шығармашылық өзін-өзі дамытуға, эксперименттік ізденістер арқылы жеке жетістіктерді қалыптастыруға, алынған білім мен тәжірбиелік дағдыларды жинақтауға, материалдардың күтпеген комбинациялары мен жаңа өңдеу тәсілдерін, орындаудың аралас техникасын іздеуге, сонымен қатар, композиция негіздері мен көркемдік талғам туралы білімдеріне сүйенге отырып, нақыштық-электикан қолдануға ұмтылады;
- 12) тікенекті және кесетін құрал-жабдықтар, уландыратын материалдармен (лактар, еріткіштер) жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын бұлжытпай орындау.

111. Білім алушылардың шығарамашылық жетістіктерін бағалау келесі өлшемдерді ескере отырып жүргізіледі:

- 1) композицияны әсем шешудегі сәнділік пен қысқашалығы;
- 2) форма мен түстің тазалығы;
- 3) материалмен жұмыс істеу, ерекшелігі.

112. Білім, білік және дағдыларды бағалау жұмыстың әр кезеңінде жүргізіледі. Тақырып пен орындау техникасын таңдауға шығармашылық тұрғыдан келу жақсы қабылданады, алған теориялық білімдерін тәжірибелік сабақтарда қолдана алу.

Қолданбалы композиция бойынша өткізілген жартыжылдық көрсетілімдерде, қорытынды көрмелерде нәтижелерді бағалау жүзеге асады.

5-параграф. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Мүсін» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

113. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Мүсін» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) пластикалық құралдарымен нақты кеңістікте көлемді формаларда көркемдік бейнелер жасауды, кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуды, көлемді форманы үш дәрежеде қабылдауды, мүсіндік композициялардағы мәндік байланыстарды жеткізу біліктерін қалыптастыру мазмұнын анықтайды.

114. «Мүсін» пәні 204 сағаттық жүктемемен төрт жыл, даярлық сыныбы (10-11 жас) – 68 сағаттық жылдық жүктемемен оқытылады. Балалар бедерді және дөңгелек мүсін негіздерін, ермексазбен, сазбен, басқа материалдармен жұмыс істеудің техникалық тәсілдерін үйренеді.

115. Топтардағы балалардың құрамдық саны - 8 адамнан 15 адамға дейін.

116. Бағдарламаның мақсаты:

1) мүсін арқылы тұлғаның өзін көрсетуіне және дамуына әсер ету.

117. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) «Мүсін» пәні бойынша теориялық және тәжірибелік білім беру;
- 2) натураға қарап заттарды илеуге үйрету;
- 3) үш дәрежелі форманы көрсетуге үйрету;
- 4) бедерде, тақырыптық композициялармен жұмыс істеуде еске сақтауы және елестетуі бойынша сатылы жұмыс істеуге үйрету;
- 5) табиғи формалар мен заттарды нақыштауды үйрету;
- 6) алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын тәжірибеде қолана білуді үйрету;
- 7) кеңістіктік елестетуді, көркемдік және ұқсата отырып ойлауды дамыту;
- 8) шығармашылық даралықты қалыптастыруға ықпал ету;
- 9) отандық және әлемдік өнерге араластыруға ықпал ету.

118. Бағдарламалық тапсырмалар қарапайымнан күрделіге деген әдістемелік сатылықпен орналастырылады. Оқу тапсырмалары біртіндеп күрделенеді, жұмыс сапасына қойлатын талаптар артады. Техникалық тәсілдерді қамтитын білім мен дағдыларды жүйелеп жинауды жүзеге асырады.

Мүсін бойынша білім беру бағдарламасы сатылап күрделендіру, жүйелендіру қағидаттарына сүйеніп жасалған, «Сурет» және «Станокты композиция» пәндерімен тығыз байланыста.

119. Бағдарлама білім алушылардың теориялық алған білімдерін бір уақытта тәжірибеде бекітіп отырады, ол өте нәтижелі және мақсатты болып табылады. Мүсінді оқыту бағдарламасында натурадан жұмыс істеу – елес пен қиял бойынша мүсінді композицияларды құруға негіз болып табылады.

5-тақырып. Орыс өнеріндегі классицизм дамуы. Мүсін. Суретшілер Академиясының ашылуы, оның жана нақыш қалыптасуындағы рөлі. Екатерина дәуірі – «Золотой век просвещения». Классицизм дәуіріндегі скульптураның дамуы, героик тақырыбы (Мартос, Козловский).

Этьен Морис Фальконе – Петр Біріншіге ескерткіш қоюшы «Медный всадник» (1866-1878 жылдар), Петербургтың тарихи символының авторы. Петрдің Ресей тарихындағы рөлін ашатын ескерткіштің адамзаттық абыройы мен пафосы. Ұлы орыс скульптор-портретисті Федот Шубин. Психологиялық портрет міндеттерін шешу, оның шығармаларындағы бейнелердің ашылу кендігі: «Портрет Голицына» (1775 жыл), «Портрет Ломоносова» (1792 жыл), «Портрет Павла I» (1800 жыл).

6-тақырып. 18 ғасырдың екінші жартысындағы кескіндеме Орыс кескіндемесіндегі адам мен табиғаттың классицизмнің дәстүрлі жанрларындағы – тарихи және пейзаждық бейнелермен берілген портреттік жанрдың өзіндік даму сипаты. Портреттік жанрдың гүлденуі. 18 ғасырдың екінші жартысында орыс портреттік кескіндемесіндегі реалистік тенденцияның пайда болуы. Федор Рокотов портреттеріндегі адамның ішкі әлемі мен оның рухани дүниесіне назар аудару: «Портрет Струйской» (1772 жыл), «Портрет неизвестной в розовом платье» (1770 жыл.), «Портрет неизвестного в треуголке» (1770 жыл).

Дмитрий Левицкий портреттері- сұлулықтың терең мінезбен бірге бере білудің сирек сәйкестігі: «Портрет А.Ф. Кокоринова» (1869 жыл).

«Портрет Хованской и Хрущовой» (1773 жыл) из серии портретов «смолянок», «Портрет М.А.Дьяковой» (1778 жыл).

Владимир Боровиковский – сентиментализм өкілі, интим портретінің, лирикалық әйелдер бейнесінің шебері: «Портрет Е.Н. Арсеньевой» (1795 жыл), «Портрет М.И. Лопухиной» (1797 жыл).

Тақырып 7: Классицизм архитектурасы (18 ғасырдың соңы – 19 ғасырдың басы) Ресейдегі классицизм архитектурасының негізгі даму кезеңдері. Москва мектебі: Василий Баженов -іске асырылмаған жоба Кремлевск сарайы (1773 жыл), Дом Пашкова (1784-1786 жылдар), Голицына ауруханасы (1796-1801 жылдар).

1812 жылғы Отан соғысымен байланысты жалпыпатриоттық көтеріліс фонындағы өнердің дамуы.

Ампир өкілі – 19 ғасырдың бірінші жартысында архитектурадағы орыс классицизмнің жоғарғы жетістіктерін құрушылар:

Андрей Воронихин, Нева даңғылындағы Қазан шіркеуі (1801-1811 жылдар).

Андрей Захаров, Адмиралтейство – орыс архитектурасының шедеврi (1806-1823 жылдар).

Карл Росси – архитектуралық ансамбльдер шебері: Михайлов сарайы (1819-1825 жылдар, Орыс музейі), Сарай алаңындағы Бас штаб ғимараты (1819-1825 жылдар), Александринск театры мен Театр көшесі (Росси көшесі, 1816-1834 жылдар).

8-тақырып. Қорытынды сабақ. Бірінші жартыжылдық бойынша қорытынды.

Екінші жартыжылдық.

9-тақырып. 19 ғ. Бірінші жартысындағы кескіндеме. 19 ғасырдың бірінші жартысындағы классицизм кескіндемесіндегі тарихи және реалистік тенденция. 19 ғасырдың бірінші ширегі – Пушкин дәуірі. Пушкин тұлғасының мәдениет дамуына ықпалы. Бейнелеу өнеріндегі Пушкин бейнесі.

Василий Тропинин – москва мектебінің өкілі, тас портреттерінің авторы: «Портрет сына» (1818 жыл), «Портрет А.С.Пушкина» (1827 жыл). Оның шығармасындағы портрет және тұрмыстық жанр синтезі: «Гитарист» (1823 жыл), «Кружевница» (1823 жыл). Представитель романтизма – Орест Кипренский. Отражение лучших черт человека в его портретах: «Портрет Е.В. Давыдова» (1809 жыл), «Портрет Е.С. Авдулиной» (1822 жыл) «Портрет А.С.Пушкина» (1827 жыл).

Алексей Венецианов шығармаларындағы шаруа тақырыбы, оның халық өміріне қызығушылығы: «Гумно» (1821-1822 жылдар), «На пашне. Весна» (1820 жыл), «На жатве. Лето» (1830 жылдың басы), «Захара» (1825 жыл), «Жнецы» (1820 жыл), картиналарындағы шаруа, шаруа еңбегі, орыс табиғаты бейнесі.

10-тақырып. Классицизм батуының атақты суретшілері. Академизмнің романтизм белгілерімен араласуы және Карл Брюллов шығармасындағы тірі шағындағы «Великого Карла» реализмі. Брюлловтың «Последний день Помпеи» (1830-1833 жылдар) тарихи полотносындағы адамның адамгершілік сұлулығы. Брюлловтың салтанатты портреттері: «Всадница (1832 жыл), Портрет сестер Шишмаревых» (1839 жыл) Интимно-психологические портреты деятелей культуры: «Портрет писателя Кукольника» (1836 жыл), «Портрет И.А. Крылова» (1839 жыл).

12-тақырып. 19 ғасырдың екінші жартысындағы демократиялық өнердің дамуы.

Классицизм догмасында ескірген академиялық өнердің қоғам өмірінен алшақтап қалуы. Академизмге қарсылық. «Бунт 14-ти» - Академия суретшілерінің қатарындағы жас суретшілердің қарсылығы. Петербург суретшілері артелі.

Иван Николаевич Крамской - суретші, теоретик, идеолог. Мәдениет қайраткерлерінің портреттері. «Портрет Л.Н.Толстого» (1873 жыл), «Портрет И.И. Шишкина» (1880 жыл) «Крестьянин с уздечкой» (1882 жыл) картинасындағы шаруа тақырыбы.

Крамского, Мясоедов, Перов бастамалары бойынша көшпелі суретшілер көрмесі серіктестігінің құрылуы. (1870 жыл) Қоғамды шындыққа, туған

табиғаттың әлеуметтік мәселелерін шешуге көшпелілер шығармасында үндеуі. Көшпелілерді атақты сыншы В.В.Стасов пен оның жақтаушылары П.М.Третьяковтың қолдауы.

13-тақырып. И.Е.Репина шығармашылығы. Илья Ефимович Репин – ұлы орыс реалист-суретшісі. «Бурлаки на Волге» (1870-1873 жылдар), «Крестный ход в Курской губернии» (1880-1883 жылдар) картиналарында әлеуметтік жағдайды өткір көрсеткен. Тарихи сюжеттерде терең тарихи шиеленіс ашық берілген.: «Иван Грозный и сын его Иван» (1885 жыл), «Запорожцы пишут письмо турецкому султану» (1880-1891 жылдар). «Не ждали» (1884-1888 жылдар) картинасы революция тақырыбына арналған.

Репин шығармасындағы композициялық, бояулық шешімнің әр түрлілігі. Репин портретінің ұлы шеберлігі мен психологиялық тереңдігі. «Портрет композитора М.П.Мусоргского» (1881 жыл), «Портрет В.В.Стасова» (1883 жыл), «Портрет П.М.Третьякова» (1883 жыл) «Портрет Л.Н.Толстого» (1887 жыл). Репин шығармаларының отандық және әлемдік өнердегі мәні.

14-тақырып. Тарихи және батальды жанр. Шығармашылық әдістердің түрлілігі.

Николай Генің «Петр I допрашивает царевича Алексея» (1871 г.) картинасындағы тарихи шиеленіс драматизмі. Василий Верещагиннің: «Апофеоз войны» (1871-1872 жылдар) соғысқа қарсы шығармаларындағы соғыстың қаһары туралы ащы шындық.

Орыс фольклорының білгіші Виктор Васнецов – тарихи эпикалық, ертегі және ертегідей сюжетті картиналардың авторы: «После побоища Игоря Святославича с половцами» (1880 жыл), «Богатыри» (1898 жыл), «Витязь на распутье» (1882 жыл), «Аленушка» (1881 жыл).

Василий Суриков – атақты тарихи кескіндемеші, көпфигуралы композициясының шебері, бояушы. Главный герой в исторических полотнах Суриковтың тарихи полотнодағы басты кейіпкері – халық: «Утро стрелецкой казни» (1881 жыл), «Боярыня Морозова» (1887 жыл), «Покорение Сибири Ермаком» (1895 жыл), «Переход Суворова через Альпы» (1899 жыл).

15-тақырып. 19 ғасырдың екінші жартысындағы пейзаждық кескіндеме. Ұлттық пейзаждың дамуы. Иван Айвазовский атақты моринист. Оның теңіздік пейзажындағы романтизм: «Девятый вал» (1850 жыл), «Вид Одессы в лунную ночь» (1846 жыл).

Көшпелілер шығармаларындағы пейзаж. Бұл жанрдағы екі бағыт лирикалық және эпикалық пейзаж.

Алексей Саврасовтың: «Грачи прилетели» (1871 жыл), «Оттепель» (1874 жыл) шығармаларындағы сұлулық және үйреншікті ауыл сыры.

Иван Шишкин – эпикалық пейзаж шебері. Оның: «Сосновый бор» (1872 жыл), «Рожь» (1878 жыл), «Среди долины ровныя» (1883 жыл), «Корабельная роцца» (1898 жыл) картиналарындағы туған табиғаттың кереметтігі.

Архип Куинджидің: «Березовая роцца» (1879 жыл), «Лунная ночь на Днепре» (1880 жыл) пейзаждарындағы қарапайым әрлеу мен жарық эффектсі.

Василий Поленовтің: «Московский дворик» (1878 жыл), «Заросший пруд» (1879 жыл), «Бабушкин сад» (1878 жыл) шығармашлығындағы пленэр міндеттерінің шешілуі.

Исаак Левитан – лирикалық орыс пейзажының ірі шебері. Табиғаттың нәзік көрінісін бере білу, әрлеудің түрлішелігі, табиғат бейнесін философиялық түрде жалпылау, поэтикалық, Отанға деген сүйіспеншілік «Владимирка» (1892 жыл), «Над вечным покоем» (1894 жыл) «Золотая осень» (1895 жыл), «Март» (1895 жыл), «Озеро. Русь» (1899-1900 жылдар) шығармаларында көрініс тапқан.

16-тақырып. 19- 20 ғасырларда шетелдегі орыс өнері. Қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтың өсуі. 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басындағы Ресейдің көркемөнер өміріндегі сан қырлылық.

Валентин Серовтың шеберлігі мен жаңашылдығы. Оның жұмысының өміршеңдігі, бояуының қанықтығы: «Девочка с персиками» (1887 жыл), «Девушка, освещенная солнцем» (1888 жыл). Острая наблюдательность, глубина социально-психологических характеристик: «Портрет М.Н. Ермоловой» (1905 жыл), «Портрет О.К. Орловой» (1911 жыл).

Тума талант иесі Михаил Врубель – символизм өкілі. Оның картиналарында әрдің сәнділігі, драмалық ұстаным, соимволикалық жинақылық бейнелері басым: «Демон» (сидящий, 1890 жыл), «Царевна-лебедь» (1900 жыл).

20 ғасыр басындағы Ресейдегі көркемөнер бірлестіктеріне қысқаша сипаттама: «Мир искусства», «Союз русских художников», «Бубновый валет», «Голубая роза».

17-тақырып. Қорытынды сабақ. Екінші жартыжыдықты қорытындылау.

163. Оқу жылының соңында 3-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие:

1) орыс бейнелеу өнерінің дамуындағы І Петр реформасының мәнін түсінеді;

2) орыс барокко архитектурасының өзіне тән белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін ажырата біледі, батысеуропа бароккосымен салыстырмалы талдау жасай біледі;

3) 18 ғасырдағы орыс кескіндемесінің негізгі тенденциясын біледі;

4) 18 ғасырдағы ұлы портретшілердің картиналарын, архитектурадағы, және скульптурадағы барокоо стилінің белгілі өкілдерін біледі;

5) классицизм өнерінің нақыштық ерекшеліктерін ажырата алады;

6) 18 ғасырдың соңы - 19 ғасыр басындағы орыс классицизмнің жоғарғы жетістігі ретінде ірі архитекторларды, скульпторларды, ескерткіштерді біледі;

7) кескіндемедегі классицизмнің нақыштық белгілерін ажырата біледі;

8) классицизмнің ұлы суретшілердің шығармаларын біледі;

9) 19 ғасырдың бірінші жартысында орыс портреттік кескіндемесіндегі романтизм белгілерін анықтай білу, ірі портретшілерді біледі;

10) классикалық академизмнің бәсеңдеуін әлеуметтік алдын алу мен сыни реализмнің және оның өкілдерінің пайда болуын түсінеді;

11) көшпелілер серіктестігі құрылымның қоғам мен өнер үшінмаңызын түсінеді;

12) көшпелілер шығармашылығындағы түрлі жанрлардың дамуы туралы көзқарасы бар және ұлы көшпелілерді біледі;

13) 20 ғасыр басындағы тарихи дағдарыс жағдайында орыс өнерініңқарама-қайшылық сипатындағы байланысты түсінеді;

14) 20 ғасыр басындағы орыс өнеріндегі нақыштық түрлілікті біледі;

15) ұлы суретшілердің алдыңғысы мен соңғыларының көркемдік стилі немесе шығармашылық әдістерінің өздеріне тән ерекшеліктеріне қарапайым талдау жасауды игеру.

4-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Бірінші жартыжылдық.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Аталған курс бойынша пәннің мазмұны, оның мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру. Негізгі тақырыбы: Қазақстан өнерінің тарихи бойынша циклмен таныстыру.

2-тақырып. Қазақстан өнерінің пайда болуының бастауы. Тарихи мәліметтер (шолу). Қазақстан территориясын мекендейті ежелгі тайпалардың өнерінің қазақтардың халық өнерімен генетикалық байланысы. Шаруашылықтың ұқсас тұрмыстық формалары. Үйсін мен қаңлы дәуірінің шеберлері. Көшпенділер өмірі. Жануарлар, олардың малшылардың өміріндегі маңызы, бейнелеу және тәжім ету.

Халық өнерін оқып зерттеу тәсілі: бақылау, зерттеу, тәжірибе, эксперимент. Тас – ежелгі дәуірдің тісіз куәсі. Палеолит –ой сананы оятқан тас ғасыры. Қазақстан территориясында табылған сақ ескерткіштері. Кен ісі және металлургиясымен айналысу қолөнер еңбегін саралауға, оның ауыл шаруашылығынан бөлуге, сауда мен қолөнердің (күю, ұста, ағаш ұстасы, зергерлік («Ұлы көштер алауы» фотографияларының каталогын көру) кең дамуына ықпал етті.

3-тақырып. Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері. Нақыштау жолдары бойынша өнердің ары қарай дамуы. Жануарларды бейнелеу біртіндеп ою-өрнектік мотивке айналады. Сақ өнеріне тән жануарларды бейнелеу. Жануардың фигурасын оның қандай да бір бөлігімен ауыстыру, ою-өрнектік мотивтегі реалистік және экспрессивтік бейнелерді трансформациялау процесінің басталуы.

Этнограф-суретші Г.Иляева шығармашылығындағы ою-өрнек.

Қазақтардың ұлттық киімі. Киімдердің айырмашылықтары. Әйелдер, ерлер, балалар киімдері. Әшекейлер мен атрибуттар.

Қазақтардың ертедегі тұрғын үйлері. Киіз үй көшпенділердің тамаша үйі. Ағаш қаңқа мен киізден жабу. Материалдың жеңілдігі мен беріктігі. Киіз үйдің негізін қалайтын төрт элемент. Қазақтың киіз үйінің киіз жабуының үш түрі. Киіз үйді безендіру.

4-тақырып. Қазақстан территориясындағы ежелгі ескерткіштер мен ғибадаттық құрылыстар.

Тарихи-археологиялық мәліметтер. Тамғалы петроглифы. Ыстық қорғаны. Ғибадаттық мавзолейлер мен мазарлар («өлілер үйі») орта ғасырдағы Қазақстанның құрылыстық шеберлік пен сәулет ескерткіштерінің тамашасы болып табылады.

Бабаджи-Хатун, Айша Бибі, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейлері, Жезғазғанның маңындағы Джучихан мен Алаша-хан мавзолейлері; Жұбан-Ана, Қайып-ата, Маулім-берді, Қара-хан мавзолейлері.

«Ұйтас» немесе «дің» - шошала – конус немес сфера тәрізді күмбезді бір камералы құрылыстың ежелгі типі. Мемориалдық ескерткіштер құлпы тастар. Құрылыс материалдарының жаңа түрлері: ганч, алебастр, терракоттық және израздық плиталар. Өткен жүз жылдықтың ең жақсы техникалық және сәулет өнеріндегі жетістіктері.

5-тақырып. Орта ғасыр. Андрон мәдениеті. Оның Урал мен Тянь-Шань тауларына дейін таралуы. Ежелгі жерлеулерді қазу. Орталық Қазақстандағы андрон мәдениеті (зираттық құрылыстардың монументалдығы мен күрделілігі, жоғары құрылыстық техника). Көрші мемлекеттер. Мәдениет пен өнердің өзара ықпалы. Орта ғасыр кезеңінде Қазақстан территориясында өнердің дамуы. Отырар.

6-тақырып. Ежелгі Қазақстан өнері бойынша қорытынды бөлім Қазақстанның өнерін дамыту бойынша өткен материалдарды жалпылау. Жарты жылдық тестілеуге дайындық (шағын конференция).

Екінші жартыжылдық.

7-тақырып. 20 ғасырдың басындағы Қазақстан өнері. Тарихи асу. Мәдениеттің барлық саласының дамуы: халықтық білім беру, ғылым мен өнер. Республиканың көркемдік өмірінің негізгі бағыттары. Бейнелеу өнерінің көрнекті қазақстандық шеберлерінің шығармашылық портреттеріне қысқаша шолу. Нақты шығармаларды жалпылау талдау, олардың өнердің басқоа түрлерімен тығыз байланысы. Мәдениеттің жалпы қазынасына үлес.

8-тақырып. Мүсін өнері. Ертедегі өнердегі пластикалық бейнелеу және көлемді фигуралар жасауға көшу. Пластикалық ойлаудың жоғары мәдениеті (силуэттерді бейнелеу және фантастикалық аңдарды модельдеу).

Композициялық бейнелеудің туындауы. Өткен курстардың тақырыптары (орыс және еуропалық пластика жетістіктері). Кеңес мектебінің дәстүріне негізделген мүсіншілердің шығармашылық тәжірибесі. Портрет-бюст. А.Пономарев шығармашылығы – портреттердің фронталды композициясы, портрет салушының даралық сипаттамасы. Оның жұмысының айрықша әдісі – пластикалық бірдейлік («Ш.Уалиханов», «Абай», 1938 жыл). Б.Урманче: Формалардың кескіндік көрінісі, портреттерде фигуралар мен детальдардың ерекшеліктерін, көрсету жесті («Ж. Жабаев портреті», 1945 жыл).

Жанрлық және сәндік мүсін. Х.Наурызбаев шығармашылығы – ұлттық тақырыпты өн бойымен түсіну, әр алуан бейнелеу тәсілдерінен тұтас пластикалық тілге көшу қозғалысы («Жас Жамбыл», 1958 жыл, «Абай», 1965 жыл, «Шоқан Уалиханов», 1966 жыл).

9-тақырып. Әбілхан Қастеев – алғашқы ұлттық суретші.

Биография мен бірінші кәсіби қазақ суретшісінің талантының қалыптасуы. Оның шығармашылығының Қазақстан өнерінің қалыптасуындағы орны. Портреттер- Ә.Қастеевтің ерте шығармашылығындағы жетекші жанр.

Шығармашылықтың кемеліне келген кезеңіндегі суретші шығармаларының жанрларының әр түрлілігі. Суретші өнеріне тән сипат – туған өлке табиғатын толық көрсету: «Шөп шабу», «Колхоздың сүт фермасы», «Жайлауда». Оның шығармаларының өзіндігі, хабарлау сипаты қазақ өнерінің халық шеберлері ақындар мен жырауларға жақын.

10-тақырып. Кескіндеме. Тұрмыстық және тарихи жанрлар

Республиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени ортасының жаңа шарттары. Ұлттық суретшілер – халықтық бейнелер көрінісі, тамашаны бойдан өткізу. А.Исмаилов, К.Тельжанов, М.Кенбаев, А.Ғалымбаева, М.Лизогуб, С.Айтбаев, Н.Хлудов, А.Сыдыханов пен ағайынды Х. Мен К.Ходжиковтардың шығармашылығы. Тарихи кескіндеме. Л.Леонтьева. А.Черкасский, К.Шаяхметов, Н.Нурмухаммедов шығармашылықтары.

11-тақырып. Портреттік жанр.

Қазақстанның станокті кескіндемесіндегі портреттік жанрдың дамуы. Портреттік және пейзаждық жанрлардың синтезі. Жалпылама мазмұндағы типтегі портреттердің алуан түрлілігі, тарихи портреттер, топтық портреттер. В.Антощенко-Оленев («Жақсы жаңалықтар»), А.Ташбаев («Автопортрет»), С.Мамбеев («Студент қыздар») және басқалар шығармашылықтары. Суретшілердің адамдардың рухани өмірлеріне, тұлғаның ішкі әлемінің заманауилықпен байланысының алуан түрлілігіне терең қызығушылықтары, адамның даралығының қайталанбас сұлулығын бекіту.

12-тақырып. Қазақстандық суретшілер шығармашылықтарындағы натюрморт. Кескіндеменің осы жанры бізді қоршаған ортаның заттық әлемінің сұлулығына зейін аударуынан туындаған. Натюрморт жанры- суретшілердің таусылмас шабыт, бейненің эмоцияналдығын, пластикалық мәнерлігін көтеру, сонымен қатар, тақырыптық картиналар, портреттік шығармалар мазмұнын тереңдету құралы. Натюрморт бұл заттар әлемі ғана емес, бұл эмоциялық қысым, ұлттық тұрмыс ерекшеліктері бойынша алуан түрлі адамдық сезімдер әлемі. А. Ғалымбаеваның шығармашылығындағы натюрморттардың ұлттық колориті («Дастархан»). Суретшімен шеберлік сыныбы (факультатив).

13-тақырып. Қазақстандық суретшілер шығармашылығындағы пейзаж. Қазақ халқының өмірінің табиғатпен байланысы. Акварельдік техника- кескіндеменің тамаша түрлерінің бірі. Пейзаждық жанрдың дамуы. Сюжетті кескіндеме, портрет, натюрмортпен байланыс. Акварельдік кескіндеме шеберлері. У.Ажиев – шығармашылық жол жүруде пайда болған жұмыстар («Оралда»). Қазақстанның табиғатын бейнелейтін пейзаж жазған суретшілер шығармашылығы. Ж.Шарденов («Қыста», «Предгорье»). О.Таңсықбаев (факультатив).

14-тақырып. Графика өнері.

Қазақстандағы кітап және станокті баспаны дамыту, шығармашылық ұжымды қалыптастыру. 20-30 жылдардағы Қазақстан- баспа тапсырыстары, журнал және газетадағы, плакаттағы сурет аумағындағы жұмыс (станокті графиканың негізгі техникасы – қарындашпен салынған сурет, акварель, тушь).

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы графиканың дамуы (өнердің дамуына Москва, Ленинград, Украинадан эвакуацияланған суретшілер көмектесті). Қазақстандық суретшілер, гравюра шеберлерінің баға жетпес үлестері. В.Антощенко-Оленев – линогравюраның сәндік қасиетін шеберлікпен қолдану, шрихтың алуан түрлілігі, ақ-қара контрастының мәнерлілігі («Ұрыстағы 1919» - 1957 жыл; «Мұң»- 1959 жыл). Е.Сидоркин – терең әлеуметтік мазмұнды ашатын графикалық тәсілдердің байлығы. Ертегілер, мысалдар, эпостық жырларға иллюстрациялар («Алпамыс батыр»). Ф.Дячкин – офорт, монотипия, акватинта, линогравюра техникасын меңгерген суретші. Табиғатты лирикалық қабылдау, компоновкадағы еркіндік пен жеңілдік, салудың жіңішке және жұмсақ мәнері. Кітап иллюстрациялары, супертыстар, «Сұлтанмахмұт Торайғыров» кітабын безендіру.

15-тақырып. 21 ғасырдың бейнелеу өнері.

Историческое развитие Казахстана на рубеже 20-21 ғасырлар асуындағы Қазақстанның даму тарихы. Қазақстан халықтарының мәдени мұрасы мен ұлттық дәстүрлерді сақтау. 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Қазақстанның бірегей қорықтары, археологиялық табулар, «Әлемдік мұралар каталогына» енген халық ауыз әдебиетінің шығармалары.

16-тақырып. Жаңа ғасырдағы Қазақстан өнері

Заманауи өнердің жаңа шығармашылық мүмкіндіктері. Заманауи мәдениет құбылысы – акция, перформанс, хэппенинг, инсталляция – көркемдік қағидаттарға қарсылық. Заманауи технологияларды қолдану (бейне, мультимедиа).

Өзекті өнер өкілдері: М.Нарымбетов, «Қызыл трактор» шығармашылық бірлестігі, С.Нарымов, Г.Трякин-Бухаров, А.Менлибаева және басқалар.

17-тақырып. Қорытынды бөлім. Қазақстан өнерінің дамуы бойынша өткен материалды жалпылау. Екінші жарты жылдық бойынша оқыту қорытындысын шығару. Жылдық тестілеу.

164. Оқу жылының соңында 4-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) Қазақстан өнерінің тарихи және мәдени өзінділік шарттарын түсінеді;
- 2) сақтық аңдық нақышқа тән сипаттарды анықтау, бейнелерге мифологиялық сипаттама береді;
- 3) аңдық нақыш пен ою-өрнекке тән нақышталған бейнелердің арасындағы өзара байланыс орнатады;
- 4) ою-өрнектерді геометриялық, өсімдік, зооморфтық, комогондыққа бөледі;

- 5) ою-өрнекті дүниетаным көрінісі ретінде қарастыру, оның символикаларын оқиды;
- 6) киіз үйдің құрылымын, жиналуын біледі;
- 7) қазақ ұлттық костюмін дәстүр, тарих, әлеуметтік және климаттық шарттардың көрінісі ретінде қабылдайды;
- 8) Ұлы жібек жолының Қазақстандағы мәдениет пен өнердің қалыптасуындағы рөлін түсіндіреді (мәдени жетістіктер);
- 9) Қазақстандағы орта ғасыр кезең сипаттау және сол кезеңдегі Орта Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырмалы түрде сипаттама береді;
- 10) орта ғасыр кезеңінде Қазақстан өнеріне мұсылман мәдениетінің ықпалы туралы түсініктері қалыптасқан;
- 11) Қазақстандағы кәсіби және бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен дамуы туралы түсініктері қалыптасқан;
- 12) қазақстандық кескіндеме мектебінің негізін салушыларды біледі;
- 13) қазақстандық мүсіншілер шығармашылығын, жеке авторлардың шығармашылығының нақыштық ерекшеліктерін біледі;
- 14) Қазақстанның станокті кескіндемесіндегі тұрмыстық жанр, натюрморт, пейзаж, портреттік жанрдың өкілдерін, көрнекті жұмыстардың атауларын біледі;
- 15) Ә.Қастеевтің шығармашылығы мен оның заманауи Қазақстанның бейнелеу өнерінің дамуындағы рөлін біледі;
- 16) 20І ғасырдағы Қазақстандық өнердің негізгі беталыстары; оның өнердің әлемдік жүйесіндегі орны туралы түсінікті біледі;
- 17) әлемдік кеңістіктегі Қазақстан мәдениетінің орнын анықтай біледі;
- 18) Қазақстан мәдениетінің қалыптасуына әлемдік мәдениеттің ықпалын біледі;
- 19) өнер аумағындағы негізгі терминдер мен ұғымдарды біледі және оларды меңгерген;
- 20) мәдениет пен өнер мәселесіне қатысты пікірталастар, қарым-қатынас үдерісінде толеранттықты сақтайды.

7-параграф. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Пленэр» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

165. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Пленэр» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) сыныпта алған білімдерін пайдалана отырып, таза ауада натураға қарап жұмыс істеу мазмұнын анықтайды, табиғат жағдайын зерттеу және қысқа мерзімді суреттемелер мен этюдтердегі сурет және кескіндемеге түсіру арқылы жылдам ауысатын жарықты-ауа жағдайында

колористикалық, пластикалық, пейзаждың, архитектураның, өсімдіктердің, жануарлар мен адамдардың ерекшеліктерін беретін дағдыларын меңгеру.

166. Пленэр – жаздық оқыту тәжірибесі, «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция» пәндері бойынша оқу үдерісінің жалғасы. Үш апта аралығында жүргізіледі.

Пленэр сабағы 132 сағат көлемінде 3 жыл оқытылады, даярлық сыныбында (7-11 жас) – 54 сағат қарастырылған.

167. Топтардағы балалардың сандық құрамы - 8 адамнан 15 адамға дейін.

168. Білім алушылар пленэр сабағында таза ауада жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, табиғи жарықтың ерекшеліктерін зерттейді, пейзаждық жанрда өздерінің күштерін байқап көреді, таза ауада портреттер мен натюрморттар салады.

Пленэрде балалар қоршаған ортаның шынайылығын көрсетуді, шынайы жарық ауа мен табиғи жарықты жеткізеді. Кәсіби шығармашылық үшін де қиын міндеттерді орындау табиғат аясында натураны терең оқумен байланысты. Бұл жерде барлық шығармашылық пәндер бойынша (сурет, кескіндеме, композиция) дағдылар қажет. Пленэр осы дағдыларды ары қарай дамыту үшін жақсы мектеп болып табылады.

169. Жарық ауа перспективаларын жеткізу бойынша дағдыларды үйрету кезінде педагог бланың жеке қабілеттерін, оны жүйкесінің жастық ерекшелігін ескеруі қажет. Пленэр кезінде білім алушылар композициямен жұмыс істеуге қажетті материалдарды жинайды, тірі қоршаған ортаның нысандарын зерттейді, пейзажбен жұмыс істеу ерекшеліктерін, үлкен кеңістікті жеткізу тәсілдерін таниды, қозғалыстағы және үнемі ауысатын натураны жеткізу әдістерін үйренеді, сызықтық, тепе-теңділік, жоспарлықты үйренеді.

Пленэрде білім алушылар архитектуралық уәждемелерді, қалалар мен ауылдардың және басқалардың пейзажын салады. Ұзақ тапсырмалақ қысқа тапсырмалармен ауысып отырады, кескіндемелік жұмыстар сурет салу жұмыстарымен ауыстырылып отырады.

170. Бағдарламаның мақсаты: пейзаждық сурет салу дағдалыры мен біліктерін қалыптастыру, пейзажда жануарлардың, құстардың, адамдардың суреттерін салу,

171. Бағдарламаның міндеттері:

1) сызықтық және ауа перспективасы саласында білім алуларына жағдай тудыру;

2) пейзажды қабылдауды үйрету;

3) пейзажға құайтын және үйлесімді архитектуралық нысандарды таба білу;

4) кеңістікті, сызықтық перспективалар заңдылықтарын, бірқалыптылықты жеткізу тәсілдерін білу;

5) колористикалық пейзаждағы көңіл-күй мен жағдайды жеткізе білу;

6) сурет, кескіндеме, композиция пәндерінде қалыптасқан дағдыларды пайдалана білу;

7) композициялық нобайлайрмен жұмыс істеуде түрлі этюдтерді, сызбаларды үйлестіре білу;

8) табиғи ортада натураны қабылдау дағдылары;

9) ауа перспективаларын жеткізу дағдылары, бөлшектері толық салынған эскиздік жанрмен жұмыс істеу дағдылары.

10) балалардың эстетикалық тәрбие мен рухани-адамгершіліктік дамуын қамтамасыз теу.

172. Тапсырмалар сызықтық материалдармен және акварельмен орындалады.

Пленэр негізгі тақырыптары: «Өсімдіктерді салу», «Өсімдіктер этюді», «Суреттегі сызықтық және ауа перспективасы», «Кескіндемедегі сызықтық және ауа перспективасы», «Нобайлар».

173. 1-сыныпта «Өсімдіктер салу» тақырыбы бойынша тапсырмалар өсімдіктердің құрылымы мен негізгі пропорцияларды оқуға бағытталған.

2-сыныпта білім алушылар өсімдіктерге тән сипаттамаларды детальдарымен жеткізе алуы, сонымен қатар, өз бетімен графикалық материал мен орындау мәнерін таңдай отырып, көлемді модельдеуге шығармалық тұрғыдан келуі керек.

3-сыныпта өсімдіктердің суреттері неғұрлым күрделі тапсырмалардың құрамдас бөлігі болып табылады. «Суреттегі сызықтық пен ауа перспективасы» тақырыбы бойынша тапсырмалар жыл бойы алынған білімді бекіту мен қолдануға бағытталған. 1-сыныпта балалар аллеялар мен екі жоспарлы пейзажды салу арқылы тон мен конструктивті құрылымды перспективалық өзгертумен танысса, 2 және 3-сыныптарда сәулеттік ғимарат мен көп жоспарлы пейзаждарды салу арқылы үйренеді. Бұдан басқа графикалық материалдардың түстік диапазоны кеңейеді.

174. 1 және 2-сыныптарда ауа перспективасы қарапайым көлемдерді модельдеу мен күрделі емес пейзаждардың кескіндемелері арқылы жеткізіледі. 3-сыныпта сызықтық құрылымды күрделендірумен қатар, білім алушылар болашақ этюдтің жалпы колоритін ескере отырып, өз бетімен кеңістік, объект, түстегі жоспарды орналастыра алу керек. Жанды натураны оқуға көп көңіл бөлінеді.

175. 1-сыныпта құстар, аңдар, адамның фигурасының негізгі пропорциялары туралы білімдері бекіту жүзеге асырылады.

2-сыныпта білім алушылар аңдар мен құстардың, сонымен қатар, адамның фигураларының жас ерекшеліктері толық танысуы керек. Ал, 3-сыныпта адамдардың топтық нобайлары динамикада орындалады.

176. Пленэрлік тапсырмалар натураны оқумен қатар, композиция бойынша тапсырмалар үшін натура материалдарын жинау сипатында болады.

Композиция бойынша тапсырмалар 2 және 3-сыныптарда орындалады. Егер, 2-сыныпта бұл жұмыс пленэрлік суреттер мен этюдтер негізінде орындалса, 3-сыныпта композиция бойынша тақырып нақыштау тәсілдер

(экологиялық плакатка шрифтік мәтінді енгізу) туралы білімдерін қолданумен күрделенеді.

177. Пленэр бағдарламасына енгізілген тақырыптар білім беру мазмұнының міндетті минимумын ұсынады.

Бағдарлама мазмұнында қандай да бір тақырыпты оқу көлемін (сағат саны), форматтар, материалдардың размері мен жұмыс санын саралауға болады. Ең бастысы, сағат бойынша тәжірибенің жалпы көлемін асырмай, оның оқу- шығармашылық және тәжірибелік тапсырмаларда күтілетін нәтижеге жету үшін, бағдарлама мазмұнының алуан түрлілігін қамтамасыз ету.

178. 1-сыныптығы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Пленэрден өту ережелерімен таныстыру. Пленэрдің міндеттері туралы әңгіме.

2-тақырып. Өсімдіктер суреті. Сурет салу- ұзақ сурет салу үшін дайындық жаттығуы мен жеке шығарма. Суреттің орындалу сипатын анықтайтын міндеттер нақтылығы. Формат, масштаб бейнелеу.

3-тақырып. Суреттегі сызықтық және ауа перективасы. Перспективтік қысқартулардың көзқарастан тәуелділігі. Сурет салудағы жарық пен реңктік диапазон.

4-тақырып. Өсімдіктер этюдтері. Этюд- сурет салуға дайындық материалы және өз бетінше шығарма. Пленэрлік этюдтердің колорлық ерекшеліктері. Этюдтерді орындау тәсілдері: ары қарай өңделетін «дымқыл», «алла-прима» немесе «дымқыл».

5-тақырып. Ашық ауадағы заттардың кескіндемесі. Заттарды конструктивті үйлестіруге көзқарастың ықпалы. Пленэрде натюрмортты кескіндеу ерекшеліктері (колорит, рефлексстердің жарық күші).

6-тақырып. Сурет пен кескіндемедегі сызбалар. Сызбалардың қоладну аясы. Сызбалардың түрлері; сызықтық, түстік, сұлбалық, қозғалыс пен сипатты жеткізуге арналған. Сызбаларды орындау мәнері мен Міндеттердің нақтылығы, толықтылығын анықтайтын міндеттердің нақтылығы.

179. Оқу жылының соңында 1-сыныптың білім алушыларыкелесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) сурет пен кескіндеменің (сызық, штрих, дақ) негізгі мәнерлі құралдары туралы түсініктері қалыптасқан;

2) тапсырмаға байланысты өз бетімен формат түрін (тік, көлденең) таңдайды;

3) түрлі графикалық материалдардың қасиеттерін білу мен оларды қолдана алады;

4) сызықтың түрлі типтері арқылы өсімдіктер мен ағаштардың сипатын, фактурасын береді;

5) флора мен фаунаның алуан түрлілігі туралы түсініктері қалыптасқан;

6) адамның мүсінінің пропорциялары туралы білімдері бар;

7) аңдар мен құстар фигураларының жалпы пропорциясы, пластикасын жеткізу үшін нобайлар орындай алады;

- 8) сызықтық және ауа перспективасы туралы білімді меңгерген;
- 9) пленэрде этюдта түстік рефлекстерді көреді және жеткізеді;
- 10) «дымқыл», «алла-прима» техникаларында акварельдік кескіндеменің техникалық тәсілдерін меңгерген.

180. 2-сыныпта акварельмен және түрлі графикалық материалдармен жұмыс дағдысы бекітіледі, неғұрлым күрделі сәулет ғимараттары мен көп жоспарлы пейзаждарды салу арқылы конструктивтік үйлестірудің перспективалық өзгерістерін оқу жалғастырылады.

181. Білім алушы этюдтер мен күрделі емес пейзаждар мысалға алына отырып сурет салушыдан нысандар мен жоспарлардың қашықтауы бойынша түстер мен тондардың өзгерістерін бақылау мүмкіндіктері бар. Судың беті мен оған сәулесі түсіп тұрған заттарды бейнелеуде акварельдік кескіндеменің түрлі тәсілдерін меңгеру дағдысы дамиды.

182. 2-сыныпта оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Пленэрден өту ережелерімен танысу.

2-тақырып. Өсімдіктердің суретін салу. Өсімдік түрлерінің детальдық ерекшеліктері. Техника – ары қарай өңделетін акварельдік боямалау. Суреттерде жарық-көлеңке модельдеу шарттары.

3-тақырып. Құстар мен аңдарды салу. Натураның даралық ерекшеліктері: пропорциялар мен пластика. Бейнеленген жазықтықтың бетінде түрлі фактураларды жеткізу тәсілдері.

4-тақырып. Адам фигурасын салу. Негізгі пропорциялар. Перспективалық қысқартулар заңдылықтары. Адам фигурасының жас ерекшеліктері.

5-тақырып. Суреттегі сызықтық және ауа перспективасы. Сәулет ғимараттарының фрагменттері салынған суреттегі сызықтық перспектива. Сәндік детальдармен безендірілген жазықтықты жарық-көлеңкелік модельдеу ерекшеліктері мен формаларының тұтастығы.

6-тақырып. Өсімдіктердің этюдтері. Ағаш тектерінің ерекшеліктері. Акварельдік кескіндемеде тәсілдері- фактураны жеткізу құралы.

7-тақырып. Пленэрлік этюдтегі су бетінің кескіндемесі. Судың жағасындағы нысандарды бейнелеу заңдылықтары. Судың беті мен оған түскен сәуленің фактураларын жеткізу фактураларын жеткізу тәсілдері.

8-тақырып. Кескіндемедегі сызықтық және ауа перспективасы. Суретті сызықтық құрудың көзқарас пен кеңістіктің тереңдігіне тәуелділігі. Ауа перспективасы жеткізуде түс пен тонның өзгеру заңдылықтары. Түрлі жоспардағы көлемдерін жарық-көлеңкелі модельдеу.

9-тақырып. Тұрмыстық жанр мен пейзаж синтезі (композиция). Дайындық материалы- композицияны құру құралы. Композицияны құрудың негізгі ережелері. Композициядағы сызықтық және ауа перспективасы. Орындау мәнері. Колорит.

183. Оқу жылының соңында 2-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) акварельдік кескіндеменің түрлі тәсілдерін меңгерген;

- 2) ауа перспективасын түс және реңкпен жеткізе алады;
- 3) сурет пен оның бетіне түскен заттардың сәулесінің фактурасын жеткізу тәсілдерін біледі;
- 4) түрлі графикалық материалдарды меңгерген;
- 5) сәулет детальдары мен ғимарат бөліктерін бейнелеуде сызықтық перспектива заңдылықтарын түсіну және жеткізеді;
- 6) аңдар мен құстардың қозғалысындағы пропорцияларын жеткізу іскерлігін біледі;
- 7) адам фигурасының мінез-құлқының ерекшеліктері мен перспективалық қысқартуларының заңдылықтарын түсінеді және жеткізе алады;
- 8) жинақталған материалдарды қолдана отырып, өз бетімен композицияны құру (этюдтер, нобайлар, суреттер) дағдыларына ие.

184. 3-сыныпта күрделі пейзаждық түстік және тондық құрылымын талдау іскерлігі, жалпы колоритті ескере отырып, кеңістік, нысан, жоспарларды өз бетімен түстік ұйымдастыру дағдылары бекітіледі.

185. Адам фигурасын бейнелеуде пропорция, жас ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар адамдар тобындағы нобайларда күрделі композиция кеңістігі, динамикасын жеткізу іскерлігі де қалыптасады.

186. Сонымен қатар, балалар шығармашылық жұмыстың барынша мәнерлігіне жету үшін орындауға материалды өз бетімен тандайды.

187. 3-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Пленэрден өту ережелерімен таныстыру.

2-тақырып. Суреттегі сызықтық және әуе перспективасы. Күрделі сурет салудағы сызықтық перспектива. Табиғат жағдайы мен сурет салудағы тондық диапазон. Күрделі сәулет формаларын құру заңдылықтары.

3-тақырып. Аңдар немесе құстармен көп фигуралы этюд кескіндемесі. Натурадан көп фигуралы этюд. Пейзаждық кеңістікте аңдар немесе құстардың топтарын үйлестіру. Фигуралардың алуан түрлі ракурстарын, қозғалысын, пластикасын жеткізу. Жұмыс колоритін талдау. Аңдар мен құстар фигураларының өңдеу есебінен жоспарлықты жеткізу.

4- тақырып: Көп фигуралы нобайлар. Алуан түрлі нобайлар: алдын ала суретсіз акварельмен салынған нобайлар, сызықтық-реңктік нобайлар. Динамикадағы адамдар тобының нобайы. Фигураларды бейнелеуді үйлестіру. Фигуралардың пропорциясын білу. Фигураларды бойлары мен комплекциясына қарай салыстыру. Түрлі жоспарда орналастырылған фигуралардың динамикасы мен размерлерінің үйлесімін жеткізу.

5-тақырып. Кескіндемедегі сызықтық және ауа перспективасы. Көп жоспарлы этюдтерде түстің перспективалық өзгерістері. Түстік-реңктік қарым-қатынастың ауа райы жағдайына тәуелділігі. Көше, ғимарат перспективасының жеткізу үшін көзқарасты таңдау. Сызықтық құрылымда сызықтық перспективаның ережелерін сақтау. Этюдте жарық, табиғат жағдайын жеткізу. Мандайша, дуал, шатыр, ағаш және басқа табиғат жағдайын жеткізу. Ауа

перспективасының ережелерін ескере отырып алыс және жақын жоспарларды өңдеу.

6-тақырып. Пленэрлік этюдтер мен суреттер негізіндегі композиция. Алдын ала этюдтер бойынша пейзажбен жұмыс. Жарық пен түстік өзгерістер арқылы пейзаждық композициядағы табиғат жағдайын жеткізу. Натуралар негізінде салынған суреттерден сәулет композициясын құру.

Плакат түрлері. Плакаттағы нақыштау. Плакаттың мәнерлік ерекшеліктері. Плакаттың міндеті. Шрифттер типтері мен оларды плакатта қолдану. Плакаттағы реңктік және түстік кереғарлық. Плакаттың негізгі идеясын жеткізу. Композициядағы мәтіннің орнын анықтау. Шрифт стилін таңдау. Түстік-реңктік шешімді таңдау.

188. Оқу жылының соңында 3-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) этюдтердің түрлерін қолдана отырып, (ауылдық, қалалық) табиғаттың жағдайын, жарық, колоритті жеткізе біледі;

2) сызықтық және ауа перспективасы туралы білімді меңгеру және оны сәулет ескерткіштері, ғимараттарын салғанда қолдана алады;

3) қозғалыстағы аңдар немесе құстардың нобайын қолдана отырып, өз бетімен композиция құра біледі;

4) түрлі материалдармен қозғалыс жеткізілетін адамдар топтарының нобайларын орындай біледі;

5) экологиялық білімді меңгеру және табиғатты жалпы адамзаттық құндылық ретінде түсінеді;

6) нақыштау тәсілдері туралы білімді меңгеру және оларды шығармашылық композицияда қолданады.

8-параграф. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Арнайы фортепиано» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

189. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Арнайы фортепиано» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мазмұнын, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағдарламалық талаптарды, оқу мерзімдерін анықтайды.

190. Бағдарламамен анықталатын жеті-тоғыз жылдық оқыту – шартты және репертуарлық жоспарлау жүйесіне қатысты болып табылады.

Білім беру мазмұнының жаңартылуының нәтижесі дегеніміз – білім алушылардың меңгерген білімдерін тәжірибелік жағдайда қолдану және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін игеру болып табылады.

191. Музыкалық оқыту және тәрбиелеу барысында білім алушылардың негізгі және пәндік құзыреттерін қалыптастыру әр түрлі әдістерді қолдануды

талап етеді. Музыкант-педагогтің жұмысында оқыту, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру (уәждемелік) және бақылаушылық-түзетушілік қызметтерін атқаратын, барлық дерлік жалпыпедагогикалық әдістер қолданылуы мүмкін.

192. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктері әрбір баланы, оның табиғи қабілеттеріне тәуелсіз, музыкаға жақындата алатын оқыту әдістері мен құралдарын іздеп табуды талап етеді. Әрбір білім алушыға жеке- дара сараланған тәсілдер арқылы оқытудың мазмұны мен әдістерін жалпы психологиялық және музыкалық-психологиялық ерекшелігіне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді.

193. Кешендік сабаққа білім алушылардың шығармашылық қызметінің түрлері біріктіріледі – педагогикалық репертуарды зерделеу, қағаз бетінен оқу, ансамбль, естуі бойынша іріктеу, тасымалдау (транспонирование), сүйемелдеу.

194. Бағдарламаның мақсаты: білім алушылардың табиғи мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы музыкалық дамыту, пианизм мен орындаушылық өнер негіздеріне оқыту, тұлғаның рухани жалпы мәдениетінің бөлігі ретіндегі музыкалық-эстетикалық санасын қалыптастыру.

195. Бағдарламаның міндеттері:

1) дидактикалық: танымдық қызметі, ой-өрісінің кеңеюі, музыкалық білімді, орындаушылық дағды мен білікті жүйелі түрде жинақтау;

2) тәрбиелеушілік: музыкалық өнерді тану жолдары арқылы рухани, адами, көркемдік, эстетикалық, патриоттық, интернационалдық тәрбие беру, дербестікті, ерік-жігерді тәрбиелеу; адамгершіліктік, эстетикалық, дүниетанымдық ұстанымын қалыптастыру.

3) дамытушылық: музыкалық есту, еске сақтау, ырғақ сезімін, эмоциялық өрісін, эмпатияны, шығармашылық қабілеттерін, зейін, ойлау, елес, қиял, рефлексия, салыстыра білу, салыстырып қарау, жалпылау шеберліктерін дамыту.

196. Бағдарлама білім алушылардың жастық және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға және негізгі және пәндік құзыреттілік жетістіктеріне (оқу пәнінің аясында меңгерген айрықша білімді, білікті және дағдыларды)бағытталған.

197. Білім беру бағдарламасының әдіснамалық негізін:

1) жеке тұлғаны қалыптастырудағы біртұтас тәсілдеме тұжырымдамасы;

2) оқытуда жас, тұлғалық-қызметтік, жеке-дара сараланған және күрделі зерттеу тәсілдемелер теориясы;

3) қазіргі заман педагогикасының жалпыдидактикалық қағидалары (постулаттар), олармен негізделген (детерминденген) білім беру үдерісінің мазмұнына, нысандарына және әдістеріне тәсілдемелер;

4) білім алушылардың дамытпалы оқыту мәнмәтінінде шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педагог-пианисттердің және музыкатанушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары құрайды.

198. Оқу материалдарының мазмұнын таңдау мына педагогикалық қағидаттарға негізделеді:

1) табиғилылық сәйкестілік және қолжетімділік қағидаты білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушылардың музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушылардың музыкалық-орындаушылық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) оқытуды дараландыру қағидаты фортепианода ойнаудың орындаушылық дағдыларын практикалық меңгерудің негізгі тәсілі болып табылады;

4) шығармашылық қағидаты білім алушылардың қабілеттерін және бейімділіктерін ашып тануды көздейді, өнермен табысудағы жетістік, қуаныш жағдаятын жасауды бағамдайды.

199. Бағдарламаның мазмұны қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, әлемдік музыканың классикалық үлгілеріне, әлем халықтарының музыкалық шығармашылығына, заманауи қазақстандық өнерге негізделеді.

200. Бағдарламаның музыкалық мектепте интерактивтік білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес тұпаттамасын (типология) ендіруді көздейді.

201. «Фортепиано арнайы сыныбы» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес әрбір сыныпта 2 апталық сағатты; жылына 68 сағатты құрайды.

202. Сабақтардың түрі – 45 минуттық жеке сабақтар. Сабақтардың жеке түрі педагогке білім бағдарламасының мазмұнын әрбір білім алушының даму ерекшеліктеріне сәйкес құрастыруға мүмкіндік береді. Білім берудің вариативтілік талаптарына сәйкес бағдарламаның мазмұны саралануы (дифференцировать) мүмкін.

203. Оқыту жеке, шағын топтық және топтық формаларда жүзеге асады.

Даярлық тобындағы білім алушылардың сандық құрамы – 8-10 адам.

204. Оқу мерзімі: 7-9 жыл.

205. Бағдарламаны меңгеру қорытынды мемлекеттік аттестациямен аяқталады.

206. Бағдарламаны іске асыру шарттары. Жұмыс тәртібі қосымша білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

207. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін аптасына 2 академиялық сағаттан аспайтын 25-35 минуттық сабақтар өткізіледі.

Бітіруші сыныптарға (сегізінші және тоғызыншы) білім алушыларды қабылдау қарастырылмаған.

208. Бағдарламаны іске асыруда оқытылатын оқу пәнінің бейініне сәйкес арнайы педагогикалық немесе кәсіби (орта немесе жоғары) білімі бар педагогикалық қызметкерлермен қамтамсыз етіледі.

209. Педагог дәріс беретін пәні бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеуі, музыкалық педагогика саласында отандық және шетелдік білім берудің озық жетістіктеріне негізделген оқу-білім беру үдерісі технологиясын пайдалана білуі қажет.

210. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдері басқа білім беру ұйымдарымен шығармашылық байланыс орнату үшін жағдай жасауы қажет, оның ішінде ұдайы әдістемелік жұмыс жүргізу, алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды қолдану мақсатында кәсіби байланыстар да орнатуы керек.

211. Мектептердің материалдық-техникалық базасы санитарлық және өртке қарсы нормаларға, еңбекті қорғау нормаларына сай.

Білім беру бағдарламасын іске асыруда: рояль, дыбыстық техникалық жабдықталған концерттік залдың, топтық, шағын топтық және жеке дара сабақтарға арналған фортепиано музыкалық аспабы бар оқу аудиториялары болуы шарт.

212. Жеке дәрістерге арналған аудиториялар дыбыс өткізбейтін және 6 шаршы метрден кем емес ауданы бар болуы тиіс.

Мектепте музыкалық аспаптарды ұстауға, дер кезінде қызмет көрсету және жөндеу үшін жағдайлар жасалуы керек.

213. Оқу жоспарындағы пәндерді оқытудың ұйымдастырушылық формалары:

жеке сабақтар: фортепиано мамандығы, таңдау бойынша пән (нотаны парақтан оқу, ансамбль, сүйемелдеу);

пәндер бойынша топтық сабақтар: сольфеджио, қазақ музыка әдебиеті, әлемдік музыка әдебиеті, ұжымдық музыка ойнау.

Әр топта балалардың саны 10-нан 12-ге дейін.

214. Оқу пәнінің мазмұны. Жеке оқыту қағидаты әрбір білім алушының табиғи тума нышандары, дене және музыкалық дамуының деңгейіне сәйкес оқу материалдарын өтудің түрлі нысандары, әдістері, қарқынын қолдануды ұсынады.

215. «Фортепиано арнайы сыныбы» оқу пәні жеке дәрістерінің ерекшелігі теориялық материалдарды тәжірибелік қызметтен ажырамас бөлік ретінде зерделеуді ұсынады, бұл оқу сағаттарын тараулар мен тақырыптар бойынша бөлуде біріздендірудің мүмкін еместігін көрсетеді.

216. Оқу пәні мазмұнының базалық негізін келесі тақырыптық тараулар көрсетеді:

1-тарау. Ерте оқытудың ерекшеліктері.

1) Балалармен өткізілетін алғашқы сабақтың негізгі мазмұны. Тыңдаушылық тәжірибе, музыкалық әсерді молайту. Әндер мен әнге қосылу. Ноталық сауатынсыз ансамбльде ойнау. Есту бойынша және тасымалдау (транспонирование). Білім алушылардың ноталық сауаттылық негіздерімен таныстыру.

2) Түрлі әдістермен фортепианода алғаш ойнауға үйренудегі ойынның ролі. Мектепке дейінгі балаларға бағдарланған әдістемелер.

3) Музыкалық сауаттылық, музыка, үйлесімділік және сольфеджио теориялары, балаға түсінікті түрде музыкалық терминологияның негізгі түсініктері.

4) Музыкалық тәрбие және фортепианода ойнауға үйретудің кешенді жүйесі.

2-тарау. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру.

1) Жас пианисті кешенді тәрбиелеу.

2) Білім алушылардың шығармашылық дағдыларын дамыту. Әуендік, үндестіктік және тембрлік есту қабілетін дамыту, ырғақты есту арқылы, көзбен көру арқылы, қимыл арқылы жеткізу, фортепианода ойнауға үйрету үдерісінде парақтан оқу, тасымалдау, барлық дауыстардың музыкалық мзмұнды орындауы, әуеннің аяғын жазу, пьесалар турлері, дауыс бойынша таңдау, ырғақтық және әуендік суырып салу, ансамбльде ойнау, ноталары бар музыканы тыңдау, нотамен аспапсыз сабақ өту, әуесқой музыка ойнау жолдары арқылы музыкалық есте сақтау жадын (есту арқылы, көзбен көру арқылы, қозғалысты, түйсікті, қисынды) дамыту.

3) Пәннің «Сольфеджио», «Қазақ музыкалық әдебиеті», «Әлемдік музыкалық әдебиеті» және жалпы білім беретін мектептің: «Музыка», «Қазақ тілі», «Бейнелеу өнері», «Әдеби оқу», «Дүниетану», «Еңбекке баулу» оқу жоспары пәндерімен пәнаралық байланысы.

4) Музыкалық шығармаларды оқу және әртүрлі нақыштар мен жанрлардың шығармаларымен нобайлық танысу барысында жалпы және музыкалық ой-өрісті кеңейту. Музыканы тыңдау бойынша тәжірибені жинақтау. Теориялық және тарихи білімдерді бекіту.

5) Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, Қазақстан халықтарының музыкалық шығармашылығын, әлемдік музыканың, қазіргі заман Қазақстан және әлемдік өнердің классикалық шығармаларын үйрену барысында білім алушылардың негізгі және пәндік құзыреттерін қалыптастыру.

3-тарау. Музыкалық шығармамен жұмыс жасау, орындаушылық білік пен дағдыларды қалыптастыру.

1) Білім алушыларды шығармамен таныстыру (педагогтің шығарманы орындауы, жазбаларды тыңдау, қағаз бетінен оқу). Шығарманың баспасын, редакциясын таңдау. Музыкалық бейнелерге сипаттама (басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ассоциациялар). Оқытылатын шығармалардың жанры, түрі, қалыптық (мәнерлік), әуендік, үйлесімдік, ырғақтық, қарқындық ерекшеліктері.

2) Мәтінмен жете жұмыс жасау: музыкалық арқауды зейін салып тыңдау, үзінділерін баяу және орташа қарқынды (темп) дүркін-дүркін ойнау. Музыкалық шығарманы жаттау тәсілдері.

3) Музыкалық синтаксис. Шығарманың серпіндік жоспары. Әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка); артикуляция, агогика, педализация және тағы басқалары.

4) Ноталық мәтінді еркін оқуға машықтандыру. Әуендік сызықты, тік сызықты шапшаң оқу, «топпен оқу», «үзіліссіз оқу» дағдылары.

5) Пианистикалық аппараттың еркіндігіне тәрбиелеу. Техникамен жұмыс жасаудағы есту қабілетінің рөлі. «Жылдам тыңдау», «тез ойлау» дағдаларын тәрбиелеу.

б) Фортепиано техникасымен жұмыс жасау. Көркемдік және техникалық міндеттернің бірлігі. Фортепиано техникасының іргетасы – белсенді және нақты саусақ қағысымен үйлестіктегі пернетақтамен байланыс. Қарапайым аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу (әртүрлі позициялық формулаларды, гаммалардың, аккордтардың, арпеджионың аппликатурасын меңгеру). Аппликатураның позициондық қағидасы. Бір позициядан екіншісіне өту кезінде икемділікке, наздылыққа тәрбиелеу. Аппликатуралық қағидалар («салып қою», «ауыстырып қою», «тайғанау» және басқалары). Жұмыстың әдістері: қиыншылықтарды ұғыну және жеңілдету (ұстанымдар, топтастыру); әртүрлі қарқындар, туше, артикуляция, динамика; нұсқалар (ырғақтық, еселеу, бөліктену немесе бірігу және тағы басқа)

7) Жаттығулар жас музыканттың техникасын дамытудың құралы ретінде. Жаттығу жинақтары. Е.Ф.Гнесина, Ш.Ганон, А.Есипов, Р.Иозефи, МКлементи, А.Корто, М.Лонг, Н.Метнер жаттығулары, В. Сафонов, К.Таузиг, Е.Тимакиннің жаңа формуласы. Жаттығулармен жұмыс барысында сипап сезу, есту және қимыл-қозғалыспен әрдайым бақылау жүргізу.

8) Гаммалар, аккордтар, арпеджиомен жұмыс жасау. Гаммаларға дайындық жұмыстары (Е.Ф.Гнесина, В.В.Листовая, М.Лонг, А.Корто, Р.Иозефи). Гаммаларды оқыту тәртібі. Гаммалар мен арпеджионы жүйелеу. (Н.В.Ширинская). Гаммаларды оқыту кезіндегі міндеттер: мажор-минор жүйесін игеру, аппликатуралық тәртіпке тәрбиелеу, қозғалыстарды автоматтандыруға дағдылану, саусақтық шапшаңдыққа, тегістікке, төзімділікке жету, тетраходлармен ойнау. Гаммалармен жұмыс кезіндегі нұсқалар (динамикалық, ырғақтық, тембрлік, артикуляциялық).

Аккордтар (3-тен, содан соң 4 дыбыстан). Әртүрлі қағыстарды пайдалану. Белсенділікпен, саусақтар ұшының алғырлығымен үйлестікте пернетақтадағы тіректі сезіну. Аккордты алғаннан кейін қолды босату әдетін қалыптастыру. Шынтақ, иық, жауырын бұлшық еттерінің қатысуы.

Арпеджио. Түрлері (қысқа, ұзын, сынық). Шынтақтың көмегімен бүйір қозғалыстарын тәрбиелеу, «қолды, алақанды ашу» тәсілін қалыптастыру, екпіндік және салмақты тіректерді әртүрлі саусақтарға көшіру.

9) Этюдтермен жұмыс. Білім алушыларға арналған этюдтердың жеке таңдалымы. Техникалық қиыншылықтарды жеңу жолдары. Қозғалыстарды үнемдеуге, қолдардың координациясына және синхрондығына, пианистикалық наздылыққа бағытталған жұмыс.

10) Педализация – дәл фиксацияға келмейтін, шығармашылық үдеріс. Оң жақ және сол жақ басқыштың рөлі. Естіп бақылаудың маңызы. Дайындық жұмыстары (Е.Гнесина, С.Майкапар, Н.Голубовская). Педализацияның негізгі тәсілдері. Басқыш және орындау стилі.

11) Полифониялық шығармаларды зерделеу.

Полифония түрлері – дауысасты, кері, еліктемелік.

Еліктемелік полифониямен жұмыс жасау. Тақырыптың интонациялық сипаттамасы; қосындыға қарсы және оның нысан дамуындағы рөлі. Әрбір дауыстың даму үздіксіздігімен жұмыс жасау. Дауыстардың ұйқасы кезіндегі орындаушылық міндеттер: әрбір дауыстың тембрлік бояуын сақтау, кіріспе мен аяқтамалардың, шарықтау шегі мен бәсеңсудің үйлеспеушілігі.

12) Бахтың клавирлік шығармаларының орындаушылық дәстүрлері. Бах музыкасын насихаттаудағы К.Черни, қиялшыл-сазгерлердің, Ф.Бузони рөлі. Ескі полифонияны орындау кезіндегі мәнерлі құралдар. Артикуляция теориясы. Браудо жіктеуіші. Қарқынды (темп) белгілеу мәселелері. Серпінділік (Динамика). Әуендік әшекей (Орнаментика). Мелизмдерді орындау кезіндегі негізгі ережелер және ерекшеліктер.

Вильгельм Фридеман Бахтың нота дәптері. Анна Магдалена Бахтың нота дәптері. Urtext және нұсқалары. Шағын кіріспелер (прелюдиялар), инвенциялар, Бахтың «Жақсы темперирленетін клавирі».

13) Кезеңдік (циклдық) сонаталық нысан (форма), түрлендірме кезеңдер – орындаушылық міндеттер. Балалар музыка мектебінің репертуарындағы веналық классиктерінің шығармалары. Классикалық шығармалардың әртүрлі басылымдары мен нұсқаларын оқу. Сонаталық allegro нысанымен жұмыс жасаудың ерекшеліктері. Метроритм, артикуляция мәселелері.

14) Балалар репертуарындағы арманшыл-сазгерлердің музыкасы. Арманшыл сазгерлердің музыкасындағы бағдарламалылық. Арманшылардың шығармашылығында аспаптардың жаңа мүмкіндіктерін ашу.

15) Қазіргі заман сазгерлерінің шығармашылығында 20-ХІ ғасырлардағы музыкалық ойлаудың заңдылықтарын игеруге жұмылдыру. Балалар музыка мектебінің репертуарындағы қазіргі заман музыкасы, оның ладтық-үндестік және ырғақтық өзгешелігі.

16) Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, қазақстандық белгілі композиторлық мектеп өкілдерінің шығармаларын зерделеу.

217. Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету. Білім беру үдерісінің тиімділігі оның мазмұнының тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктеріне, педагогтер мен білім алушылардың арасындағы педагогикалық қарым-қатынастың кәсіби құзыреттілігіне байланысты.

218. Жақсы музыкалық қабілеттері бар білім алушылармен қатар, музыка мектептерінде музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар да оқиды. Оларды оқытуда сабақ кезінде оқытудың дамытушылық әдістеріне, музыкада ойнаудың әртүрін пайдалану мен шығармашылық білікті дамытуға

көбірек сүйену керек. Репертуарды таңдауда жеке жоспардың едәуір вариативтілік мүмкіндігі болады: 1-2 сыныпта талаптар (оның ішінде гаммалар бойынша) деңгейін төмендету.

219. Даярлық сыныптарында, 1-2-сыныптарда сабақ өткізудің шағын топтық түрлерін қолдануға: сабақты немесе оның бір бөлігін екі-үш білім алушымен бір уақытта өткізуге болады. Қалған уақыт қорын қағаздан оқу шеберлігі, естуі бойынша іріктеуге, тасымалдауға, ансамбль, жалпы және музыкалық дүниетанымын кеңейтуді дамытуға арнауына болады.

220. Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспар жасалынып, білім беру ұйымының басшысының қолымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың аяғында педагог тапсырмалардың орындалу сапасын және ертеректе бекітілген тізімдегі өзгерістерді белгілейді, ал жылдың аяғында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, сабақ үлгеріміне және еңбекке қабілеттілігіне сипаттама береді.

221. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

222. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

Білім алушының жылдық оқу жоспарының негізгі құрамдас бөлігі: ірі нысандағы шығармалар, полифония, пьесалар, этюдтер, гаммалар және музыкалық біліктерін дамытатын жаттығулар, ансамбльдер, сүйемелдеу, өзі оқып-үйренуі, қағаз бетінен оқуы және тасымалдауы, үйде музыкада ойнау үшін арналған пьесалар.

223. Білім алушылардың жеке жоспарлары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 20-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтып көрсетіледі.

224. Жеке жоспарда білім алушының жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішілік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшандығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

6) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

225. Бірдей сыныпта бағдарламаны оқытудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілігінің деңгейі бойынша өзгеше болуы мүмкін.

226. Репертуармен жұмыста педагог шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтиханда) орындауға, ал қалған бөлігі – сынып жұмысына немесе танысуға арналатындығын ескеру керек. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу дәрежесін білім алушының жеке жоспарында оқу сатыларын белгілеу арқылы анықтауы мүмкін.

227. Педагог әрбір білім алушының жеке ыңғайын ескере отырып, жаңа репертуар есебінен репертуарлық тізімдерді толықтыра отырып, бағдарламаның көлемі мен күрделілігін түрлендіреді.

228. Даярлық сыныбында білім алушылар 20-25 түрлі нысандағы музыкалық шығармаларды оқып-үйренеді: халық әндерін, этюдтерді, музыкалық және би сипатындағы пьесаларды, ансамбльдерді, полифония элементіндегі пьесаларды.

229. Даярлық сыныбының білім алушылары біледі:

- 1) тәртіп және музыка тыңдау ережелерін;
- 2) музыкалық сауатылық ережелерін; музыкалық және шу дыбыстарын; жоғары және төменгі дыбыстарды; қысқа және ұзақ дыбыстарды; ноталардың ұзақтығын, музыкалық өлшемін және есебін; сөйлеу және музыкалық екпіндерді; интервалдарды;
- 3) ноталар, октавалардың атауларын, ноталар жүйесіндегі 1 октава ноталарының орналасуын.

230. Даярлық сыныбындағы білім алушылар істей алады:

- 1) тыңдалған және орындалатын музыканың көңіл-күйін анықтайды;
- 2) әртүрлі дыбыстардан ән салу және әндетеді;
- 3) *non legato*, *legato*, *staccato* дыбыс шығару амалдарымен қарапайым пьесаларды ойнау; педагогпен төрт қолмен қарапайым пьесаларды ойнайды.

231. Дайындық сыныбының білім алушылардың келесі қасиеттері тәрбиеленеді:

- 1) музыкалық сабақтарға қызығушылық;
- 2) музыканы әсерленушілікпен қабылдау;
- 3) ұқыптылық, шыдамдылық.

232. Даярлық сыныбының білім алушыларында келесілер дамиды:

- 1) оқуға уәждеме;
- 2) ладтық сезім (ладтық бояуды, музыкалық құрылымның аяқталғандығы немесе аяқталмағандығын естіп анықтау);
- 3) ырғақты қарапайым түрде сезу.

233. 1-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

Оқу жылы ағымында білім алушылар 15-25 түрлі нысандағы музыкалық шығармаларды (жеке музыкалық негіз және қабілеттерін есепке ала отырып) оқып-үйренеді: халық әндері, әндік және би сипатындағы пьесалар,

полифония элементіндегі пьесалар, этюдтер мен ансамбльдер, сонымен қатар ірі нысандағы қиын емес шығармалар.

234. 1-сыныптың білім алушылары біледі:

1) музыкалық сауаттың негіздерін: регистрлерді, октавалардың атауларын; скрипка және бас кілттерді; кіші, үлкен, бірінші, екінші октава ноталарының жазбасын; ұзақтық пен үзілістердің бөлінуін; тактты, қарапайым өлшемдерді; қағыстарды; ладты;

2) музыкалық мәнерліліктің негізгі құралдарын: жылдам, бірқалыпты, баяу қарқыны; серпінді реңктер; лад;

3) оқытылған жанрлардың атауын (күй, ән, би, марш);

4) музыкалық аспаптардың атауларын (фортепиано, домбыра, қобыз, сыбызғы, жетіген, дауылпаз, балалайка, гусли, свирель және тағы басқа);

5) қол қою ережелерін, дыбыс шығару негіздерін.

235. 1-сыныптың білім алушылары істей алады:

1) музыканы зең қойып тыңдайды;

2) музыкалық шығармалардың көңілін және сипатын анықтайды;

3) екпіні бойынша таныс өлеңдер мен аспаптық пьесаларды анықтайды;

4) *non legato*, *legato*, *staccato* дыбыс шығару амалдарына үйренген кезде пианистикалық аппарат координациясы дағдыларын игерген;

5) қолдардың әртүрлі дыбыстардан және октавалар бойынша орын ауыстыру шегінде саусақтардың түрлі ілесуі (*non legato*, *legato*) түріндегі, *legato* орындауды жетілдіруге, саусақтар ұштарын «түзетуге», бірінші саусақты салып қоюға, гаммаларға дайындық жаттығуларды орындай алады;

б) симметриялық аппликатура кезіндегі бір дыбыстан тура қозғалыста және кері қозғалыста екі октава диапазонында мажорлы гаммаларды ойнау (таңдау бойынша 1-2); осы үндестілікте әр қолдың бөлек қатысуынсыз үш дыбыстан аккордтармен тоникалық үшдыбысты ойнай алады.

236. 1-сыныптың білім алушыларының бойында келесі қасиеттер тәрбиеленеді:

1) музыкалық сабақтарға қызығушылық;

2) музыканы қатты әсерленушілікпен қабылдау;

3) дыбысталу сапасын өз бетімен бақылау.

237. 1-сыныптың білім алушыларында келесілер дамиды:

1) музыканы қабылдаушылық, зейін;

2) естіп бақылау дағдылары;

3) ноталарды парақтан оқу дағдылары;

4) аппликатуралық тәртіп.

238. 2-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар. Білім алушылар 2-сыныпта түрлі нысандағы 15-20 музыкалық шығармаларды: 2-3 полифониялық шығармаларды, 2 ірі нысандағы шығарманы; 4-5 пьесаны; 2-3 ансамбльді; 5-7 этюдті оқып-үйренеді.

239. 2-сынып білім алушылары біледі:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын;

- 2) халық әндері мен күйлерін;
- 3) нысан бойынша қарапайым түсініктерін;
- 4) театрда, концертте әдеп ережелерін.

240. 2-сынып білім алушылары келесілерді істей алады:

- 1) музыкалық аспаптарды тыңдау және анықтай біледі;
- 2) ноталық мәтінді талдай алады;
- 3) қағаз бетінен қарапайым ноталық үлгілерді оқи алады;
- 4) ән әуендерін естіп таңдап сала алады;
- 5) жаттығулардың әртүрлі түрлерінде саусақтардың техникасымен, интервалдарды ойнау жолымен білезіктің бос қимылдау дағдыларын дамытуға жұмыс жасай алады;

б) мажорлы гаммаларды орындай алады: «До», «Соль», «Ре», «Ля», «Ми» екі қолмен екі октавада тура және кері қозғалыста; «Фа мажор» - екі қолмен тура қозғалыспен;

7) минорлы гаммалар: «ля», «ми», «ре» (табиғи, үйлесімді және әуендік түрде) екі октавада әр қолмен бөлек;

8) тоникалық үшдыбыстықтар аккордтармен айналыстар үш дыбыстан өткен үндестіліктерде әр қолмен бөлек.

241. 2-сынып білім алушыларындакелесі қасиеттер тәрбиеленеді:

- 1) музыкалық сабақтарға тұрақты қызығушылық;
- 2) музыканы әсерлік-бейнелік түрде қабылдау;
- 3) өз орындауындағы шығарманың сипатын жеткізуге ұмтылыс;
- 4) адамгершілік нормалар мен тәртіп ережелерін меңгеру.

242. 2-сынып білім алушыларында келесілер дамиды:

1) музыкалық-шығармашылық қабілеттер (есту, зейін, ойлау, көрнекі-бейнелі есте сақтау);

2) оқудың бастапқы сатысында игерілген техникалық дағдылар, қол қимыл-қозғалыстарының координациясы;

3) оқуға ерікті бағыттылық;

4) жалпы іскерліктер (музыкалық аспаппен сабақ режимі).

243. 3-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.3-сыныптың білім алушылары 15-20 әртүрлі музыкалық шығарманы, оның ішінде танысуға бірнеше шығарманы; 2-3 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 5-7 пьесаны; 5-6 этюдті; 2-3 ансамбльді оқып-үйренеді.

244. 3-сыныптың білім алушыларыбіледі:

- 1) халық және кәсіби музыкасының жанрлық түрлерін;
- 2) қазақ күйшілерінің және қазақстандық сазгерлерінің аттарын;
- 3) оқытылатын шығармалардың атауларын және олардың авторларын.

245. 3-сыныптың білім алушылары істей алады:

- 1) туған өлкенің музыкалық дәстүрлері туралы әңгімелей алады;
- 2) тыңдалған шығармалардың жанры мен сипатын анықтай алады;
- 3) музыкалық мәнерліліктің құралдарын сезінеді;
- 4) баста үндестіктің тірек дыбыстары түріндегі күрделі емес

сүйемелдеумен әндік сипаттағы әуендерді парақ бетінен оқиды;

5) әртүрлі позициялық пішіндер, қысқа ән құбылған дыбыстар және басқа мелізмдер, үзілістермен (интервал) дайындықтар (октава арқылы орын ауыстыру немесе секвенциялық) түрінде жаттығуларды ойнау;

б) мажорлы гаммаларды ойнайды: «До», «Соль», «Ре», «Ля», «Ми», «Фа», «Си-бемоль» тура қозғалыста; кері қозғалыста – симметриялық аппликатурасы бар гаммалар; минорлы гаммалар (табиғи, үйлесімді және әуендік): «ля», «ми», «ре», «соль» - тура қозғалыста екі қолмен екі октавада; хроматикалық гаммалар әр қолмен барлық пернелерден бөлек; тоникалық үшдыбыстықтар аккордтармен айналыстар үш дыбыстан өткен үндестіліктерде екі қолмен; қысқа арпеджио төрт дыбыстан әр қолмен бөлек.

246. 3-сыныптың білім алушыларының бойындакелесі қасиеттертәрбиеленеді:

1) эмоциялық эмпатия;

2) өз орындауындағы шығарманың сипатын беруге ұмтылу;

3) шыдамдылық, еңбекқорлық, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылу.

3-сыныптың білім алушыларында дамиды:

1) музыканы әсершіл-бейнелі түрде қабылдау;

2) мәнер (лад), өлең өлшемі (метр), ырғақ (ритм), қарқынды (темп) сезу;

3) парақтан ноталарды оқу және басқа үндестіліктерге транспонирлеу, әйгілі әндер мен билерді есту арқылы таңдау дағдылары;

4) шығармашылық бастамалар дамиды.

247. 4-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар. 4-сыныптың білім алушысы 14-20 әртүрлі музыкалық шығарманы, соның ішінде танысуға бірнеше шығарманы; 1-2 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 5-7 пьесаны; 2-3 ансамбльді; 4-5 этюдті оқып-үйренеді.

248. 4-сыныптың білім алушылары біледі:

1) орындалатын музыкалық шығарманың музыкалық бейнесін, стилін, нысанын мәнерлі түрде жеткізу ұғымдарын;

2) музыкалық терминологияны;

3) оқытылатын шығармалар авторларының шығармашылығын.

249. 4-сыныптың білім алушылары істей алады:

1) шығармаларды орындау кезінде естіп бақылауды жүргізеді;

2) музыкалық әдебиеттің әртүрлі жанрлардағы біртіндеп күрделене түсетін шығармаларды оқиды (қиындығы білім алушы оқитын деңгейден шамамен екі сыныпқа төмен);

3) опералық, симфониялық және балет музыкасынан жеңіл ыңғайланған үзінділерді ойнайды;

4) үйлесімдік және фактуралық безендірілуі бар таныс шығармаларды естіп таңдау; ән әуендерін тасымалдайды (транспонирование);

5) октаваларға біртіндеп өтуі бар жаттығулардың материалында білезік техникасын дамыту мақсатында саусақ жүрдектігін дамытумен жұмыс жасайды;

б) қоса алғанда 4-таңбаға дейінгі мажорлы гаммаларды тура қозғалыста төрт октавада (симметриялық аппликатурасы бар гаммаларды - кері қозғалыста) ойнау; минорлы гаммалар (табиғи, үйлесімді және әуендік): «ля», «ми», «си», «ре», «соль», «до», «фа» - екі қолмен тура қозғалыста төрт октавада; хроматикалық гаммалар екі қолмен 2-3 пернеден тура қозғалыста; тоникалық үшдыбыстықтар аккордтармен бірге үш немесе төрт дыбыстан (қолдың өлшеміне байланысты) осы үндестіліктерде; қысқа арпеджио екі қолмен; ұзын арпеджио әр қолмен бөлек қимылдамай ақ пернелерден үш-төрт гаммаларда.

250. 4-сынып білім алушыларында келесі қасиеттер тәрбиеленеді:

- 1) танып білуге ұмтылу;
- 2) жігерлілік;
- 3) жауапкершілік, борыштылық сезімі.

251. 4-сыныптың білім алушыларында дамиды:

- 1) жалпы біліктер (сабақ режимі, оқу әдебиетімен жұмыс);
- 2) қолдың ұсақ моторикасы;
- 3) зейін, ес, қиял;
- 4) Қазақстан және әлем халықтарының мұрасына танымдық қызығушылық.

252. 5-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар. 5-сыныптың білім алушысы 14-18 әртүрлі музыкалық шығарманы, соның ішінде танысу үшін бірнеше шығарманы; 2-3 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 5-6 пьесаны (соның ішінде 1 ансамбльді); 5-6 этюдті; 1 сүйемелдеуді оқып-үйренеді.

253. 5-сыныптың білім алушылары біледі:

- 1) шығарманың жанрын, нысанын;
- 2) ірі музыкалық нысанның құрылымын (күрделі үшжиілікті нысан, сюита, соната, симфония);
- 3) оқытылатын шығармалардың ладтық, әуендік, үйлесімдік, ырғақтық, шапшаңдық ерекшеліктерін, аппликатуралық қағидаларын;
- 4) музыкалық терминологияны;
- 5) оқытылатын шығармалар авторларының шығармашылығын.

254. 5-сынып білім алушылары істей алады:

- 1) музыкалық бейнелерді сипаттайды (басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ассоциациялар);
- 2) орындалатын шығармалардың орындаушылық жоспарын ұсынады: динамикалық жоспар, әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка), агогика, артикуляция, педализация және тағы басқа;
- 3) парақ бетінен оқиды;

4) шығармалармен өз бетінше жұмыс дағдыларын жинақтайды: 1-2 пьеса дайындайды (қиындығы бойынша екі сыныпқа төмен);

5) күрделі емес сүйемелдеу (аккомпанемент) ойнайды, әріптік белгілеуі бар сүйемелдеу әуендер; әуендерді тасымалдау (транспонирлеу);

6) танымалы музыканы ойнайды (ыңғайланған түрдегі);

7) музыкалық тәрбие көрсету, музыка туралы сөйлесулерде қарапайым түсініктер мен музыкалық терминдерді қолданады;

8) барлық мажорлы гаммаларды тура және кері қозғалыста төрт октавада ойнайды;

9) 2-3 мажорлы гамманы терцияға және децимаға тура қозғалыста;

10) минорлы гаммалар қоса алғанда 4 таңбаға дейін (табиғи, үйлесімді және әуендік): тура қозғалыста екі қолмен төрт октавада;

11) хроматикалық гаммалар екі қолмен барлық пернеден тура қозғалыста;

12) тоникалық үшдыбыстықтар үш немесе төрт дыбыспен айналыстармен (қолдың өлшеміне байланысты);

13) қысқа арпеджио екі қолмен; ұзын арпеджио - ақ пернелерден әр қолмен бөлек;

14) доминантсептаккорд – құрастыру және шешу, қысқа арпеджио әр қолмен бөлек;

15) кішірейтілген септаккорд – құрастыру және шешу, қысқа арпеджио әр қолмен бөлек.

255. 5-сыныптың білім алушыларының бойында келесі қасиеттер тәрбиеленеді:

1) кедергілер мен қиындықтарды жеңу іскерлігі;

2) жүйелі түрде жұмыс жасай алу іскерлігі;

3) басқалардың пікірімен есептесе алу іскерлігі;

4) мақсатқа жетуге ұмтылғандағы ерік, табандылық, қайсарлық.

256. 5-сынып білім алушыларында:

1) өз шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ұмтылыс;

2) қиял және фантазия, бейнелі және абстрактылы ой;

3) сахналық мәдениет дағдылары дамиды.

257. 6-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар. 6-сыныпта білім алушы 11-17 әртүрлі музыкалық шығарманы, соның ішінде танысу тәртібімен бірнеше шығарманы; 1-2 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 3-5 этюдті; 4-5 пьесаны (соның ішінде 1 ансамбльді); 1-2 сүйемелдеуді оқып біледі.

258. 6-сыныптың білім алушылары біледі:

1) орындалатын шығармалардың жанрлық, нақыштық ерекшеліктерін;

2) оқытылатын репертуармен жұмыс жасау әдістерін;

3) оқытылатын шығармалардың әйгілі орындаушылар жасаған интерпретацияларды;

4) оқытылатын шығармалардың, ірі нысанды шығармалардың, пьесалардың нұсқаларын;

5) ұлттық және әлемдік мәдениеттің алдыңғы қатарлы өкілдерін.

259. 6-сыныптың білім алушылары істей алады:

1) серпін, әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка), артикуляция, агогика, педализация және тағы басқа мәнмәтінінде шығарманың орындаушылық жоспарын анықтайды;

2) басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ұқсастықтар (аналогия) және ассоциациялар келтіреді;

3) күрделі емес сүйемелдеу (аккомпанемент) ойнайды;

4) барлық мажорлы және минорлы гаммаларды; мажорлы - тура және кері қозғалыста төрт октавада; бірнеше терцияға және децимаға ойнайды;

5) минорлы гаммалар (табиғи, үйлесімді және әуендік) тура қозғалыста төрт октавада;

6) хроматикалық гаммалар барлық дыбыстардан тура және кері қозғалыста;

7) тоникалық үш дыбыстықтар аккордтармен айналыстар үш немесе төрт дыбыстан;

8) қысқа, ұзын арпеджио екі қолмен, сынық арпеджио әр қолмен бөлек; доминантсепт аккордтың дыбыстары бойынша арпеджио ұзын әр қолмен бөлек, екі қолмен 2-3 үндестіліктерде;

9) доминантсептаккорд – құрастыру және шешу, ұзын арпеджио ақ пернелерден әр қолмен бөлек;

10) кішірейтілген септаккорд – құрастыру және шешу, кішірейтілген септаккордтың дыбыстары бойынша қысқа арпеджио әр қолмен бөлек барлық өткен үндестіктерде.

260. 6-сынып білім алушыларының бойында:

1) оқу-пәндік құзыреттерді жүйелеуге ұмтылу;

2) сахналық жинақылық, әртістік;

3) өзара жәрдем, бірге мазасыздану сияқты қасиеттер тәрбиеленеді.

261. 6-сынып білім алушылары:

1) белсенді, өзіндік, шығармашылық ойлау қабілеті;

2) әсерленушілік өрістің тұрақтылығы;

3) эстетикалық сезімдер, музыкалық, көркемдік талғам сияқты қабілеттері дамиды.

262. 7-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.7-сыныпта білім алушы 10-15 шығарманы, соның ішінде бірнешесітанысу үшін; 1-2 полифониялық шығарманы; 1-2 ірі нысанды шығарманы; 4-5 пьесаны (соның ішінде бір ансамбльді); 3-5 этюдті; 1 сүйемелдеуді оқып-үйренеді.

263. 7-сыныптыңбілім алушыларыбіледі:

1) классикалық, қазақ музыканы және Қазақстан сазгерлерінің шығармаларын, музыкалық әдебиет курсының бағдарламасы бойынша қазіргі заман музыкасын;

2) дәуірлерді, бағыттарды және музыкалық нақыштарды;

3) орындалатын шығармалардың нақыштық ерекшеліктерін;

- 4) оқытылатын репертуармен жұмыс жасау әдістерін;
- 5) оқытылатын шығармалар авторларының шығармашылығын.

264. 7-сынып білім алушыларыістей алады:

- 1) аспапта музыкалық шығармаларды ойнағанда алған теориялық білімдерін пайдаланады;
- 2) дәуірлерге, бағыттарға және музыкалық нақыштарға сипаттама береді;
- 3) музыкалық-эстетикалық және рухани-адамгершілік санаттарын сәйкестендіреді;
- 4) музыкалық-қоғамдық өмірдің құбылыстарына бағалау пікірлерін білдіреді;
- 5) әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка); серпін, агогика, артикуляция, педализация және тағы басқамәнмәтінде оқытылатын шығармалардың орындаушылық жоспарын анықтайды;
- 6) көпшілік алдында музыкалық-шығармашылық орындаулардың тәжірибесі бар;
- 7) барлық мажорлы гаммаларды тура және кері қозғалыста төрт октавада ойнау; бірнеше гамманы терцияға және децимаға, секстаға орындайды;
- 8) минорлы гаммалар (табиғи, үйлесімді және әуендік) тура қозғалыста төрт октавада; 1-2 гамманы (үйлесімді және әуендік) симметриялық аппликатурасымен кері қозғалыста;
- 9) хроматикалық гаммалар барлық пернеден тура және кері қозғалыста;
- 10) тоникалық үшдыбыстықтар төрт дыбыспен айналыстармен; қысқа, ұзын, сынық арпеджио екі қолмен барлық үндестіліктерде;
- 11) доминантсептаккорд – қысқа және ұзын арпеджиомен ақ пернелерден екі қолмен;
- 12) кішірейтілген септаккорд – ұзын арпеджиомен ақ пернелерден екі қолмен;
- 13) ұзын арпеджио «до», «фа», «соль» пернелерінен.

265. 7-сыныптыңбілім алушыларындакелесі қасиеттер тәрбиеленеді:

- 1) музыкалық-көркемдік қызметте музыка ойнауға және өзін-өзі танытуға тұрақты қызығушылық;
- 2) тұлғаның эмоциялық-қажеттілік өріс;
- 3) алған білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды бүкіл өмір бойы пайдалануға ұмтылады.

266. 7-сынып білім алушыларында:

- 1) жұмыстағы дербестік және өзін-өзі бақылау;
- 2) ақыл-парасат (сараптау, салыстыру, жалпылау, сыныптау, алған білімдерін жаңа жағдытқа көшіре алу);
- 3) оқытылатын музыкалық шығармалар мазмұнының әсемдігі мен байлығын сезіну қабілеті;
- 4) естіп ойнауда, ансамбльде ойнауда, суырып салуда және қарапайым шығармада шығармашылық ойын білдіруге бейімділік;

5) ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық азаматтық құзыреттер;

б) даралық, ерік, мінездің жағымды қасиеттері дамиды.

267. 8-9–сыныптарға арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

8-9-сыныпта білім алушылар әртүрлі нысандағы 10-нан кем емес музыкалық шығармалар, танысу үшін бірнеше пьесаларды оқып-үйренеді.

Білім алушылар 8 және 9-сыныптарда техникалық дайындықтарын жетілдіру, оқу-педагогикалық репертуарды саналы және дәлелді түрде талдау, парақтан оқу, шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстарын жалғастырады.

268. 8 және 9-сынып білім алушылары біледі:

1) негізгі фортепиано репертуарын;

2) дәуірлерді, бағыттарды және музыкалық нақыштарды;

3) орындалатын шығармалардың нақыштық ерекшеліктерін;

4) оқытылатын шығармаларға танымалы орындаушылар берген талдауларын;

5) оқытылатын полифониялық шығармалардың, ірі нысанды шығармалардың, пьесалардың нұсқаларын;

б) орындау техникасымен және оқытылатын репертуармен жұмыс жасау тәсілдерін;

7) музыкалық бейнені жасауда музыкалық мәнерлілік құралдарының маңызын.

269. 8 және 9-сынып білім алушылары істей алады:

1) музыкалық-қоғамдық өмірдің құбылыстарына бағалау пікірлерін білдіреді, өзінше ойлау ұмтылысын анықтау, пайымдаулардың тәуелсіздігі;

2) әуеннің сөзін сөйлеу (интонирование) және оны баса айту (фразировка); шығарманың серпін жоспары, агогика, артикуляция, педализация және тағы басқа мәнмәтінде оқытылатын шығармалардың орындаушылық жоспарын анықтайды;

3) басқа музыкалық шығармалармен және өнер түрлерімен ұқсастықтар (аналогия) және ассоциациялар келтіреді;

4) сахналық тәртіп дағдыларын меңгереді;

5) барлық мажорлы және минорлы гаммаларды ойнайды; тура және кері қозғалыста төрт октавада; терцияға және децимаға, секстада ойнай алады;

б) хроматикалық гаммаларды барлық дыбыстардан тура және кері қозғалыста; терцияға және децимаға, секстаға ойнай алады;

7) мажорлы және минорлы үшдыбыстықтарды айналыстармен бірге (қысқа, ұзын, сынық арпеджио) ойнайды;

8) доминантсептаккордтарды (қысқа және сынық арпеджио) ойнайды;

9) айналыстармен бірге доминантсептаккордтарды (ұзын арпеджио) ойнай алады;

10) кішірейтілген септаккордтарды (қысқа және сынық арпеджио) ойнай алады;

11) айналыстармен бірге кішірейтілген септаккордтарды (ұзын арпеджио) ойнай алады;

12) бір дыбыстан 11 арпеджио түрлерін ойнай алады;

13) қос терциямен мажорлы, минорлы (үйлесімділік және әуендік), хроматикалық гаммаларды ойнай алады.

270. 8 және 9-сынып білім алушыларындакелесі қасиеттер тәрбиеленеді:

1) музыкалық-көркемдік қызметте музыка ойнауға және өзін-өзі танытуға тұрақты қызығушылық;

2) музыкалық шығармаларды орындау үрдісінде естіп бақылайды;

3) тұлғаның эмоциялық-қажеттілік өрісі;

4) алған білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды бүкіл өмір бойы пайдалануға ұмтылады;

5) өнерде және өмірдегі рухани-адамгершілік өлшемдер (отаншылдық, интернационализм, ізгілік).

271. 8 және 9-сынып білім алушыларында:

1) музыкалық қабылдау, қиял, ойлау; әуендік, ладтық-үйлесімдік, үндемдік (тембрлік) есту қабілеті; музыкалық ес;

2) өз орындаушылық стилін білдіруге талпыныс;

3) шығармашылық бастама;

4) естіп ойнауда, ансамбльде ойнауда, суырып салуда және қарапайым шығармада шығармашылық ойын білдіруге бейімділік;

5) еңбекке, кәсіптік бағдарға талпыныс;

6) дүниетанымның, адамгершілік сенімнің және мұраттың қалыптасуына ұмтылыс дамиды.

272. Үлгерімді бақылаудың негізгі түрлері: үлгерімді ағымдық бақылау, аралық бақылау, қорытынды аттестация.

Білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және білім алушыларды аралық аттестаттауды жүргізудің нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады («Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 28-бабы 7-тарау).

273. Ағымдық бақылау сабақ аясында үнемі, тұрақты жүргізіліп отырады. Үлгерімді ағымдық бақылау құралы ретінде ауызша сұрау, тестілеу, коллоквиумдар, бақылау сабақтары, шығармашылық тәжірибелер, академиялық концерттер, тыңдаулар, техникалық сынақтар, байқаулар қолданылуы мүмкін.

274. Білім алушының даму жолдары сабақтарды өткізу барысында анықталады, сондықтан білім алушыға қойылатын педагогикалық талаптар сараланған (дифференцирленген) болады. Білім алушының өзіндік сабақтарын белсендендіру мақсатында жұмыстың келесі нысандары пайдаланылады:

1) өз орындауына талдау жасау (білім алушы өз ойын бағалап, жіберген қателерін белгілейді);

2) шығармалармен жұмысқа қатысты педагогтың жеке, сондай-ақ жалпы сипаттағы ұсыныстарын білім алушының күнделікке енгізу;

3) үй жұмыстарын дайындау туралы ауызша есеп (білім алушы қандай мәселеде қиындық туғанын, қиындықтарды қалай жеңгені және тағы басқа әңгімелеу).

275. Білім алушылардың үлгерімі есепке алынып отырады. Білім алушының орындаушылық жетістіктері кештерде, концерттерде, ауыстыру сынақтарында және емтихандарда, байқауларда, фестивальдарда, тыңдауларда есепке алынады.

Барлық білім алушылардың сахнаға жылына үш рет шығуы міндетті: алғашқы жартыжылдықта, екінші жартыжылдықтың басында және ортасында және ауыстыру сынағында немесе емтиханда. Білім алушы ағымдағы жыл ішінде әртүрлі жанрдағы және нысандағы шығармаларды ойнайды (3-сыныптан бастап – ірі нысан, полифония, пьеса, этюд).

Әрбір сахнаға шығудың бағдарламасын нақты регламентпен шектелмейді.

276. Аралық аттестаттау бақылау сабақтары, сынақтар және емтихандар түрінде өткізіледі. Бақылау сабақтары, сынақтар және емтихандар техникалық сынақтар, академиялық концерттер, концерттік бағдарламаларды орындау, байқаулар, жазбаша жұмыстар және ауызша сауалдар түрінде өткізілуі мүмкін.

Аралық аттестаттаудың қорытындылары бойынша білім алушыларға мектепті бітіру туралы куәлікке енгізілетін баға қойылады.

277. Аралық аттестаттаудың мазмұны, оны өткізу шарттары, аралық аттестаттауды және білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды бағалаудың өлшемдерін мектептің өзі әзірленеді және Педагогикалық кеңеспен бекітіледі.

278. Қорытынды аттестаттау: 1) мамандық; 2) сольфеджио оқу пәндері бойынша бітіру емтихандары өткізіледі:

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың мазмұнына қойылатын талаптар және қорытынды аттестаттауды бағалаудың өлшемдерін мектеп өзі анықтайды.

Бітіру емтиханының қорытындысы бойынша 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлық емес) бағалары қойылады. Бітіру емтихандары уақыт аралығындағы үш күнтізбелік күннен кем болмайды.

279. Қорытынды аттестаттаудан дәлелді себептермен өтпей қалған білім алушылар (сырқаттануына немесе басқа да төтенше оқиға, жағдайға байланысты) қорытынды аттестаттауды дәлелденген себептері болуын растайтын құжаттың берілген күнінен төрт айдан кешіктірмей өту мүмкіндігі беріледі.

280. Қорытынды аттестаттау бағаларының өлшемдері (концерттік бағдарламаны орындау).

«5» бағасы («өте жақсы»): музыкалық шығарма мазмұнының бейнелік-мәнерлілік түсіндірмесі; нысан сезімін иланымды түрде ұғу; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; ырғақтық пульсацияның айқындығы;

динамикалық көптүрлілік; өз орындауын естіп бақылау; орындау техникасын еркін меңгеру; әртістік және ойнауға берілгендік.

«4» бағасы («жақсы»): шығарманың нысанын, музыкалық тілді, музыкалық мәнерліліктің құралдарын сауатты түсіну; ноталық мәтінді орындаудың тұрақтылығы; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; динамикалық көптүрлілік; жеткіліксіз түрде естіп бақылау; сахнада психологиялық жағынан өзін-өзі ұстаудың тұрақсыздығы.

«3» бағасы («қанағаттанарлық»): авторлық ноталық мәтінді музыканы бейнелік пайымдаусыз үстіртін оқу; өз орындауын нашар естіп бақылау; шапшаңдық-ырғақтық жинақы еместік; дыбысталудың динамикалық біртектілігі және бірсарындылығы; сахнада тұрақсыз психологиялық жай-күй.

«2» бағасы («қанағаттанарлық емес»): ноталық мәтінді ойнаудағы қателіктер; метрлік-ырғақтық тұрақсыздық; естіп бақылаудың жоқтығы; дыбыс шығару және дыбыс танудың төменгі сапасы; мәнерлілік түсіндірменің жоқтығы; орындау кезіндегі жиі тоқтаулар.

281. Музыкаға оқыту және тәрбиелеу үдерісінде түйінді және оқу-танымдық (пәндік) құзыреттерінің қалыптасқан өлшемдерін анықтауды болжайды.

282. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің жоғарғы деңгейі мыналармен сипатталады:

1) музыка туралы жүйелі білімдерді жинақтауда анық көрінетін қызығушылық; шеберлікпен шығармашылық ойлау; музыка туралы көзқарастардың және пікірлердің кендігі мен тереңдігі;

2) музыканы және оған әсершіл көзқарасты айқын түрде қажетсіну; дүниені ерекше сезіну; ашық көрінетін эмпатия;

3) музыка құралдары арқылы дүниені тану мақсатына жетуде анық байқалатын қажырлылық, өзіндік рефлексияға ерік таныту; рухани дамуда ерікті табандылық;

4) біртұтас дүниетаным; мінез-құлық және өмір салтында көрінетін оң рухани-адамгершілік сенімдер; «парасаттыны, ізгіні, мәңгіні» жеткізуге ұмтылыс.

283. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің жеткілікті деңгейі мыналарды көздейді:

1) музыкаға тұрақты қызығушылық; когнитивті аясының дамуы; көзқарастар мен пікірлерді дәлелдей алу;

2) айқын көрінетін музыканы қажетсіну; белсенді әсершіл қабылдау; ашық көрінетін эмпатияға бейімділік;

3) тұлғаның білім, іскерлік, дағдыларын, эстетикалық эмоциялардың спектрін кеңейтуге және тереңдетуде анық байқалатын талпынысы; өзіндік талдау жасауға ұмтылыс; рухани дамудағы табандылық;

4) дамыған музыкалық-көркемдік ой-өріс; «музыканың білімді насихаттаушысы» болуға ұмтылыс; музыкалық-эстетикалық және әдептік ұстанымдардағы сенімділік.

284. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің орташа деңгейі:

1) музыкаға жағдаятты қызығушылық, музыкалық-эстетикалық және әдептік көзқарастардың, пікірлердің тұрақсыз бағдарланушылығымен белгілі бір білімдердің бар болуы;

2) музыканы қажетсінудің жағдаятты көрінулері және әсершіл қабылдаудың тұрақсыздығы; эмоциялардың нашар дамығандығы; эмпатиялық жағдаяттың көріністері;

3) музыкалық қызметте білім, дағды, біліктің эстетикалық эмоцияларды жинақтауға жағдаятты ұмтылыс; өзіндік талдамға ерікті араласуының жеткіліксіздігі; рухани дамудағы енжарлық;

4) музыкалық қызметте білім, дағды, біліктердің аз қоры; музыкалық талғамдардың, бағалаудың тұрақсыздығы; рухани-адамгершілік сенімдердің және тұлға ұстанымының тұрлаусыздығынан көрінеді.

285. Білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің төмен деңгейі оның барлық құрамдас бөліктерінің түрлі дамуымен ерекшеленеді:

1) оқуға және білімдерді жинақтауға қызығушылықтың жоқтығы; когнитивті аяның - қабылдаудың, зейіннің, қиялдың, естің, ойлаудың жетілмегендігі; музыка туралы көзқарастар мен пікірлердің тұрлаусыздығы;

2) музыканы қажетсінудің жоқтығы және оны қабылдаудағы әрекетсіздік; эмоциялық дүниенің жұтаңдығы; эмоциялық «саңыраулық»;

3) музыканы тануға жігерліліктің болмауы; өзіндік рефлексияға еріктің болмауы; рухани дамудағы байыпсыздық және әрекетсіздік;

4) музыкалық қызметте жүйелі білім, дағды, біліктердің жоқтығы; баға берудің екі бір-біріне қарама-қайшы кереғарлық: «ұнайды – ұнамайды»; рухани-адамгершілік сенімдердің жоқтығы.

286. Оқыту және тәрбиелеу жүйесін жүзеге асырудың педагогикалық нәтижесі білім алушылардың музыка туралы, өмір туралы білімдерінің, көзқарастарының және пікірлерінің жүйелілігін, кеңдігі мен тереңдігін; музыканың, өмірдің эмоциялық бірге әсерленушілік– эмпатиясын рухани қажетсінуді; ерік, мінездің қалыптасу, музыкалық-эстетикалық талғамдарды және адамгершілік сенімдерді; рухани-адамгершіліктік жүріс-тұрыс және өмір салтын анықтайды.

287. Осылайша, білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерінің арасындағы байланыс тек қана «жүз пайыздық хрестоматиялық жылтырақ» деп аталатын білім алушылардың білім, дағды, біліктерін ғана көрінбейтін, сондай-ақ, рухани тұғырдағы өмірді сергек құлақпен тыңдай алу, дүниенің, музыканың, шығармашылықтың әсемділігіне қайран қалу; эмоциялық дүниенің, көзқарастардың, пікірлердің дамығандығы, бағалар мен сенімдер дәлелділігі, өмірде «парасаттыны, ізгіні, мәңгіні» таратуға ұмтылу және сол арқылы әрдайым рухани емес қоршаған дүниенің шындықтарына ықпал жасау музыкалық оқыту және тәрбиедегі күтілетін нәтижеболады.

9-параграф. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Скрипка» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

288. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Скрипка» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, оқытудан күтілетін нәтижелерді анықтайды.

289. Бағдарламаның мақсаты: белсенді азаматтық көзқарасы бар, жоғары адамгершілік және басшылық қасиеттері бар, жоғары рухани мәдениет дәрежесі бар тұлғаны қалыптастыру, скрипканы сауатты меңгеру арқылы өзін өзі шығармашылықты анықтайтын бала тұлғасын дамыту.

290. Жалпы білімділік міндеттері:

1) скрипкада музыкалық орындаушылыққа қажетті құрал ретінде музыкалық-теориялық пәндер топтамасын меңгеру;

2) музыкалық қабілеттерін дамыту: есту, есте сақтау, ырғақ, эмоциялық орта, саздылық және әртістілік;

3) скрипкада ойнау дағдыларын қалыптастыру және орындаушылық сапасын дамыту;

4) жеке және ансамбльде музыкалық шығарманы сауатты орындауға мүмкіндік беретін негізгі дағдыларды меңгеру;

5) музыкалық-эстетикалық талғамды, көру қабілетін, кереметтерді есту және түсінуді қалыптастыру;

6) білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беру.

291. Тәрбиелік міндеттер:

1) музыка мәдениетіне араластыру;

2) музыка сабақтарына деген тұрақты қызығушылықтарын тәрбиелеу және музыкалық нақыштарды ажырата білу;

3) жақсы музыкалық талғамды тәрбиелеу;

4) аспаптық шығармашылыққа деген қызығушылықты оятуға итермелеу;

5) өз елінің патриотын, дәстүрлі және заманауи қазақ музыкасын таратушыны тәрбиелеу;

6) балалардың шығармашылық қызмет және көпшілік алдына шығу тәжірибесін алуы.

292. Дамытушылық міндеттер:

1) білім алушылардың музыкалық қабілеттерінің болашағын және дамуын анықтау;

2) білім алушылардың есту, орындаушылық және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту.

293. «Скрипка мамандығы» пәнінің базалық білім беру мазмұны білім алушылардың аспапта ойнау арқылы, парактан оқу арқылы, ансамбльде ойнау арқылы жекеленген музыкалық қабілеттерін анықтап, дамытуға бағытталған.

294. Балаларға скрипкада ойнауды оқыту мерзімі бірінші сыныпқа 7 жас пен 12 жас аралығында келген балалар үшін 5 жылдан 7 жыл аралығын құрайды. Бағдарлама мен оқыту мерзімі білім алушылардың жасына, жалпы дайындығына, физикалық және музыкалық қабілеттеріне байланысты таңдалынады.

295. Оқыту жеке, шағын топтық және топтық формада жүзеге асырылады. Даярлық сыныбындағы білім алушылардың сандық құрамы -8-10 адам.

Ұжымдық музыка ойнау пәні бойынша топтардың сандық құрамы: оркестрде және ұжымдық музыка ойнаудың басқа формаларында - 6 адам, ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық формаларында - 2 адамнан бастап 4 адамға дейін.

296. Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету. Білім беру үдерісінің тиімділігі оның мақсатының мазмұны мен тәрбиелеу міндеттеріне, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, педагог пен білім алушының кәсіби күзіретті педагогикалық өзара байланыстарына байланысты.

297. Музыка мектептерінінде музыкалық қабілеттері жақсы балалармен қатар, музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар оқиды. Сабақта педагог олармен жұмыс істегенде музыка ойнаудың түрлі нысандары мен шығармашылық дағдыларын дамытуға екіпін жасай отырып, дамытуға бағытталған оқыту әдістеріне сүйенеді. Репертуарды таңдау барысында жеке жоспардың түрлі нұсқада болуына жол беріледі: 1 және 2-сыныптардың талаптарының (оның ішінде гаммалардың да) деңгейлерін төмендету.

298. Даярлық, 1 және 2-сыныптарда сабақ өткізудің шағын топтық нысандары пайдаланылады: сабақ немесе оның бөлігі екі-үш білім алушымен қатар жүргізіледі. Жиналған уақыттың қоры нотаны парақтан оқып үйренуге, есту бойынша теру, тасымалау, ансамбль, жалпы музыкалық дүниетанымды кеңейтуге жұмсалады.

299. Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспарлар әзірленеді және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың соңында педагог алдында бекітілген тізімдердегі тапсырмалардың орындауы мен өзгерістерінің сапасын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, үлгерімі мен еңбекке қабілеттілігіне сипаттама береді.

300. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

301. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

Білім алушының жылдық оқу жоспарының негізгі құрамдас бөлігі: ірі нысандағы туындылар, полифония, пьесалар, этюдтер, гаммалар және музыкалық шеберліктерін дамытатын жаттығулар, ансамбльдер,

сүйемелдеулер, өзі оқып-үйренуі, қағаз бетінен оқуы және тасымалдауы, үйде музыкада ойнау үшін пьесалар.

302. Білім алушылардың жеке жоспарлары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 20-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтып көрсетіледі.

303. Жеке жоспарда білім алушының жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішілік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшаңдығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

б) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

304. Бірдей сыныпта бағдарламаны оқытудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілігінің деңгейі бойынша өзгеше болуы мүмкін.

305. Репертуармен жұмыс жасауда педагог шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтиханда) орындауға, ал қалған бөлігі – сынып жұмысына немесе танысуға арналатындығын ескереді. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу дәрежесін білім алушының жеке жоспарында оқу сатыларын белгілеу арқылы бекітеді.

306. Педагогәрбір білім алушының жеке ыңғайын ескере отырып, жаңа репертуар есебінен репертуарлық тізімдерді толықтырады, бағдарламаның көлемі мен күрделілігін түрлендіреді.

307. Аспапты сыныпта оқу және тәрбие беру жұмыстарының негізгі формасы – педагогтің білім алушымен өткіген жеке сабақтары табылады.

308. Бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер.

1) білім алушылардың музыка өнеріне деген, өзбетінше музыкалық орындаушылыққа деген қызығушылықтарының болуы;

2) авторлық мәтінді дәлелді түрде интерпретация жасау, өз бетінше түрлі заман, нақыш, бағыт, жанр мен формадағы музыкалық шығармалардың репертуарын толықтыру сияқты скрипканың түрлі мүмкіндіктерін пайдалануға болатын орындаушылық білім, білік пен дағдылардың қалыптасқан кешені;

3) бағдарлама талаптарына сәйкес түрлі нақышпен жанрдағы (полифониялық шығармалар, сонаталар, концерттер, пьесалар, этюдтер,

аспапаты миниатюралар) шығармалардан тұратын скрипкаға арналған репертуарларды білу;

4) скрипканың көркемдік-орындаушылық мүмкіндіктерін білу;

5) кәсіби терминологияны білу;

6) жеңіл музыкалық шығармаларды парақтан оқу;

7) есту қабілетін бақылауды тәрбиелеу бойынша дағдылардың болуы, музыкалық шығарманы орындау үрдісін басқара білу;

8) музыкалық-орындаушылықтағы мәнерлілік құралын пайдалану, орындалып отырған шығармаларды талдай білу, түрлі орындаушылық техника түрлерін игеру, нақтыланған көркемдік техникалық тәсілдерді пайдалану дағдылары;

9) шығармашылық ынтаның, музыкалық шығарманы жаттау әдістері туралы қалыптасқан көріністің және орындаушылық қиындықтармен жұмыс тәсілдерінің болуы;

10) музыкалық есте сақтау жадының, әуендік, ладоүндестіктік, тембрлік естудің болуы;

11) солист ретінде дайындықтық-концерттік жұмыс дағдыларының болуы.

309. Жас музыкантты тәрбиелеу барысында педагог оқытылып отырған музыкалық шығарманың көркемдік мәнінің техникалық тұрғыдан дұрыс ашылуына назар аудара отырып, техникалық және көркемдік дағдылардың біркелкі үйлесімді дамуына көңіл аударуы қажет.

Концерттерге бару, байқау, фестивальдерге қатысудан кейін оны талқылау білім алушының бойында аспаптық шығармашылыққа деген махаббатты тудырады, білім алушының музыкалық –эстетикалық талғамын қалыптастырады.

310. Білім алушының жеке жоспарын әзірлеуге қойылатын талаптар.

Оқыту үдерісінде педагог оқытылып отырған музыкалық шығарманың көркемдік мәнінің техникалық тұрғыдан дұрыс ашылуына назар аудара отырып, техникалық және көркемдік дағдылардың біркелкі үйлесімді дамуына көңіл аударуы қажет.

311. Педагог білім алушыларға авторлық мәтінді зеін қойып және нақты оқуға үйретеді, өзінің орындауын тыңдауға және оның сапасын арттыруды талап етуге оқытады.

312. Педагог білім алушының мәнерлеп орындауы, дыбысты сезе білу, тыңдай білу, интонация, ритм мен динамика барлық оқу жылдарында педагогтың назарында болады.

313. Табысты музыкалық –орындаушылықты дамыту үшін білім алушының бойында еркін және шынайы орындаушылық қабілетін (көркемдік-орындаушылық міндеттерге негізделген лайықты қозғалыстарды меңгеру) дамыту қажет.

314. Оқудың барлық жылдарында білім алушының музыкалық-техникалық жағынан дамуына байланысты жұмыстар жоспарлы және үздіксіз

жүргізіліп тұруы қажет. Техниканы дамыту сабақтары (саусақ жүгірістері, нақтылығы және тағы басқалары) гамма, арпеджиомен, этюд және жаттығулармен үнемі жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Оқу жылдарының барлық кезеңдерінде білім алушылардың осы музыкалық-техникалық дамытудың маңызды бөлімімен жоспарлы және жүйелі түрде жұмыс жүргізілуі қажет.

Білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес, педагог оларға нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын жүйелі түрде тексетіп отыруы қажет.

315. Білім алушының репертуарлары стилі, мазмұны, түрі, жанры жағынан әр түрлі болуы керек. Білім алушының репертуарын үнемі өзгертіп және ұлғайтып тұру қажет, оған жақсы пьесаларды, отандық және шетел композиторларының шығармаларымен толықтырылады.

316. Репертуар таңдау барысында педагог оқытудың бірізділігі мен бірыңғайлығына сүйенуі қажет

317. Әрбір жартыжылдықта педагог әр білім алушыға жеке жоспар жасайды, оны оқу бөлімі бекітеді. Жартыжылдықтың соңында педагог енгізілген өзгертулерді көрсетіп, жоспардың орындалғанын жазады, ал жыл соңында білім алушының музыкалық дамуына, үлгеріміне мінездеме береді.

318. Педагог бірінші оқу жылының аяғында бітіру бағдарламаларын ұсынып, олар бөлім кеңесінде бекітіледі.

319. Баланың дамуы оқыту барысында ғана көруге болатындықтан, білім алушыларға деген педагогикалық талаптар дифференциалды болуы керек. Жеке жоспарға білім алушылардың музыкалық мүмкіндіктеріне, жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

320. Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту үшін сыныпта түбегейлі оқытылатын шығармалармен қоса, жеке жоспарға таныстыру мақсатында әр түрлі мінездегі пьесалар енгізіледі, олардың түрлі аяқталған дәрежелеріне рұқсат беріледі.

321. Даярлық сыныбына арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Аспаппен, оны баптау ережелерімен танысу. Дене мен қолды дұрыс қою жұмыстары. Дыбыс шығару. Парақтан оқудың алғашқы дағдыларын меңгеру.

2) Орындаушылық аппаратты қою.

Скрипканың денесінің, аяғының, басының, саусақтарының, сонымен қатар ойын барысындағы аспаптың дұрыс тұру ережелерін оқу. Скрипка тарихы туралы, олардың бөлімдері туралы, олардың ойын барысындағы өзара байланысы туралы материалдармен және скрипка мен ысқышты баптау ережелері. Қарапайым орындаушылық дағдыларын меңгеру.

3) Техникалық дамуы.

ойнау қимылдарының мақсатқа сәйкестілігін ұйымдастыру дағдылары, аспапта ойнаудың алғашқы дағдылары, ашық ішектерде ойнау барысында ысқыштың даусын шығара білу дағдылары, аспапты сол қолмен ойнай білуін

ұйымдастыру, пиццикатоны қолдану арқылы дыбыс шығару, алғашқы дыбыс шығарудың, интонацияның, ритмнің сапасын бақылай білу дағдысы, музыканы ести, тыңдай білу дағдысы, ысқыштың алғашқы түрлерін қолдану, бір ішектен екіншісіне көшу, ысқыштың әр түрлі бөлшектеріндегі қимылдарды біртіндеп біріктіру.

4) Музыкалық-көркемдік міндеттері.

музыкалық образдық ойлай білу, музыкалық сөз тіркестері мен сөйлемдерді сезіну және жеткізе білу қабілеттерін дамыту және қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық сезімді дамыту, қарапайым ырғақтық топтар мен топтардың кезектілігін қабылдай және ойнай білу.

322. 1-сыныпқа арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Аспаппен, оны баптау ережелерімен танысу. Дене мен қолды дұрыс қою жұмыстары. Дыбыс шығару. Парақтан оқудың алғашқы дағдыларын меңгеру. Оқу жылының ішінде білім алушы 2-3 мажорлы (минорлы) гаммалар, арпеджио (тоналдық үшдыбыстық) бір немесе екі октавада, 4-5 этюд, 5-6 пьесаны, 2 ірі нысанды шығарманы үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Скрипкашының денесінің, аяғының, басының, саусақтарының, сонымен қатар ойын барысындағы аспаптың дұрыс тұру ережелерін оқу. Скрипка тарихы туралы, олардың бөлімдері туралы, олардың ойын барысындағы өзара байланысы туралы материалдармен және скрипка мен ысқышты баптау ережелері. Қарапайым орындаушылық дағдыларын меңгеру.

3) Техникалық дамуы Мейлінше жеңіл тональділікте бір октавада гаммалар мен үшдыбыстылықты орындай білу. Ойнау қимылдарының мақсатқа сәйкестілігін ұйымдастыру дағдылары, аспапта ойнаудың алғашқы дағдылары, ашық ішектерде ойнау барысында ысқыштың даусын шығара білу дағдылары, аспапты сол қолмен ойнай білуін ұйымдастыру, пиццикатоны қолдану арқылы дыбыс шығару, алғашқы дыбыс шығарудың, интонацияның, ритмнің сапасын бақылай білу дағдысы, музыканы ести, тыңдай білу дағдысы, бірінші позицияда орындау, орта ішектерді пайдалана отырып, жеңіл пьесалар мен халық әуендерін орындау, жеңіл штрих түрі «деташені» ысқыштың барлық бөлігін қолдану арқылы орындау, ысқышқа 4 нотаға дейінгі легато, ысқыштың алғашқы түрлерін қолдану, бір ішектен екіншісіне көшу, ысқыштың әр түрлі бөлшектеріндегі қимылдарды біртіндеп біріктіру.

Жеңіл штрихтарды білу, оның динамикалық және аппликатуралық мағынасын білу, скрипканың, ысқыштың бөлшектерінің атауын, скрипка құрылымын білу, парақтан оқи білу.

4) Музыкалық-көркемдік міндеттері. Музыкалық образдық ойлай білу, музыкалық сөз тіркестері мен сөйлемдерді сезіну және жеткізе білу қабілеттерін дамыту және қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық сезімді дамыту, қарапайым ырғақтық топтар мен топтардың кезектілігін қабылдай және ойнай білу. Алғашқы музыкалық есту дағдыларын, музыкалық – образдық ойлай білуі, мақсатқа сәйкес ойнау қимылдарын ұйымдастыру дағдысын игеру.

323. 2-сыныпқа арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Қойылым, дыбыс, екпін, ырғақпен жұмысты жалғастыру. Аспапты күйге келтірумен танысады. Музыкалық терминалогияны дамытады. Парақтан оқу мен өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларына ие болады. Оқу жылының ішінде білім алушы 2-3 мажорлы (минорлы) гаммалар, арпеджио (тоналдық үшдыбыстық) бір немесе екі октавада, 4-5 этюд, 5-6 пьесаны, 2 ірі нысанды шығарманы үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Орындаушылық аппаратты ұйымдастыру бойынша алғашқы дағдыларды меңгереді. Техникалық әдістер мен орындаушылық аппаратты бекітуді әрі қарай дамытады.

3) Техникалық дамуы. «Мартле» дыбыс шығару тәсілін, дыбысталу серпінділігі дағдыларын, бір уақытта екі ішекте ысқышты жүргізу дағдыларын, қарапайым флажолет түрлерін, қос ноталардың қарапайым түрлерін (негізінен ашық ішектерді пайдалану) орындау дағдыларын меңгереді. Мейлінше күрделі позицияларда (II, III) орындаудың алғашқы дағдыларын, екі октавалы мажорлық және минорлы гаммалар мен үшдыбыстылықты (арпеджио), аспапты күйге келтіру дағдыларын, нотаны парақтан оқудың алғашқы дағдыларын біледі. Штирхтарды (*detache*, *legato*) жеке және бірге (*legato* и *detache*) пайдалана отырып гаммалармен жұмыс істеу.

4) Музыкалық-көркемдік міндеттері. білім алушының музыкалық орындаушылыққа деген қызығушылық қарым-қатынасын тәрбиелеу. Ноталық мәтінді ғана емес, музыкалық шығарманың көңіл-күйін жеткізуге тырысу. Тақтағы күшті және әлсіз уақыттарды жеткізе білу, ойын үдерісінде талап етілетін дыбысталуды жатқа көрсету. Музыкалық есту дағдыларын, музыкалық – образдық ойлай білу дағдысын игеру.

324. 3-сыныпқа арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Орындаушылық техникасы элементтерімен, дыбысты жүргізу және оның сапасын жақсарту бойынша жұмыстарын дамыту. Орындаушылық техниканы кешенді дамыту. Парақтан оқу мен өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту. Оқу жылының ішінде білім алушы 4-5 (мажорлы, минорлы) гаммалар, 1, 2, 3 позицияда алмасып келетін арпеджио, әр түрлі техникадағы 5-6 этюд, әр түрлі техникадағы 5-6 пьеса, түрлі сипаттағы 2 ірі нысанды шығармаларды үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Орындаушылық аппаратты ұйымдастыру бойынша алғашқы дағдыларды меңгеру. Техникалық әдістер мен орындаушылық аппаратты бекітуді әрі қарай дамытады.

3) Техникалық дамуы. «Деташе», «легато», «мартле» штрихтарын және олардың алмасып келуін, (1, 2, 3) позицияларды және олардың алмасуын білу керек. Қос нота мен I позициядағы жеңіл аккордтарды, жеке позициялардағы гаммалар мен үшдыбыстылық және олардың ауысуып пайдалану, хроматикалық жүйелілік дағдыларын білу. Трельдерді, вибрацияларды орындауды алғашқы дағдыларын игеру. Білім алушының қабілеттері мен

техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес этюдтерді жаттау. Фортепианоның сүйемелдеуімен этюдтер мен шығармаларды орындайды.

4. Музыкалық-көркемдік міндеттері. «Мінезде» (характер) орындау білімдері мен дағдыларын бекіту. Шығармамен жұмыс істеу барысындағы образдық ойлау қабілетін қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты сезімді, музыкалық ойлауды әрі қарай дамыту. Ансамбльде фортепиано және басқа аспаптармен ойнау дағдыларын жетілдіреді. Түрлі концерттерде өзін ұстау ережелері мен сахнаға шығу ерекшеліктерін оқытады.

325. 4-сыныпқа арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Ойын барысында қысылу және қатты күш жұмсаудан арылу. Дыбысты жүргізу және оның сапасын жақсарту бойынша жұмыс, екпін, серпінділік, дыбысталу, ырғақпен жұмыс. Орындаушылық штрихтарды жетілдіру. Парақтан оқу мен өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларын әрі қарай дамыту. Музыкалық терминологияны әрі қарай меңгеру.

Оқу жылының ішінде білім алушы 4-5 (мажорлы, минорлы) гаммалар, позицияда алмасып келетін арпеджио үшдыбыстылығын, әр түрлі техникадағы 5-6 этюд, әр түрлі техникадағы 6-8 пьеса, түрлі сипаттағы 2 ірі нысанды шығармаларды үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Негізгі оқыту-жаттығу материалын бекіту. Баяу күйде ән салу сипатындағы этюдтер мен пьесаларды орындау арқылы дыбыс, оның екпіні мен серпінділігімен жүйелі жұмыс.

1) Техникалық дамуы. Гаммаларды күнде орындау дағдысын қалыптастыру. «стаккато» штрихын орындай білу дағдысы, алғашқы үш позицияны ойнай білу, олардың әр түрлі алмасып келуі, (4-5) жоғары позициядағы жеңіл жаттығуларды орындай білуі, қос ноталы техникадағы этюдтер мен жаттығулар, аккордтар, екі октавалы гамма мен үшдыбыстықты орындай білудің алғашқы дағдылары, діріл дағдысы, нотаны парақтан оқи білу.

2) Музыкалық-көркемдік міндеттері. Музыкалық назарды бөлу және көңіл бөлу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық сезімді, музыкалық ойлауды әрі қарай дамыту. Ансамбльде фортепиано және басқа аспаптармен ойнау дағдыларын жетілдіру. Түрлі концерттерде өзін ұстау ережелері мен сахнаға шығу ерекшеліктерін оқыту.

326. 5-сыныпқа арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Орындаушылық техниканы, музыкалы есту қабілетін қалыптастыру және дамыту, мәнерлі ойнаудың маңызды шарттаырынң бірі аспаптың дыбысталуының сапалығын жетілдіру. Шығармашылық және физикалық шыдамдылықты үйрену. Оқу жылының ішінде білім алушы 4-5 екі-үш октавалы (мажорлы, минорлы) гаммаларды, үшдыбыстылығын, 5-7 этюд, 6-8 пьеса, 2 ірі нысанды шығармаларды үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Аспаптың дыбысталу сапасын жақсарту бойынша жұмыс. Орындаушылық аппарат бұлшық еттерінің қобалжу мен қысылудан толық арылу. Түзулік, тұрақтылық, екпіндік тазалықпен жұмыс. Серпінділікпен жұмыс.

3) Техникалық дамуы. «Деташе», «легато», «мартле», «стаккато», «сотийе», «спиккато» штрихтарын білу және олардың алмасып келуі, үш октавалы гамма, үшдыбыстықты білу. Алғашқы үш позицияда қос нотаны орындай білудің базалық дағдысын қалыптастыру, екі дауысты шығарма орындағанда позицияларды бір-бірімен үйлестіре, жалғай білу дағдысы, нотаны парақтан оқи білу дағдысын дамыту.

Жоғары позицияларды орындай білу дағдысы, хроматикалық гаммаларды орындай білу, аппликатураның екі түрін орындай білу – сырғанай ойнау және саусақтарды алмастыра ойнау негізгі жаттығу материалын өңдеу: дыбыс сапасын, тазалығын, екпінін, барлық регистрлердегі дыбысталу түзулігін, серпінділік түрлерін және басқа орындаушылық бөліктерді жетілдіру мақсатында барлық гаммалар мен арпеджиоларда ойнау. Әрі нысандармен жұмыс, концерттерді, сонаталарды орындау ерекшеліктері, концерттей ойнау дағдаларын игеру, түрлі концерттік репертуарларды толықтыру, орындаушылық шеберлікті көтеру.

327. 6-сыныпқа арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Орындаушылық техниканы жетілдіру. Алдыңғы сыныптарда алған барлық негізгі техникалық және көркемдік дағдыларын пайдаланып музыкалық шығарманы орындауға деген тұлғалық қатынаспен жұмыс. Оқу жылының ішінде білім алушы 4-5 екі-үш октавалы (мажорлы, минорлы) гаммаларды, үшдыбыстылығын, 5-7 этюд, 6-8 пьеса, 2 ірі нысанды шығармаларды үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Аспаптың дыбысталу сапасын, оның түзулігін, тұрақтылығын, екпіндік тазалылығын, тембрді жақсарту бойынша жұмыс. Музыкалық-образдық ойлау дағдыларын, трельдерді, түрлі позициялық біріктірулерді, қос ноталарды орындаудағы сол қол техникасының дағдыларын игеру.

3) Техникалық дамуы. «Деташе», «легато», «мартле», «стаккато», «сотийе», «спиккато» штрихтарын білу. Музыкалық –образдық ойлау дағдысын ары қарай дамыту. Трелей орындау барысындағы сол сол техникасы дағдысын дамыту, әр түрлі позицияларды үйлестіре білу, қос ноталар. Парақтан оқи білудің тұрақты дағдысы, аккордтарды, флажолеттарды, үш октавалы гамма мен үшдыбыстықты, хроматикалық гамманы орындай білу, аппликатураның екі түрін орындай білу – сырғанай ойнау және саусақтарды алмастыра ойнау. Күрделілігі жоғарғы техникадағы шығармаларды орындай білу: секстаккорд, квартсекстаккорд, септаккорд, екі ноталы гамма- терции, сексты, октавалар (қабілеті жоғары білім алушылар үшін).

4) Музыкалық-көркемдік міндеттері. Орындап отырған шығарманың мінезін көрсетуді жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру. Композитордың көркемдік ойын аша білі және тыңдарманыны жеткізе білу.

328. 7-сыныпқа арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Музыкалық шығармалардың көркемдік талаптарына сәйкес орындаушылық техникасын жетілдіру, мәнерлілік тәсілдерін меңгеру, шығармашылық және физикалық шыдамдылықты үйрену. Білім алушының

шығармашалық перспективаларын анықтау. Концерттерде, байқауларда, фестивальдарда белсенді жеке қатысу. Музыкалық терминологияны білу. Оқу жылының ішінде білім алушы 5-6 мажорлы және минорлы гаммаларды, үшдыбыстылықты, екі ноталы гамма (терция, секта, октава), хроматикалық гаммаларды, 7-8 этюд, 6-8 пьеса, 2-3 ірі нысанды шығармаларды үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Дыбыс сапасымен, екпінділік тазалығымен, тембрмер, филировкамен, вибратормен жұмыс. Ойын барысында пайда болатын қобалжу, қысылудан толығымен арылу. Бірнеше шығармаларды қатарынан орындау қабілеттері мен шыдамдылықпен жұмыс жасайды.

3) Техникалық дамуы. «Деташе», «легато», «мартле стаккато», «сотийе», «спиккато» штрихтарын білудің тұрақты дағдысы. Үш – төрт октавалы гамма мен үшдыбыстықты (жылдам қарқында: 24 ноталы легатоға дейінгі гамма, 9 ноталы легатоға дейінгі үшдыбыстық) жоғары дәрежеде орындай білу дағдысы, хроматикалық гаммалар, әр түрлі штрихтағы екі ноталы гаммалар.

4) Музыкалық-көркемдік міндеттері. Түрлі сипаттағы, нақыштағы және жанрдағы пьесалармен (оның ішінде ірі нысанды шығармалар да) жұмыс. Орындалып отырған шығарманың мазмұнын түсіну, техникалық тәсілдерін меңгеруге негіз болатын көркемдік мақсат туралы анық түсінікті және саналы қатынасты дамыту. Орындалып отырған шығармаларға тұлғалық қатынастың, жеке орындаушылық концепцияның қалыптасуы.

329. 8 және 9-сыныптарға арналған бағдарламалық талаптар. Пәннің мазмұны.

1) Күрделі гаммаларды, жаттығуларды мен этюдтерді орындау техникасын жетілдіру, түрлі нақыштағы және жанрдағы шығармаларды жаттау, музыкалық-орындаушылық құралдарының кешенін меңгеру. Оқу жылының ішінде білім алушы 5-6 (мажорлы, минорлы) гамма, үшдыбыстық, екі ноталы гамма (терция, секта, октава), фингерирлық октава, хроматикалық гамма, 5-7 этюд, 6-8 пьеса, 2-3 ірі нысанды шығармаларды үйренеді.

2) Орындаушылық аппаратты қою. Дыбыс сапасымен, екпінділік тазалығымен, тембрмер, филировкамен, вибратормен жұмыс. Ойын барысында пайда болатын қобалжу, қысылудан толығымен арылу. Бірнеше шығармаларды қатарынан орындау қабілеттері мен шыдамдылықпен жұмыс.

3) Техникалық дамуы. «Деташе», «легато», «мартле стаккато», «сотийе», «спиккато» штрихтарын білудің тұрақты дағдысы. Үш – төрт октавалы гамма мен үшдыбыстықты (жылдам қарқында: 24 ноталы легатоға дейінгі гамма, 9 ноталы легатоға дейінгі үшдыбыстық) жоғары дәрежеде орындай білу дағдысы, хроматикалық гаммалар, әр түрлі штрихтағы екі ноталы гаммалар.

4) Музыкалық-көркемдік міндеттер. Түрлі сипаттағы, және жанрдағы пьесалармен (оның ішінде ірі нысанды шығармалар да) жұмыс. Орындалып отырған шығарманың мазмұнын түсіну, техникалық тәсілдерін меңгеруге негіз болатын көркемдік мақсат туралы анық түсінікті және саналы қатынасты дамыту. Орындалып отырған шығармаларға тұлғалық қатынастың, жеке орындаушылық концепцияның қалыптасуы.

330. Үлгерімді есепке алу. Аспапты бөлімде оқитын білім алушылардың үлгерімі емтихандағы академиялық концерттердегі, техникалық сынақтардағы, бақылау, қорытынды сабақтарындағы бағасымен, сонымен қоса байқау, концерттердегі, тыңдалымдардағы көрсеткіштерімен есептеледі. Бітіру сыныптарының білім алушылары жыл бойына өз шығармаларын емтихан алдындағы тыңдалымдарда көрсетеді.

331. Жыл бойына педагог емтиханға білім алушымен әр түрлі жанрдағы немесе күрделі 1-2 шығарма дайындайды, техникалық сынақтарда гамма және 2 этюд, музыкалық терминдер тапсырады. Жыл бойына дайындалған шығармалар арқылы білім алушы техникасын дамытып, жақсартады, гаммалармен, арпеджио, этюдтермен жаттығулар техниканы жақсартып дамытуға көп көмегін тигізеді.

332. Емтихандар (техникалық сынақтары) ұдайы, үздіксіз әр тоқсанда 1 рет өткізіледі. Педагог репертуарды дайындауға арқылы білім алушының білімін көрсетеді. Концерттерге, тыңдалымдарға, байқауларға қатысу академиялық емтиханмен теңестіріледі. Білім алушының техникалық деңгейін бақылау үшін I сыныптан бастап қорытынды сабақтар өткізу керек.

333. Жартыдылдықта 1 рет ансамбль сабағынан сынақ өткізіледі. «Ұжымдық музыка ойнау» пәнін оқитын білім алушылар ансамбль (оркестр) партиясын тапсырады. «Ұжымдық музыка ойнау» пәні бойынша сабақ оқымайтын білім алушылар дуэт немесе трио құрамында 1-2 пьесаны (түрлі сипаттағы) орындайды.

334. Түлектердің мемлекеттік емтихан алдындағы қорытынды тыңдалымы жылына 3 рет өткізіліп, білім алушылардың қорытынды аттестацияға дайындығы тексеріліп отырады. Тыңдалымда комиссия мүшелері отырады және әдістемелік кеңестер беріледі. Мемлекеттік емтиханға жанры мен нысаны әр түрлі 6 шығарма дайындалады.

335. Бітіру бағдарламасының нұсқасы

- 1) Гамма (арпеджио).
- 2) Этюд.
- 3) Виртуозды сипаттағы пьеса.
- 4) Кантिलенттік мінездегі пьеса.
- 5) Қазақстан композиторының пьесасы.
- 6) Күрделі формадағы шығарма.

336. Білім алушылардың репертуары стилі, жанры, түрі мазмұны жағынан әр түрлі болғаны жөн. Әр білім алушының жеке жоспарына сыныптар бойынша қазақ музыкасының шығармалары енгізілуі керек. Музыкадағы ұлттық ерекшелік ладе, метроритме, тембре түрінде келеді. Осы ерекшеліктерді ажырата білуді алғашқы күннен –ақ үйрету қажет. Бұл педагогтың негізгі міндеттерінің бірі. Сыныпта оқу барысында білім алушы шығарманың түрі мен мазмұны, орындалу ерекшелігі, техникалық мүмкіндіктерімен алдын ала танысады.

337. Болжамды сынақ-емтихандық талаптар.

1) 1-сынып.

1-тоқсан – қорытынды сабақ. Өтілген тақырыптарды қорытындылап, бекіту.

2 -тоқсан – қорытынды сабақ. 2 пьеса (пиццикатонемесе ысқыш арқылы)

3-тоқсан – академиялық концерт. Гамма, 2 этюд, пьеса

4-тоқсан – сыныптан сыныпқа көшу емтиханы. Әр түрлі мінездегі үш пьеса немесе кеңейтілген көлемдегі пьеса (вариация).

2) 2-4- сыныптар.

1-тоқсан – техникалық сынақ. Гамма. Арпеджио. Штрихтар. Түрлі сипаттағы 2 этюд. Пьеса.

2-тоқсан – академиялық концерт. Этюд. Әр түрлі мінездегі екі пьеса немесе кеңейтілген көлемдегі пьеса (вариация). Ірі нысанды шығарма (Концерт 1-2 бөлім, немесе Соната 1-2 бөлім)

3-тоқсан – техникалық сынақ. Гамма. Арпеджио. Штрихтар. Әр түрлі мінездегі 2 этюд. Академиялық концерт: екі пьеса.

4-тоқсан – сыныптан сыныпқа көшу емтиханы: гамма. Арпеджио. Штрихтар. Пьеса. Күрделі формадағы шығарма (Концерт 1-2 бөл., немесе Соната 1-2 бөлім)

3) 7-сынып.

1-тоқсан – техникалық сынақ: Гамма. Арпеджио. Штрихтар. Әр түрлі мінездегі 2 этюд. Пьеса.

2-тоқсан – мемлекеттік емтихан алдындағы тыңдалым: күрделі формадағы шығарма (Концерт 1-2 бөл., немесе Соната 1-2 бөлім). Әр түрлі мінездегі 2 пьеса.

3 -тоқсан – мемлекеттік емтихан алдындағы тыңдалым: күрделі формадағы шығарма (Концерт 1-2 бөл., немесе Соната 1-2 бөлім). Әр түрлі мінездегі 2 пьеса. Қазақстандық композиторлардың пьесасы

4 -тоқсан – мемлекеттік емтихан.

338. 7-сыныпты бітіруші түлектерге арналған талаптар.

1) Гамма (арпеджио).

2) Этюд.

3) Виртуозды сипаттағы пьеса.

4) Кантеленндік мінездегі пьеса.

5) Қазақстан композиторларының пьесасы

6) Күрделі формадағы шығармалар

339. 8,9-сыныпты бітірушілерге арналған талаптар:

1) Гамма. Арпеджио. Штрихтар.

2) Этюд.

3) Виртуозды пьеса

4) Кантеленндік мінездегі пьеса.

5) Қазақстан композиторларының пьесасы

1) Концерт, 1 немесе 2-3 бөлім.

340. Концерттік көрсетілімдер.

1-сынып.

Бірінші жартыжылдық - академиялық концерт.

Екінші жартыжылдық – емтихан.

2-сынып.

Бірінші жартыжылдық - академиялық концерт.

Екінші жартыжылдық – емтихан.

3-сынып.

Бірінші жартыжылдық - академиялық концерт.

Екінші жартыжылдық – емтихан.

4-сынып.

Бірінші жартыжылдық - академиялық концерт.

Екінші жартыжылдық – емтихан.

5-сынып.

Бірінші жартыжылдық - академиялық концерт.

Екінші жартыжылдық – емтихан.

6-сынып.

Бірінші жартыжылдық - академиялық концерт.

Екінші жартыжылдық – емтихан.

341. Бақылау нысандары мен әдістері, бағалау жүйесі. Скрипка мамандығы бойынша сапасын бағалау білім алушылардың үлгерімді ағымдық бақылауы, аралық бақылауы, қорытынды аттестациялау болып табылады.

Үлгерімді ағымдық бақылау құралы ретінде бақылау сабақтары мүмкін. Бақылау сабақтарын қажеттілік бойынша ғана өткізу ұсынылады.

Білім алушылардың ағымдық үлгерімін бақылау оқу пәнінде қарастырылған аудиториялық сағат есебінде жүргізіледі.

342. Аралық аттестаттау бақылау сабақтары, сынақтар және емтихандар түрінде өткізіледі. Бақылау сабақтары, сынақтар және емтихандар техникалық сынақтар, академиялық концерттер, концерттік бағдарламалар мен басқаларды орындау түрінде өткізіледі.

Бақылау сабақтары мен сынақтары аралық аттестация аясында осы оқу пәнінде қарастырылған аудиториялық сабақтарға бөлінген сағаттар есебінен тоқсан аяқталғанда және жартыжылдықтың аяғында өткізіледі.

343. Емтихандар сабақ өтетін аудиториядан тыс жерлерде өткізіледі.

Бітіру емтихандары 7 жылдық оқу мерзімімен 7-сыныпты аяқтағанда, 9 жылдық оқу мерзімімен 9-сыныпты аяқтағанда өткізіледі.

Басқа сыныптарды білім алушылары әр оқу жылының аяғында сыныптан сыныпқа көшу емтиханын тапсырады.

344. Техникалық сынақты жүйелі түрде тоқсанда 1 рет өткізіледі.

345. Тестілеу кез-келген уақытта әр сынып пен дәрежелеріне қарай оқу жылында 1 рет тапсырылады.

346. Орындау сапасын бағалау өлшемдері.

Сынақта, академиялық тындауда немесе емтихандағы бағдарламаларды орындаудың нәтижесінде бес баллдық өлшеммен баға қойылады.

5-тік бағасы («үздік»). Білім алушы осы кезеңдегі барлық кешенді музыкалық-орындаушылық жетістіктерін көрсетеді, өзінің бағдарламасын сауатты және мәнерлі түрде орындайды, жақсы екпіні бар, жақсы дыбыстай алады және аспапшылдығы жеткілікті дамыған.

4-тік бағасы («жақсы»). Жоғарыда көрсетілгендерден музыкалық мәнерлілік жетіспейді немесе білім алушының техникалық дамуы біршама артта қалған.

3-тік бағасы («қанағаттандырырлық»). Орындаушылық формальді сипатта, техникалық дамушылық пен осы бағдарламаны сапалы орындауға аспаптық дағдылары жетіспейді, орындалып отырған шығарманың стилін түсінбейді, дыбыстылуы мәнері төмен, екпін мәселелері бар.

2-лік бағасы («қанағаттандырырлық емес»). Бағдарлама «мәтіні» бойынша «жеткізілмеді», аспаптық дағдылары жоқ, түсініксіз орындалды, екпін таза емес, аспапта ойнауды ары қарай жалғастырудың мәні жоқ.

Сынақ (бағасыз). Орындауы осы кезеңнің қажетті дәрежесіне сәйкес.

347. Түрлі оқыту кезеңдерінің бақылау талаптары. Бағалар тоқсанның және оқу жылындағы жартыжылдықтың аяғында қойылады. Оқу жылының аяғында қорытындылау (көшіру) бағасы қойылады.

Оқу жылының ішінде білім алушы кемінде 4 рет сахнаға шығуы керек.:

Бірінші жартыжылдық.

Қазан-қараша – техникалық сынақ (гамма мен этюд).

Қараша-желтоқсан – пьесалар немесе ірі нысанды шығарма.

Екінші жартыжылдық.

Ақпан-наурыз - гамма, екі этюд немесе пьесалар.

сәуір-мамыр – пьесалар немес ірі нысанды шығармалар.

348. Орта және жоғарғы сыныптарды көшіру сынақтарындағы орындалатын материалдардың көлемін азайту үшін гаммаларды жеке сынақта ауыстырылады.

1 және 2-сыныптың білім алушылар бір этюд пен бір пьесаны орындауларына болады, бұл білім алушылардың әр нақты жағдайдағы дайындық дәрежесіне байланысты.

349.Скрипкада табысты ойнап үйренудің негізі шарты болып білім алушының бастапқы оқу кезеңінен бастап денесін, оң қолы мен сол қолын дұрыс қоюды қалыптастыру табылады.

350. Техниканы дамытуға (жылдамдық, анықтылық, түзулік және басқалары) жаттығура, гаммалар, этюдтермен жүйелі жұмыс әстеу әсер етеді. Гаммаларды, жаттығуларды, этюдтерді және басқа қосымша материалдарды меңгеруде штирхтардың, серпінділік, ырғақтардың түрлі нұсқаларын қолдану ұсынылады.

351. Техникамен жұмыс жасау кезінде нақты жеке тапсырмалар беріп, оларды үнемі тексеріп отыру қажет.

Дыбыс сапасымен, ырғақтық суретпен, серпінділікпен жұмыс оқу жылдарында үнемі педагогтің назарында болуы керек.

352. Музыкалық шығармалармен жұмыс жасау барысында оқытылып отырған шығарманың көркемдік және техникалық жақтары арасындағы байланысты үнемі қалыптастыру қажет.

Білім алушылардың репертуарлары техникалық және көркемдік материалдардан тұрады. Репетуралық стилі, мазмұны, формасы, жанры, фактурасы түрлі болуы қажет.

353. Сынақтық немесе емтихандық бағдарламаны дайындау барысында білім алушының дәл сол уақыттағы музыкалық дайындығын ескере отырып, шығармалар алу керек.

Оқу материалын ойлап таңдау тәсілі – білім алушылардың жемісті дамуының маңызды факторы.

354. Жеке жоспарды құру барысында білім алушының жеке және тұлғалық ерекшеліктерін, сонымен қатар дайындығын ескеру керек.

Жеке жоспардың маңызды бөлімі – этюдтермен, гаммалармен, жаттығулармен және басқа оқу-тәрбие материалдарымен жұмыс істеу құрайды. Этюдтерді таңдау барысында олардың көркемдік және техникалық мәнін ескеру қажет.

355. Білім алушының дамығанын оқыту барысында көруге болады, сондықтан білім алушыға деген педагогикалық талаптар дифференциалды болуы керек. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық мүмкіндіктеріне, жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

10-параграф. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Баян» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

356. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Баян» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) пәннің мазмұнын, оқудан күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, әр сыныпқа арналған бағдарламалық талаптарды анықтайды.

357. Бағдарламаның мақсаты: баян аспабында ойнау деңгейінің білім алушылардың алған білім, дағды және біліктеріне негізінде кешенді тәрбиелеу мен дамытуға, сонымен қатар дарынды балаларды одан әрі бейіні бойынша оқу орындарына түсуге даярлау.

358. Бағдарламаның міндеттері:

1) дидактикалық: танымдық қызмет, дүниетанымды кеңейту, музыкалық білімді, орындау біліктері мен дағдыларын жүйелі түрде жинау.

2) тәрбиелік: музыка өнерін тану арқылы рухани, адамгершіліктік, ойлы, көркемдік, эстетикалық, отансүйгіштік, интернационалды тәрбие беру, даралықты, жігерді, адамгершіліктік, эстетикалық, дүние танымдық позициясын тәрбиелеу.

3) дамытушылық міндеттері: музыкалық естуді, есте сақтау жадын, ырғақты сезінуді, эмоциялық күйді, эмпатияны, шығармашылық қабілеттерді, назарды, елестететуді, қиялды, рефлексияны, салыстыра білуді, теңестіруді, жалпылауды дамыту.

359. Бағдарлама тұлғаның толық көркем-эстетикалық дамуын және олардың алған музыкалық-орындаушылық және теориялық білім, білік және дағдыларының толықтылығын қамтамасыз етеді.

360. «Баян» аспабы сабағы оқу жоспарындағы «Сольфеджио», «Хор», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлемдік музыкалық әдебиет», «Ансамбль, оркестр» пәндерімен тығыз байланыста.

361. Мамандық бойынша сыныптарда оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі түрі аптасына 2 мәрте 1 академиялық сағаттан жеке түрде өткізілетін сабақтар болып табылады. Сабақ теориялық және практикалық бөлімнен тұрады.

Оқыту жеке, шағын топтық және топтық формада жүзеге асырылады.

Даярлық сыныбындағы білім алушылардың сандық құрамы -8-10 адам.

Ұжымдық музыка ойнау пәні бойынша топтардың сандық құрамы: оркестрде және ұжымдық музыка ойнаудың басқа формаларында - 6 адам, ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық формаларында - 2 адамнан 4 адамға дейін.

362. Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету. Білім беру үдерісінің тиімділігі оның мақсатының мазмұны мен тәрбиелеу міндеттеріне, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, педагог пен білім алушының кәсіби құзіретті педагогикалық өзара әрекеттесуіне байланысты.

Музыка мектептерінің музыкалық қабілеттері жақсы балалармен қатар, музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар оқиды. Сабақта педагог олармен жұмыс істегенде музыка ойнаудың түрлі нысандары мен шығармашылық дағдыларын дамытуға екпін жасай отырып, дамытуға бағытталған оқыту әдістеріне сүйенеді. Репертуарды таңдау барысында жеке жоспардың түрлі нұсқада болуына жол беріледі: 1 және 2 сынып талаптарының (оның ішінде гаммалардың да) деңгейлерін төмендету.

363. Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспарлар әзірленеді және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың соңында педагог алдында бекітілген тізімдегі тапсырмалардың орындауы мен өзгерістерінің сапасын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, үлгерімі мен еңбекке қабылеттілігіне сипаттама береді.

364. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

365. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

Білім алушының жылдық оқу жоспарының негізгі құрамдас бөлігі: ірі нысандағы туындылар, полифония, пьесалар, этюдтер, гаммалар және музыкалық шеберліктерін дамытатын жаттығулар, ансамбльдер, сүйемелдеулер, өзі оқып-үйренуі, қағаз бетінен оқуы және тасымалдауы, үйде музыкада ойнау үшін пьесалар.

366. Білім алушылардың жеке жоспарлары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 20-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтып көрсетеді.

367. Жеке жоспарда білім алушының жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішілік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшандығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

б) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

368. Бірдей сыныпта бағдарламаны оқытудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілігінің деңгейі бойынша өзгеше болуы мүмкін.

369. Репертуармен жұмыста педагог шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтиханда) орындауға, ал қалған бөлігі – сынып жұмысына немесе танысуға арналатындығын ескеру керек. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу дәрежесін білім алушының жеке жоспарында оқу сатыларын белгілеу арқылы анықтауы мүмкін.

370. Педагогтің әрбір білім алушының жеке ыңғайын ескере отырып, жаңа репертуар есебінен репертуарлық тізімдерді толықтырады, бағдарламаның көлемі мен күрделілігін саралайды.

371. Оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспар.

1-тарау. Баянда ойнау мәдениетін қалыптастыру.

1.1. тақырып. Музыкалық сауаттылық негіздері.

1.2. тақырып. Аспапта ойнау дағдыларының негізін қалыптастыру.

1.3. тақырып. Дыбыс шығару (звучеоизвлечение).

1.4. тақырып. Штрихтерді орындау техникасы.

1.5. тақырып. Музыкалық терминология.

2-тарау. Орындаушылық дағдыларын қалыптастыру.

2.1. тақырып. Техникалық дағдыларын дамыту.

2.2. тақырып. Музыкалық-бейнелі ойлауларын дамыту.

2.3. тақырып. Кіші нысандағы туындылар.

2.4. тақырып. Ірі нысандағы туындылар.

2.5. тақырып. Музыкалық мәнерлілік құралдары.

3-тарау. Шығармашылық дағдыларын дамыту.

3.1. тақырып. Музыкалық естудің алуан түрін дамыту.

3.2. тақырып. Қағаз бетінен оқу дағдысының негіздері.

3.3. тақырып. Тасымалдау (транспонирование) дағдысының негіздері.

3.4. тақырып. Естуі бойынша іріктеу техникасы.

4-тарау. Кәсіби дағдыларын кешендік тәрбиелеу.

4.1. тақырып. Есту қабілетін өзі бақылай алуын дамыту.

4.2. тақырып. Баянда орындаудың арнаулы құралдарының кешені.

4.3. тақырып. Өзіндік ізденушілік қызметін тәрбиелеу.

4.4. тақырып. Туындымен өзіндік жұмыс жасау қағидаттары.

4.5. тақырып. Сахналық мәдениетті тәрбиелеу.

5-тарау. Музыкалық-кәсіби дағдыларды қалыптастыру.

5.1. тақырып. Музыкалық туындылардың негізгі нысандарын құру заңдылықтары.

5.2. тақырып. Туындыны орындау жоспарын қалыптастыру жөнінде кәсіби дағдыларын меңгеру.

5.3. тақырып. Алуан штрих, туше түрлерін меңгеру өнері.

5.4. тақырып. Интонациялау өнері.

5.5. тақырып. Орындаушылық шеберлігін жетілдіру.

372. Оқу-тақырыптық жоспар.

1) Кіріспе сабақ. Музыкалық аспаппен танысу. Баян аспабы шығуының қысқаша тарихы. Аспаптың құрылымы. Аспапты күту.

2) Отырғызу. Қолды қою. Отырғызу, ойын аппаратын қою негіздері. Сол және оң қолмен аспапты ұстау. Аспапсыз алдын-ала ойын дағдыларын қалыптастыру. Қозғалыс аппаратының еркіндігін дамытуға арналған жаттығулар.

3) Баянда ойындаудың орындаушылық дағдыларын меңгеру және дамыту. Баян аспабына дыбыс шығару қағидаттары. Баянның көрігін (меха) қарау техникасы. Көрік қозғалысы бағыттарын сауатты ауыстыру, дыбысты тартымды жеңілдету (филировка). Басу» тушесін меңгеру.

4) Қарапайым музыкалық-есту ұғымын қалыптастыру бойынша жұмыс.

5) Баянда орындаудың бейнежазбаларын көру және музыкалық үлгі-нұсқаларды тыңдау. Музыкалық талғам мен музыкалық аспапақа деген қызығушылықты тәрбиелеу.

6) Оқытылып жатқан практикалық материалдар негізінде музыкалық естудің түрлерін дамыту Ырғақ сезімді қалыптастыру және дамыту, сөз бен музыкадағы қарапайым ырғақтар. Ырғақтық жаттығулар.

7) Қолжетімді материалдар негізінде музыкалық сауаттылықты игеру. Музыкалық терминдермен танысу.

8) Музыканы талдау. Музыка бейнесі, сипатын анықтау бойынша практикалық міндеттер, сонымен қатар музыканың дыбыстық сипатын анықтауға қол жеткізу үшін қолжетімді көркемдік мәнерлілік құралдарын зерделеу.

9) Педагогпен бірге ансамбльде ойнау. Есту қабілеті, өлеңге ән шығару, фразалар мен ұсыныстардың соңын аяқтау, музыкалық бейнені салу бойынша әуенді таңдау көмегімен шығармашылық ойлауын дамыту. Музыкалық елестетуді дамытуға арналған практикалық тапсырмаларды орындау.

373. 1-сыныптың оқу-тықырыптық жоспары.

1) Кіріспе сабақ. Баянның пайда болу тарихы және аспаптың құрылысы жөнінде білімдерін бекіту.

2) Дайындық сыныбында үйренген отыру, қолды орнына қою негіздерін бекіту. Қозғалыс аппараты еркіндігін дамыту үшін арнайы жаттығуларды қолдану.

3) Баяннан дыбысты шығару техникасын дамыту.

4) Көрік қозғалыстары бағытын дұрыс ауыстырумен, дыбысты әсемдеп жеңілдетумен жұмыс.

5) Тушенің алуан түрлерін игеру. Музыкалық-есту көріністерін дамыту бойынша одан әрі жұмыс.

6) Практикалық материалдар негізінде ырғақ сезімін дамыту. Ырғақтық жаттығуларды қолдану.

7) Практикалық материал негізінде музыкалық сауаттылықты зерделеу. Әртүрлі музыкалық терминдермен таныстыру.

8) Баянда қарапайым нысанадағы пьессаларды оқыту. Қолжетімді практикалық материалдар негізінде вариациялар нысандарымен таныстыру.

9) Минорлық ладпен таныстыру. Практикалық материалмен бекіту.

10) Алуан түрлі штрихпен мажорлық гаммаларды бір октавада, ұзын арпеджио мен 3 үнді аккордтарды әр қолмен жеке орындауды меңгеру.

11) Практикалық материалда вариация нысаналарын оқып-үйрену.

12) Аспаптың тембрлік мүмкіндіктерімен танысу, баянның реестрлік белгілерін зерделеу.

13) Нотаны қағаз бетінен оқу техникасын, тасымалдауды (транспонирование) меңгеру.

14) Ансамбльде ойнау. Репертуармен жұмыс. Концерттік қызметтер.

374. 2-сыныптың оқу-тықырыптық жоспары.

1) Кіріспе сабақ. Көркемөнерлік туындылармен жұмыс, ноталық материалдар негізінде техникалық, орындаушылық дағдыларды одан әрі дамыту. Кантилиндік сипаттағы пьессаларды меңгеру.

2) Тасымалдау (транспонирование). Қағаз бетінен оқу. Ансамбльде ойнау. Репертуармен жұмыс. Әртүрлі штрихпен екі қолмен 2 белгіде екі октавада мажорлық гаммалармен жұмыс.

3) Мажорлық ұзын және қысқа арпеджионы, екі қолмен 3 үндік аккордты зерделеу. Білім алушының тембрлік есту қабілетін дамыту, баянның тіркеуде

көрсетілген шартты мәліметтері туралы толықтырулар. Концерттік-байқау қызметтері

475. 3-сыныптың оқу-тақырыптық жоспары.

1) Кіріспе сабақ. Көркемөнер туындыларымен жұмыс. Практикалық материалдар негізінде техникалық, орындаушылық біліктілігін одан әрі дамыту.

2) Полифония элементтері бар пьессаларды меңгеру (дұрысы таңдау пернетақтасымен). Ірі нысанадағы туындыларды: екі- және үш бөлікті сюиталар, вариациялар түрін зерделеу.

3) Екі октавада 2 білгіге дейінгі мажорлық гаммаларды зерделеу, әртүрлі штрихтармен орындау. Әртүрлі штрихтағы ұзын және қысқа мажорлық арпеджиоларды және екі қолмен 3 үндік аккордтарды зерделеу.

4) Бір октавадағы минорлық гаммаларды игеру, сонымен қатар ұзын және қысқа арпеджио, екі қолмен 3 үндік аккордтарды меңгеру. Тіркеуде көрсетілген шартты белгілер туралы білімін тереңдету. Концерттік-байқау қызметтері.

376. 4-сыныптың оқу-тақырыптық жоспары.

1) Кіріспе сабақ. Аспапта ойнаудағы орындаушылық дағдыларын жетілдіру.

2) Полифония элементтері бар пьессаларды игеру бойынша жұмыс. Ірі нысандағы туындылармен одан әрі жұмыс жасау (күрделі үш бөлікті нысан, сюита).

3) Әртүрлі штрихта орындалған екі октавадағы 3 таңбалық мажорлық гаммаларды зерделеу, сонымен қатар бірнеше штрихтерді қолдану.

4) Әртүрлі штрихтағы ұзын және қысқа мажорлық арпеджиоларды және екі қолмен 4 үндік аккордтарды зерделеу.

5) Екі октавадағы 2 таңбалық минорлық гаммаларды, ұзын және қысқа арпеджиоларды бірнеше штрихтармен, екі қолмен 4 үндік аккордтарды зерделеу.

6) Туындылармен жұмыс барысында түрлі тембрлердегі туындылар мен баян тіркелімдерін жұмыста белсенді қолдану.

377. 5-сыныптың оқу-тақырыптық жоспары.

1) Кіріспе сабақ. Репертуармен жұмыс. Аса күрделі практикалық материалдарды игеру көмегімен аспапта ойнаудың техникалық, орындаушылық дағдыларын жетілдіру.

2) 4 таңбалы екі октавадағы мажорлық гаммаларды зерделеу, алуан түрлі штрихтармен, оның ішінде бірнеше штрихтерді пайдалану.

3) Түрлі штрихтермен мажорлық ұзын және қысқа арпеджиоларды, оның ішінде екі қолымен 4 үндік аккордтарды үйрену.

4) Екі октавадағы 3 таңбалық минорлық гаммаларды, ұзын және қысқа арпеджиоларды бірнеше штрихтармен, екі қолмен 4 үндік аккордтарды зерделеу.

5) Полифониялық туындылармен (дұрысы таңдамалы пернетақталарда), сонымен қатар ірі нысандағы туындылармен жұмыс.

б) Аспаптың тембрлік мүмкіндіктерін қолдану, тіркемелік шартты белгілерді тереңдетіп зерделеу. Асқан шебер пьесалармен жұмыс. Концерттік-байқаулық қызметтер.

378. 6-7-сыныптардың оқу-тақырыптық жоспары.

1) Кіріспе сабақ. Концерттік-байқаулық, емтихандық және бітіру бағдарламаларын дайындау.

2) Аса күрделі практикалық материалдарды игеру көмегімен аспапта ойнаудың техникалық, орындаушылық дағдыларын жетілдіру (асқан шебер пьесаларды зерделеу).

3) 5 таңбалы екі октавадағы мажорлық гаммаларды зерделеу, алуан түрлі штрихтармен, оның ішінде бірнеше штрихтерді пайдалану.

4) Екі қолмен 4 үндестік аккордында мажорлық ұзын және қысқа түрлі штрихтағы арпеджионы зерделеу.

5) 4 таңбалы екі октавадағы минорлық гаммаларды, алуан түрлі штрихтағы ұзын және қысқа арпеджиоларды және 4 үнді аккордтарды екі қолмен ойнауды үйрету.

6) Полифониялық туындылармен (тандалған пернетақтада), сонымен қатар ірі нысандағы туындылармен жұмыс.

7) Аспаптың тембрлік мүмкіндіктерін қолдану. Концерттік-байқау қызметтері.

379. Даярлық сыныбындағы пәннің мазмұны. Даярлық сыныбында музыкалық аспапта орындаудың дағдысы мен білігінің негізі қаланып, дұрыс орындаудың нұсқауы мен түсінігі қалыптастырылады.

380. Бастапқы сабақтарда білім алушы баян аспабының шығуының қысқаша тарихымен, музыкалық аспаптың құрылысымен, оң қол мен сол қолдың аспапты дұрыс ұстап отыру дағдыларын, қолды орналастыру мен қою ережесімен, дыбысты шығару негіздерімен танысады.

381. Музыкалық аспапта қарапайым музыкалық шығармаларды орындау барысында нота таңбаларын жазумен, олардың аспаптан шығатын дыбыспен шынайы үндестігі таныстырылып, ноталық сауаттылық негіздерін меңгереді.

382. Жыл бойы дайындық сыныптың білім алушылары 10 әр түрлі (балаларға арналған әндер, өңделген халық әндері, қарапайым шағын музыкалық шығармалар) шығармаларды орындайды. Баян аспабында музыкалық шығармаларды орындау барысында аспаптың пернетақтасын біле бастайды, музыканың түрін айыруға үйренеді.

383. Оқу пәнінің мазмұны:

1) баян аспабының құрылысы, оның көркемдік мүмкіндіктерімен танысу;

2) музыкалық пернетақтаның оң және сол жақтарының құрылымын (қатарлар мен клавиштердің атауы, әр клавишке дыбыстың сәйкестілігіне қарай орналасуы, дыбыстың шығуы және оған клавиштардың, әртүрлі октавалардың, аспап диапазонына сәйкестігі);

3) аспаптың орналасуы мен қойылуын меңгеру (нақты білім алушының физиологиялық ерекшелігі мен дамуын есепке ала отырып, оның денесі, аяғы,

қолы, қол және саусақ буынының жалпы күйі; баянның қайысын және та,ы басқаларды дұрыс пайдалану);

4) көрікті жүргізудің (бір сарынды, тегіс, белсенді) қарапайым дағдыларын қалыптастыру, көрік қозғалысы бағыттарын ауыстыру – жылдам, «жұмсақ», жұлқусыз, жаттығулар арқылы көрікті жүргізу дағдыларын және оның қозғалысының бағыттарын ауыстыруды үйрету (сол қолымен бір сарынды және тез қозғалыс, басу мен босатуға арналған тең күш салу, оның қозғалыстарының бағыттарын білдірмей ауыстыру, көрік қозғалысын ауыстыруды дыбыс шығарумен қиыстыру);

5) қарапайым дыбыс шығару білігін игеру (көрік қозғалысы мен клавишті басу бірлестігі), оң және сол қолмен дыбыс шығарудың (басу) негізгі тәсілдерін меңгеру, бастапқы қозғалыс және ойнау дағдыларын меңгеру (оң қолмен гамма тәріздес бірізділікте нон легато тегіс дыбысымен ойнау), орындаушылық аппараттың еркіндігі (қысымның болмауы), бұлшық ет қозғалыстарын түзетуге арналған арнайы жаттығуларды қолдану;

6) баланың музыкалық-есту қабілеті туралы негізгі түсінігін қалыптастыру, оқытудың музыка тілін меңгеру үдерісінде естудің түрлерін жандандыруды арттыру болып табылатын «нотаға дейінгі» немесе «есту» әдісін қолдану, бұл жаңа бастаған баяншының есту-қозғалыстық өзара байланыстарын орнатып отыруына мүмкіндік береді;

7) музыкалық-есту ұғымын қалыптастыру және дамыту (оң қолымен және сол қолымен қарапайым сүйемелдеуімен күрделі емес бір дауысты әуендерді есту қабілеті арқылы іріктеуі);

8) оқытылып отырған көркемдік материал негізінде ырғақтық сезімдерін қалыптастыру және дамыту;

9) сол пернетақтаны бастапқы игеру (негізгі қатардағы іргелес, сабақтас дыбыстарды шығару, бас пен аккордты алмастыра отыра), дұрысы білім беру ұйымында сәйкесінше көлемдегі таңдауға дайын аспаптың болу жағдайында таңдау пернетақтасының болуы. Оң және сол пернетақталармен таныстыру қосарлана жүзеге асырылуы қажет, алдымен қолдарды алмастыруға арналған қарапайым пьесалар, кейіннен екі қолымен бір уақытта ойнауды меңгеруі қажет;

10) қарапайым жалпы аппликатуралық заңнамалықтарды меңгеру;

11) асапапта екі қолымен оң және сол қолдардың қозғалысын түзетуге төселу;

12) дайын баянда (бас пен аккордты жұмсақ кезектестіру) ойнауда сүйемелдеулердің негізгі тәсілдерін меңгеру;

13) көрікті басқару дағдыларын, құрылымның ішіндегі көріктің қозғалыс бағыттарын сауатты ауыстыруды бақылау, дыбысты әдемілеу (филировка) бойынша жұмыстар, жаттығуларды орындау;

14) үдемелі дыбыс шығарудың негізгі деңгейлерін (форте, пиано) меңгеру, музыканың үдемелі реңкімен және нақты музыкалық мысалдар

арқылы меңгеру (крещендо мен диминуэндо және музыканың көркем дыбысталуының басқа да элементтері);

15) ансамбльде ойнау (музыкны ойнаудың осы түрі педагогпен бірге дуэтте меңгеру ұсынылады);

16) аспаптың оң пернетақтасындағы дыбыстық қатарды альтерирлеуді және балалар музыка мектептеріндегі талапқа сәйкес аспаптың болған жағдайда таңдаулы пернетақта арқылы меңгеру;

17) дыбыс шығару сапасының есту қабілетіне деген өзіндік бақылау;

18) есту жадысын, назарын тәрбиелеу, музыканы сезінушілік, зеректікті, эмоциялық сезімді дамыту;

19) концерттік қызметтер.

384. 1-сыныптың білім алушылары орындаушылық білікпен дағдыларын бекіту бойынша, дұрыс орындаушылық мақсат пен түйсікті қалыптастыру мен дамыту бойынша жұмыстарын жалғастырылады.

Оқытудың осы кезеңінде баян аспабының шығу тарихы, музыкалық аспаптың құрылысы туралы білімдері толықтырылады, аспап пернетақтасын меңгерудің бастапқы дағдылары бекітіледі, ойын аппаратының дұрыс орналастырылуы мен қойылуын игеру, сондай-ақ, баяннан дыбысты шығару ерекшелігі де жалғастырылады.

385. Жыл бойы білім алушылар 10-ға дейін әр түрлі музыкалық туындыларды меңгереді. Практикалық материалдар негізінде білім алушылар орындалатын пьесалардың жалпы сипаттамасын анықтауға, музыканың мінездемесін айыра алуына, қарапайым шағын пьесалар мен әндерді мағынасына жете отырып және көркемдеп ойнай алуы, сонымен қатар оқытудың бірінші жылындағы бағдарламамен айқындалған ойнаудың қажетті орындаушылық дағдыларын игереді.

386. Оқу пәнінің мазмұны:

1) баянның оң және сол пернетақтасының құрылысымен одан әрі танысу;

2) көрікті жүргізудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыстар, көрік қозғалысы бағыттарын ауыстыру;

3) дыбыс шығарудың негізгі тәсілдерін әр қолмен жеке (басу, саусақпен және білезікпен соғу, ұрғылау), содан кейін екі қолымен бір уақытта жасауды игеру, қозғалыс дағдыларын ары қарай да меңгеру;

4) оқытылып отырған көркемдік материалдар негізінде ырғақ сезімін дамыту, ырғақтық жаттығуларды орындау;

5) ноталық сауаттылықты одан әрі де меңгеру;

6) аппликатуралық тәртіпке тәрбиелеу, тиімді аппликатураны жартылай өзі табуына тәрбиелеу;

7) аспапта екі қолымен ойнаудағы оң және сол қолдары қозғалысын түзетуге дағдыландыру, дайын баянда ойнауда сүйемелдеудің негізгі тәсілдерін меңгеру (бас пен аккордты жұмсақтап кезектестіру);

8) көрікті басқару дағдыларын меңгеру, құрылыстың ішіндегі көріктің қозғалыс бағыттарын сауатты ауыстыруды бақылауды жүзеге асыру;

9) серпінді дыбыстаудың негізгі деңгейлерін (форте, пиано), музыканың үдемелі реңктерімен таныстыру және нақты музыкалық мысалдар арқылы меңгеру (крещендо мен диминуэндо және басқа да музыканың көркем дыбыстарының элементтері);

10) ансамбльде ойнау, ұжымдық шығармашылықты меңгеру (аталған дағдыны педагогпен дуэте, сонымен қатар басқа білім алушылармен ансамбльде дамыту);

11) аспаптың оң пернетақтасындағы альтерирленген дыбыстық қатарын және білім беру ұйымында сәйкесінше аспаптың болған жағдайында баянның таңдаулы пернетақтасын одан әрі меңгеру;

12) негізгі штрихтарды меңгеру (легато, нон легато, стаккато), техникалық жаттығуларды және музыкалық туындыларды ойнау кезінде қолдану;

13) метрикалық пульсацияны сезінуге дағдыландыру (мажорлық дыбыстық қатарда ойнау кезінде әлсіз және күшті бөліктермен қатыстыра отырып);

14) орындалатын жаттығулар мен туындылардың дыбыстық сапасына есту қабілетіне бақылауға үйрету;

15) мазмұны және нысаны қарапайым пьесаларды, кішігірім тақырыптық дамуымен және көркемдік бейнесі айқын әндерді орындау, оқытудың осы кезеңіндегі қолжетімді көркемдік орындауға жету (әуеннің ашықтығын анықтау, сазды, әуенді дыбыспен ойнау, жақсы легатомен және тағы басқаларды);

16) практикалық материалда минорлық ладпен танысу;

17) аспаптың тембрлік мүмкіндіктерімен танысу, тіркеудегі шартты белгілерді зерделеу;

18) баланың музыкалық-есту қабілеттері ұғымын одан әрі дамыту (бір дауысты күрделі емес таныс әуендерді есту қабілеті оң қолмен және сол қолмен қарапайым сүйемелдеу бойынша іріктеу, сондай-ақ, есту бойынша сүйемелдеуді іріктеу, оқытылып отырған пьесаларды үйлестіру);

19) есту қабілетін, зейінін, музыкалық қабылдауын дамытуды тәрбиелеу;

20) нотаны қағаз бетінен оқуды әр қолымен жеке және екі қолымен бірге ойнау дағдыларын қалыптастыру;

21) тасымалдау (транспонирование) техникасының негізін қалыптастыру;

22) әртүрлі штрихта бір октавада әр қолымен жеке мажорлық гаммаларды, әр қолымен ұзын мажорлық арпеджио мен 3 дыбысты аккордты меңгеру;

23) техникалық жаттығулар мен этюдтерді зерделеу;

24) халық әндері мен билері мысалында вариациялау түрлерін меңгеру;

25) концерттік қызметтер.

387. Балалар музыка мектептеріне 9 жасында және одан үлкен жастағы оқуға түскен білім алушыларға дайындық сыныбының білім беру бағдарламасын өту қажет емес.

Дайындық сыныбының бағдарламасын 1-сыныпта сабақ тақырыптарын ірілендіру есебінен, баланың музыкалық-есту қабілетінің негізгі түсініктерін (оқытудың «нотаға дейінгі» және «есту қабілеті» кезеңдері, орындаушылық білігі мен дағдыларының бастапқы негіздері) қалыптастыру кезеңдерін қоса жүзеге асыру ұсынылады.

388. Білім алушылар банның пайда болуының қысқаша тарихымен, асапатың құрылысымен, оның оң және сол пернетақталарының құрылымымен, сондай-ақ, қолды орналастыру мен қою тәртібімен, дыбысты шығару негіздерімен танысады.

389. 2-сыныптағы пәннің мазмұны. Білім алушылардың музыкалық-шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту жалғастырылады (музыкалық есту қабілеті, зейін, ойлау, жады), орындаушылық техникалық дағдыларды игеру, музыкалық сауаттылық негіздерінен білімін жетілдіреді, кәсіби терминологияны меңгеру (альтерлеудің қарқыны, серпіні, таңбалары), жоғары дыбыстау бағдары және әуеннің уақытша ерекшеліктері дамытылады.

390. Оқытудың осы сатысында орындаушылық аппаратының орналасуы мен қойылуын тұрақтандыруға жоспарлы және жүйелі әрі қарай да жұмыстарды жүргізу, қол қозғалыстарын түзету, көрікті жүргізу дағдыларын және оның қозғалыс бағыттарын ауыстыруды жетілдіру, орындаушылық аппараттың еркіндігіне бақылауды іске асыру бойынша жұмыстар одан әрі қарай да жалғастырылады.

391. Сапалы дыбысты шығару бойынша және контилендік сипаттағы пьесаларды зерделеу негізінде дыбыс мәдениетін қалыптастырудан жұмыс ұқыпты түрде жалғастырылады.

392. Оқу пәнінің мазмұны:

1) есту қабілеттерінің дамуы (дыбыс, есту зейінінің сапасына өзіндік естуді күшейту), музыканы әсершіл қабылдау қабілеттері, музыкаға деген жеке қатынасында бірге әсерсенушілік және оны білдіре алу;

2) музыкалық айқын бейнені құру үшін музыкалық көрнекілік құралы ретінде серпінділікті қолдану;

3) музыкалық аспапта бұрын игерген музыкалық-орындаушылық дағдыларын жетілдіру, практикалық материалдар мен жаттығулар негізінде оң және сол қол техникалық тәсілдерін біртіндеп күрделендіру, оң қолмен қосарланған ноталарды жартылай қолдану;

4) екі октава диапазонын қамтитын әр қолмен жеке техникаларды дамытуға арналған түрлі жаттығуларды орындау;

5) түрлі штрихтерде екі октаваны екі қолымен мажорлық гаммаларды, ұзын мажорлық арпеджиоларды, түрлі штрихтағы қысқа арпеджиоларды және екі қолымен бірдей 3 дыбысты аккордтарды одан әрі меңгеру;

6) аппликаторлық ережедегі жұмысқа қажетті аппликаторлық тәсілдерге дағдыландыру (гаммалар мен арпеджиода жүйеленген аппликаторлармен қайта жұмыстар атқару);

7) дыбыс шығару және штрихтердің күрделі тәсілдерін меңгеру (портаменто, екпін);

8) мәнер, метра, ырғақ, қарқын сезімдерін одан әрі дамыту;

9) ноталық мәтінді жылдам және дәл талғау дағдыларын, музыкалық туындылармен өзіндік жұмыс жасай алу білігін дамытуды бекіту;

10) білім алушының тембрлік есту қабілеттерін дамыту, оқыту үдерісінде баянның тембрлік бояуын қолдану;

11) қағаз бетінен ноталарды оқу, тасымалдау (транспонирование) және есту қабілеті бойынша іріктеу жұмыстары;

12) педагогпен және басқа білім алушылармен ансамблде ойнау;

13) ерік-жігер қасиеттері мен өзін-өзі бақылауды тәрбиелеу, музыкалық туындыларды орындауды талдау және оны шынайы бағалауды дамыту;

14) көп қырлы, көп сипатты музыкалық туындыларды орындау;

15) білім алушының сахналық мәдениетін қалыптастыру және дамыту, концерттік қойылым тәжірибелерін біртіндеп жинақтау.

393. 3-сыныпта педагогтің жұмысы (сөзбен түсіндіру, орындау тәсілдерін көрсету, бағалау өлшемдері, өзіндік жұмысты бақылау) сапалы жаңа сипатқа ие болады және ол білім алушылардың шығармашыл еркін және барынша саналы, тиянақты ойнауына қол жеткізуіне бағытталған. Оқытудың осы кезеңінде білім алушылар көркемдік мәнерлілік құралдарын ұғына білу білігін қалыптастырады және дамытады, сонымен қатар музыкалық туындылармен жұмыста осы қабілеттерін қолдана біледі.

394. Көркемдік орындаушылық мақсаттарын түсіне білу білім алушының техникалық дағдыларын жетілдіруден басым болады. Негізгі назарды білім алушының шығармашылық бастамашылдығын дамытуға бөліп, оқытудың барлық кезеңдерінде оны белсенді қатысушы ретінде қарастыру (тиімді аппликатураны, оыс немесе басқа құрылыс дыбыс серпіні іздеу, түрлі штрих және туше түрлерін қолдану, музыкалық туындының көркемдік бейнесін жасау бойынша жұмыс, сондай-ақ, техникалық қиындықтарды жеңу).

395. Оқу пәнінің мазмұны:

1) музыкалылығын дамыту (мақам сезімін, есту қабілеті, шығармашылық қиял, ассоциативтік ойлау, музыкалық-ырғақтық сезімін және тағы басқаларды жетілдіру);

2) білім алушының тембрлік естуін дамыту, тембрлік бояу түстерін кеңейту, жаңа тембрлік көрнекілік құралдарын іздеу;

3) дыбыс сапасымен жұмыс (көрік қозғалысы бағыттарын білдірмей ауыстыру);

4) баса айту, интонациялаумен жұмыс;

5) музыкалық құрылыс құрылымының, музыкалық нысанның мәнін түсіну;

б) техникалық, орындаушылық дағдыларын дамыту (баянда оң қолдың бас бармағын, секіруді ішінара пайдалану, қосарланған ноталарды, аккордтар техникасын, октаваларды және тағы басқаларды кеңінен қолдану);

7) саусақтық және білезіктік стаккатоны меңгеру (бір дыбыты әуендік бірізділік, қос нота, октавалар, аккордтар);

8) полифония элементтері бар пьесалармен танысу (мүмкіндігінше таңдалған пернетақтада);

9) ірі нысандағы туындыларды, мысалы сюита ретіндегі, вариация түріндегі пьесалар, екі- және үш бөліктік нысандағы пьесаларды меңгеру (ірі нысандағы туындыларды орындау білім алушылардан көлемі бойынша үлкен, алуан түрлі музыкалық-орындаушылық элементтер енгізілген материалды игеруді талап етеді, нәтижесінде оны білім алушы бүтін, біртұтас туындыны орындау дағдыларын игеру болып табылады);

10) аса күрделі дыбыс шығару тәсілдері мен штрихтерді қолдану арқылы пьесаларды орындау (портаменто, акценттер және тағы басқалар);

11) аса күрделі ырғақтық топтарды қолдану арқылы пьесаларды орындау;

12) қағаз бетінен оқу, басқа тональдықтарға тасымалдау (транспонирование) және есту қабілеті бойынша іріктеуді бекіту және жетілдіру;

13) ансамбль, оркестрге қатысу (қазақ, орыс халық), ұжымдық шығармашылық;

14) меңгерілген музыкалық терминдерді бекіту, жаңа кәсіби терминологияны зерделеу;

15) түрлі штрихтағы екі октаваны 2 таңбаға дейін екі қолмен мажорлық гаммаларды, түрлі штрихтағы ұзын және қысқа арпеджионы және екі қолмен бірлесе 3 дыбысты аккордтарды одан әрі зерделеу;

16) бір октавадағы минорлық гаммаларды, сонымен қатар ұзын және қысқа арпеджио, әр қолымен жеке 3 дыбысты аккордты меңгеру;

17) түрлі дәуірлер мен нақыштық бағыттардағы композиторлардың өмірлерімен және шығармашылығымен танысу;

18) оқыту үдерісінде баянда ойнау қызығушылығына уәждеме.

396. 4-сыныпта игерілген арнайы білік пен дағдыны, музыкалық-көркемдік материалдарды күрделіндіру және тереңдету, музыкалық бейнелер мен орындаушылық міндеттердің аясын кеңейту жалғастырылады.

397. Оқу пәнінің мазмұны:

1) білім алушылардың музыкалық-бейнелі ойлауды, шығармашылық көркемдік елес, қиялды дамытуға арналған жұмыстар;

2) музыкалық тілдің көркемдік құралдарын игеру, нақты көркемдік бейнені құрудың маңыздылығын түсіну және практикалық қызметте білімді қолдану, музыканы әсершілділікпен қабылдау білігін дамыту, оның мазмұны мен идеялық-эмоциялық бағыттылығы, музыкалық туындының көркемдік ойын түсіну және ашып көрсету;

3) дыбыс серпінінің дәйектелімін (градация) кеңейту;

4) баянда музыкалық туындыны орындауда музыканың сипатына сәйкес қажетті динамикалық реңкін айыру, алу және қолдану білігін қалыптастыру;

5) музыкалық нысанды құрудың негізгі заңдылықтарын меңгеру, ірі музыкалық нысандар құрылысымен танысу (күрделі үш бөлікті нысан, сюита);

6) музыканың алуан түрлі жанрларындағы туындыларды зерделеу, оқытылып жатқан туындының жанрлық және стилистикалық ерекшелігін, музыканың мазмұнын көркемдеп өрнектеудің маңызын түсіну;

7) орындалатын туындылардың стилдік ерекшелігін талдауды жүзеге асыру білігін қалыптастыру;

8) баянның оң және сол пернетақтасының дыбыстық тепе-теңдігіне бақылауды қалыптастыру;

9) музыканың тарихы мен теориясы бойынша білім жүйесін кеңейту;

10) бағдарламалық талаптар аясында ойнаудың техникалық және орындаушылық дағдыларын дамыту (білім алушылар баяндағы дыбыстың құрылу ерекшелігін жетілдіру, музыкалық туындының дыбысталу сипатына бағдарланған тушенің алуан түрлерін белсенді қолдануы);

11) білім алушының музыкалық мәтінмен жұмысын ұйымдастыру, орындаушылық қиыншылықтармен жұмыс тәсілдерін меңгеру, өз жұмысының нәтижесін шынайы бағалауы дағдысын дамыту;

12) әр түрлі техникалық жаттығуларды орындауы;

13) баянда ойнаудағы орындаушылық техникасын жетілдіру;

14) полифония элементтерімен пьесаларды жаттау;

15) аппликаторлық тәртіппен жұмыс;

16) білім алушының қағаз бетінен оқу, тасымалдау (транспонирование) және есту қабілеті бойынша таңдау техникасын дамытудағы өзіндік жұмыстарына бақылау жасау;

17) екі октавада екі қолмен 3 таңбаға дейін мажорлық гаммаларды, түрлі штрихтармен, жартылай штрихтармен, ұзын арпеджио екі октавада екі қолмен 2 таңбаға дейін минорлық гаммаларды, ұзын мажорлық арпеджио, 3 және 4 дыбыстық аккордык бірізділіктерді жаттау;

18) ұжымдық музыка ойнау дағдыларын дамыту;

19) концерттік-байқаулық қызметтер, концерттік репертуарды толықтыру, сахналық мәдениетті дамыту.

398. 5-сыныпта музыкаға және орындаушылық өнерге деген саналы, шығармашыл қарым-қатынасты тәрбиелеу жалғастырылады, мамандық және басқа музыкалық пәндер бойынша теориялық білім кеңістігі барынша кеңейеді, білім алушының жалпы мәдени дамуымен, оның өзіндік шығармашылығы, бастамашылдығы мен белсенділігі байланысымен тығыз байланыста аспапта ойнаудың музыкалық-орындаушылық дағдылары бекітіледі және жетілдіріледі.

399. 5-сыныпта негізгі жұмыс орындаушылық дағдыларын бекітуден тұрады: есту (қабылдау мен елестету), дыбыс құрағыш (дыбыс шығару, саусақтық артикуляция және көрікті артикулдеу сапасына бақылау), музыкалық көрнекілік құралдарын меңгеру (серпін, қарқын, баса айту).

400. Музыка, музыкалық көрнекілік құралдары туралы мәліметтерді жиынтықтау үдерісінде білім алушылар музыкалық мәтінді талдау, музыкалық туындыны сұрыптау тәжірибесін игереді.

401. Оқытудың осы кезеңінде білім алушылар мамандық және басқа музыкалық пәндер бойынша теориялық білім кеңістігін айтарлықтай кеңейтеді.

Білім алушылардың музыкалық-бейнелі ойлауы, шығармашылық көркемдік қиялының қалыптасуы оқытылып жатқан көркемдік материалды күрделендіру жолымен жалғаса береді.

402. Оқу пәнінің мазмұны:

1) полифониялық элементі бар шығармаларды орындау, ірі нысанды шығармаларды зерделеуді одан әрі жалғастыру;

2) музыкалық туындының музыкалық нысанымен, оның жанрлық және нақыштық ерекшелігімен жұмыс;

3) музыкалық шығарманы орындаушылық көрнекілігімен, мазмұны мен идеялық-эмоциялық бағытымен жұмыс;

4) шығарманың музыкалық мәтінімен және оның техникалық ерекшелігімен жұмыс;

5) білім алушының еңбекқорлығы, ерік-жігері мен қойған мақсатына жету білігі және өз жұмысының нәтижесін шынайы бағалауын дамыту;

6) білім алушының есту қабілетін өзі бақылай алуын дамыту;

7) дыбыс шығару сапасымен жұмыс (көрікті байқатпай ауыстыру, туше мен штрихтардың түрлерін қолдану);

8) дыбыстау серпінінің үдемілігін кеңейту, музыканың әртүрлі серпінді реңктерін іздеу;

9) баянда ойнаудағы орындаушылық дағдыларын дамыту (октавалық, аккордтық және ұсақ техника);

10) көрікпен ойнаудың әртүрлі тәсілдерімен жұмыс (портато, көріктік стаккато, рикошет, вибрато және тағы басқалар);

11) агогикамен жұмыс (шұғыл және біртіндеп баяулату, жылдамдату, цезура, аялдау, ферматалар және тағы басқалар);

12) шығармалардағы тоналдық желіні ауытқу және модуляцияны пайдалана отырып кеңейту;

13) білім алушының оқытылып отырған музыкалық шығарманың музыкалық мәтіні мен техникалық ерекшелігі бойынша өзіндік жұмысын бақылау;

14) 2 октава аралығындағы 4 кілт белгісі бар мажорлық гаммалар, қысқа және ұзақ арпеджио түрлерін, 3 дыбысты үндестіктерді екі қолмен бірігіп орындау. 2 октава аралығындағы 3 кілт белгісі бар минорлық гаммалар, қысқа және ұзақ арпеджио түрлерін, 3 және 4 дыбысты үндестіктерді екі қолмен бірігіп орындау, штрихтардың түрлері, жартылай штрихтар, аккордтық бірізділік;

15) ансамбль мен оркестрде ансамблдік ойнаудың дағдыларын бекіту;

16) білім алушылардың қағаз бетінен оқу, тасымалдау және есту қабілеті бойынша іріктеу техникасын дамытудың өзіндік жұмысын бақылау;

17) концерттік-байқау қызметтері, концерттік репертуарды жинақтау, сахналық мәдениетті тәрбиелеу.

403. Балалар музыка мектептеріне 9 және одан үлкен жаста оқуға түсетін білім алушыларға болашақта музыкалық кәсіби білімдерін жалғастырғысы келмейтін болса, 5-сыныптан кейін оқуды бітірген абзал.

404. Оқуды 5-сыныпта аяқтағысы келетін білім алушылар бітіру емтиханына мамандық бойынша бағдарлама дайындайды, ол төрт шығармадан – полифониялық шығармалар, ірі көлемдегі пьеса, қазақтың халықтық әнін немесе Қазақстан композиторының шығармасын өңдеу және ыңғайлау, сонымен қатар орындаушының таңдауына қарай пьесадан тұрады.

405. Бітіру бағдарламасы білім алушы өзінің орындаушылық мүмкіндіктерін, асапаты меңгеру деңгейі, музыканың әртүрлі жанрлары мен нақыштарын бағдарлай алу біліктілігін, сонымен қатар сахналық мәдениетін көрсете алатындай болып құрылады.

406. 6-7-сыныптарда бұрын өткен техникалық және көркемдік мазмұны жағынан күрделі нұсқаларын оқу, баса айтудың негізгі элементтерін (сарын, фраза, сөз тіркесі (предложение), бөлік) жеке өз бетімен талдау білігін дамыту, аппликаторлық сауаттылығын және тиімді аппликатураны өз бетімен таңдауын жалғастырады.

407. Білім алушының бұрын игерген барлық аспапта ойнаудың музыкалық-орындаушылық дағдылары оның жалпы мәдени деңгейін дамытумен, шығармашылық өзін-өзі дамытуға талпыныс, белсенділігін дамытумен тығыз байланыста болады.

408. Оқу пәнінің мазмұны:

1) 4 таңбалы екі октавадағы минорлық гаммаларды, алуан түрлі штрихтағы ұзын және қысқа арпеджиоларды және 4 үнді аккордтарды екі қолмен ойнауды (non legato, legato, staccato, аралас штрихтар, жартылай штрихтар), пунктирлік ырғақта гаммаларды орындайды меңгеру;

2) Түрлі штрихтерде екі қолмен екі октавада ұзын және қысқа арпеджиоларды (non legato, legato, staccato, аралас штрихтар, жартылай штрихтар), арпеджионы пунктирлық ырғақта, екі қолмен 4 дыбысты мажорлық және минорлық аккордтер бірізділігінде зерделеу және орындау;

3) техникалық дағдыларды жетілдіру (ірі – октавалық және аккордтық техника, ұсақ техника), жаттығуды орындауда штрихтер арқылы көрікпен жұмыс (портато, көріктік стаккато, рикошет, вибрато), этюдтер мен басқа да музыкалық шығармаларды орындау;

4) білім алушылардың музыкалық ойлауын, нақыштарымен, музыкалық нысан сезімімен, қарқын, шығарманың жалпы көрнекілігімен жұмысты одан әрі жалғастыру;

5) музыкалық шығармалармен жеке өзінің жұмысына бақылау жасау;

б) концерттік-байқаулық қызметтер;

7) полифониялық шығармалар мен ірі нысандағы шығармаларды меңгеру (мүмкіндігінше таңдаулы пернетақталарды пайдаланумен);

8) туындының көркемділік және көрнекілік бейнелерімен, оның мазмұны мен идеялық-эмоциялық бағытталуымен жұмыс;

9) шығарманың музыкалық мәтінімен және оның техникалық ерекшелігімен жұмыс;

10) білім алушылардың алдына қойған мақсатқа жетудегі еңбекқорлығы, ерік-жігері және білігі, өз жұмысының нәтижелерін шынайы бағалай алуын дамыту;

11) білім алушылардың есту қабілетіне жеке бақылауын дамыту;

12) дыбыс шығару сапасымен жұмыс (көрікті білдірмей ауыстыру, түрлі тушелер мен штрихтерді қолдану);

13) дыбыталу серпінінің үдемелілігін кеңейту, музыканың әртүрлі серпінді реңктерін іздей алу білігін қалыптастыру;

14) шығарманың үндестік желісін ауытқушылық пен модуляция арқылы кеңейту;

15) агогикамен жұмыс;

16) оркестрдегі ансамблдік ойнау дағдыларын бекіту;

17) қағаз бетінен оқу, тасымалдау (транспонирование), есту қабілеті бойынша іріктеудегі жеке өзін бақылау;

18) концерттік-байқаулық қызметтер, концерттік репертуарын жинақтау, сахналық мәдениетті дамыту.

409. Білім алушылар мамандық бойынша бітіру емтиханына арналған бағдарламаны дайындайды, ол төрт шығармадан тұрады – полифониялық шығармалар, ірі көлемдегі пьесалар, қазақтың халықтық әндері немесе Қазақстан композиторларының шығармаларын өңдеу және ыңғайластыру, сонымен қатар орындаушының таңдауы бойынша пьеса.

410. Бітіру бағдарламасы білім алушы өзінің орындаушылық мүмкіндіктерін, аспапты игеру деңгейін, музыканың әртүрлі жанрлары мен снақыштарында бағдарлана алу біліктілігі, сонымен қатар сахналық мәдениетін көрсете алатындай болып қалыптастырылады.

411. Бітіру емтиханы қолданыстағы оқу жоспарына сәйкес өткізіледі. Қорытынды аттестаттау білім беру ұйымының басшысы бекіткен кесте бойынша өткізіледі.

412. Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау. Педагог белгіленген көркемдік-техникалық дағдыларды меңгерудің бірізділігі мен көлемін білім алушылардың жеке музыкалық және шығармашылық мүмкіндік деңгейіне байланысты айқындайды.

413. Оқу жылы бойы 2-ші сыныптан (5) 7-сыныпқа дейінгі білім алушылар кемінде 4 этюд, 4 гамма және 10 көркем шығарманы үйренеді.

414. Білім алушылардың білім, білік және дағдыларының деңгейін тексеру бақылаудың төмендегі түрлері арқылы ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттау арқылы іске асырылады:

- 1) алдын-ала: білім алушының мүмкіндіктерін диагностикалау;
- 2) әр сабақта жұмыстарын бағалау;
- 3) бақылау сабағы;
- 4) техникалық сынақ (1 және 3 тоқсан аяғында 2-сыныптан бастап);
- 5) академиялық концерт, баға қою арқылы (2,4-тоқсанның аяғында);
- 6) көпшілік алдында (концерттік-байқаулық қызметтер);
- 7) мамандық бойынша бітіру емтихандары.

415. Дайындық сыныбындағы және 1-сыныптағы білім алушылар өз тілегі бойынша 1 пьесаны (2 тоқсанының аяғында) және міндетті түрде 4 тоқсанның аяғында 2 пьеса.

416. Бақылау сабағы. Әр тоқсанның соңында және сабақ өту барысында білім алушылардың музыкалық аспапта орындау техникасы, нота кітабы бойынша шығармаларды талдау, есту қабілеті бойынша музыканы орындауы тексеріледі.

417. Техникалық сынақтар 2-сыныптан бастап өткізіледі. 3- сыныптан бастап басқа үйренген орындау дағдылары тексеріледі.

418. Бақылау сабақтарында музыкалық материалдар нотамен орындалады. Арнайы аспап бақылау сабақтарында білім алушылардың білімдері, үйренген орындау дағдылары тексеріледі. Көпшілік қауымның алдында немесе концерттерге қатысуға қажетті емес. Бақылау жұмысты өткізу барысында білім алушының шеберлік дәрежесі, өзіндік жұмыс орындауы, нота кітабы бойынша шығармаларды талдау, есту қабілеті бойынша музыканы орындау, академиялық концерттерге, сыныптан сыныпқа көшу және мектеп бітірушілердің емтихандарға дайындығы тексеріледі.

419. Бақылау сабақтардың соңында білім алушының музыкалық аспапта орындаған шығармалары талқыланып ұсыныстар айтылады.

420. Педагог білім алушылардың дайындығына, орындаушылық шеберлігіне, үйрену уәждемесін арттыруына байланысты бақылау сабақтарын тоқсан бойындағы кез келген уақытта өткізіледі.

421. Техникалық сынақ. Техникалық сынақты өткізу кезінде білім алушының баян аспабында орындау шеберлігі (техникасы) тексеріледі: мажорлық және минорлық гамма, арпеджионың екі түрі (ұзақ, қысқа), 3-4 дыбысты үндестіктер тізбегі (аккордтар), әр түрлі техникалық талаптарға байланысты екі этюд орындалады. Қойылған талаптары бойынша, этюдтерді талдаудың бірнеше түрлері бар: талдау, нота парағы бойынша орындау, техникалық сынақта тапсыру.

422. Баға қойылатын академиялық концерт, емтихан: орындалатын (екі-үш әртүлі нақыш, жанр, дәуірдегі екі-үш шығарма) музыкалық көркем шығарма. Байқауларға, іріктеу тыңдауларға, концерттерге қатысқан білім алушылар академиялық концерттерден босатылады.

423. Білім алушының жылдық бағасы жыл бойындағы алған бағаларына қатысты болып қорытындыланады: сынып жұмысы, үй жұмысы, бақылау

сабақтар, техникалық сынақ, академиялық концерт, сонымен қатар концерт пен байқауларға қатынасқаны.

424. Білім алушының білімін жыл бойғы тексерулердің талабы.

1) Қазан айы – техникалық сынақ, 2-сыныптан бастап (2 этюд әр түрлі орындаушылық техникаға байланысты, 1 этюдтың орнына тез орындалатын музыкалық шығармамен ауыстырып орындауға болады, 1 гамма, арпеджио, үндестік (аккорд) сынып бойынша техникалық талаптарға байланысты).

2) Желтоқсан айы –1-сыныптан бастап, сынақ (2 әр көңіл күйдегі музыкалық шығарма, оның ішіндегі біреуі Қазақстан композиторларының шығармасы немесе өңделген қазақ халық әні)

3) Наурыз айы –2-сыныптан бастап техникалық сынақ (1 мажорлық гамма, 3- сыныптан 1 минорлық гамма, 1 этюд).

4) Мамыр айы –2-сыныптан 7-сыныпқа дейін академиялық концерт (2 әр көңіл күйдегі музыкалық шығарма, 3-сыныптан бастап оның ішіндегі біреуі полифониялық шығарма немесе полифониялық үлгісі бар музыкалық шығарма, 1-сыныпта әр көңіл күйдегі 2 музыкалық шығарма.

425. Мектеп бітіруші түлектер емтиханда 4 музыкалық шығарма орындайды. Оның ішінде: полифониялық шығарма немесе полифониялық үлгісі бар музыкалық шығарма, кең көлемді музыкалық шығарма (концерт немесе вариация), Қазақстан композиторларының шығармасы немесе өңделген қазақ халық әні, сонымен қатар білім алушының еркі бойынша дайындаған музыкалық шығарма орындалады.

426. Оқу жылының ішінде мектеп бітірушілер бірініші жартыжылдықтың соңында және үшінші тоқсанның соңында барлық шығармаларды жатқа орындап, педагогтерден кеңес алып, ұсыныстарын тыңдап соңғы емтиханда музыкалық шығармаларын үздік орындауға тырысады.

427. Білім алушылар концерттерге, байқауларға қатынасып өз орындаушылық шеберлігін арттырады. Білім алушылардың қатынасқан концерттері академиялық концертте орындағанмен тең.

428. Бағалау өлшемдері. Білім алушылардың жеке сабақтарда, емтиханда, академиялық концерттерде алған бағалары бес баллдық жүйе бойынша бағаланады.

429. Білім алушылардың орындау шеберлігі сыныптан сыныпқа көшкен сайын артады. Сондықтан да бағаны қойғанда педагог білім алушылардың музыкалық шығарманы шебер орындауына, шығарманың көңіл күйін көрсете алғанына, техникалық жағынан кәсіптік орындауды игеруіне байланысты.

430. Білім алушылармен жұмыс істеу кезеңдері. Оқу-тәрбие жұмыстарын шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1) білім алушымен танысу, педагог мен білім алушы арасындағы достық қарым-қатынастың пайда болуы (сенушілік, жолдастық), денені еркін ұстау, психологиялық жағымды ахуалды туғызу (білім алушының психологиясын зерттеу, жағымсыз эмоцияларды жеңу).

2) білім алушыларда бастапқы орындаушылық қабілеттерді қалыптастыру.

3) білім алушылардың музыкалық қабілеттерін дамыту: алған білімдерін жинақтау және қорытындылау, орындаушылық техникасын жетілдіру.

431. Репертуар білім алушыларға орындауға ыңғайлы, түсінікті, қызықты әр түрлі жанр, қазақ, орыс, шетел, қазіргі заманғы композиторлар мен мультфильм, балаларға арналған кинофильм және халық музыкасы шығармаларынан құралыстырылады.

432. Сонымен қатар педагог қазақ халық әндері мен күйлердің өңделген шығармалардың саздың, ырғақтың, әуеннің ерекшеліктерін талдап орындауға тапсырма береді.

433. Тәжірибелік музыкалық-педагогикалық материалдың ерекше түрлерінің бірі баянда ойнауға оқыту үдерісінде қолданылатын музыкалық шығарманың бірі – этюд болып табылады, этюдты таңдауда оның көркемдік, және де техникалық маңыздылығын ескеру қажет.

Құрылымы мен мазмұнына қатысты, этюдты орындаудың бірнеше түрі мен мақсаттары бар: талдау, нота парағы бойынша орындау, техникалық сынақта орындау. Этюдты орындаудың техникалық орындаушылықты жетілдірумен қатар, аспапты дұрыс ұстап отыру дағдыларын қалыптастыру ғана емес, ойнау аппаратының қозғалғыштығы мен икемділігін дамытуға да көңіл бөліну қажет.

434. Нотаны қағаз бетінен оқу техникасы 1-сыныптан 5-сыныпқа дейін оқыту және педагогпен жүйелі түрде қадағаланып отырылады. Нотаны қағаз бетінен оқу дағдысын қарапайым пьесаларды бір қолымен орындау арқылы зерделеуден басталады. Кейінгі сыныптарда екі қолымен бір уақытта орындауға дағдыланады.

435. Нота бойынша орындалатын шығармалар орындайтын шығармалардың репертуары қызықты, орындаушылық қабілеттеріне байланысты болып іріктелінеді (пьесаның күрделілік дәрежесіне қарай 1, 2-сыныпқа төмен болуы мүмкін).

436. Нота бойынша шығармаларды талдаудың алдында ауызша талдау – мақамды анықтау (кілт белгілері-альтерация), көлем, екпін және шығарманың сипаты, серпінділік белгілері және агогика (шығарманың ішіндегі жылдамдық өзгерістері) анықталады.

437. Нота бойынша шығармаларды талдау жұмысын өткізу барысында, білім алушы ноталардан көзін алмай қарап орындауы қажет.

Нота бойынша шығармаларды талдау жұмысын ансамбль мен оркестрде жалғастыруға болады.

438. Дайын-таңдаулы баянда ойнауды үйрету.

Баян аспабының сол қол пернетақтасы іріктелген немесе (выборный или готово-выборный) дайын-таңдаулы болған жағдайда оны оң пернетақтаны қосарлана игеру арқылы іске асыру жөн.

Таңдаулы пернетақтаны меңгеруді осыған ұқсас аспаптың болмауына байланысты аспаптарда орындауды 3-ші сыныптан бастап жүзеге асыруға болады.

Таңдалған пернетақтада мажорлық және минорлық гаммаларды, ұзақ және қысқа арпеджио түрлерін, үндестіктерді үйренумен қатар білім алушылар полифониялық шығармаларды орындауды меңгереді.

11-параграф. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Флейта арнайы сыныбы» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

439. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Флейта арнайы сыныбы» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мақсатты, міндеттерді, пәннің мазмұнын, бағдарламалық талаптарды, емтихан талаптарын, күтілетін нәтижелерді анықтайды.

440. Бағдарлама музыка өнері саласындағы орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын ескере отырып, балалар музыка мектептеріне және өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналық әзірленген.

441. Флейта сыныбында оқу мерзімі жас ерекшеліктеріне, жалпы зияткерлік дайындығына, баланың физикалық және музыкалық қабілеттеріне байланысты 5-7 жасты құрайды. 5 жас пен 8 жас аралығында мектепке оқыға келген балаларға 7 жылдық оқу мерзімімен білім беру бағдарламасын, ал 8 жастан жоғары балалар үшін 5 жылдық білім беру бағдарламасы ұсынылады.

Кәсіби музыкалық оқу орындарына түсуді жоспарлайтын білім алушылар үшін, олардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың сұранысы бойынша оқу мерзімі бір жылға ұзатылуы мүмкін.

442. Бағдарламаның мақсаты: флейтада ойнау білімін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы бала тұлғасын дамыту.

443. Бағдарламаның міндеттері:

1) классикалық музыкаға және музыкалық шығармашылыққа деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін дамыту;

2) музыкалық қабілеттерін дамыту: есту қабілеті, есте сақтау, ырғақ, эмоциялық күй, саздылық және әртістік;

3) саксофонда музыкалық орындаушылық үшін қажетті құрал ретінде музыкалық сауатты меңгеру;

4) флейтада ойнау дағдыларын қалыптастыру;

5) жеке және ансамбльде музыкалық шығармаларды сауатты орындауға мүмкіндік беретін негізгі дағдыларды меңгеру;

6) балалардың шығармашылық қызмет пен көпшіліп алдына шығып өнер көрсетуден тәжірибе алуы, кәсіби оқуды жалғастыруға саналы түрде уәждемелеуді қалыптастыру.

444. Балалардың физиологиясына қарай педагог білім алушының қандай аспаппен айналысатынын анықтайды 5-7 жастағы балалар үшін блокфлейта және вэйв үлкен флейта жүйесі (Wave-system) және одан жоғары жастағы балалар үшін флейта сопрано.

445. Оқыту жеке, шағын топтық және топтық формада жүзеге асырылады. Даярлық сыныбындағы білім алушылардың сандық құрамы -8-10 адам.

Ұжымдық музыка ойнау пәні бойынша топтардың сандық құрамы: оркестрде және ұжымдық музыка ойнаудың басқа формаларында - 6 адам, ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық формаларында - 2 адамнан бастап 4 адамға дейін.

446. Даярлық және 1-сыныптарда сабақтың шағын түрлері пайдаланылады: сабақ немесе оның бөлігі екі-үш білім алушымен бір уақытта өткізіледі. Жиналған уақыттың қоры нотаны парақтан оқуды, тыңдау бойынша теруді, тасымалдауды, ансамбльді дамытуға және музыкалық дүниетанымды кеңейтуге арналады.

447. Бағдарламаны игерудің түрлі кезеңдеріне қойылатын міндеттерге байланысты оқыту әдістері анықталған:

1) сөзбен жеткізу (сөзбен жеткізу әдістері және ақпаратты тыңдау арқылы қабылдау): әңгіме, сөйлесу, түсіндіру, сұхбат, нұсқаулық, өз бетімен жұмыс.

2) көрнекілік: иллюстрациялар, демонстрациялар (музыкалық аспапта орындау), өз бетімен бақылау және практикалық әдістер: жаттығулар, практикалық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар;

3) Оқу-танымдық қызметті бақылау әдістері мен тиімділікті өзі бағалау.

448. Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету. Білім беру үдерісінің тиімділігі оның мақсатының мазмұны мен тәрбиелеу міндеттеріне, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, педагог пен білім алушының кәсіби құзіретті педагогикалық өзара әрекеттестігіне байланысты.

449. Музыка мектептерінің музыкалық қабілеттері жақсы балалармен қатар, музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар оқиды. Сабақта педагог олармен жұмыс істегенде музыка ойнаудың түрлі нысандары мен шығармашылық дағдыларын дамытуға екпін жасай отырып, дамытуға бағытталған оқыту әдістеріне сүйенеді. Репертуарды таңдау барысында жеке жоспардың түрлі нұсқада болуына жол беріледі: 1 және 2 сыныптардың талаптарының (оның ішінде гаммалардың да) деңгейлерін төмендету.

450. Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспарлар әзірленеді және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың соңында педагог алдында бекітілген тізімдердегі тапсырмалардың орындауы мен өзгерістерінің сапасын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық жағынан дамуының, үлгерімі мен еңбекке қабылеттілігіне сипаттама береді.

451. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

452. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

Білім алушының жылдық оқу жоспарының негізгі құрамдас бөлігі: ірі нысандағы туындылар, полифония, пьесалар, этюдтер, гаммалар және музыкалық шеберліктерін дамытатын жаттығулар, ансамбльдер, сүйемелдеулер, өзі оқып-үйренуі, қағаз бетінен оқуы және тасымалдауы, үйде музыкада ойнау үшін пьесалар.

453. Білім алушылардың жеке жоспарлары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 20-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтып көрсетеді.

454. Жеке жоспарда білім алушының жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішілік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшандығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

6) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

455. Бірдей сыныпта бағдарламаны оқытудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілігінің деңгейі бойынша өзгеше болуы мүмкін.

456. Репертуармен жұмыста педагог шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтиханда) орындауға, ал қалған бөлігі – сынып жұмысына немесе танысуға арналатындығын ескеру керек. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу дәрежесін білім алушының жеке жоспарында оқу сатыларын белгілеу арқылы анықтауы мүмкін.

457. Педагогтің әрбір білім алушының жеке ыңғайын ескере отырып, жаңа репертуар есебінен репертуарлық тізімдерді толықтырады, бағдарламаның көлемі мен күрделілігін саралайды.

458. Пәннің оқу-тақырыптық жоспары. Оқыту мерзімі 5-7 жыл.

1) Гаммалар, арпеджио, штрихтар – 60 сағат.

2) Этюдтер, жаттығулар – 96 сағат.

3) Пьесалар. Ірі нысанды шығармалар – 204 сағат.

4) Ансамбль. Нотаны парақтан оқу – 24 сағат.

5) Ұжымдық саз өнері (шағын нысандар) – 24 сағат.

Барлығы: 408 сағат.

459. Пәннің оқу-тақырыптық жоспары. Даярлық, 1, 2, 3, 4, 5-сыныптар.

1) Гаммалар, арпеджио, штрихтар – 10 сағат.

2) Этюдтер, жаттығулар – 16 сағат.

3) Пьесалар. Ірі нысанды шығармалар – 34 сағат.

4) Ансамбль. Нотаны парақтан оқу – 4 сағат.

5) Ұжымдық музыка ойнау нысаны (шулы оркестр, шағын нысандар) – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

460. Пәннің оқу-тақырыптық жоспары. Даярлық, 1, 2, 3, 4, 5, 6. 7-сыныптар.

1) Гаммалар, арпеджио, штрихтар – 10 сағат.

2) Этюдтер, жаттығулар – 16 сағат.

3) Пьесалар. Ірі нысанды шығармалар – 34 сағат.

4) Ансамбль. Нотаны парақтан оқу – 4 сағат.

5) Ұжымдық музыка ойнау нысаны (шулы оркестр, шағын нысан) – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

461. Бағдарламалық талаптар. Білім алушылар даярлық сыныбында:

1) 20-25 жеңіл пьесаны, 8-12 этюдті, 2-4 жеңіл ансамбльдік шығарманы (жұмыс барысында дабылды шулы аспаптарды қолдануға болады) және бірнеше нұсқаулық жаттығуларды үйренеді;

2) оқу жылы соңында білім алушы флейтада ойнаудың басты амал-тәсілдерін, музыкалық сауатты білуі, қарапайым музыкалық пьесалардың түрін анықтай білуі, жеңіл пьесалар мен этюдтерді парақтан оқу және орындау дағдыларын меңгеру, ансамбльде ойнау дағдыларын еркін меңгереді.

462. Бағдарламалық талаптар. 1-сыныпта білім алушылар:

1) көлемі жағынан түрлі 20-22 музыкалық шығарманы, аз дегенде 10-12 жеңіл пьесаны, 8-12 этюдті, 4-6 ансамбльдік шығарманы және қосымша танысу мақсатында бірнеше жеңіл пьесаны, сонымен қатар орындаушылықты аппаратты дұрыс қою бойынша нұсқаулық жаттығуларды үйренеді;

2) оқу жылы соңында білім алушы флейтада ойнаудың басты амал-тәсілдерін, музыкалық сауатты білуі, қарапайым музыкалық пьесалардың түрін анықтай білуі, жеңіл пьесалар мен этюдтерді парақтан оқу және орындау дағдыларын меңгеру, ансамбльде ойнау дағдыларын меңгереді.

463. Бағдарламалық талаптар. Білім алушылар 2-сыныпта:

1) көлемі жағынан түрлі болып келетін 18-20 музыкалық шығарманы, аз дегенде 8-10 жеңіл пьесаны, 6-8 этюдті, 4-6 ансамбльдік шығарманы және қосымша танысу мақсатында бірнеше жеңіл пьесаны, сонымен қатар орындаушылықты аппаратты дұрыс қою бойынша нұсқаулық жаттығуларды үйренеді.

2) флейтада ойнаудың басты амал-тәсілдерін, музыкалық сауатты білуі, қарапайым музыкалық пьесалардың түрін анықтай білуі, жеңіл пьесалар мен

этюдтерді парақтан оқу және орындау дағдыларын меңгеру, ансамбльде ойнау дағдыларын біледі.

464. Бағдарламалық талаптар.3-сыныпты білім алушы:

1) көлемі жағынан түрлі 18-20 музыкалық шығарманы, 1-2 ірі нысанды шығармаларды, 6-8 жеңіл пьесаны, 4-6 этюдті, 4-6 ансамбльдік шығарманы және қосымша танысу мақсатында бірнеше жеңіл пьесаны үйренеді;

2) флейтада ойнаудың басты амал-тәсілдерін, музыкалық сауатты білуі, музыкалық шығармалардың түрін анықтай білуі, нотаны парақтан оқу дағдыларын, пьесалар мен этюдтерді орындау, ансамбльде ойнай дағдылары мен ансамбльдік партитураларды парақтан оқу дағдыларын біледі.

465. Бағдарламалық талаптар. 4-сыныпта білім алушы:

1) көлемі жағынан түрлі 16-18 музыкалық шығарманы, 1-2-ден кем емес ірі нысанды шығармаларды, 6-8 пьесаны, 4-6 этюдті, 4-6 ансамбльдік шығарманы және қосымша танысу мақсатында бірнеше жеңіл пьесаны үйренеді;

2) флейтада ойнаудың басты амал-тәсілдерін, музыкалық сауатты білуі, музыкалық шығармалардың түрін анықтай білуі, нотаны парақтан оқу дағдыларын және пьесалар мен этюдтерді орындау, ансамбльде ойнай дағдылары мен ансамбльдік партитураларды парақтан оқу дағдыларын, ноталық редакторда жұмыс істеу дағдыларын біледі..

466. Бағдарламалық талаптар. 5-сыныптың аяғында білім алушылар:

1) көлемі жағынан түрлі 8 музыкалық шығарманы, 4-6 ансамбльдік шығарманы және қосымша танысу мақсатында бірнеше пьесаны үйренеді;

2) флейтада ойнаудың басты амал-тәсілдерін, музыкалық сауатты, музыкалық шығармалардың сипаты мен түрін анықтайды, парақтан оқу дағдыларын , пьесалар мен этюдтарды орындай білу дағдыларын, ансамбльде ойнау дағдылары мен ансамбльдік партитураларды парақтан оқу дағдыларын, шығармалардың аранжировка негіздерін (аспапты күйге келтіру, өңдеу), ноталық редакторда жұмыс істеу дағдыларын біледі;

3) флейтада ойнаудың дағдыларын, музыка теориясы негіздерін білуі, музыкалық шығармалардың нақыштық ерекшеліктері мен түрлерін түсіну, дыбысты жүргізумен, екпіндік жіне ырқақтық нақтылықпен жұмыс жасауды, сөз тіркестерін жақсы білу, парақтан оқу және ансамбльде ойнау дағдыларын, аранжировка негіздері мен ноталық редакторда жұмыс істеу дағдыларын біледі.

467. Бағдарламалық талаптар. 6 және 7-сыныптардың білім алушылары:

1) түрлі 8 музыкалық шығарманы, 4-6 ансамбльдік шығарманы және қосымша танысу мақсатында бірнеше пьесаны үйренеді;

2) флейтада ойнау дағдыларына ие, музыкалық сауатты, музыкалық шығармалардың үлгілерін және стилистикалық ерекшеліктерін түсінуі, парақтан оқу дағдалырын білу, пьесалар мен этюдтерді орындау, ансамбльде ойнау дағдылары мен ансамбльдік партитураларды парақтан оқу және аранжировка негіздері туралы дағдыларын білу, ноталық редакторда жұмыс істеу дағдыларын біледі;

3) флейтада ойнаудағыларын, алғашқы музыкалық теория негіздерін, музыкалық шығармалардың нақыштық ерекшеліктері мен түрлерін түсіну, дыбыстану, дыбыс тазалығы (интонация) және ырғақтың дәлдігі бойынша жұмыс істей білуі, фразаларға бөле білу, парақтан оқу, ансамбльде ойнау, транспонирлеу, аранжировка негіздерін, музыканы өңдеу және музыкалық шығармаларды аспапқа түсіру, ноталық редакторда еркін жұмыс істеу дағдылары.

468. Күтілетін нәтижелер. Даярлық сыныбы бойынша оқу жылы соңында білім алушы флейтада ойнаудың басты амал-тәсілін, музыкалық сауат негіздерін, қарапайым музыкалық пьесалардың ерекшелігін айқындай біледі, қарапайым пьесаларды орындау дағдыларын игереді, естілуі бойынша қысқа әуендерді аспапта ойнай біледі;

469. Оқытудың осы кезеңінің пәндік құзіреттіліктері:

- 1) аспаптың құрылымын, флейтаны күту ережелерін білу;
- 2) музыкалық сауат негіздерін білу;
- 3) тыныс алу және ерін аппаратын, қолдар қалпын ұйымдастыру;
- 4) флейтада орындаудың алғашқы дағдыларын игеру;
- 5) көркем-музыкалы ой-өрісті қалыптастыру;
- 6) бір белгідегі үндестіліктегі бір октавадағы 2 гамманы орындай білу;
- 7) негізгі штрихтарды (деташе, легато) игеру;
- 8) алғашқы өзін бақылау дағдылары мен үй тапсырмаларын өз бетінше орындау дағдыларын дамыту;
- 9) 6-10 жеңіл пьесаны еске сақтауы бойынша ойнау.

470. 1-сыныптың аяғында білім алушы флейтада ойнаудың негізгі дағдыларын меңгереді, музыкалық сауат негіздерін, негізгі штрихтарды біледі, музыкалық пьесалардың ерекшеліктерін айыра біледі, әуеннің орындалуын талдай біледі, пьесалар мен фразалардың құрылымын анықтай біледі, түрлі нақыштық бағыттағы шығармаларды орындау дағдыларына ие және берілген әуендерді естуі бойынша ойнай біледі.

471. Осы оқыту кезеңінің пәндік құзіреттіліктері:

- 1) аспаптың құрылымын, флейтаны күту ережелерін білу;
- 2) музыкалық сауат негіздерін білу;
- 3) тыныс және ерін аппаратын, қолдың дұрыс қойылуын ұйымдастыру;
- 4) флейтада ойнаудың алғашқы дағдыларын меңгеру;
- 5) нотаны парақтан оқудың алғашқы дағдыларын меңгеру;
- 6) музыкалық-образдық ойлауды қалыптастыру;
- 7) өзін бақылаудың алғашқы дағдыларын қалыптастыру;
- 8) негізгі штрихтарды меңгеру (деташе, легато, стаккато);
- 9) бір октавалық қарапайым гаммаларды және үшдыбыстықтарды мажорлы және минорлы гаммаларды орындай білу;
- 10) қарапайым әуендерді есту арқылы етере білу;
- 11) жеңіл 10-12 пьесаны, 5-6 нұсқаулық жаттығуларды, 3-5 этюдты, 2-3 ансамбльдік шығармаларды жаттау.

472. 2-сыныптың аяғында білім алушы флейтада ойнаудың негізгі дағдыларына ие, музыкалық сауат негіздерін, негізгі штрихтарды біледі, негізгі музыкалық жанрларды біліп, оның стилистикалық ерекшеліктерін түсінеді, орындау кезінде негізгі құрылымдарға: пьесаның, фразаның құрылысын анықтауға көңіл аударуы, түрлі стилистикалық бағыттағы шығармаларды орындау және берілген әуендерді есту бойынша ойнай білу дағдыларына ие, орындау кезінде интонацияны бақылай біледі, фразаларға бөле білуі; парақтан оқи білу және қарапайым әуендерді аспапта ойнау дағдыларына ие болады.

473. Осы кезеңнің пәндік күйреттіліктері:

- 1) музыкалық сауаттылық негіздерін білу;
- 2) бір жарым-екі октава шамасындағы аппликатураларды білу;
- 3) орындаушылық аппаратты ұйымдастыру;
- 4) музыкалық-образдық ойлауды қалыптастыру;
- 5) өзін-өзі бақылаудың және үй жұмысын өзбетінше орындау дағдыларын жетілдіру;
- б) негізгі штрихтарды (деташе, легато, стаккато, қос стаккато) білу;
- 7) екі белгіге дейін екі октавалы негізгі үшдыбыстылықта мажорлы және минорлы орындай білу;
- 8) күрделілігі жоғары 10-12 пьесаны, бірқатар нұсқаулық жаттығуларды, 5-6 этюдті және 3-5 ансамбльдік шығармаларды жатқа білу;
- 9) нотаны парақтан оқу дағдыларын;
- 10) фразаларға бөлуді, әуенді таза орындауды үйрену;
- 11) жеңіл әуендерді есту арқылы аспапта теру және транспонирлеу.

474. 3-сыныптың аяғында білім алушы флейтада ойнау дағдыларына ие, музыкалық сауаттылықты біледі, негізгі штрихтарды пайдалана біледі және оларды түрлі комбинацияларда орындай біледі, негізгі музыкалық жанрларды және олардың стилистикалық ерекшеліктерін біледі, орындау кезінде негізгі құрылымдарға: пьесаның, фразаның құрылысын анықтауға көңіл аударады; дыбыстану, дыбыс тазалығы және ырғақтың дәлдігі бойынша жұмыс істей білу; түрлі стилистикалық бағыттағы шығармаларды орындау және берілген әуендерді естуі бойынша аспапта орындай білу дағдыларына ие; орындау барысында интонациялық бақылауды жүзеге асыру, фразаларға бөле біледі; ансамбльде ойнау, парақтан оқу, транспонирлеу дағдыларына ие.

475. Осы кезеңнің пәндік күйреттіліктері:

- 1) музыкалық сауаттылықтың негіздерін білу;
- 2) екі-екі жарым октавадағы аппликатураны білу;
- 3) орындаушылық аппаратты ұйымдастыру;
- 4) музыкалық-бейнелік ойлауды қалыптастыру
- 5) өзін-өзі бақылаудың және үй жұмысын өзбетінше орындау дағдыларын жетілдіру;
- б) негізгі штрихтарды (деташе, легато, стаккато, қос стаккато, тенуто, акцент, нон-легато) білу;

7) екі белгіге дейін екі октавалы негізгі үшдыбыстылықта мажорлы және минорлы гаммаларды, доминантсептаккордты орындай білу;

8) хроматикалық гаммаларды оқу;

9) ірі нысанды 1-2 шығарманы, 8-аса күрделі және түрлі нақыштық бағыттағы 8-10 пьесаны, бірқатар нұсқаулық жаттығуларды, 5-6 этюдті және 3-5 ансамбльдік шығармаларды жатқа білу;

10) фразаларға бөлуді, әуенді таза орындауды үйрену;

11) нотаны парақтан оқу жіне транспонирлеу дағдыларын білу;

12) жеңіл секвенцияларды орындай білу;

476. 4-сыныптың аяғында білім алушы флейтада ойнау дағдыларын игереді, музыкалық сауаттылықты біледі, негізгі және көмекші штрихтарды пайдалана біледі және оларды түрлі комбинацияларда орындай біледі, негізгі музыкалық жанрларды және олардың стилистикалық ерекшеліктерін түсінеді, орындау кезінде негізгі құрылымдарға: пьесаның, фразаның құрылысын анықтауға көңіл аударуы; дыбыстану, дыбыс тазалығы және ырғақтың дәлдігі бойынша жұмыс істей алады; түрлі стилистикалық бағыттағы шығармаларды орындау дағдыларын меңгереді, орындау барысында интонациялық бақылауды жүзеге асырады, фразаларға бөле біледі; ансамбльде ойнау, парақтан оқу, транспонирлеу, музыканы сандық өндеудің және ноталық редакторларда жұмыс жасаудың алғашқы дағдыларына ие.

477. Осы кезеңнің пәндік құзіреттіліктері:

1) музыкалық сауаттылықтың негіздерін білу;

2) үш октавадағы аппликатураны білу;

3) орындаушылық аппаратты ұйымдастыру;

4) флейтада ойнау дағдыларын меңгеру;

Музыкалық-бейнелік ойлауды қалыптастыру;

б) аранжировка жасаудың дағдылары мен ноталық редакция жасау жұмыстарын білу;

7) өзін-өзі бақылаудың және үй жұмысын өзбетінше орындау дағдыларын жетілдіру;

8) негізгі штрихтарды (деташе, легато, стаккато, қос стаккато, тенуто, акцент, нон-легато) білу;

9) төрт белгіге дейін екі октавалы негізгі үшдыбыстылықта мажорлы және минорлы гаммаларды және үшдыбысты ладты айналымдарымен орындай білу;

10) хроматикалық гаммаларды оқу;

11) ірі нысанды 1-2 шығарманы, 8-10 аса күрделі және түрлі нақыштық бағыттағы 8-10 пьесаны, бірқатар нұсқаулық жаттығуларды, 5-6 этюдті және 3-5 ансамбльдік шығармаларды жатқа білу;

112) фразаларға бөлуді, әуенді таза орындауды үйрену;

13) нотаны парақтан оқу жіне транспонирлеу дағдыларын білу;

14) жеңіл секвенцияларды орындай білу;

15) ансамбльдік партитуралармен жұмыс істеу дағдыларын білу;

16) аспаптаудың, аранжировканың алғашқы дағдыларын және ноталық редактормен жұмыс істей білу.

478. 5-сыныптың аяғында білім алушы флейтада деңгейлер бойынша ойнау дағдыларын ие, музыкалық сауаттылықты біледі, негізгі штрихтарды пайдалана біледі және оларды түрлі комбинацияларда орындай біледі және негізгі және көмекші аппликатураны пайдалана біледі, музыкалық жанрларды біледі және олардың стилистикалық ерекшеліктерін түсінеді, орындау кезінде негізгі құрылымдарға: пьесаның, фразаның құрылысын анықтауға көңіл аударуы; дыбыстану, дыбыс тазалығы және ырғақтың дәлдігі бойынша жұмыс істей білуі; түрлі стилистикалық бағыттағы шығармаларды орындау және берілген әуендерді естуі бойынша аспапта орындай білу дағдыларын меңгеруі; орындау барысында интонациялық бақылауды жүзеге асыру, фразаларға бөле білу; ансамбльде ойнау, парақтан оқу, транспонирлеу, мультимедиа құралдарын қолдана білу дағдыларын (музыканың сандық оңделуі мен аранжировка бағдарламасын, ноталық редакторларды) меңгеруі керек.

479. Осы кезеңнің пәндік құзіреттіліктері:

- 1) музыкалық сауаттылықтың негіздерін білу;
- 2) үш октавадағы аппликатураны білу;
- 3) қосымша аппликатураны пайдалана білу;
- 4) орындаушылық аппаратты ұйымдастыру;
- 5) флейтада ойнау дағдыларын меңгеру;
- 6) сахна мәдениетін білу;
- 7) музыкалық-образдық ойлауды қалыптастыру;
- 8) музыканы сандық өңдеудің алғашқы дағдылары мен ноталық редакторде жұмыс істеу дағдыларын үйрену;
- 9) жобалық қызметке қатысу;
- 10) негізгі штрихтарды және олардың комбинацияларын (деташе, легато, стаккато, қос стаккато, тенуто, акцент, нон-легато және басқалары) білу;
- 11) төрт белгіге дейін екі-екі жарым октавалы негізгі үшдыбыстылықта мажорлы және минорлы гаммаларды және үшдыбысты ладты айналымдарымен, доминантсептаккордты айналымдарымен, септаккордтарды айналымдарымен азайту;
- 12) хроматикалық гаммаларды оқу;
- 13) ірі нысанды 1-2 шығарманы, 8-10 аса күрделі және түрлі нақыштық бағыттағы 8-10 пьесаны, бірқатар нұсқаулық жаттығуларды, 5-6 этюдті және 3-5 ансамбльдік шығармаларды жатқа білу;
- 14) фразаларға бөлуді, әуенді таза орындауды үйрену;
- 15) нотаны парақтан оқу және транспонирлеу дағдыларын білу;
- 16) жеңіл секвенцияларды орындай білу;
- 17) ансамбльдік партитуралармен жұмыс істеу дағдыларын білу;
- 18) аранжировка, өңдеу, аспаптау дағдыларын меңгеру;
- 19) аспаптаудың, аранжировканың алғашқы дағдыларын, музыканы өңдеу және ноталық редактормен жұмыс істей білу;

480. 6 және 7-сыныптардың аяғында білім алушы:

1) флейтада ойнау дағдыларына ие болады, музыканың қарапайым теориясы негіздерін біледі, негізгі және көмекші штрихтарды пайдалана біледі және оларды түрлі комбинацияларда орындай алады, негізгі және көмекші аппликатураны пайдалана біледі;

2) флейтада ойнаудың заманауи тәсілдерін біледі, музыкалық жанрларды біледі және олардың стилистикалық ерекшеліктерін түсінеді;

3) орындау кезінде негізгі құрылымдарға көңіл аударады, музыкалық шығармалар түрлерін талдай біледі, агогиканы меңгереді, дыбыстану, дыбыс тазалығы және ырғақтың дәлдігі бойынша жұмыс істей біледі, түрлі стилистикалық бағыттағы шығармаларды орындай біледі, орындау барысында интонациялық бақылауды жүзеге асырады, фразаларға бөле біледі;

4) нотаны парақтан оқу, транспонирлеу, мультимедиа құралдарын қолдана білу дағдыларын (музыканың сандық оңделуі мен аранжировка бағдарламасын, ноталық редакторларды) меңгереді.

481. Осы кезеңнің пәндік күзiреттiлiктерi:

1) флейтада ойнау дағдыларын, соның ішінде заманауи орындау тәсілдерін меңгеру;

2) музыкалық-орындаушылық құралдарының кешенін біру;

3) сахна мәдениетін білу;

4) музыкалық-образдық ойлауды қалыптастыру;

5) музыканы сандық өңдеудің алғашқы дағдылары мен ноталық редакторде жұмыс істеу дағдыларын үйрену;

6) өз бетінше жұмыс істеуді жүзеге асыру, үй тапсырмасын орындау барысында өз бетінше жұмыс уақытын жоспарлау;

7) жобалық қызметке қатысу;

8) негізгі штрихтарды және олардың комбинацияларын (деташе, легато, стаккато, үш стаккато, тенуто, акцент, нон-легато және басқалары) білу;

9) төрт белгіге дейін екі-екі жарым октавалы негізгі үшдыбыстылықта мажорлы және минорлы гаммаларды және үшдыбысты ладты айналымдарымен, доминантсептаккордты айналымдарымен, септаккордтарды айналымдарымен азайту;

10) ірі нысанды 1-2 шығарманы, 8-10 аса күрделі және түрлі нақыштық бағыттағы 8-10 пьесаны, бірқатар нұсқаулық жаттығуларды, 5-6 этюдті және 5-6 ансамбльдік шығармаларды жатқа білу;

11) фразаларға бөлуді, әуенді таза орындауды үйрену;

12) нотаны парақтан оқу және транспонирлеу дағдыларын білу, секвенцияларды орындай білу;

13) аспаутаудың, аранжировканың алғашқы дағдыларын, музыканы өңдеу және ноталық редактормен жұмыс істей білу;

482. Бақылау нысандары.

1) сыныптық концерт (сыныптың есеп беру концерті) –3 тоқсан соңында педагог сыныбының барлық білім алушылары күшімен өткізіледі;

2) рейтинг-концерт (Rating-concert - бұдан былай R-C, Академиялық концерт) – оқу жылының бірінші және екінші жартыжылдықтары соңында педагог сыныбы бойынша, мамандықтары бойынша, барлық мамандықтың оқу сыныптары бойынша түрлі нұсқаларда өткізіледі;

3) синтез–концерт – оқу жылының соңында түрлі музыкалық аспапта ойнауды үйреніп жүрген бірнеше сынып білім алушыларының күшімен өткізіледі;

4) техникалық сынақ 1 және 3 тоқсанның аяғында 2 – 6-сыныптың білім алушылары үшін өткізіледі;

483. Мектеп бітіру емтиханы 5-7 жылдық оқу мерзімі аяқталғанда білім алушының жеке оқу жоспарын ескере отырып нұсқаулылық талаптары бойынша тапсырылады.

484. Аралық аттестаттау бақылау сабақтары, сынақтар және емтихандар түрінде жүргізіледі. Бақылау сабақтары, сынақтары және емтихандары техникалық сынақ, Rating concert (Академиялық концерт), концерттік бағдарламаларды орындау, жазбаша жұмыс және ауызша сұрақ түрінде жүргізіледі.

485. Ағымдық аттестацияның мазмұны, оны өткізу шарттары, білім алушылардың үлгерімін аралық аттестаттау және ағымдық бақылауды білім беру ұйымы өзі әзірлейді және оны педагогикалық кеңесте бекітеді.

486. Қорытынды аттестация "Мамандық", "Сольфеджио" пәндері бойынша бітіру емтиханы түрінде жүргізіледі.

487. Қорытынды аттестацияның өлшемдері. Бақылау-бағалаудың сипаты.

1) «5-тік» баға («өте жақсы») – музыкалық шығарманың мазмұнын мәнерлі жеткізу, нысанды, қарқынды сезіне білу, екпіннің тазалығы, ырғақтық пульсацияның анықтылығы, түрлі серпінділік, өзінің орындауын ести отырып бақылау, орындау техникасын еркін меңгеру, әртістік және беріліп орындау.

2) «4-тік» баға («жақсы») – шығарманың нысанын сауатты түсіну, музыка тілін түсіну, музыкалық мәнерлілік құралдарын, ноталық мәтінді тұрақты шығару, қарқынның бірыңғайлығы, екпіннің тазалығы, түрлі серпінділік, естуді бақылаудың жетіспеушілігі, сахнада өзін ұстаудың психологиялық тұрақсыздық.

3) «3-тік» баға («қанағаттанарлық») – музыканы образды жеткізбей, тек автордық нота мәтінін оқып шығу, өз орындауын бақылаудың төмендігі, қарқынды-ырғақтық ұйымдастырылмағандығы, дыбыстылудың бір сарында болуы, сахнада өзін ұстаудың психологиялық тұрақсыздығы.

4) «2-лік» баға («қанағаттанарлық емес») – ноталық мәтінді ойнаудағы қателіктері, естуды бақылаудың болмауы, метро-ырғақтық тұрақсыздық, дыбыс шығару мен дыбысты жүргізудің сапасының төмен болуы, дыбыстың таза болмауы, орындау барысында жиі тоқтап қалу.

488. Даярлық сыныбына арналған болжамды сынақ-емтихан талаптары.

1 тоқсан – өткен материал бойынша бақылау сабағы.

1 тоқсан - R-C академиялық концерт: 3 жеңіл пьеса.

3 тоқсан – өткен материал бойынша бақылау сабағы.

4 тоқсан - R-C академиялық концерт:3 түрлі сипаттағы пьесалар.

489. 1-сыныпқа арналған болжамды сынақ-емтихан талаптары.

1 тоқсан – Бақылау сабағы (өтілген материал бойынша),

Техникалық сынақ және білім алушылардың шығармашылық өз бетінше жүргізген жұмыстары: гаммалар. Этюдтер (нотаны парақтан оқу).

Музыкалық терминологияны білу.

2 тоқсан – R-C академиялық концерт:3 түрлі сипаттағы пьесалар.

3 тоқсан – техникалық сынақжәне білім алушылардың шығармашылық өз бетінше жүргізген жұмыстары: гаммалар. Этюдтер (нотаны парақтан оқу).

Музыкалық терминологияны білу.

4 тоқсан – көшіру емтиханы:3 түрлі нақыштық бағыттағы түрлі сипаттыпьесалар.

490. 2-5-сыныптарға арналған болжамды сынақ-емтихан талаптары.

1 тоқсан – емтихан: 2 түрлі сипаттағы пьесалар.

Техникалық сынақ және білім алушылардың шығармашылық өз бетінше жүргізген жұмыстары: гаммалар. Этюдтер (нотаны парақтан оқу).

Музыкалық терминологияны білу.

2 тоқсан – R-C академиялық концерт:

1 ірі нысанды шығармаларжәне пьеса.

Ірі нысанды шығарманы үлкен пьесамен алмастыруға болады.

3 тоқсан – Техникалық сынақ және білім алушылардың шығармашылық өз бетінше жүргізген жұмыстары:гаммалар. Этюдтер (нотаны парақтан оқу).

Музыкалық терминологияны білу.

4 тоқсан - Сыныптық концерт: 2 түрлі сипаттағы ансамбльдік шығармалар. R-C академиялық концерт:3 түрлі нақыштық бағыттағы түрлі сипатты пьесалар немесе 1 ірі нысанды шығарма және 2 пьеса.

491. Бітіру емтиханы. Оқыту мерзімі 5 жыл.

Емтихандық бағдарламалардың нұсқалары:

1 концерттік этюд немесе жеке пьеса, немесе айқын пьеса.

1 ірі нысанды шығарма.

1 қазақ композиторының шығармасы.

1 кантильді пьеса.

1 виртуозды пьеса.

Пьесалардың біреуі жобалық қызмет аясында шығармашылық жобаға кіруі мүмкін. Мысалы: түлек флейта ансамбліне арналған шығармаға аранжировка жасайды, бірінші партияны өзі орындайды және бір уақытта ансамбльге жетекшілік етеді. .

492. 6-7-сыныптарға арналған болжамды сынақ-емтихан талаптары.

1 тоқсан – емтихан:2 түрлі сипатты пьесалар немесе фортепианоның сүйемелдеуімен 1 пьесаны және 1 пьесаны жеке орындау.

Техникалық сынақ және білім алушылардың шығармашылық өз бетінше жүргізген жұмыстары: гаммалар. Этюдтер (нотаны парақтан оқу). Музыкалық терминологияны білу.

2 тоқсан – R-C академиялық концерт: 1 ірі нысанды шығарма және 1 сипатты пьеса.

3 тоқсан – Техникалық сынақ және білім алушылардың шығармашылық өз бетінше жүргізген жұмыстары: гаммалар. Этюдтер (нотаны парақтан оқу). Музыкалық терминологияны білу.

4 тоқсан - Сыныптық концерт: 3 түрлі сипатты ансамбльдік шығармалар.

R-C академиялық концерт: 3 түрлі сипаттағы түрлі нақыштық бағыттағы пьесалар немесе 1 ірі нысанды шығарма және 2 түрлі сипатты пьесалар.

Ірі нысанды шығармаларды кеңейтілген пьесалармен алмастыруға болады.

493. Бітіру емтиханы.. оқу мерзімі 7 жыл.

1 концерттік этюд немесе пьесаны жеке орындау немесе кеңейтілген пьеса;

1 ірі нысанды шығарма;

1 қазақ композиторының шығармасы;

1 кантиленді сипаттағы пьеса;

1 виртуозды пьеса.

494. Пьесалардың біреуі жобалау қызметінің аясында шығармашылық жобаға кіруі мүмкін. Мысалы; түлек флейта ансамбліне арналған шығарманы өндейді, аранжировкасын істейді, аспапқа түсіреді, алғашқы партиясын өзі орындайды және бір уақытта ансамбльге жетекшілік етеді.

12-параграф. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Саксофон» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

495. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің « Саксофон» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оқу пәнінің мазұнын, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды, тақырыптық жоспарды, күтілетін нәтижелерді, сыныптар бойынша болжамды бағдарламалық талаптарды, бақылау нысандары мен бағалау өлшемдерін, болжамды сынақ-емтихан талаптарын анықтайды.

496. Бағдарламаның мақсаты: саксофон аспабын сауатты меңгеру арқылы шығармашық өзін өзі танытуға қабілетті бала тұлғасын дамыту.

497. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім берушілік: дарынды білім алушыларды ерте кәсіптік бағдар бойынша білімін дамытудағы баланың жеке тұлғалық дамуын қалыптастыру, музыкалық шығармашылықтағы танымдық қызығушылығын дамыту, саксофонда ойнау дағдыларын игеру, баланың музыка саласындағы қабылетін

ерте жастан анықтау, білім алушыға білім беру дағдыларын, аспапта ойнаудың және жұмысты орындайтын тәсілдерің, дұрыс жазба мәтінді оқып білудің, музыкалық орындаудың, білім алушымен тәжірибелік машықтарға қажетті жалпы музыкалық және кәсіптік кешенмен жабдықталуын қалыптастыру.

2) дамытушылық: музыкалық-шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру, білім алушылардың музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, бейнелі ойлау және музыканы эмоциялы түрде қабылдайды қалыптастыру, музыкалық дүниетанымын кеңейту.

3) тәрбиелік: сауатты тыңдаушыларды тәрбиелеу, сондай-ақ жас музыканттың бойында жауапкершілік, ұқыптылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру, әр түрлі концерттер, байқаулар мен фестивальдарға белсенді түрде қатыстыру.

498. Бағдарлама педагогке әр балаға жеке тәсіл қолдануға, дамыту перспективаларын нақты анықтауға және білім алушылардың музыкалық қабілеттерін ескере отырып оқу процессін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді.

499. Оқыту жеке, шағын топтық және топтық формада жүзеге асырылады.

Даярлық сыныбындағы білім алушылардың сандық құрамы -8-10 адам.

Ұжымдық музыка ойнау пәні бойынша топтардың сандық құрамы: оркестрде және ұжымдық музыка ойнаудың басқа формаларында - 6 адам, ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық формаларында - 2 адамнан бастап 4 адамға дейін.

500. Бағдарлама білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, жас ерекшеліктерін, музыкалық қабілеттерін, дайындық деңгейлерін ескере отырып, жеке тұрғыдан қарауды негізге алып түрлі прогрессивті, инновациялық оқыту әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді.

501. «Мамандық. Саксофон» бойынша оқу пәні балалардың саксофон ойнаудағы музыкалық сауатты, нотаны парақтан оқуды, ансамбльде ойнау дағдыларын, сүйемелдеудің негіздерін меңгеруді және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

502. Балалар музыка мектебінде оқи жүріп, балалар шығармашылық қызмет тәжірибесін алады, әлемдік музыка мәдениетінің жетістіктерімен танысады. Оқу барысында бала бойынан дарындылықты байқау – кәсіби білімін жалғастыруға қажетті жеке қасиеттерін мақсатты түрде дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағдарлама алдарына кәсіби музыкант болуды мақсат етпейтін балаларға да ескеріліп жазылған.

503. Білім беру үдерісінің тиімділігі оның мақсатының мазмұны мен тәрбиелеу міндеттеріне, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, педагог пен білім алушының кәсіби күзіретті педагогикалық өзара байланыстарына байланысты.

504. Музыка мектептерінің музыкалық қабілеттері жақсы балалармен қатар музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар оқиды. Сабақта педагог олармен жұмыс істегенде музыка ойнаудың түрлі нысандары

мен шығармашылық дағдыларын дамытуға екпін жасай отырып, дамытуға бағытталған оқыту әдістеріне сүйенеді. Репертуарды таңдау барысында жеке жоспардың түрлі нұсқада болуына жол беріледі: 1 және 2-сынып талаптарының (оның ішінде гаммалардың да) деңгейлерін төмендетеді.

505. Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспарлар әзірленеді және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың соңында педагог алдында бекітілген тізімдердегі тапсырмалардың орындауы мен өзгерістерінің сапасын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық жағынан дамуының, үлгерімі мен еңбекке қабілеттілігіне сипаттама береді.

506. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

507. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

Білім алушының жылдық оқу жоспарының негізгі құрамдас бөлігі: ірі нысандағы туындылар, полифония, пьесалар, этюдтер, гаммалар және музыкалық шеберліктерін дамытатын жаттығулар, ансамбльдер, сүйемелдеулер, өзі оқып-үйренуі, қағаз бетінен оқуы және тасымалдауы, үйде музыкада ойнау үшін пьесалар.

508. Білім алушылардың жеке жоспарлары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 20-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтып көрсетеді.

509. Жеке жоспарда білім алушының жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішілік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшаңдығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

б) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

510. Бірдей сыныпта бағдарламаны оқытудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілігінің деңгейі бойынша өзгеше болуы мүмкін.

511. Репертуармен жұмыста педагог шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтиханда) орындауға, ал қалған бөлігі – сынып жұмысына немесе танысуға арналатындығын ескереді. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу дәрежесін білім алушының жеке жоспарында оқу сатыларын белгілеу арқылы анықтайды.

512. Педагогтің әрбір білім алушының жеке ыңғайын ескеріп, жаңа репертуар есебінен репертуарлық тізімдерді толықтыра отырып, бағдарламаның көлемі мен күрделілігін саралайды.

513. Бағдарлама бастаушы музыканттың музыкалық есту, есту елесін, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, орныдашылық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

514. Бағдарлама білім берудің барлық кезеңдеріндегі түрлі нысандарда қазақ фольклорын оқыту түріндегі ұлттық компонентті қамтиды.

515. Білім алушылардың даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптар. Орындалатын материалдар мен білім алушылардың дамуының жеке ерекшеліктерінің тиімді қатынасы.

516. Жалпы музыкалық білім мен орындаушылық дағдылары: түрлі нақыштық бағыттағы шығармалармен танысу, көркемдік талғамның қалыптасуы, орындалатын шығарманың стилін, нысаны мен мазмұнын түсіну, естуды бақылау қабілетін, білім алушылардың орындаушылық жауапкершілін тәрбиелеу, оқытудажақсы нәтижелерге қол жеткізуге негіз болатын үйлесімділік және әуендік есту қабілетін дамыту, орындаушылықтың түрлі дағдыларын меңгеру және дамыту, орындаудың тұрақтылығы, узыкаға және орындалатын шығармалардың мазмұнына деген шығармашылық, эмоциялық көзқарас.

517. Қажетті техникалық құралдар: саксофон, саксофонға арналған жіңішке таяқтар, аспаптарға қоюға арналған сүйемел, метроном, тюнер, аяққа арналған пюпитр, музыкалық орталық, фортепиано.

518. Осы бағдарлама білім алушылардың 7-8 жастан бастап оқуына арналған, алғашқы 2 жылдық сынып блокфлейтада ойнауды үйренуге, 5-жылдық негізгі сынып саксофонды үйренуге және қосымша 2жылдық оқу бойынша кәсіби қабілеті бар, бірақ әлі де орта кәсіптік оқу орнына түсуге мүмкіндігі жоқ білім алушыларға бағытталып жасалған.

519. Саксофонда ойнауға үйретудің негізгі оқу мерзімі - 5 жыл. «Саксофон» пәні бойынша жылдық оқу жүктемесі, оқудың барлық кезеңінде аптасына 2 сағаттан жалпы 68 сағатты құрайды. Сабақтар оқу жоспарында көрсетілген сағаттар бойынша білім алушылармен жеке өткізіледі.

520. Оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспар.

1-бөлім. Аспапта орындау мәдениетінің қалыптасуы.

Тақырып 1.1. Музыкалық сауат негіздері.

Тақырып 1.2. Орындау аппаратының тиімді ұйымдасуын қалыптастыру.

Тақырып 1.3. Тыныс алу техникасы.

Тақырып 1.4. Амбюшюр қалыптастыру.

2-бөлім Орындаушылық дағдылардың қалыптасуы

Тақырып 2.1. Дыбыстың атакасы.

Тақырып 2.2. Негізгі штрихтар және олардың орындалу ерекшеліктері.

Тақырып 2.3. Саусақтар аппликатурасы.

Тақырып 2.4. Интонация.

Тақырып 2.5. Вибрато.

3-бөлім Музыкалық терминология негіздері.

Тақырып 3.1. Динамикалық бояулар.

Тақырып 3.2. Қарқын (темп), агогика.

Тақырып 3.3. Мелизмдер.

4 - бөлім Үрлемелі аспаптарда ойнау қабілеттерінің кешенді тәрбиесі.

Тақырып 4.1. Есту қабілетін бақылауды дамыту.

Тақырып 4.2. Тыныс алуға арналған жұмыс құралдараның кешені.

Тақырып 4.3. Қисынды (логикалық) ойлау қабілеттерін дамыту.

Тақырып 4.4. Шығарма бойынша өзіндік жұмыс қағидаттары.

Тақырып 4.5. Сахна мәдениетін тәрбиелеу.

5-бөлім Шығармашылық дағдыларды жетілдіру

Тақырып 5.1. Парақтан оқу дағдыларының негіздері.

Тақырып 5.2. Интонациялық дағдыларды жетілдіру техникасы.

Тақырып 5.3. Транспонирлеу машықтарын дамыту.

Тақырып 5.4. Шағын көлемді шығармалар.

Тақырып 5.5. Ірі көлемді шығармалар.

Тақырып 5.6. Эстрадалық жанрдағы шығармалар.

6-бөлім Кәсіби сапаларды қалыптастыру

Тақырып 6.1. Музыкалық шығармалардың негізгі нысандарын құру заңдылықтары.

Тақырып 6.2. Шығарманы орындау жоспары бойынша біліктіліктің пайда болуы.

Тақырып 6.3. Қазақ музыкасына тән дыбысталу дәстүрлері.

Тақырып 6.4. Орындалатын шығарманың сюжеттік-психологиялық астарын құрастырудағы біліктілікті қалыптастыру.

Тақырып 6.5. Вибрато өнері.

Тақырып 6.6. Интонация өнері.

Тақырып 6.7. Суырыпсалудың (импровизация) өнер.

Тақырып 6.8. Техникалық және көркемдік жабдықтарды арттыру.

521. Оқу-тықырыптық жоспар.

1-сынып(даярлық).

1) Гаммалар – 12 сағат.

2) Этюдтер және жаттығулар – 18 сағат.

3) Ірі көлемді шығарма – 15 сағат.

4) Пьесалар – 19 сағат.

5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

2-сынып (даярлық).

- 1) Гаммалар – 12 сағат.
- 2) Этюдтер және жаттығулар – 18 сағат.
- 3) Ірі көлемді шығарма – 15 сағат.
- 4) Пьесалар – 19 сағат.
- 5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

1-сынып.

- 1) Гаммалар – 12 сағат.
- 2) Этюдтер және жаттығулар – 18 сағат.
- 3) Ірі көлемді шығарма – 15сағат.
- 4) Пьесалар – 19 сағат.
- 5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

2-сынып.

- 1) Гаммалар – 12 сағат.
- 2) Этюдтержәнежаттығулар – 18 сағат.
- 3) Ірі көлемді шығарма – 15 сағат.
- 4) Пьесалар – 19 сағат.
- 5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

3-сынып.

- 1) Гаммалар – 12 сағат.
- 2) Этюдтер және жаттығулар – 18 сағат.
- 3) Ірі көлемді шығарма – 15 сағат.
- 4) Пьесалар – 19 сағат.
- 5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

4-сынып.

- 1) Гаммалар – 12 сағат.
- 2) Этюдтер және жаттығулар – 18 сағат.
- 3) Ірі көлемді шығарма – 15 сағат.
- 4) Пьесалар – 19 сағат.
- 5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

5-сынып.

- 1) Гаммалар – 12 сағат.
- 2) Этюдтер және жаттығулар – 18 сағат.
- 3) Ірі көлемді шығарма – 15 сағат.
- 4) Пьесалар – 19 сағат.
- 5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

6-7-сыныптар:

- 1) Гаммалар – 12 сағат.
- 2) Этюдтер және жаттығулар – 18 сағат.
- 3) Ірі көлемді шығарма – 15 сағат.
- 4) Пьесалар – 19 сағат.
- 5) Ансамбльдер – 4 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

522. Бағдарламаны меңгеруден күтілетін нәтижелер:

1) білім алушылардың музыка өнеріне деген, өз бетінше музыкалық орындаушылыққа деген қызығушылықтарының болуы;

2) авторлық мәтінді дәлелді түрде интерпретация жасау, өз бетінше түрлі заман, нақыш, бағыт, жанр мен нысандағы музыкалық шығармалардың репертуарын толықтыру сияқты скрипканың түрлі мүмкіндіктерін пайдалануға болатын орындаушылық білім,білік пен дағдылардың қалыптасқан кешені;

3) бағдарлама талаптарына сәйкес түрлі нақыштар мен жанрдағы шығармалардан тұратын скрипкаға арналған репертуарларды білу;

4) скрипканың көркемдік-орындаушылық мүмкіндіктерін білу;

5) кәсіби терминологияны білу;

6) есту қабілетін бақылауды тәрбиелеу бойынша дағдылардың болуы, музыкалық шығарманы орындау үрдісін басқара білу;

7) музыкалық-орындаушылықтағы мәнерлілік құралын пайдалану, орындалып отырған шығармаларды талдай білу, түрлі орындаушылық техника түрлерін игеру, нақтыланған көркемдік техникалық тәсілдерді пайдалану дағдылары;

8) шығармашылық ынтаның, музыкалық шығарманы жаттау әдістері туралы қалыптасқан көріністің және орындаушылық қиындықтармен жұмыс тәсілдерінің болуы;

9) музыкалық есте сақтау жадының, дамыған есте сақтау қабілетінің болуы;

10) солист ретінде дайындықтық-концерттік жұмыс дағдыларының болуы.

523. Балалар музыка мектебін аяқтаған білім алушы келесі білімдер мен дағдылардың кешенін меңгеріп шығады:

1) балалар музыка мектептерінің репертуарындағы негізгі жанрдағы және стилистикалық бағыттағы музыкалық шығармаларын өз бетінше жаттау және оларды сауатты, таза, техникалық жағынан еркін орындай алады;

2) ансамбльде ойнау дағдыларының, парақтан оқу және есту арқылы аспапта тере біледі;

3) білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес музыка өнері саласындағы музыкалық дүниетанымыны болады;

4) орындалатын музыкалық шығармаларды талдай біледі;

5) музыкалық нысандар туралы түсініктері болады;

6) орындаушылық практикасында алған теориялық білімдерін қолдана біледі;

7) атақты композиторлар мен музыканттардың есімдерін біледі;

8) өзінің музыкалық аспабының тарихын біледі.

524. Оқу жылы соңында 1-2-сыныптың (блокфлейта) білім алушыларының бойында келесі негізгі құзіреттіліктер қалыптасады:

1) үрлемелі аспап бөліктерінің атауларын, ноталық сауатты біледі;

2) орындаудағы тыныс алуды ұйымдастыру дағдыларына ие;

3) дыбысты шығара білу дағдыларын, аппликатураны, non-legato, detache тәсілдер арқылы дыбысты шығара білу дағдыларына ие;

4) дыбыс шығару, дыбыс тазалығы (интонация), ырғақ сапаларын бастапқы бақылай білу дағдыларына ие;

5) музыкалық-есту елестерінің алғашқы дағдыларын меңгерген;

6) дыбыс сапасын бақылаудың алғашқы дағдылары, интонацияны, ырғақты игерген;

7) музыканы есту түсінігінің бастапқы дағдыларын игерген;

8) жеңіл үндестіліктерде гаммаларды орындау, халық әндерін, жеңіл пьесаларды орындай алады.

525. 1-сыныптың (саксофон) аяғында білім алушыларда келесі негізгі құзіреттіліктер қалыптасады:

1) саксофонның құрылысы мен бөліктерінің атауларын білу;

2) қарапайым штрихтар мен динамикалық белгілерді, аппликатураны білу, узыканы есту түсініктерінің, көркем-музыкалық ой-өрістің бастапқы дағдыларын, орынды ойнау қимылдарын ұйымдастыру машықтарын, дыбыс шығару, дыбыс тазалығы (интонация), ырғақ сапаларын бақылау дағдыларын игеру;

3) ойнау аппаратын тиімді ұйымдастыру дағдыларын иелену: жалпы қойылым, орындаушылық тыныстың қойылуы, амбушюр қойылымы, артикуляциялық қойылым, аппликатураның қойылуы;

4) Non-legato, legato штрихында гаммалар мен үшдыбыстықтарды жеңіл-желпі үндестіліктерде (тональность), халық әуендері мен жеңіл пьесаларды орындай білу.

5) нотаны парақтан оқудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

6) Оқу жылы бойына: 2-3 мажорлы (минорлық) гаммаларды және бір немесе екі октавалы арпеджио (тоникалық үшдыбыстықтар), 3-4 этюд, 4-5 пьесаны үйрену керек.

526. 2-сыныптың аяғында білім алушыларда келесі негізгі құзіреттіліктер қалыптасады:

1) non-legato, legato, stacatto штрихтарын және олардың алмасуын білу.

2) marcato штрихы тәсілінің бастапқы дағдыларын, дыбыстау динамикасын білу.

3) екі-екі жарым октавалы мажорлы мен минорлы гаммаларды және үшдыбыстықтардай орындалуын білу.

4) музыканы есту түсініктерінің, көркем-музыкалық ой-өрістің дағдыларын, орындаушылық аппаратты ұйымдастыру машықтарын, дыбыс

тазалығы (интонация), дыбыс шығару және ырғақ бойынша жұмыс істеу машықтарын игеру.

5) 2 октавалы 2-3 гамманы (мажорлы және минорлы), үшдыбыстықтардың арпеджиосы (айналымдарымен), 3-4 этюд, 3-4 пьеса, 1 ірі көлемді шығарманы есте сақтауы бойынша орындау.

527. 3-сыныптың аяғында білім алушыларда келесі негізгі құзыреттіліктер қалыптасады:

1) non-legato, legato, staccato, marcato, martele штрихтарын және олардың алмасуын біледі;

2) трель мен мелизмдердің қарапайым түрлерін орындай білу машықтарын, дыбыстау динамикасын біледі;

3) көркем-музыкалық ой-өрістің дағдыларын ие;

4) дыбыс тазалығы (интонация), дыбыс шығару және ырғақ бойынша жұмыс істей біледі;

5) жеңіл-желпі шығармаларды өз беттерінше талдайды және нотаны парақтан оқу дағдыларын игереді.

6) 2-3 гамманы (мажорлы және минорлы), арпеджио (айналымдарымен), техникасы түрлі болып келетін 3-4 этюд, түрлі сипаттағы 3-4 пьеса, 1 ірі көлемді шығарма, 1-2 эстрадалық шығарманы үйренеді.

528. 4-сыныптың аяғында білім алушыларда келесі негізгі құзыреттіліктер қалыптасады:

1) non-legato, legato, staccato, marcato, martele штрихтарын және олардың алмасуын біледі;

2) трель мен мелизмдерді орындай білу машықтарын, vibrato тәсілін игереді;

3) екі еселенген staccato және күрделі ырғақтық суреті бар техникамен жаттығулар және этюдтерді орындаудың бастапқы дағдыларын игереді;

4) көркем-музыкалық ойлау дағдыларын игеру; дыбыс тазалығы (интонация), дыбыстау динамикасы және ырғақ бойынша жұмыс істей алады;

5) 2-3 гамманы (мажорлы және минорлы), арпеджио (айналымдарымен), техникасы түрлі болып келетін 3-4 этюд, түрлі сипаттағы 3-4 пьеса, 2 ірі көлемді шығарма, күрделі ырғақтық суреті бар 2 эстрадалық шығарманы үйренеді.

529. 5-сыныптың аяғында білім алушыларда келесі негізгі құзыреттіліктер қалыптасады:

1) үрлемелі аспаптарда ойнаудың негізгі штрихтарын және олардың алмасуын біледі;

2) трель және мелизмдерді орындау дағдыларын, vibrato тәсілін игерген;

3) екі еселенген staccato, frulato техникасымен жаттығулар және этюдтерді орындаудың бастапқы дағдыларын игерген;

4) күрделі суреті бар жаттығулар мен этюдтерді өз беттерінше талдай алады;

5) дыбыс тазалығы (интонация), дыбысталу динамикасы, ырғақ, парақтан оқу дағдыларын, музыкалық-көркем ойлау дағдыларына ие;

б) музыкалық көркем ойлаудың жалғасып жатқан дағдыларын, суырып салушылық өнердің негіздерін біледі;

7) 2-3 гамманы (мажорлы және минорлы), арпеджионы (айналымдарымен) I, II, III позицияларда және ауыстыра отырып, техникасы түрлі болып келетін 3-4 этюд, түрлі сипаттағы 3-4 пьеса, 2 ірі көлемді шығарма, күрделі ырғақтық суреті және қарапайым суырып салмалық өнері (импровизация) бар 2-3 эстрадалық шығарманы үйренеді.

530. 6-7-сыныптың (саксофон) аяғында білім алушыларда келесі негізгі құзыреттіліктер қалыптасады:

1) гаммалар мен үшдыбыстақтарды (жылдам қарқынмен), хроматикалық гаммаларды, түрлі штрих нұсқаларындағы гаммаларды орындау дағдыларының жоғарғы деңгейін игереді;

2) мелодияны тасымалдай (транспонирование) біледі;

3) Сахна мәдениетін меңгереді;

4) 5-6 гамманы (мажорлы және минорлы), үшдыбыстықтар (айналымдарымен), хроматикалық гаммалар, 5-7 этюд, 6-8 пьеса, 2-3 ірі көлемді шығарма, суырып салу (импровизация) орындалатын бөлімі бар 2-3 эстрадалық шығарманы үйренеді.

531. Келешегі бар білім алушыларды музыкалық колледждерге түсуге мақсатты түрде дайындау үшін, олардың бойында кәсіби біліктілікті қалыптастыру: гаммаларды, аса күрделі этюдтер мен жаттығуларды орындау техникасын жетілдіру; түрлі жанр мен нақыштағы шығармаларды үйренеді; музыкалық-орындаушылық деңгейінің кешенді құралдарын меңгереді.

532. Саксофонда қазақстан композиторларының шығармаларын орындау үшін тасымалдау әдісімен қобыз бен флейтаға арналған ноталық материалдар пайдаланылады.

533. Білім алушылардың бағдарламаны игеру нәтижелерін бақылау нысандары мен бағалау өлшемдері.

1) Сыныптық концерт (сыныптың есеп беру концерті) – 1 тоқсан соңында педагог сынбының барлық білім алушылардың күшімен өткізіледі.

2) Синтез–концерт – оқу жылының I жартыжылдығы соңында түрлі музыкалық аспапта ойнауды үйреніп жүрген бірнеше сынып білім алушыларының күшімен өткізу ұсынылады; білім алушылардың дайындығына байланысты жылжымалы кесте бойынша жиірек өткізіледі.

3) Академиялық концерт – кезекті оқу жылының соңында: педагог сынбы бойынша, мамандықтары бойынша, барлық мамандықтың оқу сынбптары бойынша, Тағы сол сияқты түрлі нұсқаларда өткізіледі.

4) Техникалық сынақ – жартыжылдықта бір рет жүйелі түрде өткізіледі.

5) Бақылау сабағы – әр тоқсанда екі рет қажеттілігіне қарай өткізіледі.

б) Коллоквиум – 4сыныптан бастап оқудың барлық деңгейіндегі білім алушылармен 3 тоқсан басында өткізіледі.

7) Тестілеу – сараланған тесттер бойынша оқу жылында бір рет әр сынып білім алушыларымен ыңғайлы уақытта өткізіледі.

8) Шығармашылық тәжірибе (эксперимент) – (шығармашылық тапсырмаларды орындау, мысалы, естуі бойынша әуенді аспапта ойнау, транспонирлеу, әуенді көркемдеу, өлшемін анықтау, әуеннің соңын ойлап шығару және аяқтау, тағы сол сияқты) - барлық деңгей білім алушылармен жылжымалы кесте бойынша жарты жылда бір рет өткізіледі.

9) Мектеп бітіру емтиханы – 5-сынып аяқталғанда сараланған талаптар бойынша өткізіледі.

10) Кәсіби экспресс–тест –7-сыныпты бітіргенде - кәсіптік колледждердің болашақ абитуриенттерінің дайындығын кешенді түрде тексеру үшін өткізіледі.

534. Бағдарлама талаптары мен бақылау нысандарын бағалау өлшемдері әдістемелік кеңесте дербес дайындалады және Педагогикалық кеңесінде бекітіледі.

535. Бағдарламаны жүзеге асыру сапасын бағалау білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Аспапта ойнаудағы білім алушының үлгірімі емтиханда, академиялық концерттерде, техникалық сынақтарда, бақылау сабақтарында, сонымен қатар ашық концерттерде, байқауларда, оған арналған тыңдалымдарда тағы басқа есепке алынады.

536. Соңғы сынып түлектері оқу жылы ішінде мектеп бітіруге арналған бағдарлама шығармаларын орындайды, тыңдалымдарда өнер көрсетеді.

537. Оқу жылы ішінде педагог білім алушымен емтихандарда ойнап көрсетуі үшін 1-2 түрлі жанр мен үлгідегі немесе ірі көлемді шығарманы дайындайды; техникалық сынақтарға - гамма мен 2 этюдті, музыкалық терминдерді дайындайды. Техниканы жетілдіру білім алушы үйренетін барлық шығармамен жұмыс барысында жүзеге асырылады. Гамма, арпеджио, этюд және жаттығулармен жасалатын жұмыстар техниканың (саусақтар жылдамдығы, айқындылық және тағы басқа) жетілуіне мүмкіндік береді.

538. Емтихандарды (техникалық сынақты) жартыжылдықта 1 рет жүйелі түрде өткізіледі. Сөйтіп, педагогтың білім алушы репертуарды дайындау деңгейіне қарай көрсетуге мүмкіндігі болады. Іріктеу тыңдалымдарына, концерт, байқауларға тағы басқаларға қатысу академиялық концертте (емтиханда) өнер көрсетумен тепе-тең. Білім алушылардың техникалық дайындығын тексеру жұмысы 1-сыныптан бастап өткізіледі.

539. Жартыжылдықта 1 рет ансамбль бойынша сынақ өткізіледі. «Ұжымдық саз өнері» пәніне қатысушы білім алушылар ансамбль (оркестр) партиясын тапсырады, ал оған қатыспайтын білім алушылар дуэт және трио құрамында түрлі сипаттағы 1-2 пьесаны орындайды.

540. Мектеп бітірушілермен жылына 3 рет бақылау тыңдалымдары өткізіледі, бұл жұмыс мектеп бітіретін білім алушылардың қорытынды аттестацияға дайындық дәрежесін тексеруге бағытталған. Тыңдалымдар міндетті түрде әдістемелік кеңес беретін комиссия қатысумен өткізіледі.

Мектеп бітіру емтиханына жанры мен нысаны жағынан әр түрлі 4 шығарма ұсынылады.

541. Мектеп бітіру бағдарламаларының нұсқалары:

1) Классикалық немесе классикаға дейінгі нақыштағы шығармалар.

2) Қазақстан композиторларының пьесасы.

3) Эстрадалық жанрдағы немесе асқан шеберлікпен (виртуозды) орындалатын пьеса.

4) Ірі көлемді шығарма (Концерт 1-2 бөлім немесе соната 1-2 бөлім)

542. Білім алушылар репертуары стилі, мазмұны, көлемі (нысаны), жанры, фактурасы жағынан түрлі-түрлі болуы керек. Әр білім алушының жеке жоспарында қазақ музыкасы шығармалары (сыныптарға сәйкес) болуы керек. Музыканың ұлттық ерекшелігі әуендік-дыбыстық құрылымда, мақамында (лад), метроритмінде, тембрінде айқын байқалады. Осы ерекшеліктерді ажырата білуге және көрсете білуге музыкалық білімнің алғашқы қадамынан бастап тәрбиелеу керек. Педагогтың басты міндеті осы. Оны сыныпта үйрену барысында білім алушыны шығарманың нақыштық ерекшелігімен, оның мазмұнымен және орындау мәнерімен, сонымен қатар техникалық міндеттермен алдын-ала танысады.

543. Сынақ және емтихан бағдарламаларын құрастыру барысында, білім алушы дамуының сол кезеңінде көрсетілуіне тиісті музыкалық және техникалық қиындықтардың барлық аспектіні сақтау өте маңызды. Бұл дәстүрлерді игеру - музыкалық педагогикада шеберлікке бастайтын негізгі жол.

544. Болжамды сынақ-емтихандық талаптар.

1) Блокфлейта бойынша 1-2 даярлық сыныптар және саксофон бойынша 1-сынып.

1 тоқсан – бақылау сабағы: өткен материалды бақылау

2 тоқсан – бақылау сабағы: 2 пьеса

3 тоқсан – академиялық концерт: 2 этюд, пьеса

4 тоқсан – сыныптан сыныпқа көшіру емтиханы: түрлі сипаттағы 3 пьеса немесе кеңейтілген түрдегі пьеса (вариациялар).

2) 2-4-сыныптар.

1 тоқсан – техникалық сынақ: гаммалар. Арпеджио. Штрихтар. Түрлі сипаттағы 2 этюд.

2 тоқсан – академиялық концерт: түрлі сипаттағы 2 пьеса немесе кеңейтілген түрдегі пьеса (вариациялар). Ірі көлемді шығарма (Концерт 1-2 бөлім, немесе Соната 1-2 бөлім)

3 тоқсан – техникалық сынақ: гаммалар. Арпеджио. Штрихтар. Түрлі сипаттағы 2 этюд. Академиялық концерт: Екі пьеса

4 тоқсан – сыныптан сыныпқа көшіру емтиханы: пьеса. Ірі көлемді шығарма (Концерт 1-2 бөлім, немесе Соната 1-2 бөлім)

3) Мектеп бітіруші 5-сынып

1 тоқсан – техникалық сынақ: гаммалар. Арпеджио. Штрихтар. Түрлі сипаттағы 2 этюд.

2 тоқсан – мектеп бітіру емтиханы бағдарламасының тыңдалымы: ірі көлемді шығарма (Концерт 1-2 бөлім, немесе Соната 1-2 бөлім).

Эстрадалық жанрдағы немесе асқан шеберлікпен (виртуозды) орындалатын пьеса.

3 тоқсан – мектеп бітіру емтиханы бағдарламасының тыңдалымы:

Ірі көлемді шығарма (Концерт 1-2 бөлім, немесе соната 1-2 бөлім)

Түрлі сипаттағы 2 пьеса.

Қазақстан композиторының пьесасы

4 тоқсан – мектеп бітіру емтиханы.

1) Кәсіби қабілеті бар білім алушыларға арналған

Жетінші сыныпқа арналған мектеп бітіру бағдарламасының талаптары:

Асқан шеберлікпен (виртуозды) орындалатын пьеса.

Кантиленді сипаттағы пьеса

Қазақстан композиторларының пьесасы. Ірі көлемді шығарма

Эстрадалық жанрдағы асқан шеберлікпен (виртуозды) орындалатын бөлімі бар пьеса.

545. Бағдарламаны әдістемелік қамтамасы ету. Білім алушылардың сабақ және қызмет түрлері.

«Мамандық. Саксофон» сыныбындағы жұмыстар келесі бөлімдер бойынша жүргізіледі:

1) орындау техникасын (гаммалар, жаттығулар, ерін, тыныс алу, тіл және саусақ техникаларын дамытуға бағытталған этюдтер) жетілдіру;

2) түрлі жанрдағы, нақыштағы пьесаларды орындау;

3) ансамбльде музыка ойнау;

4) нотаны парактан оқу;

5) суырып салып орындау (импровизация).

546. Жас музыкантты тәрбиелеу барысында, педагог техникамен жұмысты өтіліп отырған материалдың түпкі көркем ойын ашуға бағыттай отырып, техникалық және көркемдік дағдылардың біртұтас үйлесімде дамуына қол жеткізеді.

Білім алушыны бірінші сабақтан бастап авторлық мәтінді ықыласпен зер сала әрі анық етіп оқып, айтып бере білуге, өз орындауын тыңдай білуге, оның сапасына деген талапты арттыруға үйреткені жөн.

457. Білім алушы музыкалық шығармамен жұмыс істеген кезде, педагог оның механикалық ойнауды болдырмастан, саналы түрде ойнауын үнемі жетілдіріп отырады. Музыкалық шығарманы үйрену кезінде, білім алушыға музыкалық терминдерді, олардың мән-мағынасын түсіндіре отырып таныстырады. Орындаудың айқын болуы, естуді бақылай білу, дыбысталу, дыбыс тазалығы, ырғақ пен динамика бойынша жұмыстар жүйелі түрде барлық оқу жылдары ішінде жүргізіледі, әрі ол үнемі педагог назарында болады.

548. Гаммалар, арпеджио және жаттығулармен жұмыс жасағанда, интонациялық дәлдікке, бірқалыпты жайлы дыбысталуға, ырғақтың орнықтылығына қол жеткізе отырып, орындаудың сапалық жағына ерекше

көңіл аударған жөн. Білім алушыларда белгілі бір техникалық тәсілді игеруге деген саналы көзқарасты, өздері қызмет етіп жүрген көркем мақсат жөнінде айқын түсінік қалыптасады.

Этюдтермен жұмыс істеу музыкалық орындаушылық тәжірибені жинақтауға әсер етеді, себебі этюдтер білім алушыларды көркемдік шығарманы, түрлі сипаттағы пьесаларды орындауға жақындатады.

549. Техникамен жұмыс істеу кең мағынада айтқанда білім алушылардың үйренген барлық шығармаларымен жұмыс істеу үдерісінде жүзеге асады, техниканы дамытуды бір жақты айтқанда (саусақ жүйріктігі, анықтығы және басқалары) гаммалармен, арпеджио, этюдтермен және жаттығулармен жұмыс істеуге әсер етеді.

550. Пьесалармен жұмыс істеу білім алушылардың музыканы есту қабілетін арттырады, эмоциялы көркем ойды, шығармашылық қиялды қалыптастырады. Түрлі композиторлық нақыштар мен бағыттарды түсінуге, сонымен қатар музыкалық ойды айқын әрі анық баяндай білуге тәрбиелейді.

551. Білім алушылардың репертуарына Қазақстан композиторларының шығармалары, орыс және шетел классикасы, заманауи музыкалық шығармалары енгізілуі керек.

552. Білім алушылармен жұмыс жасау барысында, педагог бірізділік (жүйелілік), ақырындап іске асырушылық, қолжетімділік, материалды үйренуде көрнекілік қағидаттарын қолданады. Барлық оқу үдерісінде «қарапайымнан күрделіге» құрылып, білім алушы жеке қабілеттері: дене дамуы, музыкалық қабілеттерінің даму деңгейі ескеріледі.

Оқудың бастапқы кезеңінде педагог ерін аппаратын, орындаудағы тыныс алу, қол саусақтарын дұрыс қою негіздерін береді, себебі кемшілік пен ақаулар білім алушының қушының дамуын тежейді.

553. Оқу барысында педагог бірқатар технологиялық, көркем-музыкалық және тәрбиелік мақсат-міндеттерді шешеді:

1) технологиялық: ерін және бет бұлшық еттерін қалыптастыру, тіл қимылын ұйымдастыру, тыныс алу аппаратында дем шығару тірегін сезінуді дамыту, аспаптың бірқалыпты, интонациясы таза, тембрі жағынан толық және анық, дыбыстың күші әр түрлі болуына қол жеткізу керек, негізгі штрихтарды білу керек.

2) көркем-музыкалық: музыканы есту қабілетін дамыту, ән, би, марш, свинг, блюздердің жанрлық ерекшеліктерін қабылдай білу және бере білу, көркем-бейнелі ойлай білу, шығарманы жатқа ойнау кезінде көркемдігіне бейімделе білу;

ансамбль құрамында фортепиано және басқа да аспаптарда ойнау дағдыларын жетілдіру. Бір мезгілде бірнеше музыкалық бағыттағы шығармаларды тыңдай білу қабілетін дамыту.

3) тәрбиелік: білім алушының музыкалық шығармаға деген қызуғушылық және біртұтас көзқарасын тәрбиелеу, түрлі концерттер мен байқауларда өнер көрсету барысында тәртіп ережелерін білу.

554. Оқу үдерісін белсендендіру мақсатында білім алушылардың сыныпта өнер көрсетуін, ата-аналарға арнап концерттер ұйымдастыру керек, үрлемелі аспаптар бөлімі мен мектеп концерттеріне қатысу керек. Әйгілі орындаушылардың концерттері жазылған жазбаларды (аудио, CD, RW) білім алушылармен бірге тыңдап, кейіннен ол туралы пікірлесудің, сондай-ақ, концерт залдарында жанды музыканы тыңдаудың пайдасы зор.

13-параграф. Балалар музыка мектептерінің мен балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Труба» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

555. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Труба» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оқу пәнінің мазмұнын, болсыныптар бойынша болжамды бағдарламалық талаптарды, бақылау нысандарын, бағалау өлшемдерін және бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелерді анықтайды.

556. Бағдарламаның мақсаты: білім алушылардың игерген білімдері, трубада ойнаудың дағдылары мен біліктері негізінде олардың музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

557. Бағдарламаның міндеттері:

Білім берушілік:

- 1) трубада музыкалық орындау құралы ретінде музыкалық сауаттылықты оқыту;
- 2) музыкалық орындау саласында арнайы құзыретті қалыптастыру;
- 3) музыкалық шығармаларды жалғыз және ансамбльде сауатты орындауға мүмкіндік беретін трубада ойнаудың негізгі орындаушылық әдістерін оқыту;
- 4) музыкалық шығармаларды эмоциялық және шығармашылық тұрғыдан орындау дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық:

- 1) балалардың музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 2) композитордың шығармашылық ойын іске асыруға арналған қажетті құрал ретінде орындау техникасын дамыту;
- 3) ойынның техникалық дағдыларын дамыту;
- 4) жеке дара және ұжымда жұмыс істеу дағдысын дамыту.

Тәрбие берушілік:

- 1) білім алушылардың әртүрлі халықтың рухани және мәдени құндылықтарын құрметтеуге және қабылдауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту;
- 2) балаларда коммуникативтік дағдыларды, жауапкершілік сезімін және тәртіптілікті қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда эстетикалық көзқарастарды, адамгершілік

ұстанымдарды және рухани құндылықтармен қатынас жасау қажеттіліктерін қалыптастыру.

558. Бағдарлама дәстүрлі әдістерді, сонымен қатар дамыту мәселелерін шешуге, оқудың тұлғаға бағдарлануы, дифференцияциясы, білім алушылардың білім беру траекториясын жеке және адамгершіліктік қалыптастыруды қарастырады.

559. Бірінші сыныпқа 10 жастан бастап 12 жас аралығында барған балалар үшін трубада ойнауға үйрету мерзімі 5-7 жылды құрайды. Оқыту мерзімі 5 немесе 7 жылды құрайтын бағдарламаларды таңдау білім алушының жасына, жалпы даярлығына, физикалық және музыкалық ерекшеліктеріне байланысты.

560. Оқыту жеке, шағын топтық және топтық формада жүзеге асырылады. Даярлық сыныбындағы білім алушылардың сандық құрамы -8-10 адам.

Ұжымдық музыка ойнау пәні бойынша топтардың сандық құрамы: оркестрде және ұжымдық музыка ойнаудың басқа формаларында - 6 адам, ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық формаларында - 2 адамнан бастап 4 адамға дейін.

561. Негізгі оқу міндеттері оқытудың басынан бастап, әрине күрделене және одан әрі кеңейе отырып, одан әрі әртүрлі күрделіленген репертуарлармен жұмыс істеу арқылы қойылады. Трубада ойнау білім алушылардан музыкалық қабілеттен басқа, жақсы денсаулық пен физикалық даярлықты талап етеді. Сондықтан оқу топтарына орта және жоғары мектеп жасындағы балалар қабылданады. «Труба» пәні бойынша оқу нысаны – жеке.

562. Білім беру үдерісінің тиімділігі оның мақсатының мазмұны мен тәрбиелеу міндеттеріне, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, педагог пен білім алушының кәсіби құзіретті педагогикалық өзара әрекеттестігіне байланысты.

563. Музыка мектептерінінде музыкалық қабілеттері жақсы балалармен қатар, музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар оқиды. Сабақта педагог олармен жұмыс істегенде музыка ойнаудың түрлі нысандары мен шығармашылық дағдыларын дамытуға екпін жасай отырып, дамытуға бағытталған оқыту әдістеріне сүйенеді. Репертуарды таңдау барысында жеке жоспардың түрлі нұсқада болуына жол беріледі: 1 және 2 сыныптардың талаптарының (оның ішінде гаммалардың да) деңгейлерін төмендету.

564. Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспарлар әзірленеді және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың соңында педагог алдында бекітілген тізімдердегі тапсырмалардың орындауы мен өзгерістерінің сапасын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық жағынан дамуының, үлгерімі мен еңбекке қабылеттілігіне сипаттама береді.

565. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

566. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

Білім алушының жылдық оқу жоспарының негізгі құрамдас бөлігі: ірі нысандағы туындылар, полифония, пьесалар, этюдтер, гаммалар және музыкалық шеберліктерін дамытатын жаттығулар, ансамбльдер, сүйемелдеулер, өзі оқып-үйренуі, қағаз бетінен оқуы және тасымалдауы, үйде музыкада ойнау үшін пьесалар.

567. Білім алушылардың жеке жоспарлары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 20-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтып көрсетеді.

568. Жеке жоспарда білім алушының жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішілік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшандығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

6) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

569. Бірдей сыныпта бағдарламаны оқытудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілігінің деңгейі бойынша өзгеше болуы мүмкін.

570. Репертуармен жұмыста педагог шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтиханда) орындауға, ал қалған бөлігі – сынып жұмысына немесе танысуға арналатындығын ескеру керек. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу дәрежесін білім алушының жеке жоспарында оқу сатыларын белгілеу арқылы анықтайды.

571. Педагогтің әрбір білім алушының жеке ыңғайын ескере отырып, жаңа репертуар есебінен репертуарлық тізімдерді толықтыра отырып, бағдарламаның көлемі мен күрделілігін саралайды.

572. Білім беру ұйымы білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін дамыту ортасын қалыптастырады:

1) балалардың жеке дамуын есепке ала отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру;

2) музыка өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау және дамыту;

3) білім беру үдерісінде заманауи музыкалық өнер мен музыкалық білім жетістіктеріне негізделген жаңа білім беру технологияларын пайдалану;

4) түрлі іс-шаралар өткізу арқылы білім алушылардың шығармашылық қызметтерін ұйымдастыру (байқаулар, фестивальдар, шеберлік сыныптар, олимпиадалар, концерттер, шығармашылық кештер, театрландырылған көрсетілімдер және тағы басқа);

5) білім алушылардың мәдениет ұйымдарына баруын ұйымдастыру (филармониялар, көрме залдары, театрлар, мұражайлар және т.б.);

б) педагогтер мен ата-аналардың қолдауымен білім алушылардың өз бетінше тиімді жұмыс жасауы;

573. Білім беру бағдарламасын іске асыруда жүйелі түрде ғылыми-әдістемелік қызметпен және өз біліктілігін жетілдірумен айналысатын, сабақ беретін пәніне сәйкес арнайы кәсіби білімі бар (орта немесе жоғары) педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі.

574. Балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің материалды-техникалық базасы санитарлы және өртке қарсы нормаларға, еңбекті қорғау нормаларына сәйкес болуы қажет.

575. Білім беру бағдарламасын іске асыру шарттары болып – музыкалық аспаптардың – труба, фортепиано, пюпитрлар; труба аспабын күтуге арналған аксессуарлар; CD және DVD-таспаларын тыңдауға арналған құрылғылар; аудио және видео құрылғылары; ноталық әдебиеттер, оқу жинақтары мен құралдары; әдістемелік әдебиеттер; фонотека мен видеотека табылады.

576. «Труба» пәні бойынша жүрзілетін сабақтарға арналған кабинеттер жеткілікті дыбыстық оқшауланған, заманауи оқуға қажетті жихаздармен қамтылуы, өз уақытында жөндеуден өтуі қажет. Пианино мен рояльді музыкалық аспаптарды күйге келтіретін мамандар тұрақты түрде тексеріп тұруы керек.

577. Апта ішіндегі сағаттардың саны мен сабақтардың ұзақтылығы оқу жоспарына сәйкес анықталады және аптасына 2 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін жылдық оқу уақытының көлемі – 68 сағатты құрайды.

5 жылдық оқу мерзімі үшін – 340 сағат.

6 жылдық оқу мерзімі үшін – 408 сағат.

7 жылдық оқу мерзімі үшін – 476 сағат.

578. Оқу пәнінің мақсаты жеке, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамудың түйінді міндеттер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл оқыту мазмұнын оқу үдерісінде қалыптастырылатын музыкамен қатынастың іс-қимылы, нысаны әдістерімен өзара байланыста іске асыруға мүмкіндік береді.

579. Аталған пән дәстүрлі оқытуға, әрбір білім алушыға сараланған жеке тәсілмен қарауға, музыкалық-образдық ойлауды дамытуға, дыбыс шығару, артикуляция, штрихты қалыптастыруға, амбушюрды орындау техникасын, тыныс алуды, тіл мен саусақтарды дамытуға бағдарланған.

580. «Труба» оқу пәні білім алушылардың базалық білімді, аспапта

ойнаудың практикалық орындау біліктері мен дағдыларын игерулеріне, олардың музыкалық білім алуына бағытталған. Пән білім алушыларда шығармашылық қызмет дағдыларын, өзінің оқу қызметіне дербес бақылау жасауды жүзеге асыра білу дағдыларын қалыптастыруға арналған.

581. Оқуға қабылдау кезінде ұйым балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтау мақсатында олардың музыкалық қабілеттерін тексереді. Қабылдау музыкалық қабілеттердің – ритмнің, жадының болуын айқындауға мүмкіндік беретін шығармашылық тапсырмалар нысанында өтеді.

582. «Труба» пәні бойынша оқу нысаны – жеке.

Аспаптық класта оқыту-тәрбие жұмысының негізгі нысаны педагогтың білім алушыға жеке сабақ беру түрінде өтетін сабақ болып табылады.

583. Оқытудың бірінші жылдары (даярлық тобы, 1-2-сыныптар) сабақ өткізудің дәстүрлі түрлерімен қатар шағын топтық сабақтар да өткізілуі мүмкін, мұнда сабақ уақыты толығымен (немесе оның бір бөлігі) екі-үш білім алушымен бір уақытта жұмыс істеуге пайдаланылады.

584. Білім алушыларды музыкалық дамыту үшін концертмейстермен жұмыс істеудің зор маңызы бар. Білім алушылардың сүйемелдеудің сүйемелдеуімен шығармаларды орындауы оның музыкалық танымын байытады, шығарма мазмұнын ереңірек түсінуге және игеруге жәрдемдеседі. Сүйемелдеумен бірге орындау интонацияны, ритмдік ұйымдастыруды нығайтады, жетілдіреді және үндескен ансамбльдік орындауға қол жеткізуге мәжбүрлейді.

585. Ансамбльдік орындау дағдыларын оқытудың бірінші жылдарынан бастап игерту қажет, осы арқылы оркестр сыныбында оқуға дайындық жүреді.

586. Сабақтан тыс жұмыс түрлері:

- 1) оқу бағдарламаларын дайындау бойынша жеке сабақтар;
- 2) бақылау сабақтарына, сынақтарға және емтихандарға даярлау;
- 3) концерттерге, конкурстарға даярлау;
- 4) филармонияларға, театрларға, концерт залдарына, музейлерге және тағы басқа бару;
- 5) шығармашылық және мәдени-ағарту іс-шараларына қатысу.

587. Балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінде «Труба» оқу пәні бойынша жеке оқытудың ерекшелігі оқытудың әдістерін, құралдарын, нысандарын таңдаудың және репертуарлық кешенді іріктеудің вариативтілігін болжайды.

Әрбір білім алушы үшін сабақ өткізудің әртүрлі нысаны, қарқыны және әдісі қолданылады. Баланың музыкалық қабілетіне сәйкес педагог арнайы жеке оқыту жоспарын құрайды.

588. Педагогке жалпы даярлық, музыкалық қабілет және өзге де жеке ерекшеліктер деңгейі бойынша ерекшеленетін білім алушыларды оқытудың сараланған тәсілін жүзеге асыруға көмектеседі.

589. Жеке жоспарлар әрбір жартыжылдықтың басында жасалады, оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді. Әрбір жартыжылдықтың соңында

педагог тапсырманың орындалу сапасын, бұдан бұрын бекітілген тізімдегі өзгерістерді атап өтеді, ал жыл соңында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, үлгерімі мен жұмыс қабілетіне сипаттама береді.

590. Жеке жоспардың міндетті бөлімдері:

- 1) гаммалармен жұмыс;
- 2) этюдтермен және жаттығулармен жұмыс;
- 3) полифониялық музыканы орындау;
- 4) көлемі ірі шығармаларды орындау;
- 5) классикалық және қазіргі заманғы авторлардың пьесаларын орындау;
- 6) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 7) халық әндері мен билерін өңдеу;
- 8) ансамбль құрамындағы жұмыс, оркестрлық партиялар;
- 9) парақтан оқу дағдылары болады.

591. 1-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

1) Аспаптармен танысу, оларға күтім жасаудың қағидалары. Дұрыс тыныс алумен жұмыс. Денені, қолдарды, басты, амбушюрды ұтымды қою қағидалары. Дыбыс шығарумен жұмыс. Қарапайым ырғақ формулаларын зерделеу. Парақтан оқудың және транспонирлеудің бастапқы дағдыларын игеру.

2) Орындау аппаратын дұрыс қою. Трубкашының дұрыс тұру қағидаларын – денесін, аяқтарын, басын, саусақтарын, сондай-ақ ойнау кезінде аспапты дұрыс ұстау қағидаларын үйрену. Трубаның тарихы, қазіргі трубалардың құрылысы, оның бөлшектерінің атаулары, ойын кезіндегі олардың өзара байланысы жөніндегі материалдармен; труба мен мундштукке күтім жасау қағидаларымен танысу. Амбушюр түсінігін практикалық игеру. Ерін бұлшықеттерін, тыныс алудың негізгі түрлерін дамыту. Қарапайым орындау дағдыларын игеру: дыбыс шығаруға дайындалу; тыныс алу-шығару; табиғи дыбыс шығару.

3) Техникалық даму. Техникалық тәсілдерді дамыту және қатаң шабуыл арқылы орындау аппаратын нығайту. Шабуыл тәсілдерін практикалық игеру, «ту» деген буынды нақты, дұрыс айтуды (артикуляция) – қатаң шабуылды қолдану. Дыбыстарды шығару, қолдану, біріктіру және аяқтау кезінде (*detache*, *legato*) қолданылатын негізгі штрихтарды игеру. Біркелкі, таза, дауыс ырғағы жағынан тұрақты, динамикасы жағынан әртүрлі дыбысты пысықтау.

4) Музыкалық-көркем тапсырмалар. Музыкалық образдық ойлауды, музыкалық фразалар мен ұсыныстар құрылымын сезіне білу мен бере білу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту. Музыкалық-ырғақ сезімін, қарапайым ырғақ топтары мен топардың дәйектілігін қабылдау және жасай білу біліктерін дамыту. Шығарманың жанрлық ерекшеліктерін қабылдау және беру біліктері.

592. 2-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

1) Амбушюрмен, дыбыспен, дауыс ырғағымен, ырғақпен жұмыс істеуді жалғастыру. Штрихтарды зерделеу. Аспаптарды баптаумен танысу. Музыка

терминологиясын кеңейту. Парақтан оқу және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

2) Орындау аппаратын дұрыс қою. Орындау аппаратын *piano* және *mezzo forte* дыбыстарын ұзақ уақыт бойы ұстап тұру ойыны кіретін жаттығулар кешені арқылы қалыптастыру. Аспаптарды күту және жай-күйін тексеру бойынша дағдыларды бекіту (бұрандалы тетіктерді, крондарды майлау, аспапты жуу, крон мен жалпы құрылымын баптау). Ойын техникасын дамыту үшін тәсілдерді пысықтау (тыныс алу және музыкалық баса айту).

3) Техникалық даму. Техникалық тәсілдерді одан әрі дамыту және қатаң шабуыл, ойын кезінде дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту арқылы орындау аппаратын нығайту. Ерінмен жұмыс (төзімділік, қозғалғыштық), саусақтармен жұмыс істеудің (жылдамдық, нақтылық, орындау аппаратының барлық элементтерімен үндестік) функционалдық дағдыларын пысықтау. Штрихтарды (*detache*, *legato*, *staccato*) жеке және жұптық комбинацияда (*legato* и *detache*, *legato* и *staccato*) қолдана отырып, гаммалармен жұмыс істеу. Тыныс алуды дұрыс ауыстыра отырып орындаумен жұмыс істеу (кіріспе тоннан кейін тыныс алу).

4) Музыкалық-көркем тапсырмалар. Білім алушының музыкалық орындауға қатысты қызығушылық қатынасын тәрбиелеу. Нота мәтінін ғана емес, музыкалық шығарманың көңіл-күйін беруге ұмтылу. Ырғақта күшті және әлсіз уақытты бере білу, ойын процесінде талап етілетін дыбыс сипатын жатқа білу дағдылары. Фортепианомен ансамбльде ойнау дағдыларын жетілдіру.

593. 3-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

1) Орындау техникасының элементтерімен, дыбыс шығару және оның сапасын жақсартумен үйлестірілген жұмыс істеуді дамыту. Ойын диапазонын кеңейту. Орындау техникасын кешенді дамыту. Штрихтарды одан әрі игеру. Парақтан оқу және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

2) Орындау аппаратын дұрыс қою. Жаттығулар, этюдтер, гаммалар, арпеджио, пьесалар ойыны арқылы *staccato* штрихын орындау техникасын дамыту. Қатаң шабуылды еркін және батыл қолдану арқылы, сондай-ақ буындарды нақты айтуға, еріннің төзімділігін және тілдің қозғалмалылығын нығайтуға көмектесетін жаттығулар арқылы ерін мен тіл техникасын жетілдіру.

3) Техникалық даму. Оқытудың техникалық міндеттеріне сәйкес келетін толық, біркелкі дыбысты орындауды пысықтау. Білім алушының қабілеттері мен техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін этюдтерді үйрену. Негізгі мелизмның барлық түрлеріне арналған дайындық жаттығуларын орындау. Фортепианоның сүйемелдеуімен этюдтерді және шығармаларды жатқа орындау.

4) Музыкалық-көркем тапсырмалар. «Белгілі бір сипатта» орындаудың дағдылары мен біліктерін бекіту. Шығармамен жұмыс істеу процесінде образдық ойлауды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақ сезімін, музыкалық ойлауды одан әрі дамыту. Фортепианомен және өзге аспаптармен ансамбльде

ойнау дағдыларын жетілдіру. Әртүрлі концерттерде өнер көрсетудің ерекшеліктері мен өз-өзін ұстай білу қағидаларына үйрету.

594. 4-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

1) Ойын уақытында ыңғайсыздану мен қысылудан арылу. Дыбыс шығару және оның сапасын жақсартумен жұмыс істеу. Штрихтарды орындауды жетілдіру. Парақтан оқу және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Музыкалық терминологияны одан әрі зерделеу.

2) Орындау аппаратын дұрыс қою. Негізгі оқу-жаттығу материалын бекіту. Баяу ырғақта эн салу сипатындағы этюдтер мен пьесаларды орындау арқылы дыбыс сапасымен, оның ырғағымен және қарқынымен жүйелі жұмыс істеу. Тыныс алуды дамытуға арналған фактуралардың, жаттығулардың барлық элементтерін пысықтау. Дыбысты бақылай отырып, созылмалы ноталарды, әртүрлі интервалдарды қосумен жаттығулар ойынын орындау.

3) Техникалық даму. Күнделікті гаммада ойнау дағдыларын қалыптастыру. Этюдтер мен музыкалық шығармаларда кездесетін мелизмдермен, олардың белгілерімен, ырғақ құрылымының ерекшеліктерімен, жеткілікті орындау дағдылары болған кезде орындау техникасымен жұмыс істеу. Тынысты бөлумен, біртіндеп ұлғайтумен және елеулі шарықтау шегі бар серпінді төмендетумен жұмыс істеу. Қарқынды *crescendo* кезінде жылдамдатуға және *diminuendo* кезінде бәсеңдетуге жол бермеумен жұмыс істеу. Жаттығуларды *pp*-дан *ff*-ге дейінгі динамикалық реңктерді пайдалана отырып орындау.

4) Музыкалық-көркем тапсырмалар. Музыкалық назарды шоғырландыру және бөлу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақ сезімін, музыкалық ойлауды одан әрі дамыту. Фортепианомен және өзге аспаптармен ансамбльде ойнау дағдыларын жетілдіру. Әртүрлі концерттерде өнер көрсетудің ерекшеліктері мен өз-өзін ұстай білу қағидаларына үйрету.

595. 5-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

1) 7 жылдық курс бойынша оқуды жалғастыратындар үшін

Орындау техникасын жетілдіру, көркем ойнаудың маңызды шарттарының бірі ретінде музыкалық есту қабілетін, аспаптың дыбысты сапалы шығаруын қалыптастыру және дамыту. Шығармашылық және физикалық төзімділікті пысықтау.

2) 5 жылдық курс бойынша оқуды аяқтайтындар үшін:

Қорытынды бағдарламалады дайындау.

Орындау аппаратын дұрыс қою

Аспаптың дыбыс шығару сапасын жақсартумен жұмыс істеу. Ыңғайсыздану мен орындау аппаратының бұлшықеттерін қысылудан түпкілікті арылту. Шығарылатын дыбыстың ауқымын кеңейту, дыбыстың біркелкі, тұрақты болуымен, дауыс ырғағының таза болуымен жұмыс істеу. Динамикамен жұмыс істеу.

1) Техникалық даму

Анағұрлым күрделі ырғақ формулаларын игеру. *staccato*, оның ішінде «қосарланғанды» орындау. Негізгі жаттығу материалын пысықтау: дыбыс сапасын, дауыс ырғағының тазалығын, барлық тіркелімдерде дыбыстың біркелкі шығуын және динамикалық алуан түрлілік пен орындаудың өзге компоненттерін жетілдіру мақсатында гаммалар мен арпеджионың барлық түрлерінде ойнау. Ірі нысандармен жұмыс, концерттерді, сонаттарды орындау ерекшеліктері; ойынның концерттық мәнерін игеру; алуан түрлі концерт репертуарын жинақтау, орындау шеберлігін арттыру.

2) Музыкалық-көркем тапсырмалар. Музыкалық шығармаларды саналы орындауды қалыптастыру. Дауыс ырғағының айқындығы мен сөйлемдердің анықтығымен, орындаудың тұтастығымен жұмыс істеуді жалғастыру. Орындалатын шығармалардың мазмұнын түсінумен және көркем образ жасай білумен жұмыс істеу.

596. 6-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

1) 7 жылдық курс бойынша оқуды жалғастыратындар үшін:

Орындау техникасын жетілдіру. Алдыңғы сыныптарда алынған барлық техникалық және шығармашылық дағдылар негізінде музыкалық шығармаларды орындауға қатысты жеке көзқараспен жұмыс істеу. Шығармашылық және физикалық төзімділікті пысықтау.

5 жылдық курстың дарынды білім алушылары үшін 6-сынып арнайы орта оқу орындарына түсуге нысаналы дайындалудың қосымша жылы болып табылады. Қабылдау емтихандарының талаптарына сәйкес келетін бағдарламалармен жұмыс.

2) Орындау аппаратын дұрыс қою. Дыбыстың сапасымен, оның біркелкі, тұрақты болуымен, дауыс ырғағының таза болуымен, тембрмен жұмыс істеу. Динамикамен жұмыс істеу. *staccato*, оның ішінде «қосарланғанды» еркін меңгеру. Штрихтық реңктерді игеру үшін қажет орындаушылық дем алу мен тілдің одан әрі өзара іс-қимылы.

3) Техникалық даму. Гаммалармен, оның ішінде хроматикалық гаммамен (әртүрлі штрихтық, ырғақтық және қарқындық нұсқаларда орындау) жұмыс. Барлық тіркелімдердің (бұлшықет және есту сезімдерін бақылау) біркелкі естілуімен жұмыс. Әртүрлі техникаға арналған этюдтер. Қорытынды емтиханға этюд дайындау.

4) Музыкалық-көркем тапсырмалар. Орындалатын шығармалардың сипатын көрсетуді жетілдірумен жұмыс. Композитордың көркем ойын аша білу және оны тыңдармандарға жеткізе білу.

597. 7-сыныптағы оқу пәнінің мазмұны. Тақырыптық жоспарлау.

1) Музыкалық шығарманың көркем талаптарына сәйкес келетін техниканы жетілдіру; көрнекіліктің агогикалық тәсілдерін игеру, шығармашылық және физикалық төзімділікті, 3-4 шығарманы үздіксіз орындау қабілетін пысықтау. Білім алушының шығармашылық перспективасын айқындау. Анағұрлым дарындыларды арнайы орта оқу орындарына түсуге даярлау. Қабылдау емтихандарының талаптарына сәйкес келетін

бағдарламалармен жұмыс. Стилi мен жанры бойынша әртүрлi шығармаларды зерделеу. Концерттерге, конкурстарға, фестивальдарға белсендi қатысу. Музыкалық терминологияларды бiлу.

2) Орындау аппаратын дұрыс қою. Дыбыстың сапасымен, оның барлық тiркелiмдерде бiркелкi, тұрақты болуымен, дауыс ырғағының таза болуымен, тембрмен, филировкамен, вибратормен жұмыс. Бет және ерiн бұлшықеттерiн қалыптастыруды аяқтау. Ойнау кезiнде туындайтын ыңғайсыздану мен бұлшықеттiң қысылуынан түпкiлiктi арылу. Төзiмдiлiк пен бiрнеше шығарманы қатарынан орындау қабiлетiмен жұмыс.

3) Техникалық даму. Орындау техникасының барлық элементтерiн жетiлдiру, төзiмдiлiк пен сахналық шыдамдылықты пысықтау. Гаммалармен, оның iшiнде хроматикалық гаммамен (әртүрлi штрихтық, ырғақтық және қарқындық нұсқаларда орындау) жұмыс. Зерделенген этюдтердi қайталау. Әртүрлi техникаға арналған этюдтер. Қорытынды емтиханға этюд дайындау.

4) Музыкалық-көркем тапсырмалар. Әртүрлi сипаттағы, нақыштағы және жанрдағы (оның iшiнде iрi нысанды шығармалармен) пьесалармен жұмыс. Көркем мақсат туралы саналы қатынасты және анық түсiнiктi дамыту, оған игерiлген техникалық тәсiлдер, орындалатын шығармалардың мазмұнын түсiну негiз болып табылады. Орындалатын шығармаларға қатысты жеке көзқарасты, өзiндiк орындау тұжырымдамасын әзiрлеу.

598. 1-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

Оқу жылының iшiнде бiлiм алушылар меңгередi:

- 1) шағын октаваның барлық тiркелiмiн пайдалана отырып, бiр белгiге дейiнгi мажор және минор гаммаларын;
- 2) тiкелей қозғалыстағы үш дыбысты арпеджирлеудi;
- 3) жартылай толық, төрттен бiр ұзақтықпен, *detache*, *legato* штрихтарымен гаммалар мен арпеджионы;
- 4) бiрiншi және шағын октавалардағы аппликатураны;
- 5) *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңктердi;
- 6) секундтар, терциялар, кварталар аралығы шегiндегi жаттығуларды;
- 7) 6-8 этюд пен жаттығуларды;
- 8) игерiлген диапазон шегiнде 4-6 жеңiл пьесаны игередi.

599. Емтихандық бағдарламалық талаптар.

Бiрiншi жартыжылдықтың соңында бақылау сабағы өтедi, мұнда қалыпты шамада бiр октавамен *C-dur*, *a-moll* гаммалары, бiр пьеса орындалады. Жылдың соңында дебют-концерт өтедi, мұнда бiлiм алушылар фортепианоның сүйемелдеуiмен әртүрлi сипаттағы екi пьесаны орындайды.

600. 2-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

Оқу жылының iшiнде бiлiм алушылар меңгередi:

- 1) шағын октаваның тiркелiмiн пайдалана отырып, 2 белгiге дейiнгi мажор және минор гаммаларын, сондай-ақ қалыпты шамада тiкелей қозғалыспен арпеджионы;

- 2) жартылай толық, төрттен бір ұзақтықпен, *detache*, *legato*, *staccato* штрихтарымен гаммалар мен арпеджионы;
- 3) бірінші және шағын октавалардағы аппликатураны;
- 4) *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңктерді;
- 5) секундтар, терциялар, кварталар, *detache*, *legato*, *staccato* штрихтары аралығы шегіндегі баяу қарқында ұзақ дыбыстармен орындалатын жаттығуларды;
- 6) 8-10 этюд пен жаттығуларды;
- 7) игерілген диапазон шегінде 6-8 жеңіл пьесаны игереді.

601. Емтихандық бағдарламалық талаптар

1 және 3 тоқсанның соңында техникалық сынақтар өтеді, мұнда 2 дейінгі белгімен мажор және минор гаммалары, бір этюд орындалады. Екінші және төртінші тоқсанның соңында академиялық концертте фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы екі пьеса орындалады.

602. 3-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар

Оқу жылының ішінде білім алушылар меңгереді:

- 1) 3 белгіге дейінгі мажор және минор гаммаларын;
- 2) әртүрлі ұзақтылықпен, *detache*, *legato*, *staccato* штрихтарымен гаммалар мен арпеджиоларды;
- 3) *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңкті секундтар, терциялар, кварталар арасындағы жаттығулар;
- 4) 8-10 этюд пен жаттығулар;
- 5) игерілген диапазон шегінде 6-8 жеңіл пьесаны игереді.

603. Емтихандық бағдарламалық талаптар.

1 және 3 тоқсанның соңында техникалық сынақтар өтеді, мұнда 3-ке дейінгі белгімен мажор және минор гаммалары, бір этюд орындалады. Екінші және төртінші тоқсанның соңында академиялық концертте фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы екі пьеса орындалады.

604. 4-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

Оқу жылының ішінде білім алушылар меңгереді:

- 1) мажор және минор гаммаларын;
- 2) тікелей қозғалыс пен айналыстағы тоникалық үш дыбысты арпеджионы;
- 3) әртүрлі техника түріне арналған 8-10 этюдтерды;
- 4) әртүрлі сипаттағы 6-8 пьесаны;
- 5) ансамбльдік пьесалар мен оркестрлік шығармаларды.

605. Емтихандық бағдарламалық талаптар.

1 және 3 тоқсанның соңында техникалық сынақтар өтеді, мұнда 4-ке дейінгі белгімен мажор және минор гаммалары, бір этюд орындалады. Екінші және төртінші тоқсанның соңында академиялық концертте фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы екі пьеса орындалады.

606. 5-сыныптарға арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

Оқу жылының ішінде білім алушылар меңгереді:

- 1) 5 белгіге дейінгі мажор және минор гаммаларын;
- 2) тікелей қозғалыс пен айналыстағы тоникалық үш дыбысты арпеджионы;
- 3) әртүрлі дыбыстағы хроматикалық гамманы;
- 4) әртүрлі техника түріне арналған 8-10 этюдтерді;
- 5) әртүрлі сипаттағы 6-8 пьесаны (оның ішінде ансамбльді) игереді.

607. Емтихандық бағдарламалық талаптар

- 1) 7 жылдық курс бойынша оқуды жалғастыратындар үшін:

Бірінші және үшінші тоқсанның соңында техникалық сынақтар өтеді, мұнда 5 дейінгі белгімен мажор және минор гаммалары, тікелей түрде және айналыстағы арпеджио, бір этюд орындалады. Екінші және төртінші тоқсанның соңында академиялық концертте фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы екі пьеса орындалады.

- 2) 5 жылдық курс бойынша оқуды аяқтайтындар үшін:

Оқу жылы ішінде соңғы сыныптың білім алушылары түлектер бағдарламасының шығармаларын орындай отырып, тыңдалымдарда өнер көрсетеді.

Емтиханда ірі көлемдегі бір шығарма және пьеса немесе әртүрлі сипаттағы үш пьеса (олардың бірі - кантилена) орындалады. Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау міндетті болып табылады.

608. 6-сыныпқа арналған болжамдыбағдарламалық талаптар.

- Оқу жылының ішінде білім алушылар меңгереді:

- 1) 5 белгіге дейінгі тоналдылықта мажор және минор гаммаларын, үш дыбысты арпеджионы және олардың айналысын, әртүрлі штрихтармен жылжымалы қарқында орындауды;

- 2) әртүрлі штрихтық және ырғақтық нұсқалардағы хроматикалық гамманы;

- 3) 8-10 жаттығу мен этюдтерді;

- 4) әртүрлі сипаттағы 4-6 пьесаны (оның ішінде ансамбльді)

- 5) ірі көлемдегі 1-2 шығарманы;

- 6) оркестрлық партияларды игереді.

609. Емтихандық бағдарламалық талаптар.

- 1) 7 жылдық курс бойынша оқуды жалғастыратындар үшін:

1 және 4 тоқсанның соңында техникалық сынақтар өтеді, мұнда 5 дейінгі белгімен мажор және минор гаммалары, тікелей түрде және айналыстағы арпеджио, бір этюд орындалады. Екінші және төртінші тоқсанның соңында академиялық концертте фортепианомен әртүрлі сипаттағы екі пьеса орындалады.

- 2) 6 жылдық курс бойынша оқуды аяқтайтындар үшін:

Музыкалық орындау саласында кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуге нысаналы дайындалып жүрген алтыншы сыныптың білім алушылары жылына екі емтихан тапсырады: желтоқсанда және мамырда. Желтоқсанда – ірі нысан.

610. 7-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

Оқу жылының ішінде білім алушылар меңгері:

1) 6 белгіге дейінгі тоналдылықта мажор және минор гаммаларын, үш дыбысты арпеджионы және олардың айналысын, әртүрлі штрихтармен жылжымалы қарқында орындауды;

2) әртүрлі штрихтық және ырғақтық нұсқалардағы хроматикалық гамманы;

3) 8-10 жаттығу мен этюдтерді;

4) әртүрлі сипаттағы 4-6 пьесаны (оның ішінде ансамбльді)

5) ірі көлемдегі 1-2 шығарманы;

6) оркестрлық партияларды игереді.

611. Емтихандық бағдарламалық талаптар

Оқу жылы ішінде соңғы сыныптың білім алушылары түлектер бағдарламасының шығармаларын орындай отырып, тыңдалымдарда өнер көрсетеді. Түлектер бағдарламасының шығармалары.

Сынақтарда педагогтың ұйғарымы бойынша емтихан бағдарламаларының ішінен кез келген шығарма орындалады. Қорытынды емтихан алдында сынақтарда, сынып кештерінде және концерттерде түлектер бағдарламасы ойналады.

612. 7-сыныпта білім алушылар кәсіби білім беру мекемелеріне түсуге нысаналы түрде дайындалады, жылына екі емтихан тапсырады: желтоқсанда және мамырда. Желтоқсанда– ірі нысанды шығарма.

613. Академиялық концерттер мен емтихандарға арналған көрсетілімдерге қойылатын бағдарламалық талаптарды педагог сыныптарға бөліп әзірлейді, педагогтік кеңестің шешімімен қабылданып, білім беру ұйымының басшысының қолымен бекітіледі.

614. Бағалау өлшемдері өзгеше болып келеді. Олар пән бойынша, ағымдағы үлгерімділігінің нәтижесі бойынша және концерттік қойылымдарда алған бағалары бойынша қойылады.

615. Білім сапасын бағалау барлық бақылау нысандарын қамтиды. Олардың әрқайсысы белгілі оқу-әдістемелік міндеттерді шешуге бағытталған, өздерінің мақсаттары, міндеттері мен нысандары бар.

616. Үлгерімді бақылаудың негізгі түрлері болып келесілер табылады:

1) ағымдық бақылау;

2) аралық аттестация;

3) қорытынды аттестация.

617. Ағымдық бақылау оқу пәнін қолдауға, пәндерге деген көзқарасын анықтауға, үй тапсырмаларын дайындауды ұйымдастыруға бағытталған, өзінің мақсаттары бар, ынталандыру сипатына ие болуы мүмкін.

Ағымдық бақылауды педагог сабақ кестесі шеңберінде мандығы бойынша жүргізеді және түрлі бақылау жүйесін пайдалануды ұсынады. Бағалар журнал мен білім алушының күнделігіне қойылады. Онда мыналар ескеріледі:

1) баланың пәнге деген көзқарасы, оның тырысуы;

- 2) ұсынылған тапсырмаларды орындау сапасы;
- 3) бастамашылдығы және сабақта және үйде өз бетінше жұмыс атқара алатындығын көрсетуі;
- 4) жылжу қарқыны.

Ағымдық бақылаудың нәтижесі негізінде тоқсандық бағалар шығарылады.

618. Аралық бақылау білім алушының даму жетістіктерін, осы кезеңде оқу міндеттерін меңгеру дәрежесін анықтайды. Аралық аттестациялау бақылау сабақтары, сынақтар, академиялық концерттер, техникалық сынақтар, емтихандар түрінде өткізіледі.

619. Көшіру емтиханынан басқа бақылаудың түрлері жеке (бағамен), сондай-ақ бөлінбеген (сынақ) түрінде болады.

620. Қорытынды аттестаттау (бітіруші қорытынды емтихан) концерттік бағдарламалардағы музыкалық, техникалық, көркемдік міндеттерді меңгеру дәрежесін көрсетеді.

621. Емтиханда құжатқа сәйкес бағалар белгіленеді және бағаланады.

Ағымдық бақылау. Бақылау міндеттері: оқу пәнін қолдау; оқып отырған пәніне деген көзқарасын анықтау; ағымдық оқу материалын меңгеру деңгейін көтеру. Бақылау түрлері: бақылау сабақтары, байқаулар мен концерттерді тыңдау.

Аралық аттестаттау. Бақылау міндеттері: білім алушының оқытудың белгілі кезеңіндегі бағдарламаны меңгеру дәрежесі мен даму жетістіктерін анықтау. Бақылау түрлері - сынықтар, академиялық концерттер бітіру емтихандарының бағдарламаларын тыңдау, техникалық сынақтар, көшіру емтихандары.

Қорытынды аттестаттау оқу пәнін меңгерудің дәрежесі мен сапасын анықтайды. Бақылау түрлері: бітіру емтиханы. 5-7- сыныптар; қорытынды емтихан -6-сынып.

622. Үлгерімділікті бақылау нысандары:

1) Бақылау сабақтары білім алушының мамандық сыныбында алған білімін, біліктері мен дағдыларын анықтайды. Бақылау сабақтары көпшілік алдында орындау және концертке дайындықты қажет етпейді. Бақылаудың бұл түрі білім алушылардың еркін жұмыстарының нәтижелерін, техникалық өсуін, музыка ойнау дағдыларын меңгеру дәрежесін (парақтан оқу, есту бойынша таңдау), бітіру сыныбындағы білім алушылардың қорытынды аттестациялауға дайындығын тексереді. Бақылау сабақтары оқу пәніне бөлінген оқу үдерісінде жүргізіледі.

2) Сынақтар оқу тоқсаны немесе жарты жылдық аяқталған кезде тапсырылады, техникалық немесе академиялық бағдарламаны көпшілік алдында орындауды немесе оның бір бөлігін комиссияның алдында орындауды білдіреді. Сынақтар ұсыныс сипатында, міндетті әдістемелік талқылауы бар, әртүрлі сынақтар.

3) Академиялық концерттер дегеніміз - оқу бағдарламасын немесе оның

бөлігін комиссиялардың, ата-аналардың, білім алушылардың немесе басқа да тыңдаушылардың алдында (сахнада) орындауды білдіреді, түрлі бағалар қойылады.

4) Көшіру емтихандары әр оқу жылының аяғында өткізіледі. Білім алушының көрсетілімі оның осы оқу жылындағы оқу бағдарламасын меңгеру дәрежесін көрсетеді. Көшіру емтиханы дифференцияланған бағалау жүйесін қолдану арқылы жүргізіледі. Емтихандар оқу сабақтарынан тыс кезде жүргізіледі. Бағдарламаны толық меңгерген білім алушы келесі сыныпқа көшіріледі.

5) Қорытындылау аттестациясы (қорытынды және бітіру емтиханы) білім алу бағдарламасын меңгеру сапасы мен дәрежесін анықтайды. Бітіру емтиханы оқу жоспарына сәйкес 5 немесе 7-сыныпты аяқтағанда тапсырылады, ал қорытындылау аттестациясы 6-сыныпты аяқтағанда тапсырылады. Қорытындылау аттестациясы білім беру ұйымының басшысы бекіткен кестесіне сәйкес жүргізіледі.

623. Үлгерімді бақылау циклограммасы.

Бақылау сабағы. Бақылау бағдарламасы: техникалық формулалар, терминдер. Бақылау мерзімділігі: бірінші және үшінші оқу тоқсаны. Бақылау нысандары: сынақ, баға.

Сынақ (техникалық). Бақылау бағдарламасы: гаммалар, арпеджио, жаттығулар, этюдтер. Бақылау мерзімділігі: бірінші және үшінші оқу тоқсаны. Бақылау нысаны: сынақ, баға.

Академиялық концерт. Бақылау бағдарламасы: Шығарма. Бақылау мерзімділігі: бірінші жарты жылдықтың аяғында. Бақылау нысаны: баға.

Көшіру емтиханы. Бақылау бағдарламасы: Шығарма. Бақылау мерзімділігі: оқу жылының аяғында. Бақылау нысандары: баға.

Бітіру емтиханы. Бақылау бағдарламасы: шығарма. Бақылау мерзімділігі: 5 немесе 7 жылдық оқу мерзімінің аяғында. Бақылау нысаны: баға.

624. Сыныптар бойынша білім алушылардың көрсетілімдеріне қойылатын бағдарламалық-бақылау талаптары.

1-сынып (5-7 жылдық оқу мерзімі). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: сынақ (академиялық концерт), түрлі сипатты екі пьеса. Екінші жарты жылдық: техникалық сынақ, емтихан (түрлі сипатты екі пьесалар).

2-сынып (5-7 жылдық оқу мерзімі). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: техникалық сынақ, сынақ (академиялық концерт), түрлі сипатты екі пьеса. Екінші жарты жылдық: техникалық сынақ, емтихан (түрлі сипатты екі пьесалар).

3-сынып (5-7 жылдық оқу мерзімі). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: техникалық сынақ, сынақ (академиялық концерт), түрлі сипатты екі пьеса. Екінші жарты жылдық: техникалық сынақ, емтихан (түрлі сипатты екі пьесалар).

4-сынып (5-7 жылдық оқу мерзімі). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: техникалық сынақ, сынақ (академиялық концерт), ірі нысанды шығарма немесе түрлі сипаттағы екі пьеса. Екінші жартыжылдық: техникалық сынақ, емтихан (ірі нысанды шығармалар немесе түрлі сипаттағы екі пьеса).

5-сынып (7 жылдық оқу мерзімі). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: техникалық сынақ, сынақ (академиялық концерт), ірі нысанды шығарма немесе түрлі сипаттағы екі пьеса. Екінші жартыжылдық: техникалық сынақ, емтихан (ірі нысанды шығармалар немесе түрлі сипаттағы екі пьеса).

5-сынып (5 жылдық оқу мерзімінің бітіру сыныбы). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: сынақ (академиялық концерт), бітіру емтиханының бағдарламасын тыңдау. Екінші жартыжылдық: бітіру емтиханының бағдарламасын тыңдау, бітіру емтиханы (ірі нысанды шығармалар немесе пьеса).

6-сынып (7 жылдық оқу мерзімі). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: техникалық сынақ, сынақ (академиялық концерт), түрлі сипаттағы екі пьеса. Екінші жартыжылдық: емтихан (ірі нысанды шығармалар немесе түрлі сипаттағы екі пьеса).

6-сынып (5 жылдық курстың қосымша сыныбы). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: сынақ (академиялық концерт), ірі нысанды шығарма, емтихан бағдарламаларын тыңдау, қорытынды емтихан (ірі нысанды шығармалар немесе пьеса).

7-сынып (7 жылдық курс). Аралық аттестациялаудың нысаны, талаптары. Бірінші жартыжылдық: сынақ (академиялық концерт), ірі нысанды шығарма, бітіру емтиханының бағдарламасын тыңдау. Екінші жартыжылдық: бітіру емтиханының бағдарламасын тыңдау, бітіру емтиханы (ірі нысанды шығармалар немесе пьеса).

625. Аралық аттестаттау шеңберінде бақылау сабақтары мен сынақтары «Труба» пәніне көзделген оқу уақыты есебінен жартыжылдық оқу соңында өтеді. Емтихандар аралық аттестаттау шеңберінде өтеді.

626. Емтихандық аттестаттауға (аралық, қорытынды) білім беру ұйымының басшысы бекіткен кесте құрылады. Ол білім алушылар мен педагогтердің назарына оны өткізуге дейін кемінде екі аптадан кешіктірілмей жеткізіледі. Емтиханға пән бойынша оқу тапсырмаларын орындаған білім алушылар жіберіледі.

627. Білім алушылардың техникалық даярлығын, музыкалық терминологияны, дыбыс шығару қағидаттарын білуін, сондай-ақ орындалатын шығарма туралы музыкалық сауатты айта білулерін, парақтан ноталарды оқуларын тексеруді педагог сынып сабақтарында және техникалық сынақтарда бөлімнің екі-үш педагогінің қатысуымен жүзеге асырады.

628. Қорытынды (ауыстыру) бағаларды шығару кезінде білім алушының ілгерілеуі, академиялық концерттерде өнер көрсету бағасы, емтихан бағалары,

техникалық сынақ қорытындылары, сондай-ақ бір жыл ішіндегі білім алушының өзге де концерттерде өнер көрсету бағалары негізінде шығарылған жылдық жұмысының бағасы ескеріледі.

629. Егер білім алушы қанағаттанарлықсыз баға алған болса, емтихан аяқталғаннан кейін оны қайта тапсыруға жол беріледі. Емтиханды қайта тапсыру және екінші рет тапсыру шарттары білім беру ұйымының «Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау туралы ереже» деген жергілікті нормативтік актісінде айқындалған.

630. 1-сынып білім алушыларының техникалық даярлығын тексеру бойынша сынақтарекінші жартыжылдықта ғана өтеді, 2-сыныптан бастап жылына екі рет өтеді.

Білім алушылардың техникалық даярлығын, парақтан ноталарды оқи білу, орындалатын шығарманы музыкалық сауатты айта білу, іріктеу, есту бойынша тапсырмаларды орындау, білім алушы үшін қолжетімді деңгейде транспозициялау дағдыларын тексеруді мамандық бойынша педагог оқытудың барлық кезеңіндегі сабақ уақытында, сондай-ақ бақылау сабақтарында 2-3 педагогтің қатысуымен жүзеге асырады.

631. Үлгерімді есепке алған кезде академиялық концерттерде, емтихандарда және өзге де жұрт алдында өнер көрсетулер кезінде шығармаларды орындау сапасына ерекше көңіл аудару қажет, сондай-ақ әртүрлі жанрлардың шығармаларын дербес және жан-жақты зерделеу, ансамбльдарда ойнау, аккомпанирлеу, парақтан ноталарды оқу, этюдтер мен жаттығулар материалдарында орындау техникаларын игеру дағдыларының болуын бағалау керек.

632. Оқу жылы ішінде әртүрлі жанрлар мен нысандарда (соло және ансамбльдік) шығармаларды орындау арқылы академиялық концерттерде кемінде 2 рет өнер көрсету ұсынылады. Шығармалар саны шектелмейді. Емтихан бағдарламалары оқыту жылдары мен білім алушылардың әртүрлі дайындық деңгейлері бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес жасалады.

633. Оқу жылы ішінде соңғы сыныптың білім алушылары түлек бағдарламаларының шығармаларын орындай (ойнай) отырып (бағалаумен) тыңдалымдарға қатысады (желтоқсан, ақпан, сәуір). Қалған сыныптарда білім алушылар академиялық концерттерге қатысады. Іріктеу тыңдалымдарына, концерттерге, конкурстарға және тағы басқаларға қатысу академиялық концерттерге теңелмейді. Барлық өнер көрсетулер мұқият талқыланады. Репертуар таңдау, орындаудың кемшіліктері, жеке ерекшеліктерді ескере отырып, оларды еңсеру жолдары сияқты мәселелерді қозғай отырып, білім алушылардың дамуын талдау маңызды.

Барлық өнер көрсетудің бағдарламалары, сондай-ақ талқылау тұжырымдары өнер көрсету хаттамасында және білім алушылардың жеке жоспарларында тіркеледі. Ескертулер білім алушының оқу материалын игеру, белсенділік деңгейін, даму перспективалары мен қарқынын атап өте отырып, ұсынымдық, талдамалық сипатқа ие болады.

634. Тексерудің әрбір нысаны (ауыстыру емтиханынан басқа) сараланған (бағамен), сондай-ақ сараланбаған да болуы мүмкін.

Ауыстыру емтиханы барлығы үшін міндетті болып табылады.

635. Баға өлшемдері білім алушылардың алдына қойған мақсаттарына байланысты. Педагогтың да, білім алушының да жұмысын бағалау керек. Бағалау кезінде оқыту барысындағы тиімділікті көрсетеді. Барлық жағдайда негізгі бағалау өлшемдері материалды және шығарманы орындауды сауатты, зерделі меңгеруі болып табылады.

636. Қорытынды бағаны қою кезінде келесілер ескеріледі. :

1) білім алушының оқу бағдарламасын меңгерудегі жеткен нәтижелеріне қарай қорытынды бағасы;

2) академиялық концерт немесе емтиханда көрсеткен, сонымен қатар сынақ және бағылау сабағындағы бағасы;

3) білім алушының оқу жылындағы басқа да өнер көрсетулері ескеріледі.

637. Соңғы емтихандағы бағаны қою кезінде келесі көрсеткіштер ескеріледі:

1) білім алушылардың аспапты керекті деңгейге дейін игергендігін көрсетуі;

2) орындалатын шығарманың көркемөнер бейнесін толық және сенімді ашуы;

3) орындалатын шығарманың стилін түсінуі мен орындауы.

638. Бағалар тоқсандық және жартыжылдық оқу жылының аяқталуымен қойылады. Бітіру емтиханында баға бес балдық жүйемен қойылады («үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз»).

639. Білім алушының мінездемесі оның жеке ерекшелігінің мынадай жақтарын қамтиды:

1) музыкалық қабілетінің деңгейі (есту қабілеті, ырғақ, жады);

2) білім алушының орындау аппаратының аталған аспапқа сәйкес келуі;

3) аспапқа бейімделу деңгейі;

4) жалпы даму, эмоциялығы, сезімталдығы, іс-қимылының шапшаңдығы;

5) музыка сабақтарына қарым-қатынасы;

6) жұмыс қабілеті, жинақылығы;

7) өз бетінше сабақ оқи білуі;

8) мәтін талдаудағы сауаттылық деңгейі;

9) музыкалық шығармаларды игеру жылдамдығы;

10) жыл соңындағы жетістіктері;

11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктер мен оларды еңсеру бойынша міндеттер;

12) кәсіби деректері бар білім алушыны сипаттау үшін көркем ойлаудың, музыкалық бастамашылықтың, техникалық деректердің болуы сияқты жеке ерекшеліктерді атап өту керек.

640. Бағалау жүйесі. Бақылау-бағалау сипаттамалары

5 «өте жақсы». Аталған оқу кезеңінің барлық талаптарына жауап беретін техникалық жағынан сапалы және көркем орындау; дыбыс шығаруды өз бетінше бақылау; нысанды жеткізе білу, көркемдік мазмұн; батыл, ашық, эмоциялық тұрғыдан және еркін қозғалыспен орындау.

4 «жақсы». Техникалық және көркемдік тұрғыдан да біраз кемшіліктері бар сауатты, тұрақты орындау; бағдарлама шығармаларындағы музыкалық, техникалық және ырғақтық тапсырмаларды орындау, бірақ аз ғана кемшіліктері бар; динамикасының жарқындығы жеткіліксіз, дауыстардың сараланбаған арақатынасы.

3 «қанағаттанарлық». Орындауда кемшіліктер саны көп: мәтінді толық жаттамау, техникалық әлсіз дайындық, ойнау көркемдігі аз, ойын аппараты еркіндігінің болмауы; орындауы сенімсіз, ырғағы тұрақсыз, дауыс ырғағы ашық емес, қозғалыс үйлесімі жеткіліксіз, динамикалық реңктері жоқ; мәтіндік қателіктер бар.

2 «қанағаттандырарлық емес». Үй жұмыстарының жоқтығы салдарынан болған кемшіліктер кешені, сондай-ақ сабақты көп босату; мәтінді басынан аяғына дейін орындай алмау; ноталық мәтінді оқу және орындаудың негізгі талаптарын орындай алмау; орындаудың қозғалыс тәсілдерін игермеу.

«Сынақ» (белгісіз). Оқытудың аталған кезеңінде даярлықпен орындаудың жеткілікті деңгейін көрсетеді.

641. Білім беру бағдарламасын меңгеруден күтілетін нәтижелер.

Түлек келесілерді біледі:

1) баяу үрлемелі аспаптарда жеке орындаушылыққа тән техникалық мүмкіндіктер мен көркемдік-орындаушылықты;

2) музыкалық терминдерді;

3) музыкалық шығармаларды түрлі түсінеді;

4) бағдарламаның талаптарына сәйкес, түрлі жанрлар мен түрлі нақышты шығармалардан тұратын трубаға арналған репертуарларды біледі;

642. Түлек істей алады:

1) музыкалық шығарманы жеткілікті дәрежеде сауатты орындайды;

2) жеңіл шығармаларды үйрену барасындағы техникалық қиындықтарды жеңеді;

3) теориялық білімдерін орындаушылық тәжірибесінде қолданады;

4) орындалатын музыкалық шығармаларды талдайды;

5) музыкалық нысандар туралы түсінігі бар.

643. Түлекте келесі қасиеттер қалыптасқан:

1) жеңіл музыкалық шығармаларды парактан оқу және есту бойынша теру дағдылары;

2) музыкалық-орындаушылықтың мәнерлілік құралын қолдану дағдылары;

3) есту қабілетін бақылау дағдысын тәрбиелеу және орындау үдерісін басқара білу дағдысы

4) орындалатын шығармаларға теориялық талдау жасау дағдылары;

5) орындаушылық практика, көпшілік алдында жеке шығып өнер көрсету дағдыларының болуы;

б) ұжымдық шығармашылық қызмет ету дағдысы.

14-параграф. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Эстрадалық вокал» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

644. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Эстрадалық вокал» сыныбы бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оқу пәнінің мазмұнын, күтілетін нәтижелерді, болжамды бағдарламалық талаптарды, осы пән бойыншы білім алушылардың білімдерін бағалау өлшемдерін анықтайды.

645. Бағдарламаның мақсаты: білім алушының тұлғасын кешенді дамыты, әншілік қызмет дағдыларын қалыптастыру, арнайы вокалдық дағдыларды жетілдіру, әншілік дауыстың негізгі қасиеттерімен дыбыстық аппараттың қызметін үйлестіру және есту дағдыларын дамыту.

646. Бағдарламаның міндеттері.

Дидактикалық міндеттері:

1) тұтас тарихи дамушы көрініс ретінде әншілік өнер туралы түсінікті қалыптастыру;

2) жалпы және музыкалық мәдениетін кеңейту, қазақстандық және әлемдік эстрадалық және көпшіліктік музыканың ең үздік үлгілеріне танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, сан алуан нақыш, жанр, орындаушылық мектептерінің туындыларын игеру үдерісінде ассоциациялық ойлауларын дамыту, білім алушылардың көркемөнер-эстетикалық талғамын жетілдіру.

Көркемдік-орындаушылық міндеттері:

1) сан алуан эстрадалық, бұқаралық музыкаға тән вокалдық техниканы, арнайы тәсілдерді меңгеруді қамтамасыз ететін білім, дағды, шеберліктерін қалыптастыру, музыкалық мүмкіндіктерін дамыту;

2) шығармалардың көркемдік түпкі ойларын ашу мен жүзеге асыру үшін музыкалық-көркемдік құралдар мен вокалдық-техникалық, орындаушылық шеберліктерінің бірлігіне қол жеткізу дағдыларын, іскерліктерін қалыптастыру;

3) вокалдық репертуармен өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, өз ойын білдіру және өзін-өзі дамытуды жалғастыру сұранысын дамыту;

4) орындаушы ретіндегі болашақ әншілік қызметіне арналған вокалдық-педагогикалық репертуарын байыту;

5) сахналық мәдениетке тәрбиелеу.

Тәрбиелік міндеттері:

1) алдына қойған мақсатқа жету үшін еңбекқорлық, мақсаттылық және қажырлылық, табандылыққа тәрбиелеу;

2) өзін-өзі ұйымдастыра алу және өзін бақылай алу дағдыларын, зейін қою, есту қабілетін, ойлау қабілетін, жадын жинақтау дағдыларын тәрбиелеу;

3) адамгершілік гуманистік өмір нормалары мен мінез-құлықтарын игеру;

4) әртүрлі ұлттық дәстүрлер, нақыштар, дәуірлердің музыкалық өнерлері арқылы мәдени төзімділікке тәрбиелеу.

647. Білім беру бағдарламасындағы оқу материалдары шартты түрде бөлінген. Педагог білім алушылардың дайындық деңгейіне қарай вокалдық техниканы меңгеру бірізділігі, оның жеке вокалдық қабілеттері мен кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті уақытты анықтайды.

648. Білім беру бағдарламасы білім алушының жеке білім алу болашағын саралау, гуманизациялау және қалыптастыру, тұлғаға бағдарланған оқыту, дамытушылық мәселелерін шешуге арналған дәстүрлі, сонымен қатар инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды көздейді.

667. «Эстрадалық вокал» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес әр сыныпта аптасына 2 сағаттан құрастылған. Сабақ түрлері – 45 минуттан жеке сабақтар.

650. Оқыту жеке, шағын топтық және топтық формада жүзеге асырылады.

Даярлық сыныбындағы білім алушылардың сандық құрамы -8-10 адам.

651. Жеке сабақ түрлері вокалдық өнер құралдары арқылы әрбір білім алушының шығармашылық даралығын, оқыту үдерісінде балалардың музыкалық қабілетін, музыкалық-теориялық даярлығын, психологиялық-физиологиялық және жас ерекшеліктерінің деңгейін есепке алатын сараланған тәсілді қолдануға мүмкіндік береді.

652. Оқыту мерзімі: 5-7 жыл. Білім беру бағдарламасы қорытынды мемлекеттік аттестациямен аяқталады.

653. Білім алушылардың білімі мен дағдыларына қойылатын талаптар. Бағдарламалық материалды игеру нәтижесінде білім алушыларда келесі білім, білік және дағдылар қалыптасады:

1) негізгі ұғымдар мен терминологияларды біледі, орындайтын шығармалардың нақыштары мен бағыттарында бағдарланады;

2) адамның әншілік қызметінің психофизиологиялық үдерісі туралы ұғымы бар, дауыс аппаратының анатомиясы, оның ән айту кезіндегі жұмысы туралы жалпы мағлұматы болады;

3) музыкалық және вокалдық есту қабілеті, жалпы және музыкалық ой-өрісі бар;

4) мынадай вокалдық-техникалық және музыкалық-орындаушылық дағдыларын: әншілік тыныс алуын, дыбыстық сүйеу, резонаторлардың үйлестірілген жұмысы, дұрыс дыбысқұрау және дыбысты жүргізудің түрлері (*legato*, *non legato*, *staccato* және тағы басқалар) ұйымдастыру дағдылары қалыптасқан; дауыстың сапалы естілуін жетілдіру (тембр, жоғары дыбыстық және серпінді диапазон, вокалдық интонациялау, дауыстық қозғалысы, дұрыс әншілік артикуляция және мақамның (дикция) анықтығы, эмоциялық-көркемдік көрнекілік, шығарманың дәлелді түсіндіре алады;

5) дауысты қоюдың теориялық дағдыларын және вокалдық дағдыларды практикалық тәрбиелеу әдістемелік тәсілдерін меңгерген;

б) орындаушылық қызметке қажетті вокалдық репертуары бар;

7) концертмейстердің, а cappella, фонограммамен сүйемелдеудің жеке және ансамбльдік орындау дағдылары бар;

8) микрофон, аудио және дыбыстық аппаратура, фонограмма, компьютермен жұмыс дағдылары қалыптасқан;

654. «Эстрадалық вокал» пәнін зерделеу «Сольфеджио», «Хор», «Әлемдік музыкалық әдебиет», «Қазақ музыкалық әдебиеті», «Музыкалық аспап» пәндерін практикалық жағынан игерумен тығыз байланыста іске асырылады.

655. Қазіргі кезеңде аталған өнер бағытын дамыту сұранысына жауап бере алатын, сапалы даярлықты қамтамасыз ету мақсатында «Эстрадалық вокал» жұмыс жоспарларына «таңдау бойынша пән» сағаттарының есебінен «Хореография» және «актерлік шеберлік» және тағы басқа пәндерін оқытқан жөн. Аталған пәндерді енгізу қажеттілігі жанрдың ерекшелігімен түсіндіріледі.

656. Эстрадалық орындаушының міндеті – ән айту мәнерінің даралылығын іздеу, дауыс тембрі, күші, шыдамдылығын, қайталанбас сахналық бейнесін қалыптастыру.

Эстрадалық ән айтуда дикция сапасына, орфоэпия заңын білу мен бағынуына, айтылған сөзінің ойшылдығы, көркемділігі, эмоциялық жағынан толыққанды болуына ерекше талаптар қойылады, өйткені, поэтикалық мәтін әннің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұнда сөз сөйлеу мәдениеті, сөз сөйлеу тренингтері бойынша сабақтар өте көп көмек көрсетеді.

Осы сабақтарда сөз сөйлеу аппаратын жаттықтыру және нығайту, сөз сөйлеу мәнерін қою, тыныс алу, артикуляция, дыбыс шығарумен жұмыс, дауыс көркемділігі мен оралымдылығын дамытумен жұмыстар жасалады.

657. «Эстрадалық вокал» пәнінің бағдарламасын іске асыру төмендегідей оқытудың материалдық-техникалық құралдырының болуын қарастырады: вокалдан жеке сабақтар өткізу үшін жабдықталған оқу кабинеті; концерттік зал (сахна); музыкалық аспаптар (фортепиано, синтезатор және тағы басқа); дыбыстық аппаратуралар кешені(күшейткіш, пульт, колонкалар, CD күйтабақ ойнатқышы және тасымалдаушы флэш)микрофондар; компьютер,бағдарламалық қамтамасыз ету; музыкалық орталық, магнитофон; «+» және«-» режиміндегі фонограммаларды жазу;оқу-әдістемелік, ноталық, дидактикалық материал, фонотека; аудио-, бейнежазба, CD, MP3форматында; бейнекамера, фотоаппарат;концерттік, өнер көрсету жазбалары;айна, тақта, нота үшін пульт.

658. Мектептің материалдық-техникалық базасы санитарлық және өртке қарсы талаптарға, еңбекті қорғау тәртіптеріне сай болуы тиіс.

659. Оқу жоспарындағы пәндерді оқытудың ұйымдастырушылық түрлері: пәндер бойынша жеке сабақтар:арнайы сынып (вокалдық ән айту: академиялық вокал, эстрадалық вокал), музыкалық аспап, таңдау бойынша пән (хореография және актерлік шеберлік және тағы басқа).

Хореография және актерлік шеберлік пәндері бойынша сабақтар аптасына 0,5 академиялық сағат бойынша жүргізіледі, музыкалық мектепте оқыту 1- сыныптан бастап.

660. Пән бойынша топтық сабақтар: сольфеджио, қазақ музыкалық әдебиеті, әлемдік музыкалық әдебиет, ұжымдық музыкада ойнау.

661. Дайындық бөлімінде жеке сабақтар: арнайы сынып (вокалдық ән айту: академиялық вокал, эстрадалық вокал) пәндері, таңдауы бойынша пән (дұрысы – музыкалық аспапта).

662. Сольфеджио бойынша топтық сабақтар. Оқу-тақырыптық жоспар.

1-тарау. Дауысты қою. Әншілік нұсқаулық. Әншілік дауыстың негізгі қасиеттері.

1) Дауысты қою – білім алушыларға дұрыс үн шығаруға мүмкіндік беретін дауыс аппаратының рефлекторлық қозғалысына дағдыландыруға әкелудің ән айтуға оқытудағы жеке үдерісі. Дұрыс қойылған дауыс ұғымы оның барлық диапазондағы түзулігін, жатықтығына (регистрлердің тегістігі), үнділік, дауысты дыбыстардың бүркемеленгендігі, тембрдің әсемдігі, икемділігіне саяды. Жақсы қойылған дауыс үндегі әншілік форманттың болуымен сипатталады.

2) Әншілік ұстаным (певческая установка) – әншінің фонация (дыбыс шығару) алдында қоятын қалыбы. Білім алушының санасында және жүйке-бұлшық ет түйсінуінде тұла бойын, ауыз-тамақ қуысын және барлық дауыс аппаратын табиғи, жайлы және нәтижелі бастапқы қалпына қоя білуін бекіту. Тұрып тұрғандағы әншілік ұстаным: денесін тік жинақы күйде ұстауы, екі аяғына тең тұруы. Қолдары екі жағына еркін орналасқан немесе көкірек тұсына немесе арқасына қарай қолдың білезік бөлігі айқастырыла орналастырылған, кеудесі жазық, иықтары болмашы артқа жіберілген, басын тік, күш түсірілмей тұру. Отыру қалпында да дене мен бастың орналасу қалпы сақталынады, аяқтары тік бұрышта орналасқан. Білім алушыға қажет кезде әншілік қалыпты ұстай білуге үйрету маңызды, өйткені ол дұрыс әншілік дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

3) Әншілік дауыстың негізгі қасиеттері. Дыбыстық диапазон. Тесситура. Примарлық тондар. Жоғары және төмен әншілік форманттар. Дауыс (үдемелілік) күші. Дауыс тембрі (дауыс сыңғырлығы, жарқындығы, көлемі, тығыздығы және жалпы бояуы). Дауыс шарықтауы. Дыбыс тұғырының жоғарылығы. Әншілік вибрато.

4) Негізгі вокалдық дағдылар – дыбыс құрау, әншілік тыныс алу, есту қабілеті дағдылары, артикуляция, эмоциялық көнекілік дағдылары.

2-тарау. Дауыс аппаратының құрылысы, дауыс құрушы үдеріс.

1) Дауыс аппараты – дауыс пен әндік сөз құруға қатысушы органдар жүйесі.

Тыныс алу органдары – тыныс алу үдерісін жүзеге асырушы өкпе, тыныс алу жолдары. Тыныс алу жүйесінің қызметтері – газ алмасудың жүзеге асуы.

Тыныс алу жүйесі органдары: мұрын қуысы, жұтқыншақ, көмей, кеңірдек, өкпе, диафрагма.

Дыбысты қалыптастыру органдары – резонаторлар, артикуляциялық аппарат.

Резонаторлар– тыныс алу жолдарының үстіңгі және төменгі жақтарын қоршап тұрған дауыс қатпарларының ауа қуыстары: жоғары бас және төменгі кеуде резонаторлары. Кеуде резонаторлары: кеңірдек, бронхтар.

2) Бас резонаторлары: жұтқыншақ, ауыз қуысы, мұрын қуысы, мұрынның қосалқы қуыстары.

Артикуляциялық аппарат– сөз және дауыс дыбыстарын қалыптастыратын органдар жүйесі. Сөз сөйлеу белсенді органдары: дауыс қатпарлары, тіл, ерін, жұмсақ таңдай, көмей, төменгі жақ сүйек. Сөз сөйлеудің белсенді емес органдары: тіс, қатты таңдай, үстіңгі жақ сүйек.

Дыбыс жасаушы органдар: – кеңірдек, дауыс қуыстары.

3) Дауыс жасаушы үдеріс – бас миымен жүйке байланыстарының кең жүйесі арқылы жүзеге асырылатын көмейдің барлық бөліктерімен күрделі және нәзік өзара іс-әрекеттесу нәтижесі. Дауыс қатпарларына күш түсіру және оларды бір-біріне әкелуде, қабырға аралық бұлшық еттер мен диафрагма қимылдарымен күшейтілетін кеңірдек пен бронхта ауа қысымымен күшейтілетін, оны дауыс қатпарларының тесіктері арқылы тербелістер пайда болатын ауық-ауық жарып өтетін ауа ортасының тербелісін қамтамасыз ететін дауыс дыбыстарын қабылдаудың физиологиялық актісі.

3-тарау. Вокалдық дағдылар. Тыныс алумен жұмыс (әншілік тыныс алу, тыныс алу жаттығулары туралы түсінік)

1) Вокалдық дағдылар – әншілік акт компоненті болып табылатын іс-әрекеттерді орындаудың ішінара автоматтандырылған тәсілі.

2) Бастапқы кезең – реттелетін вокалдық-музыкалық бейнені құру, вокалдық іс-әрекеттерді орындау және оларды іске асыруға талпыныс тәсілдерін түсіну. Келесі кезең – берілген акустикалық талаптарға сәйкес шартты рефлекторлық байланыстарды құру. Жаттығу әрекеттеріне қарай бұл байланыстар бекемделеді, артық қозғалыстар мен қателіктер жойылады, кейбір іс-әрекеттерді орындау нақты, дәл бола бастайды, олардың сапасы арттырылады. Олар автоматтандырылады және бірыңғай әншілік актіге құйылады.

3) Одан әрі дауысқұраушы үдеріс иілгіштік бейімделуі (қалыптасқан серпінділік стереотиптер) дыбысты шығару жағдайын өзгертуге (мысалы, жоғарғы және төменгі бөліктер диапазонындағы дыбыс шығаруды және дауыс құраушы тәсілдерді меңгеру, орындалатын шығарманың және тағы басқа эмоциялық-мәнді мазмұнына байланысты дыбысталудың өзгерісі) әкеледі.

4) Ән айту негізі ретінде әншілік тыныс алу және оның дамуы әншілік дауыспен жұмыс үдерісінде жүреді, және біртіндеп және жүйелі түрде тәрбиеленеді. Әншілік тыныс алу бір қалыпты, еркін, дауысты құруға қатынасатын барлық жүйелердің табиғи түзетілуіне мүмкіндік береді. Тыныс

алу типтері. Костальдық (бұғаналық, жоғарғы кеуделік, көкіректік). Косто-абдоминалдық (аралас, бауыреттік) тыныс алу. Абдоминалдық (кұрсақтық, диафрагмалық) тыныс алу. Төменгі қабырғалық-диафрагматикалықтыныс алу. Фонациялық тыныс алу элементтері (музыкалық фразаны әндету кезіндегі тыныс алу, демді іште ұстау және демді ұстап тұруды сақтау жағдайы). Демді ішке алу мен демді шығаруды бақылау, ырғақ және тыныс алуды ұйымдастыру. Жартылай есінеу.

5) Әншілік тыныс алу - «диафрагманы сүйемелдеу» дыбыстық негізі. Әншілік тірек-күрделі кешендік сезім, тыныс алуды дұрыс ұйымдастыруға, дыбысты құруға және дауысты резонаторлауға байланысты. Әншілік тіректің негізгі өлшемдері – дыбыс шығарудың сапасы. Тіреулі дыбыс. Тіреусіз дыбыс. Тыныс алу жаттығулары. Дыбыссыз жаттығулар. Тыныс алуды, диафрагма, құрсақ тығыршығын сүйемелдеуді дамыту үшін демді ішке тарту және шығару тренажы. Дыбыстық жаттығулар.

4-тарау. Сөз сөйлеу және ән айтудағы артикуляция қағидаттары (артикуляциялық аппаратты дамыту үшін сөздік және вокалдық жаттығулар).

1) Сөз сөйлеудегі артикуляциялық аппарат. Ауыз-жұтқыншақтық канал органдары: тіл, ерін, жұмсақ таңдай, жұтқыншақ, төменгі жақ сүйек бөліктері. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тыныс алу бұлшық еттері мен тамақ бұлшық еттерімен артикуляциялық аппаратты түзету.

2) Ән айтуда артикуляциялық аппарат жалғамалы түтікшенің ұзындығы мен барынша кең ашылған ауызды өзгерту жағдайында жұмыс жасайды. Резонаторлық қуыстың бұлшық еттерінің жиырылуын көбейту, ауыз-мұрын қуыстары каналының қуыстарын кеңейту, тіл, ерін және жұмсақ таңдайдың сөз сөйлеу құрылысын өзгерту; ауызды ашу дәрежесін арттыру. Артикуляциялық аппаратты жаңа жағдайға және орындарға бейімдеуде қажетті нақты дауысты дыбыс форманттарды құру үшін ұйымдастырылады. Дауыстыларды дөңгелектеу. Ән айтудағы дауысты, дауыссыз дыбыстар. Вокалдық орфоэпия заңдары. Артикуляциялық аппараттарды дамыту үшін сөз сөйлеу және вокалдық жаттығулар.

5-тарау. Дыбыспен жұмыс (дауысты дыбыстарды әндету, дауыссыздарды айту, дыбысты жүргізу сипаты, дыбыс шабуылдары, дыбыстың жоғары тұғыры)

1) Ән айтуда дауысты және дауыссыз дыбыстарды қалыптастыру. Дауыстың негізгі вокалдық қасиеттеріне дағдыландыру. Дауысты дыбыстың жоғарғы және төменгі форманттары. Ән айтуда дауысты дыбыстарды қалыптастыру бірлігі. Екпінді және редуцияланған дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды тегістеуге арналаған жаттығулар. Дауыссыз дыбыстар (еріндік, тілдік, таңдайлық, қатаң, ұяң, үнді, үнсіз). Дауыссыз дыбыстарды дауысты дыбыстармен үйлесімдікте қалыптастыру. Шығарманың көркемдік бейнесі, дыбысты жүргізуде дауыссыз дыбыстарды айту сипаты. Ән айтудағы эмоциялық көрнекіліктің вокалдық-фонетикалық құралдары.

2) Дыбысты жүргізу сипаты. Легато (legato) – дауысты дыбыстарға тыныс алусыз, түрткісіз созылыңқы, үздіксіз, бір-бірімен байланыста дауыссыз дыбыстарға ауысқан, бір буыннан екінші буынға аяқталатын ән айту, сондай-ақ, дауыссыз үнді дыбыстарда (л,м,н,р) ән салу. Легатодағы дауыссыз дыбыстар–бір-бірімен тығыз байланысқан, айтылу жылдам, тұтас дыбыстың бірлігі бұзылмастан айтылады.

3) Нон legato (non legato) – бір-бірімен байланыспайтын дыбыстарды бөлуді көздейтін дыбыс жүргізу әдісі, әуеннің кейбір бөліктеріндегі дыбыстарды баса айтылатын, бірақ оның үздіксіздігін сақтау көзделетін әдіс. Дыбыстарды бөлу жаңа дыбыс алдында тыныс алумен (қайта қалпына келтірусіз) қысқа мерзімдік кешігуде жүреді. Дыбыстарды атап айту әдейі істелетін екпінге өтусіз және тіпті – цезура немесе үзіліске өтпейді. Сонымен қатар көңіл бөлуді азайту әрбір пайда болған дыбыстың немесе аккордтың анық қырларын шайып жіберуге алып келмеуі керек, осылайша, әуенді көрнекі емес тәсілге, орташа legato және нон legatoға әкелмейді.

4) Стаккато (staccato) – үздік-создықсыз, ұзындықтары қысқа, қысқа түрткілермен, бір дыбысты екінші дыбыстан бөлектеуге апармайтын, орындауды көздейтін дыбыс жүргізу әдісі.

5) Дыбыстың шабуылы – ән айтудың басында дауыс желбезегін жұмысқа қосу дәрежесі мен сипаты. Білім алушының шабуылдардың барлық түрлерін меңгергені және оларды мәнерлі міндеттерге қарай қолданғаны абзал. Жұмсақ шабуыл– дауыс желбезегі аса тығыз емес жақындап барып, жабылады, дыбыстың ең басталар алдында, оның алдында емес. Жұмсақ шабуыл ән айтудың сипатын: кеңдігін, дөңгелектігін, жұмсақтығын, мәрттігін және эмоциялық мәнерлілігін білдірген кезде қолданылады. Қатаң шабуыл– дауыстық қуыс дыбыс басталар алдында тығыз жабылады, содан кейін шығарылатын ауаның кернеуімен күшпен атып шығады. Қатты шабуыл ән айтудың сипатын: наразылықты, ашыруды, ынтығу, қорқу және қайғыру сезімін білдірген кезде қолданылады. Тыныс алу алдындағы шабуыл– желбезектер толық емес жабылған кезде, ауа елеулі мөлшерде шығарылғанда. Тыныс алу алдындағы шабуыл ән айту сипатын: абайлауды, әлсіздікті, қорқақтықты, шаршағандықты білдірген кезде.

6) Дыбыс тұғыры – жоғары дыбысты қабылдауға тембрдің әсерін көрсету. Дыбыстың жоғарғы және төменгі тұғырлары. Тембрде жоғары жиілікті обертондардың жеткілікті санының болуы дыбысты барынша айқын, сыңғырлаған, жарқын, ұшқыр, атап айтқанда тұғыры бойынша жоғары болуын қамтамасыз етеді. Жоғары жиілікті обертондардың жеткіліксіздігі ол сол абсолютті биік болса да қатаң, төмен, жатық ретінде қабылданады. Тұғырлық таза болмауды жоюға болады, ол үшін дауысқұраушы техниканың дәлдігі мен дұрыстығына назар аудару қажет.

7) Жоғары әншілік тұғыр: «әншілік бетперде», «жартылай есінеу», «дыбыстық тірек» ұғымдарымен байланысты. Жоғары тұғырды сақтау – құрсақ тығыршығын белсенді жұмылдыра отырып, терең, күш түсірілмеген

тыныс алуда, онда ауыз және жұтқыншақты жақсы аша отырып, төменгі жақ сүйекті босатып, бүркемеленген дыбысты және жұмсақ, дәл дауыс шабуылын пайдалана ән айту. Осындай тұғырды тауып алу үдерісінде жоғары көтерілген жұмсақ тандай шешуші рөл атқарады. Мұнда иекашылады, жұмсақ тандай жұтқыншақты аңқадан (носоглотка) толық бөлектеп, көмей түсіріліп, тіл босатылады, жұтқыншақ жандандырылады.

8) Вокалдық есінеудұрыс дыбыс құрау үшін қажетті әдіснамалық әдіс болып табылады, ол демді ішке тартқанда дайындалып, дыбысты құраудың бастапқы сатысы және дыбысты дұрыс берудің шартын қалыптастырады. Жоғары дыбыстық тұғырда ән айту әншілік бетпердені пайдалануды қарастырады, атап айтқанда басты резонаторларды, яғни, дыбыстың жоғарғы тірегін, ал тыныс алу, оның төменгі тірегі болып табылады, толық белсендендіруді көздейді. «Бетпердеге» дауысты бағыттау дұрыс дыбыс шабуылына мүмкіндік береді, яғни, дыбыс шығару кезінде тыныс алуды ұйымдастыру. Тыныс жоғарғы тіс тамырларына қарай тар ағынмен жіберіледі. Жоғарғы тіс тамырларынан дыбыс тіреуіш нүктесі алыстаған сайын дыбыс сонша жарқын шығатын болады.

6-тарау. Әншілік дауыстар жіктеуіші және әншілік дауыс регистрі (бас және кеуде регистрлерін дамытуға арналған жаттығулар есебінен әншілік диапазонды кеңейту)

1) Әншілік дауыстар жіктеуіші. Диапазон – дауыстың дыбыстық көлемі. Әншілік дауыс регистрі – дыбыстық көлемнің (жоғарғы, орта, төменгі) бірлескен тәсілімен алынатын айқындалған бөліктегі дыбыс тембрі бойынша бірдей фонациялық қатар. Балалар дауысының регистрі. Әншілік дауыстың негізгі регистрлері – төс-кеуде регистрі (Chest voice), фальцет (Falsetto), бас регистрі (head), микст (Mixed voice), ысқырмалы регистр (Whistle register), штро бас (Stroh bass). Регистрлік табалдырықтарды тегістеу және дауыс регистрін жұмсарту. Өтпелі ноталар. Балалар дауысы. Сопрано: ми–фа–диез (екінші октавалар), альт: ля–си (бас регистрге өтудегі бірінші октавалар); ре–ми (кеуде регистріне өтудегі бірінші октавалар). Бас және төс-кеуделік регистрлерін дамытуға арналған жаттығулар есебінен әншілік диапазонды кеңейту. Дауыс диапазоны орталығын нығайту арқылы төменгі және жоғарғы дыбыстарды дамыту.

7-тарау. Есту қабілеті мен дауыс арасындағы түзетулер (интонация тазалығы, дұрыс әншілік тұғырды дағдыландыру үшін жаттығулар)

1) Есту қабілеті дағдылары. Есту зейіні және өзін-өзі бақылау. Әншілік дыбыстың сапалы жақтарын саралау. Әншілік дыбыс пен оны құру тәсілдері туралы вокалдық-есту түсініктері. Қабылдау және елестету арасындағы есту-қозғалыс байланыстары (есту қабілеті мен дауыс арасындағы түзету). Қабылдаушы және дыбыс бейнелі дыбыс шығарудың сапасына есту қабілеті мен өз бетінше бақылауды жүйелі тәрбиелеу негізінде қалыптастыру. Дыбыстың кейбір элементтерін, дыбыс шығару, артикуляция және тыныс алу тәсілдерін санасына сіңіру, түйсіну.

2) Интонация жиілігінің музыкалық есту қабілеті және есту көріністерінің көлемінің даму дәрежесіне тәуелділігі. Музыкалық есту қабілеттерін дамыту үшін (ладтық, үйлесімділік, ішкі) вокалдық-интонациялық жаттығулар (гамма, интервал, аккорд, секвенциялар, әуендік айналымдарды әндету).

3) Әншілік дұрыс тұғырды дағдыландыру - ән айту кезінде дененің барлық бұлшық еттер жұмысының жиынтығы, дауыс аппаратының барлық жиынтығының, диафрагма, құрсақ қуысынан бастап және төмен орналасқан кеңірдек пен тілдің босатылған сіңірлерімен аяқталған барлық жиынтығы.

8-тарау. Дауыс ақаулары және оларды жою (тамақ және мұрын қосымша дауыс құбылысы (призвуки), дыбысты күшейте шығару, ақауларды жоюға арналған жаттығулар)

Дауыс ақаулары. Тамақтан шығатын қосымша дыбыс құбылысы. Дауыстың көмескі шығуы. Әр түрлі дауысты қысу түрлері. Мұрыннан шығатын қосымша дыбыс құбылысы. Таза емес дыбыс. «Ақшыл» дыбыс. Дикция ақаулары. Форсирлеу. Сип, вибраторның бұзылуы (тремоляция, «күшті тербеліс», «тік дауыс»), жалған интонация, дыбыстың төменгі тұғыры.

9-тарау. Вокалдық репертуардың көркемдік-орындаушылық қырларымен жұмыс.

1) Көркем шығарманың мазмұны мен нысанасын қабылдау және түйсіну. Идеялық-көркемдік ойдың жеке дара орындаушылық тұжырымдамасын жасау. Шығармашылық міндеттерді барынша оңтайлы шешуді іздеу. Орындау түрі мен мазмұнын құрастыру, өзінің көркемдік жағынан дұрыс бағыт алу мен орындаушының жасаған түсіндіруінің (трактовка) құндылығына сенімділік сезімін тудыру.

2) Әншінің эстрадалық бейнесі – қайталанбас және шектелген бейнені (имидж) іздеу. Эстрадалық әннің көрнекілік құралдары - эстрадалық вокалист-әртістің вокалы, сөзі, актерлық шеберлігі, пластикасы, костюмі, жарық беру, мизансцена. Қосымша көрнекі құралдарды қолдану шегі орындаушының даралылығына, әннің мазмұндық, бейнелік, эмоциялық және стилдік өзіне ұқсамауына тәуелді.

3) Орындаушының даралығы, әннің музыкалық-мәтіндік негізінің сипаты, жанрлық алуан түрі (лирикалық, азаматтық-патриоттық, әзілдік, ойын түріндегі, баллада; классика, ретро, джаз, рок және тағы басқа). Эстрадалық вокалдық репертуар театрландыруға шектеулі бейімделгіш және белсенді театрландыруға қарсылыққа ие. кішігірім сахналық ән - кішігірім спектакль - жаңалықтық қатар құрылады, кейіпкерлердің мінез-құлқы табылады, дау-дамай табиғаты айқындалады, берілген жағдайда іс-әрекеттер қатары құрылады. Кейіпкер тұлғасынан туындаған ән - өз атынан айтылатын әннің кейіпкерінің мінез-құлқын құру, қайта жаңғыруы. Эстрадалық әнді театрландыру - сюжеттік театрландыру, шығарманың мәні мен бейнесі ән мен актерлық көрнекілік арқылы ашылады. Эстрадалық әншінің актерлық психотехникасы ішкі аңғарымы, қиял-елесі, материалдың эмоциялық-мәнді құрылысына ену жетекші орын алады; эстрадалық әншінің өмір сүруі - толық сол бейнеге айналуы емес,

ән кейіпкерінің (кейіпкерлерінің) сезімі мен ойы туралы әңгіме; әнге тірідей сүйемелдеу әншінің концертмейстер немесе оркестрмен қарым-қатынасы мағынасындағы ауқымды театрландырылуына мүмкіндік беруі.

10-тарау. Жаттығулар мен вокализдермен жұмыс.

1) Дауысты дамыту және қалыптастырудың бастапқы сатысындағы жаттығулардың рөлі. Вокалдық-техникалық дағдыларды қалыптастыру мен жетілдіру: әншілік диапазонды кеңейту, дыбысты жүргізудің алуан түрі, дауысты дыбыстардың үнін тегістеу, көшпелі ноталар, вокалдық есінеу. Әншілік дауысты дұрыс дауыс жағдайына келтіру, орын алған кемшіліктерді жою. Әншілік тұғырды қалыптастыру. Дыбыстың тегістіне, дауыстың қозғалыстылығына қол жеткізу үшін тыныс алумен, резонаторларды меңгеру. Legato үшін дұрыс әншілік тонды жасау, ән айту дағдыларын еркін, күш түсірусіз айту дағдыларын құру. Әншілік дұрыс тұғыр: әншілік дыбыстық мақсатқа жету; әншілік жоғары тұғыр; әншілік тыныс алу (аралас) және дыбыс тірегі; ән айтудағы дыбыс шабуыл түрлері; әншілік артикуляция және дикция.

2) Жаттығуларды мына қағидаттар бойынша: қарапайымнан күрделіге, «жабылған ауыздан» «ашылғанға» жету арқылы ән айту, жеңіл дыбыстармен ән айтудан серпінді және қоюлатылған тембрлыққа, диапазон ортасынан шеткі диапазонға қарай қолдану. Кіші диапазонға арналған жұмыс. Білім алушының өскелең мүмкіндіктеріне сәйкес жаттығуларды біртіндеп күрделіндіру және ұзарту. Барынша күрделі жаттығуларға өту алдыңғы кезеңдерді тұрақты игеруден кейін ғана жүзеге асырылады, жақсы бекітілудің болуы маңызды. Жаттығу типтері: сақталған дыбыс арқылы; гамма құраушы; арпеджио; түрлі секіріске арналған жаттығулар; вокализдер; шығармалардан үзінділер. Жаттығуларды көрнекі орындау міндеттерін вокалдық-техникалық міндеттермен қатар жүргізу. Жаттығуларды білім алушылардың даму деңгейіне, дауыс типтеріне қарай техникалық тапсырмаларға сай іріктеу.

3) Вокализ - дауысқа арналған сөзі жоқ пьеса. Аралық музыкалық материал жаттығулардан көркем шығармаларға дейін. Жаттығулардан өзгешелігі - күрделіндірілмеген поэтикалық мәтіні жоқ нағыз көркем шығарма болып табылатындығы. Вокалдық-техникалық дағдыларын қалыптастыру - вокализдер материалындағы дыбыс шығарушылық, дауыстық жетекшілік, дауыс тегістігі, жүгірте айту техникасы, кантилен және тағы басқалары Вокалдың анық бір түрін дамытуға есептелген және дауыстардың анық бір типтеріне қарай іріктелген жинақтар түріндегі вокализдер. Ф. Абт, Дж. Конкон, Г. Зейдлер, Б. Лютген, Г. Панофки, Д. Россини, М. Маркезидің вокализдері. Ноталар атауымен (сольфеджиолау), дауысты дыбыстарды, түрлі буындарды қолданумен вокализдерді жаттау. Вокализдерді әндетуді түйсіну, эмоциялық сезімдерді білдіру. Вокализдердің музыкалық мәтіндерін талдау - нысан, баса айту, кульминация, қарқын, ырғақ, серпінді реңктер, орындау сипаты.

11-тарау. Халық әндерімен жұмыс.

Халық музыкасы жанрымен танысу. Халық әндерінің кең әндетілуінен шығатын музыкалық әншілік дауысты дамыту. Басқа да халықтардың

әндерімен танысу. Вокалдық-техникалық жұмыс. Мазмұн байлығы, жанрдың алуандығы. Салт-дәстүрлік, сатиралық, еңбек, ойнақы, лирикалық және тағы басқа әндер. Әртүрлі елдердің халық әндерінің арнайы келбеті (қазақ әндерінің бір дауыстық тыныс алу кендігі, орыс халық әндерінің қосалқы дауыстық полифониясы, немістің төртдауыстық хоралы, көптеген шығыс әуенінің күй таңдағыштық ырғақтық және интонациялық қыры және тағы басқа) Сөз орамдарын анық және нақты бөлу, баяндаудың қарапайымдылығы, сарынды және ырғақты суреттің қарапайымдылығы.

12-тарау. Эстрадалық шығармалармен жұмыс.

1) Вокалдық репертуармен жұмыстың ерекшелігі оның мазмұнының тек музыка арқылы ғана емес, сонымен қатар поэтикалық мәтін арқылы ашылуымен байланысты. Вокалдық шығарманы талдау. Музыка мен мәтін авторлары, шығарма сипаты. Әдеби мәтінді саналы және эмоциямен оқу. Мәнінің шарықтау шегін көрнекі декламациялау, өлеңнің фонетикалық және ырғақтық ерекшелігі.

2) Әуенді ойнау. Әуенді әндету және әуеннің сипатын анықтау, оның серпінділік диапазонын, нысанасын анықтау, шарықтау шегін, тыныс алуды ауыстыруды табу.

3) Вокалдық-техникалық талдау: тесситура (қолайлы, қолайлы емес). Примарлық дыбыстардың болуы, білім алушының дауыс диапазоның шеткі (төменгі, жоғарғы) дыбысы. Әуен қозғалысының сипаты (толқын тәріздес, біртіндеп, секірістік және тағы басқалары) Дыбыс мінездемесі (жұмсақ, ашық, жеңіл және тағы басқалары). Вокалдық-техникалық қиындықтар: интонациялық (секірістер, хроматизмдер, интервалдардың ұлғаюы және кішіреюі және тағы басқалары); ырғақтық (синкоптар, дуолдер, триолдер және басқалары.); серпінді; дикциялық; тыныс алуға байланысты қиындықтар (ұзақ фразалар және тағы басқалары), шабуыл түрлері.

4) Вокалдық шығармалардың бейнелік жақтарын ашу және орындаудың жоғары көркемдік деңгейіне қол жеткізу. Сүйемелдеу сипаты. шығармалардың аудиотаспаларын тыңдау, бейнежазбаларды, бейнебаяндарды қарау. Шығарманы вокалдық-техникалық жағынан игеру. Орындаудың вокалдық мәдениетімен жұмыс. Шығарманың көркемдік-эмоциялық, сахналық қойылымымен жұмыс. Концерттік орындау.

663. Білім алушылардың бағдарламаны игеруінен күтілетін нәтижелер. Білім алушылардың басты және оқу-танымдық құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейі пәндік, жүйелік-қызметтік және тұлғалық нәтижелері аясында бағаланады.

664. Білім беру үдерісінің тиімділігі оның мақсатының мазмұны мен тәрбиелеу міндеттеріне, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, педагог пен білім алушының кәсіби құзіретті педагогикалық өзара байланыстарына байланысты.

665. Музыка мектептерінінде музыкалық қабілеттері жақсы балалармен қатар музыкалық-орындаушылық мүмкіндіктері шектеулі балалар оқиды.

Сабақта педагог олармен жұмыс істегенде музыка ойнаудың түрлі нысандары мен шығармашылық дағдыларын дамытуға екпін жасай отырып, дамытуға бағытталған оқыту әдістеріне сүйенеді. Репертуарды таңдау барысында жеке жоспардың түрлі нұсқада болуына жол беріледі: 1 және 2 сыныптардың талаптарының (оның ішінде гаммалардың да) деңгейлерін төмендету.

666. Әр жартыжылдықтың басында жеке жоспарлар әзірленеді және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың соңында педагог алдында бекітілген тізімдердегі тапсырмалардың орындауы мен өзгерістерінің сапасын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық жағынан дамуының, үлгерімі мен еңбекке қабылеттілігіне сипаттама береді.

667. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

668. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

Білім алушының жылдық оқу жоспарының негізгі құрамдас бөлігі: ірі нысандағы туындылар, полифония, пьесалар, этюдтер, гаммалар және музыкалық шеберліктерін дамытатын жаттығулар, ансамбльдер, сүйемелдеулер, өзі оқып-үйренуі, қағаз бетінен оқуы және тасымалдауы, үйде музыкада ойнау үшін пьесалар.

669. Білім алушылардың жеке жоспарлары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 20-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтып көрсетіледі.

670. Жеке жоспарда білім алушының жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішілік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшандығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

6) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

671. Бірдей сыныпта бағдарламаны оқытудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілігінің деңгейі бойынша өзгеше болуы мүмкін.

672. Репертуармен жұмыста педагог шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтиханда) орындауға, ал қалған бөлігі – сынып жұмысына немесе танысуға арналатындығын ескеру керек. Педагог педагогикалық репертуармен жұмыстың аяқталу дәрежесін білім алушының жеке жоспарында оқу сатыларын белгілеу арқылы анықтауы мүмкін.

673. Педагогтің әрбір білім алушының жеке ыңғайын ескере отырып, жаңа репертуар есебінен репертуарлық тізімдерді толықтыра отырып, бағдарламаның көлемі мен күрделілігін саралайды.

674. Даярлық сыныбына арналған болжамды бағдарламалық талаптар. Білім алушылардың вокалдық тәрбиесі музыкалық қабілеттерінің дамуы мен жалпы мәдени деңгейімен тығыз байланыста. Дайындық сыныбында музыкалық сабақтарға деген тұрақты, эмоциялық-жағымды қызығушылықты қалыптастыру маңызды.

675. Оқу жылы ағымында білім алушыда музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік және шеберлік, дағды қалыптасады. музыканы тыңдау, қабылдау және есте сақтау, музыканы қабылдаудың музыкалық сезімталдық, әсершілену дағдылары қалыптасады. «Әншілік орнығу», «әншілік дауыс», «әншілік тыныс алу», «кантилена» деген ұғымдармен танысу қажет. Әншінің тыныс алу және әншілік дұрыс дауыс дыбысы (қарқынды емес) негіздері қалыптастырылады. Музыкалық-есту қабілеті түсінігі мен ырғақ сезімі, артикуляция дағдылары қалыптасады. Оқу жылында кемінде 9-10 шығарма үйретіледі.

676. Оқытудың даярлық кезеңі нәтижесінде білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) дауыс, әншілік тыныс алу туралы жалпы түсінік туралы біледі;
- 2) әншілік орнығуды нұсқаулығын сақтайды;
- 3) тыныс ала алу және музыкалық фразада тынысты бөле біледі;
- 4) жеңіл дауыспен ән айту, оны «соза» түсуге талпыныс жасай біледі;
- 5) әуенді фрагменттер бойынша аспаптың дыбысқа сүйене отырып, және аспапсыз да интонациялық дұрыс айта алады;
- 6) ән сөздерін дұрыс және анық айта біледі, дауысты дыбыстарды бұрмаламай әндету, дауыссыз дыбыстарды нақты және қысқа айта алады, белсенді түрде артикуляция жасай біледі;
- 7) концертмейстердің сүйемелдеуімен және фонограммамен ән айта алады;
- 8) микрофонмен жұмыс жасаудың бастапқы дағдыларын игереді.

677. 1-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

1-сыныпта музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік, дағдылар қалыптасады. «Дауыстық аппарат» ұғымымен жалпы танысу. Әншілік дауыстың негізгі қасиеттерімен танысу (диапазон, тесситура, күш, тембр). Ән айту үдерісінде әншілік орнығуды сақтай алу дағдысына, негізгі вокалдық дағдыларға – дұрыс дыбыс шығару (жұмсақ шабуыл), көмейдің тұрақты қалпын, иықты көтермей байсалды дем шығару, ән айту кезінде демді ішке

тартатын жағдайды сақтауға, есту қабілеті дағдылары, артикуляция, эмоциялық көрнекілік дағдыларына үйренеді.

Әншілік дауыстың негізгі қасиеттерін қалыптасады (сыңғырлаған дауыс, ұшқыр дауыс, тембр бойынша тегіс дауыс). Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қалыптастыру, сөздерді анық айтуды қалыптастыру. Диапазон дамиды. Ән айту, нотаны оқу кезінде өзін бақылауға үйренеді.

678. Оқытудың бірінші жылының нәтижесінде білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппараты туралы (тыныс алу органдары, дыбысты қалыптастыру органдары, дыбыс шығару органдары), әншілік дауыстың гигиенасы туралы жалпы теориялық білімі болады;

2) әншілік тұғырды сақтайды;

3) шығарманың қарқыны мен сипатамасына байланысты тыныс ала біледі (байсалды дем шығару, жылдам дем шығару, белсенді дем шығару), дем шығаруды ұстап тұра алады, тыныс алуды музыкалық фразаларға бөлуді, үнемдеп дем шығаруды біледі;

4) жеңіл дыбыспен ән айтады, оны күш салусыз «созуға», ауаның шығып кетпеуіне тырысады;

5) таза және нақты интонациялайды;

6) ырғақтық суретті дұрыс орындайды, тұрақты қарқынды дұрыс ұстайды;

7) әннің сөздерін дұрыс және анық айтады, бұрмалаусыз дауысты дыбыстарды әндетеді, дауыссыз дыбыстарды нақты және қысқа айтады, белсенді түрде артикуляциялайды;

8) концертмейстердің сүйемелдеуімен фонограммамен ән айтады;

9) микрофонмен жұмыс жасаудың бастапқы дағдыларына ие.

679. 2-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

2-сыныпта музыкалық-теориялық, вокалдық білім, білік және дағдыларды қалыптастыру одан әрі жалғастырылады. Дауыс аппаратының әр түрлі бөліктерінің қызметтерімен танысады, әншілік тұғырды сақтайды, әншілік дауыс қасиеттерін дамытады (диапазонды кеңейту, орта диапазонды нығайту, дауыс күшін дамыту).

680. Білім алушылардың вокалдық дағдыларды дамиды (тыныс алу, дыбыс шығару, дыбыс шабуылы, артикуляция, эмоциялық көрнекілік дағдылары), әншілік дауыстың негізгі қасиеттері қалыптасады (айқын сыңғырлау, ұшқырлық, тембр бойынша тегістік), дауысты және дауыссыз дыбыстарды, сөздерді анық айтуды қалыптастырады. Дауыстық дара бояулары анықталады.

Білім алушылар ырғақ элементтерін пайдаланады, музыкамен қозғалады. Сахналық мәдениетін тәрбиелейді. Ән айту, нотаны оқу кезінде өзін бақылауға үйренеді.

681. 2-сыныптың аяғында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппаратының қызметтері туралы жалпы ұғымы болады (тыныс алу органдары, дыбысты қалыптастыру органдары, дыбыс шығару органдары), әншілік дауыс гигиенасын сақтайды;

2) әншілік тұғырды сақтайды;

3) шығарманың қарқыны мен сипаттамасына байланысты тыныс алуды ұйымдастыра біледі (байсалды дем шығару, жылдам дем шығару, белсенді дем шығару), дем шығаруда демді ұстап тұра алады, айтарлықтай ұзын музыкалық фразаларда тыныс алуды бөледі, демді ішке тартуды үнемдеуді біледі;

4) дауыстың жұмсақ шабуылын пайдалана отырып таза, табиғи, жеңіл дыбыспен ән айтады, дыбысты күш салусыз, тегіс, ауаның шығып кетпеуін қадағалай отырып, дені сау әншілік дауыс дыбысының даралығын сақтайды;

5) дыбыстың жоғарғы тұғырын сақтай отырып ырғақтық суретті таза және дәл интонациялайды;

6) ырғақтық суретті дұрыс орындайды, қарқынды үнемі ұстап тұрады;

7) шығарманың мінездемесіне қарай *legato*, *non legato*-ны айта алады;

8) әннің сөздерін дұрыс және нақты айта алады, дауысты дыбыстарды бұрмалаусыз әндетеді, дауыссыз дыбыстарды дәл және қысқа айтады, белсенді артикуляциялауды біледі;

9) әнді эмоциялы, көрнекі, әртүрлі серпінділік реңкте айтады;

10) ритмика элементтерін пайдалану және музыкамен қозғалады;

11) концертмейстердің сүйемелдеуімен, фонограммамен, а *cappella*-да ән айтады;

12) сахналық бейнелермен жұмыс істей алады;

13) микрофонмен жұмыс істеу дағдыларына ие.

682. 3-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

3-сыныпта бұрын алған музыкалық-теориялық, вокалдық білім, дағды, шеберліктерін қайталау, бекіту және тереңдету жүргізіледі. Әншілік тұғыр дағдыға айналады.

Дауыстың жеткілікті деңгейдегі иілгіштігін қамтамасыз ететін тегіс, байсалды-белсенді, үнемді, ұзын тыныс алу дағдыларымен жұмыс. Диапазонды шамамен біржарым октаваға кеңейтіледі. Регистрлерді тегістеу, аралас дыбыс шығуын қалыптасады. Жұмсақ, сыңғырлаған, ұшқыр дыбысталуды қалыптасады, дара тембрді анықталады. Әртүрлі сипаттағы шығармаларды орындауды үйренеді.

Білім алушылардың шығарманың көркемдік мәні мен мазмұнын музыкалық көрнекілік құралдарын, вокалдық-техникалық дағдыларды қолдана отырып, түрлі эмоция, сезім арқылы жеткізу дағдылары дамиды. Өзіндік вокалдық орындау мәнерімен жәнесахналық мәдениетін тәрбиелеу жұмыстары жалғастырылады. Би қозғалыстарын қоюды үйренеді.

683. 3-сыныптың аяғында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппаратының құрылысы мен олардың қызметі туралы ұғымы болады (тыныс алу органдары, дыбысты қалыптастыру органдары, дыбысты құраушы органдар);

2) әншілік дауыс гигиенасын сақтайды, суық тиіп сырқаттанған кезде дауысты қалпына келтірудің қарапайым әдістерін біледі;

3) әншілік тұғырды сақтайды;

4) бір тыныс алумен барынша ұзақ созылған фразаларды оны теңдей бөле отырып, ән айта біледі;

5) дауыс құраудың негзгі әдісі ретінде жұмсақ дауыс шабуылын қолдана отырып таза, табиғи, жеңіл дыбыспен, кейде, бейнелеу тәсілі ретінде қатаң шабуылды пайдаланып ән айта алады;

6) дыбысты күш салусыз, ауаны жібермей, тегіс созу, дұрыс әншілік дыбысталудың даралығын сақтай алады;

7) дыбыстың жоғарғы тұғырын сақтай отырып, таза және дәл интонациялай алады;

8) қарқынды үнемі сақтай отырып, ырғақтық суретті дұрыс орындайды;

9) шығарманың мінездемесіне байланысты *legato*, *non legato*, *marcato*, *staccato*-ны әндете біледі;

10) әннің сөздерін саналы түрде, көрнекілікпен айтады, дауысты дыбыстарды бұрмалаусыз әндетеді, дауыссыз дыбыстарды нақты және қысқа айту, белсенді артикуляциялау, орфоэпия ережелерін сақтайды;

11) әнді эмоциямен, көрнекілікпен, түрлі серпінділік реңктерімен айта алады;

12) концертмейстердің сүйемелдеуімен, фонограммамен, а *capella*-мен ән айта біледі;

13) ырғақтық және музыкамен қозғалу элементтерін пайдалана алады;

14) сахналық бейнеде жұмыс жасай алады;

15) әншіліктің сахнаға шығар алдындағы және одан кейінгі тәртіп ережелерін біледі.

684. 4-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

4-сыныпта жұмыс мазмұны музыкалық-теориялық білімдерін нығайтумен, тереңдетілумен, вокалдық-техникалық дағдыларын одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты (төменгі қабырғалық- диафрагмалық тыныс алуды қолдану, тірекпен ән айту, диапазонның кеңейтілуі, регистрлерді тегістеу, жоғары әншілік тұғырда ән айту, дауыстың икемділігі, түрлі дыбыс шабуылдарын меңгеруі, дыбысты жүргізудің түрлі тәсілдерін пайдалану, артикуляциялық аппараттың реттелгендігі).

Әншілік дыбыс және оларды құру әдістері туралы вокалдық-естушілік ұғымдарын жетілдірумен жұмыс, есту қабілеттері зейінін және дыбыс қабылдау және шығару сапасын өз бетінше бақылауды қалыптастыру, жанры, сипаты әртүрлі шығармаларды орындау, әнді театрландыру әртістігі, сахналық бейне, даралықпен жұмыс жасау жалғастырылады.

Білім алушылардың ішкі түйсігі, қиялын дамыту, орындалатын әндердің эмоциялық-мәндік құрылысына ену қасиеттері дамиды. Ән репертуарын талдау дағдылары жетілдіріледі (музыка және мәтін авторлары, шығарма сипаты, әдеби мәтін ерекшелігі. Ән диапазоны, тесситура (қолайлы, қолайсыз) және әуен қозғалысының сипаты (толқын тәріздес, секірмелі, ақырындап және тағы басқалары) жұмыс істеу жалғасады. Вокалдық-техникалық қиындықтар: интонациялық (секірулермен, хроматизмдермен, аралықтың ұлғаюы мен қысқаруы және тағы басқа); ырғақтық (синкоптар, дуолдер, триолдер және тағы басқа); серпінді; дикциялық; тыныс алуға байланысты қиындықтарды (ұзын сөз орамдары және тағы басқалары) жеңе біледі.

685. Жылдың соңында 4-сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппаратының құрылысы мен олардың қызметі туралы ұғымны болады (тыныс алу органдары, дыбысты қалыптастыру органдары, дыбысты құраушы органдар);

2) әншілік дауыс гигиенасын сақтайды, суық тиіп сырқаттанған кезде дауысты қалпына келтірудің қарапайым әдістерін біледі;

3) әншілік тұғырды сақтайды

4) дыбыс шығаруға, тыныс алуға қатысатын барлық жүйелерді табиғи үйлестіруге әсер ететін бір қалыптылықты, еркіндікті пайдалана біледі;

5) дауыс құраудың негізгі әдісі ретінде жұмсақ дауыс шабуылын қолдана отырып таза, табиғи, жеңіл дыбыспен, кейде, бейнелеу тәсілі ретінде қатаң шабуылды пайдаланып ән айтады;

6) дыбыстың жоғарғы тұғырын сақтай отырып, таза және дәл интонациялайды;

7) күрделі ырғақтық фигураларды (триоли, синкопы, пунктирлі ырғақ) орындау, агогикалық өзгертулерімен түрлі жылдамдықта орындау дағдыларына ие;

8) шығарманың сипатына байланысты *legato*, *non legato*, *marcato*, *staccato*-ны әндете біледі;

9) әннің сөздерін саналы түрде, көрнекілікпен айтады, дауысты дыбыстарды бұрмалаусыз әндетеді, дауыссыз дыбыстарды нақты және қысқа айтады, белсенді артикуляциялау, орфоэпия ережелерін сақтайды;

10) әнді эмоциямен, көрнекілікпен, түрлі серпінділік реңктерімен, дыбысты жұмырлау және күшейте айта алады;

11) ырғақтық және музыкамен қозғалу элементтерін пайдалана алады;

12) сахналық бейнемен, түрлі жанрдағы, сипаттағы шығармаларды жеке орындаумен жұмыс істей алады;

13) көпшілік алдында концерттік ән айту дағдыларына ие.

686. 5-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

5-сыныпта меңгерген вокалдық техниканың барлық түрлерін, музыкалық есту қабілеті, есту қабілеті ұғымдары, музыкалық-теориялық білімді жетілдіру және дамытумен жұмыс жалғастырылады, осыған қоса: әншілік аппараттың

барлық элементтерінің еркіндігі мен үйлестірушілігі, тыныс алуды игеру, дыбыс сапасы, тембрлік бояудың сан алуандығы, артикуляциялық-штрихтық техникасы, икемділік, дауыстың техникалығы, резонаторларды қолдану шеберлігі, барлық диапазонда дауыс тегістігі.

Шығарманың көркемдік мазмұны мен нысанасын қабылдау мен саналы ойлауымен жұмыс, әнді баяндаудағы дара орындаушылық, орындау мәдениеті, шығармашылық еркіндік, әртістікпен жұмыс жалғастырылады.

Білім алушының ішкі түйсігін, қиялын дамыту, орындалатын әннің ой-саналық құрылысына ену жұмыстары жалғастырылады.

Жалпы және музыкалық ой-өрісі кеңейеді. Әндік репертуарға жазбаша талдау жасау дағдылары (музыка және мәтін авторлары, шығарма сипаты, әдеби мәтіннің ерекшелігі), ән диапазоны, тесситур (қолайлы, қолайлы емес), әуен қозғалыс сипаты (толқын тәріздес, ақырындап, секірмелі және тағы басқа) дағдылары жетілдіріледі. Вокалдық-техникалық қиындықтар: интонациялық (секірулер, хроматизмдер, аралықтың ұлғаюы және қысқаруы және тағы басқа); ырғақтық (синкоптар, дуолдер, триолдер және тағы басқа); серпінді; дикциялық; тыныс алуға байланысты қиындықтарды (ұзын сөз орамдары және тағы басқа) жеңу жұмыстары жүргізіледі.

Эстетикалық және сахналық мәдениет, вокалистің қозғалыстары және сахналық бейне жетілдіріледі.

687. 5-сыныпта білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппаратының құрылысы мен олардың қызметі туралы ұғымы бар (тыныс алу органдары, дыбысты қалыптастыру органдары, дыбысты құраушы органдар);

2) әншілік дауысты қорғау және гигиена ережелерін біледі;

3) дауыс құрауға, тыныс алуға қатысушы жүйенің барлық үйлестірілуі мен еркіндігін меңзейтін негізгі әдісімен таза, табиғи, жеңіл дыбысты пайдалана алады;

4) барлық дауыс құраушы жүйенің еркіндігі мен үйлестірушілігін болжайтын дамыған вокалдық техникаға, артикуляциялық-штрихтық техниканың сан алуандығы, икемділігін, дауыс техникасын, резонаторларды қолдана алу білігі, барлық диапазондағы дауыс тегістігі, тембр байлығына ие болады;

5) шығарманың көркемдік мәні мен бейнесін анықтау және ашу үшін музыкалық көрнекілік және вокалдық техника құралдарын шебер пайдаланады;

6) әншілік репертуарды өз бетінше таңдау, талдау, орындау және толықтыру дағдыларын меңгеру;

7) сахналық бейнемен жұмыс жасау білігі, жанры, сипаты әртүрлі шығармаларды орындау даралығымен жұым істейді;

8) концерттік ән айту дағдыларына ие.

688. 6-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар.

6-сыныпта барлық оқу жылдарында меңгерген музыкалық есту қабілетін, естуі арқылы елестету, музыкалық-теориялық білімі, вокалдық техниканың барлық түрін оның ішінде: әншілік аппаратының барлық элементтері еркіндігі мен үйлестірушілігі, дауыс құрауға қатысушы барлық жүйелердің табиғи үйлестірілуіне мүмкіндік беретін: еркін, тең элементтерін, тіркпен ән айту, дыбыстың вокалдық сапасы мен әсемдігі, тембрлік бояудың сан алуандығы, икемділік, дауыстың қозғалғыштығы және техникасы, резонаторларды қолдана білу шеберлігі, артикуляциялық-штрихтық техника, барлық диапазондағы дауыс тегісітігін одан әрі жетілдіру және дамыту жұмыстары жалғастырылады.

Шығарманың көркемдік мазмұны мен нысанасын қабылдау мен саналы ойлауымен жұмыс, әнді баяндаудағы дара орындаушылық, орындау мәдениеті, шығармашылық еркіндік, әртістікпен жұмыс жалғастырылады. Білім алушының ішкі түйсігін, қиялын дамыту, орындалатын әннің ой-саналық құрылысына ену қасиеттері дамиды.

Жалпы және музыкалық ой-өрісі кеңейеді. Әндік репертуарға жазбаша талдау жасау дағдылары (музыка және мәтін авторлары, шығарма сипаты, әдеби мәтіннің ерекшелігі), ән диапазоны, тесситура (қолайлы, қолайлы емес), әуен қозғалыс сипатымен (толқын тәріздес, ақырындап, секірмелі және тағы басқалар) жұмыс істеу жалғасады. Вокалдық-техникалық қиындықтар: интонациялық (секірулер, хроматизмдер, аралықтың ұлғаюы және қысқаруы және тағы басқалары); ырғақтық (синкоптар, дуолдер, триолдер және тағы басқалары); серпінді; дикциялық; тыныс алуға байланысты қиындықтарды (ұзын сөз орамдары және тағы басқалар) жеңу жұмыстары жүргізіледі.

Эстетикалық және сахналық мәдениеті, вокалистің қозғалыстары және сахналық бейне жетілдіріледі.

Дара орындаушылық стилін құрумен жұмыс. Концерттік нөмірлерді әзірлеу және құру, фонограммамен өз бетінше жұмыс, әндік репертуарды студияда жазумен жұмыс жасау жалғастырылады.

689. 6-сыныптың соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппаратының құрылымы мен оның қызметін біледі (тыныс алу органдары, дыбысты қалыптастыру органдары, дыбысты құраушы органдар);

2) әншілік дауысты қорғау және гигиена ережелерін біледі;

3) дауыс құрауға, тыныс алуға қатысушы жүйенің барлық үйлестірілуі мен еркіндігін меңзейтін негізгі әдісімен таза, табиғи, жеңіл дыбысты пайдалана алады;

4) барлық дауыс құраушы жүйенің еркіндігі мен үйлестірушілігін болжайтын дамыған вокалдық техникаға, артикуляциялық-штрихтық техниканың сан алуандығы, икемділігін, дауыс техникасын, резонаторлары қолдана алу білігі, барлық диапазондағы дауыс тегістігі, тембр байлығына ие болады;

5) шығарманың көркемдік мәні мен бейнесін анықтау және ашу үшін музыкалық көрнекілік және вокалдық техника құралдарын шебер пайдалана алады;

6) әншілік репертуарды өз бетінше таңдау, талдау, орындау және толықтыру дағдыларына ие;

7) сахналық бейнемен жұмыс жасау, жанры, сипаты әртүрлі шығармаларды орындау даралығымен жұмыс жасай алады;

8) концерттік қойылым дағдыларына ие;

9) концерттік нөмірлердің драматургиясын әзірлей біледі;

10) әндік репертуарды студияда өз бетінше жазу жұмыстары дағдыларына ие.

690. 7-сыныпқа арналған болжамды бағдарламалық талаптар. 7-сыныпта оқу жылдары меңгерген вокалдық техниканың барлық түрлерін, музыкалық есту қабілеті, есту қабілеті ұғымдары, музыкалық-теориялық білімді, оған қоса: әншілік аппараттың барлық элементтерінің еркіндігі мен үйлестірушілігі, тыныс алуы игеру, дыбыс сапасы, тембрлік бояудың сан алуандығы, артикуляциялық-штрихтық техникасы, икемділік, дауыстың техникалығы, резонаторларды қолдану шеберлігі, барлық диапазонда дауыс тегістігін жетілдіру және дамытумен жұмыс жалғастырылады.

Шығарманың көркемдік мазмұны мен нысанасын қабылдау мен саналы ойлауымен жұмыс, әнді баяндаудағы дара орындаушылық, орындау мәдениеті, шығармашылық еркіндік, әртістікпен жұмыс. Білім алушының ішкі түйсігін, қиялын дамыту, орындалатын әннің ой-саналық құрылысына ену жұмысы жалғастырылады.

Жалпы және музыкалық ой-өріс кеңейтіледі. Әндік репертуарға жазбаша талдау жасау дағдылары (музыка және мәтін авторлары, шығарма сипаты, әдеби мәтіннің ерекшелігі) жетілдіріледі. Ән диапазоны, тесситура (қолайлы, қолайлы емес), әуен қозғалысымен (толқын тәріздес, ақырындап, секірмелі және тағы басқалар) жұмыстар жалғастырылады. Вокалдық-техникалық қиындықтар: интонациялық (секірулер, хроматизмдер, аралықтың ұлғаюы және қысқаруы және тағы басқалары); ырғақтық (синкоптар, дуолдер, триолдер және тағы басқалары); серпінді; дикциялық; тыныс алуға байланысты қиындықтарды (ұзын сөз орамдары және тағы басқалары) жеңу жұмыстары жүргізіледі.

Эстетикалық және сахналық мәдениет, вокалистің қозғалыстары және сахналық бейне жетілдіріледі.

Дара орындаушылық стилін құрумен жұмыс. Концерттік нөмірлерді әзірлеу және құру. Фонограммамен өз бетінше жұмыс. Әндік репертуарды студияда жазумен жұмыс.

961. 7-сыныптың аяғында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) дауыс аппаратының құрылысы мен олардың қызметі туралы ұғымды біледі (тыныс алу органдары, дыбысты қалыптастыру органдары, дыбысты құраушы органдар);

- 2) әншілік дауысты қорғау және гигиена ережелерін біледі;
- 3) дауыс құрауға, тыныс алуға қатысушы жүйенің барлық үйлестірілуі мен еркіндігін меңзейтін негізгі әдісімен таза, табиғи, жеңіл дыбысты пайдалана алады;
- 4) барлық дауыс құраушы жүйенің еркіндігі мен үйлестірушілігін болжайтын дамыған вокалдық техникаға, артикуляциялық-стрихтық техниканың сан алуандығы, икемділігін, дауыс техникасын, резонаторлары қолдана алу білігі, барлық диапазондағы дауыс тегістігі, тембр дағдыларына ие;
- 5) шығарманың көркемдік мәні мен бейнесін анықтау және ашу үшін музыкалық көрнекілік және вокалдық техника құралдарын шебер пайдалана алады;
- 6) әншілік репертуарды өз бетінше таңдау, талдау, орындау және толықтырудың қалыптасқан дағдыларына ие;
- 7) сахналық бейнемен, жанры, сипаты әртүрлі шығармаларды орындау даралығымен өз бетінше жұмыс істеу алады;
- 8) концерттік қойылым дағдыларына ие;
- 9) концерттік нөмірлердің драматургиясын өз бетінше әзірлей алады;
- 10) әндік репертуарды студияда өз бетінше жазу жұмыстары дағдыларына ие.

692. Білім алушылардың бағдарламаны игеру нәтижелерін бақылау нысандары және бағалау өлшемдері.

Үлгерімді бақылау оқу үдерісін орындау кестесі туралы ақпаратты алу мақсатында, материалды игеру сапасын анықтау, оқытудың алдына қойылған мақсатқа жету дәрежесі, білім алушылардың өз бетінше жұмыстарға ынталандыру, білім алушылардың өз оқуларының сапасына жеуапкершілігін күшейту, оқу сабақтарын ұйымдвстыру мен өткізуді жақсартуға әсер ету үшін өткізіледі.

693. Пән бойынша келесідей бақылау нысандары мен әдістері қарастырылған: ағымдық, аралық және қорытынды бақылау, қорытынды аттаестация.

Ағымдық бақылау жеке сабақтар үдерісін, материалды игеру дәрежесін тексеру және білім алушылардың білім алудағы кемшіліктерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Аралық бақылау – 1, 2, 3 тоқсан соңында академиялық тыңдау түрінде.

Қорытынды бақылау – оқу жылының соңында өткізілетін көшіру емтиханы, мұнда білім алушылар сәйкес сыныптағы талаптарға сәйкес бағдарламаны көрсетеді.

Қорытынды аттаестация – мамандық бойынша бітіру емтиханы.

Үлгерімнің ағымдық, аралық бақылауы тестілеу, техникалық сынақ, коллоквиум, академиялық тыңдаулар, техникалық сынақтар, концерттік қойылымдар, байқау қойылымдары түрінде өткізіледі.

694. Бірінші сабақтарда баланың вокалдық мүмкіндіктерін диагностикалау түрінде өтеді (дауыс аппаратының, диапазон, тыныс алу, дыбыс

күші, артикуляция, дикция жағдайы). Оның нәтижелерін ескере отырып білім алушының жеке бағдарламасы қалыптастырылады. Білім алушының жеке жоспары вокализдерді, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі әндерді зерделеуді қарастырады.

695. Білім алушылардың орындаушылық дағдыларын қалыптастыруда негізгі орынды концерттерді дайындау мен қойылымдарды қоя алады, олар оқу жылының аяғында өткізіледі.

696. Осыған байланысты, жаңа репертуарды зерделеуді 1,2,3 тоқсанға жоспарланады, ал 4 тоқсанда алдыңғы тоқсандарда өткен бағдарламамен, яғни, орындаушылық шеберліктерін қайрап, қорытынды бақылау үшін концерттік және емтихандық нөмірлерді дайындауға жұмыс жасауы қажет.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың аталған нысаны оқу міндеттерінен басқа, шығармаларды интерпретациялық орындау міндеттерін қояды, концерттік нөмірлерге дайындалуға уақыт береді, концерттік репертуар жинап, оларды белсенді орындаушылық жұмыс күйінде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

697. Сыныптар бойынша тоқсандық болжамды жеке жоспар.

1-сынып. 1,2, 3 тоқсан: 1 вокализ.

2 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 9-10 шығарма оқытылады.

2-сынып. 1,2, 3 тоқсан: 1 вокализ.

2 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 9-10 шығарма оқытылады.

3-4- сынып. 1,2, 3 тоқсан: 1 вокализ.

3 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 12-13 шығарма оқытылады.

5-сынып. Мемлекеттік бітіру бағдарламасы оқу жылы ағымында оқытылады.

1 вокализ.

1 қазақ халық немесе қазақ халық композиторларының әні.

1 Қазақстан композиторларының әні.

1 орыс композиторларының әні.

1 шетелдік композиторлар әні.

Оқу жылында шамамен 5-6 шығарма оқытылады.

6-сынып. 1,2, 3 тоқсан: 1 вокализ.

3 ән (қазақ, орыс немесе шетел тілдерінде).

Оқу жылында шамамен 12-13 шығарма оқытылады.

7-сынып. Мемлекеттік бітіру бағдарламасы оқу жылы ағымында оқытылады.

1 вокализ.

1 қазақтың халық немесе қазақ халық композиторларының әні.

1 Қазақстан композиторларының әні.

1 орыс композиторларының әні.

1 шетелдік композиторлар әні.

Оқу жылында шамамен 5-6 шығарма оқытылады.

698. Аралық бақылауға қойылатын талаптар (академиялық тыңдау).

Бір вокализ фортепианоның сүйемелдеуімен. Педагогтің ұйғарымымен екі вокалдык шығарма «минус» фонограммасымен немесе концертмейстердің сүйемелдеуімен (халық әндері, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі классиктердің, заманауи композиторлардың шығармалары).

699. Қорытынды бақылауға қойылатын талаптар (көшіру емтиханы).

Педагогтің ұйғарымымен үш вокалдык шығарма «минус» фонограммасымен немесе концертмейстердің сүйемелдеуімен (халық әндері, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі классиктердің, заманауи композиторлардың шығармалары).

700. Қорытынды аттестаттауға қойылатын талаптар (бітіру емтиханы).

Бір вокализ фортепианоның сүйемелдеуімен немесе «минус» фонограммасымен. Педагогтің ұйғарымымен төрт вокалдык шығарма «минус» фонограммасымен немесе концертмейстердің сүйемелдеуімен (халық әндері, қазақ, орыс, шетел тілдеріндегі классиктердің, заманауи композиторлардың шығармалары).

701. Әр тоқсанның соңында аралық бақылау өткізіледі, академиялық тыңдау мен ағымдық тоқсандық бағалардан құралатын тоқсандық баға қойылады. Мұнда мүмкіндігінше білім алушының жеке қабілеттері мен табиғи мүмкіндіктеріне бағдарламалық талаптарды орындауға қатынасын есепке алынады.

702. Келесі сыныпқа көшіру мамандық бойынша қорытынды бақылау, екінші жартыжылдықтың аяғында өткізілетін жұмыстардың нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Қорытынды жылдық баға қорытынды бақылау (емтихан) бағасы мен тоқсандық баға негізінде қойылады, сонымен қатар білім алушының концерттерге, байқауларға, фестивалдарға, олимпиадаларға, жобаларға, мәдени-ағартушылық іс-шаралар және тағы басқаларға қатысуын ескеру керек.

703. Білім алушалардың үлгеріміне аралық және қорытынды бақылаудың мазмұны, баға өлшемдері, жағдайлары мен түрлері мектепте өздігінше әзірленеді.

704. Ағымдық, емтихандық, тоқсандық және жылдық бағалар журнал мен күнделіктерге қойылады. Оқу жылы бойы күнделікке шығармамен жұмысқа қарасты үй тапсырмасы, педагогтің ескертулері мен ұсыныстары жазылады.

705. Қорытынды аттестация оқу пәндері бойынша бітіру емтихандары түрінде өткізіледі: 1) Арнайы сынып. 2) Сольфеджио.

706. Арнайы сынып пен сольфеджио бойынша бітіру емтиханының бағасы мектепті бітіру туралы куәлікке енгізіледі.

Білім алушылардың қорытынды аттестациясын өткізудің мазмұндық, бағалау өлшемдері, шарттары мен түрлеріне қойылатын талаптарды мектеп өзі айқындайды.

707. Бітіру емтиханының қорытындысы бойынша «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деген бағалар қойылады. Бітіру емтихандары арасындағы уақыт үш күнтізбелік күннен кем болмайды.

708. Пән бойынша оқыту нәтижелерін болжамды бағалау өлшемдері.

1) «5» (өте жақсы) бағасы - вокалдық аппаратты еркін игеруі, дұрыс әншілік тұғыр, интонациялау тазалығы, дыбысты жүргізу, нюанстердің негізгі тәсілдерін меңгеруі, есту қабілетін өз бетінше бақылау, ноталық мәтінді дәл оқу және білу, шығарманың көркемдік бейнесін ашу, көркем, әртістік жағынан орындауы, музыкалық көрнекілік құралдарын поэтикалық және музыкалық мазмұнмен икемді қосу, орындайтын шығармасын өз бетінше түсіндіруі, орындау мәдениетінің жоғарылығы.

2) «4» (жақсы) бағасы - вокалдық аппаратты еркін игеруі, дұрыс әншілік тұғыр, интонациялау тазалығы, дыбысты жүргізу, нюанстердің негізгі тәсілдерін меңгеруі, ноталық мәтінді білуі, есту қабілетіне бақылаудың жеткіліксіздігі, шығарманың қиын жерлерінде техникалық олқылықтар (интонациялық дәлдіктің жоқтығы), шығарманы орындауда музыкалық ойлау көзқарасынан қараудың өзінің ой елегінен жеткіліксіз өткізуі, саханадағы психологиялық тәртібінің тұрақсыздығы.

3) «3» (қанағаттанарлық) бағасы - вокалдық аппаратты, дыбысты шығару тәсілдерін жеткіліксіз игеруі, қарқындық ырғақтық ұйымдастырудың болмауы, біртекті серпін және дыбыс шығарудың бірсарындылығы, музыканы ой елегінен өткізбестен авторлық ноталық мәтінді оқудың формалдылығы, орындаудағы әлсіз есту қабілетін бақылауы, орындауда стилистік және интонациялық қателіктердің болуы, орындау мәдениетінің орташа деңгейі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы.

4) «2» (қанағаттанарлық емес) бағасы - вокалдық аппаратты, дыбысты шығару тәсілдерін жеткіліксіз игеру, есту қабілетіне бақылаудың болмауы, көрнекі емес интонациялау, метроырғақтық тұрақсыздық, қателер, ноталық мәтінді нашар білуі, орындау мәдениетінің төмендігі, сахнадағы тұрақсыз психологиялық жағдайы.

709. Вокалдық-техникалық және орындаушылық шеберлігін бағалау кезінде интонация сапасы, дикция нақтылығы мен мәтінді айтуда ой елегінен өткізе білуі, ырғақтылық, әншілік диапазонының кеңдігі, баса айту мәнерлілігі, серпінді реңктер, тембр ашықтығы, сить сезімі мен орындау мәнері, микрофонды меңгеруі бағаланады.

710. Шығарманың көркемдік іске асырылуын бағалауда шығарманың көркемдік бейнесін берудегі шешім ерекшелігі және сахналық ұсыну, әртістік, пластика, орындаушылық еркіндік ескеріледі.

711. Сонымен қатар бағалау кезінде сыныптағы жұмыс сапасы мен белсенділігі, білім алушының концерт, байқау, фестиваль, олимпиада, жобаларда, мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысуы, сабақтардан қалмауы ескеріледі.

712. Қорытынды, бітіру емтихандарында оқудың барлық жылдарындағы жұмыс сапасы мен табыстарын ескеріп бағалау қажет.

713. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету.«Эстрадалық вокал» сыныбында оқу және тәрбие қызметтері үдерістерін ұйымдастырудың негізгі түрі педагогтің білім алушылармен аптасына 2 академиялық сағат көлеміндегі жеке сабақтар.

714. Дәріс құрылымы мен сабақ типтерін таңдау алға қойылған мақсаттармен айқындалады: жаңа материалды игеру, білім, білік, дағды, шеберліктерін жетілдіру, білімдерін жинақтау және жүйелеу, білім, дағды, шеберліктерін есепке алу және бағалау.

715. Жаңа материалды зерделеу барысында теориялық мәліметтер беріледі, музыкадағы сан алуан стилдер мен бағыттармен танысу қарастырылатын әңгіме-сабақ қолданылады. Материалды түсіндіру поэтикалық және музыкалық мысалдармен, көрнекі құралдармен, презентациялармен, бейне және аудио материалдармен безендіріле отырып зерделенеді.

716. Практикалық сабақта білім алушы вокалдық, орындаушылық дағдыларды меңгеру жұмыстарымен айналысады. Практикалық сабақтың құрылымы тыныс алу және вокалдық жаттығулармен, вокализдермен, әндік репертуармен жұмысты көздейді.

717. Бақылау-бағалау қызметтері мамандық бойынша академиялық тыңдау барысында іске асырылады. Академиялық тыңдау 1,2,3 тоқсанның соңында өткізіледі. Академиялық тыңдауға ата-аналар мен білім алушылар шақырылады.

718. Қорытынды бақылау оқу жылының соңында емтихан арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар талаптарға сай бағдарламасын ұсынады.

Есептік концерт білім алушылардың білім, дағды, біліктерін бақылаудың шығармашылық түрі болып табылады. Концерттік қойылымға арналған репертуар қатысушылардың жас ерекшелігіне қарай таңдалады. Хореографиялық қимылдармен, немесе сюжеттік іс-әрекеттері бар әндер вокалдық жағынан айтарлықтай жеңіл болуы тиіс, өйткені, орындау кезінде білім алушы ән айтудан бөлек би қимылдары мен актерлық ойынмен айналысуы керек болады.

719. «Эстрадалық вокал» пәнінің ерекшелігі. Аппаратурамен жұмыс жасай алуды көздейді: микрофонмен, музыкалық орталықтармен және тағы басқамен жұмыс. Оқытудың барлық жылында электроқұрылғылармен жұмыста қауіпсіздік техникасы туралы әңгіме жүргізіледі. Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулыққа музыкалық техникалық орталықтармен жұмыс жасау ережелері (музыкалық орталықтарды қосу/ажырату, CD-дискілер мен флэш-карталармен жұмыс, микрофондармен жұмыс техникасы және тағы басқа) енгізілген.

15-параграф. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Орыс халық аспаптары оркестрі» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

720. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Орыс халық аспаптарының оркестрі» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оқу пәнінің мазмұнын, болжамды бағдарламалық талаптарды, бақылау нысандарын, бағалау өлшемдерін және бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелерді анықтайды.

721. «Орыс халық аспаптары оркестрі» бағдарламасының мазмұны тұлғаның өзін тануы мен шығармашылығын уәждемелеуді дамытуға, білім алушыларды әлемдік мәдениет құндылықтарына араластыруға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, аспапта ойнаудың дағдыларын практикада қолдануға бағытталған.

722. Бағдарлама оқыту мен тәрбие беру үдерістерінің біртұтастығын ескереді. Бағдарламаның іске асырылуы келесілерге байланысты:

1) әр баланың музыкаға деген қызығушылық деңгейін, оның музыкалық есту қабілетінің дамуын, музыканы тұрақты қабылдауын, шығармашылық елестетуінің, қиялының, тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуын үнемі бақылап отыру;

2) әр адамның музыка әлеміне араласуына мүмкіндік беру және сол арқылы оның өзінің жан-жақты қабілеттерін айқын көрсете алуына қажетті жағдай жасау;

3) тұрақты топтық сабақтар: орындалатын барлық тапсырмалардың шығармашылық сипаты баланың белсенді әрекетін дамытуға, олардың музыка мәдениетінің көркем-эстетикалық құндылықтарын игеруге, тұлғаның рухани дамуын тәрбиелеуге бағытталған.

4) баланың танымдылық-көркемдік әрекетінің дамуын, дыбыстар әлемін көркемдік тұрғыдан игеру, шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдысының қалыптасуын қамтамасыз ететін өнердің түрлері арасындағы пәнаралық байланысты орнату.

723. Бағдарламаның мақсаты: білім алушының оркестрде ойнау дағдылары мен әдістерін қалыптастыру және дамыту, ұлттық, классикалық және заманауи музыкасымен таныстыру.

724. Бағдарламаның міндеттері:

1) балаларға ұлттық аспаптада ойнауды үйрету, репертуарды шығармашылық-эмоциялық орындауды үйрету;

2) музыкалық шығарманы бейнелі-эмоциялық құрылымын жеткізу;

4) музыканы естуді, ырғақ сезімін, есте сақтау мен зейін қоюды дамыту;

5) шыдамдылық пен еңбекқорлықты тәрбиелеу;

6) балаларды тату шығармашылық ұжымға біріктіру және өзін өзі дамытуға талпындыруды тәрбиелеу.

725. Бағдарлама осы бағдарламаның музыка өнері саласындағы техникалық және кәсіби негізгі білім беру бағдарламаларымен сабақтасуын ескере отырып әзірленген.

726. «Оркестр сыныбы» пәні бойынша бағдарламаны меңгеру мерзімі 5-7 жылды құрайды. Мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі негізгі және жалпы орта білімді аяқматаған, бірақ музыка өнері саласындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуді жоспарлап отырған балалар үшін бір-екі жылға ұзартылады.

727. Ұжымдық музыка ойнау пәні бойынша топтардың сандық құрамы: оркестрде және ұжымдық музыка ойнаудың басқа формаларында - 6 адам, ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық формаларында - 2 адамнан 4 адамға дейін.

728. Сабақтардың негізгі түрлері болып түрлі әдістер қолданылатын топтық сабақтар табылады: ойын, көрнекті (практикалық көрсетілім), ынталандыру және қолдау, салыстыру, сөзбен түсіндіру әдісі. Оқыту үдерісінде диагностикалық әдістер қолданылады: бақылау, әңгімелесу.

Сабақ түрлері:

1) шығарманы талдау, ансамбльдік және оркестрлік ойнау дағдылары мен амалдарын игеруден тұратын практикалық сабақтар.

2) дайындықтық-концерттік сабақтар – бұл жеке концерттік нөмірлерді дайындау және жеке концерттік нөмірлерді көпшілікке көрсету;

3) ойын сабақтары – бұл партияны ең үздік орындауға, партияның нақты жерлерін тез жаттауға арналған байқаулар;

4) саяхат сабақтары: кәсіби және әуесқой ансамбльдердің және орыс халық аспаптар оркестрлерінің концерттеріне бару.

729. Білім алушылардың оркестрде ойнау әдістері мен дағдыларын біртіндеп және терең меңгеруінің маңызды құрамдас бөлігі болып жеке топтармен сабақ жүргізу болып табылады, жеке сабақтар нақты партияның мақсатына сәйкес ерекшеліктері мен қыр-сырына назар аударуына көмектеседі, сонымен қатар әр білім алушының орындаушылық мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Партияларды жақсы білу оркестр сабақтарының бос уақыттарының негізгі бөлігін орындалатын шығарманың көркемдік жағымен жұмыс жасауға жұмсауға мүмкіндік береді.

730. Осы бағдарламаны іске асыратын негізгі тиімділік көрсеткіштері:

1) оркестрлік орындаушылыққа деген білім алушыларды жоғарғы дәрежеде уәждемелеу;

2) дарынды балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауы;

3) білім алушылардың шығармашылық өзін-өзі танытуы, ұжымдар мен олардың жеке орындаушыларының көрсетілім-байқауларына, фестивальдарға, концерттік-топтық шараларға қатысуы.

731. Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін білім беру ұйымы:

орыс халық (оркестрлік) аспаптарының санының жеткілікті болуы;

медиаторлар мен ішектерінің, шулы және соқпалы аспаптардың жиынтығының санының жеткіліктілікті болуы;

ноталық мәтіндерді оқуға арналған ыңғайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін пульттер (аяқ қоюға арналған құрылғы) – үш қатысушыға біреуден кем болмауы қажет;

аспаптарды нақты және ыңғайлы түрде жөндеп күйге келтіруге арналған электронды немесе акустикалық камертон;

оқыту аудиториялары дыбыстық оқшауланған болуы керек;

оркестр ұжымының қатысушылары сахналық костюмдермен қамтамасыз етеді.

732. Сыныпты толық құрылғыландыру үшін фортепианоның болуы шарт.

Мектепте жарықтық және дыбыстық құрылғылары бар концерт залы болғаны абзал.

733. Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін оқу-әдістемелік шарттары болып ноталық әдебиеттер, оркестрлік партитуралар, оркестрлік партиялардың жазбаларына арналған ноталық дәптерлердің, әдістемелік әдебиеттер және дидактикалық материалдар (көрнекі оқу құралдары, фонетика мен видеотека, танымдық ақпарат жазылған тақта) жатады.

734. Дәрісханалық сабақтарды өткізу түрлері: топтық.

Дәрісханадан тыс жұмыстардың түрлері:

1) үй тапсырмасын орындау;

2) концерттік көрсетілімдерге дайындалу;

3) білім алушылардың концерттерге, шығармашылық шараларға

қатысуы;

4) филармония, театрлар мен мұражайларға және тағы басқаларға баруы.

735. «Орыс халық аспаптар оркестрі» пәні арнайы пәндер сыныбында таңдау пәні бойынша алған білімдерін ұжымдық музыка ойнау әдісі арқылы тәжірибеде қолдануға арналған.

736. Оркестр сыныбында білім алушылар ойнауды, тыңдауды және музыкалық шығарманы түсінуді, оның негізгі тақырыбын, қосалқы дауыстарды, вариацияларды, түсінеді, әуендік, үйлесімді тембрлі естуді дамытады, нотаны парақтан оқуды үйренеді және дирижерлік қимылдарды түсінеді.

737. Оркестр сыныбындағы сабақтар кешенді оқу-тәрбиелік мәнге ие және білім алушылардың классикалық мұраны, халық музыкасын, отандық және шетелік классиканы оқу үдерісінде негізгі және пәндік білімді қалыптастыруға бағытталған.

738. Орыс халық аспаптарында ойнауды насихаттайтын және білім алушыға ұжымдық көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысуға қажетті дағдыларды, камералық музыкада ойнауды үйрететін оркестр ұжымының концерттік практикамен дәлелденеді.

739. «Орыс халық аспаптары оркестрі» пәнінің мақсаты: музыкалық халық аспаптарында ойнау арқылы білім алушылардың рухани мәдениетін

байыту, ұжымдық орындаушылық саласы негізінде алған білімін, дағдысы мен біліктерін музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

740. «Орыс халық аспаптары оркестрі» пәнінің міндеттері.

1) білім алушылардың арнайы сынып сабақтарында алған білімін, дағдысын және біліктерін дамыту және бекіту;

2) арнайы сыныптарда алған тәжірибелік дағдыларын оркестрде ойнау кезінде қолдану;

3) оркестрдің барлығы немесе жекелеген оркестрлік топтар орындайтын музыкалық шығарманы – оның негізгі тақырыбын, қосалқы дауысты, вариацияларды және тағы басқаны түсіну;

4) оркестрде ойнау кезіндегі сезімділігін, есте сақтауы, елестетуін және шығармашылық белсенділігін дамытуға ынталандыру;

5) білім алушының оркестрде ойнауына қажетті кешенді орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;

6) орыс халық аспаптары оркестрінің репертуарымен таныстыру арқылы білім алушылардың ой-өрісін кеңейту;

7) коммуникативтік міндеттерді (шығармашылық дамуына әсер ететін түрлі жас шамасындағы білім алушылардың бірлескен шығармашылығы, музыканы бірге ойнау барысында араласа білу, бір-бірінің ойнауын бағалау) шешу;

8) ансамбльді (оркестрде ойнау барысындағы серіктестікті сезіну), әртістік пен әуенділікті сезіну;

9) ұжымдық музика ойнау дағдыларына, өз беттерінше жұмыс істеуге үйрету;

10) парақтан оқу дағдыларына үйрету;

11) ұжымдық музыка ойнау дағдыларына үйрету;

12) ұжымдық шығармашылық тәртіпті дамыту;

13) оркестрлік музыка ойнау саласында білім алушылардың шығармашылық қызметтері мен көпшілік алдындағы өнер көрсетуден тәжірибе жинақтау;

14) білім алушылардың музыкалық, көркемдік және эстетикалық талғамын тәрбиелеу;

15) біршама дарынды түлектердің кәсіби орындаушылық шеберлігін қалыптастыру.

741. Бағдарлама жалпы дамытушылық бағытқа ие, орыс халық фольклоры, әлем халықтары фольклоры, түрлі нақыштар мен дәуірлердің авторлық музыкалары, заманауи би музыкасы мен балалар әндері бағдарламаның музыкалық негізін құрайды.

742. Бағдарлама дайындалып отырылған бағдарламаның келешекте жалғасын табуын қамтамасыз етуді және музыкалық өнер саласындағы кәсіби орта білім берудің негізгі кәсіби білім бағдарламаларын ескере отырып әзірленген.

743. Әр жартыжылдықтың басында оркестрге арналған жоспар құрылып, білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі. Әр жартыжылдықтың соңында педагог тапсырмаларды орындау сапасы мен алдыңғы тізімдердегі бекітілген өзгерістерді енгізеді, ал жылдың соңында оркестр ұжымының музыкалық және техникалық дамуын, үлгерімі мен еңбекке қабілеттілігінің сипаттамасын береді.

744. Оркестрдің жоспарын құру кезінде жылдың басы мен соңындағы сипаттамасына сәйкес оркестрдің жұмысын жоспарлаудың келешекті және ағымдық міндеттері ескеріледі.

745. Педагог өз бетінше репертуарлық тізімді қалыптастырады, шығармаларды жүйелендіреді, оркестр ұжымының мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

746. Педагог бағдарламаның көлемі мен қиындығын репертуарлық тізімге жаңа репертуарлар енгізе отырып өзгертеді. Репертуарғы түпнұсқалық шығармалар, орыс халық аспаптарына арналған өңдеулер мен заманауи композиторлардың шығармалары кіреді.

747. Оркестрдің жоспары қазақ ұлттық және кәсіби музыкасы, классикалық музыка, қазіргі заман музыкасы 19-21 ғасырдың сазгерлік музыка элементтерін пайдалана отырып кірістірудің арқасында кең репертуарлық үрдістерді, репертуардың жаңаруы және байытылуын қамтуды көрсетеді.

748. Жоспарда оркестрдің жылдың аяғында оның жеке даму жақтарын көрсететін мінездемесі ұсынылады:

1) музыкалық мағлұматтар деңгейі (есту, ырғақ, жады), білім алушының орындау аппаратының берілген аспапқа сәйкестігі, аспапқа икемделгішітік дәрежесі;

2) жалпы даму, эмоциялылық, сезінушілік, реакция жылдамдығы; музыкаға, музыкалық сабақтарға қатынасы;

3) еңбекке қабілеттілік, жинақылық;

4) өз бетінше оқып-үйрену икемділігі, мәтінді талғаудағы сауаттылық дәрежесі, музыкалық туындыларды меңгеру шапшандығы;

5) жылдың аяғындағы табыстары;

6) білім алушының дамуындағы кемшіліктер және оларды игеру бойынша міндеттер.

749. Ансамбль сыныбы мен оркестр сыныбының міндеттері: ансамбльде және оркестрде ойнау дағдылары мен әдістерін қалыптастыруды және дамытуды, халықтық музыкалық аспаптарында ойнату арқылы рухани мәдениетін байыту.

Музыка мектептерінің ансамбль сыныптарының міндеттері: аспаптар сыныбында алған дағдылары мен білімдерін практикада қолдану және бекіту, музыкалық талғамды дамыту, ұжымдық шығармашылықты және орындаушылық тәртіпті тәрбиелеу.

750. Балалар музыка мектебінде білім алу барысында білім алушылар ансамбль мен оркестрде ойнауды үйренеді, оркестрлік музыканы түсінуді, халықтық музыкалық шығармашылығымен, классикалық музыканың үздік

үлгілерімен, қазіргі заман авторларының ең атақты шығармаларымен, сондай-ақ шетел композиторларының алдыңғы қатарлы шығармаларымен танысады.

751. Әрбір жарты оқу жылынан кейін білім алушыларға баға қойылады. Баға қою үшін негізінен білім алушының аталған кезеңде оркестр мен ансамбльде ойнау дағдыларын игеру деңгейі, сондай-ақ ынтасы мен тырысуы назарға алынады.

752. Оркестрдің әр өнер көрсетуі (мектептің есеп беру концерті, байқаулар және тағы басқа) тұтас оркестр үшін де, оған қатысшы үшін де сынақ болып табылады.

Есеп беру концерттерінің бағдарламаларын оркестрдің жетекшісі ұжымның мүмкіндіктері мен өсуін ескере отырып құрастырады және оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

753. Оркестрді құру. Халық аспаптары оркестрі арнайы сыныптарда таңдау пәні бойынша аспапта ойнаудан алған белгілі дағдыларды меңгерген 5 жылдық оқу мерзімі бойынша 3-5-сынып білім алушыларынан және 7 жылдық оқу мерзімі бойынша 3-7-сынып білім алушыларынан құралады. Музыкалық мектептер мен өнер мектептеріндегі таңдау бойынша пән оркестрді құруда үлкен рольді атқарады.

754. Таңдау бойынша пән халықтық бөлімнің білім алушыларына оркестрге келгенге дейін тиісті дайындық алуларына мүмкіндік береді және негізгі аспаптардан басқа сүйемелдеу тобын, альттар тобын, партиялар басын және тағы басқаларды құру керек болатындықтан оркестрдің толықтырылу мүмкіндігін біршама кеңейтеді.

755. Ерекшелік ретінде, оркестр сыныбындағы сабақтарға арнайы сыныптардағы өзінің бағдарламасын жемісті орындап жүрген және теориялық пәндерді үлгеріп жүрген 5 жылдық оқу бойынша 2-сынып және 7 жылдық оқу бойынша 4-сынып білім алушылары жіберілуі мүмкін.

Кіші сыныптың білім алушыларын тарту оркестрді кеңейтуге мүмкіндік береді.

756. Халық аспаптары оркестрінің негізі ішекті аспаптар тобы – домра мен балалайка екендігі белгілі. Балалайка тобы аз болғанда немесе болмағанда оркестр жетекшісі орындалатын шығарманың фактурасын сақтай отырып, балалайкалар жүзеге асыратын сүйемелдеуді домра тобына жүктеледі.

757. Үш – төрт ішекті домра сыныптары бар музыкалық мектептер үш ішекті домрасы бар аралас оркестрге арналған репертуарды пайдалана отырып домраның екі түрін бір оркестрде біріктіріледі.

758. Оркестрдің бас партияларын қалыптастыру кезінде дирижер алдына ала бас-оркестрде ойнайтын қатысушыларды дайындайды: бас пен балалайка-контрабас, домра-бас пен домра-контрабас. Аталған аспаптарда ойнауға ырғақты жақсы сезінеді деген білім алушыларды үйрету ұсынылады.

759. Оркестрлік сыныпты дамыту және кеңейту үшін халықтық шертпелі музыкалық аспаптармен таныстыру тәртібі бойынша баяншылар мен аккордеонистерді ішекті халық аспаптарында (бас, контрабас, балалайка-

секунда және балалайка-альт) ойнауды үйретуді тәжірибеде қолдану ұсынылады. .

760. Оркестр құрамына соқпалы, дауыс ырғағы аспаптардың және оркестрлік баяндардың, мыстан және ағаштан жасалған үрмелі аспаптардың, контрабастың, кейде фортепианоның енгізілуі оркестрдің дыбыстық политрасын байыта түседі.

761. Баяншылар ансамблі 5 жылдық оқу мерзімі бойынша оқитын 3-5-сынып білім алушыларынан және 7 жылдық оқу мерзімі бойынша оқитын 4-7-сынып білім алушыларынан құрылады. Музыкалық мектептердегі аснамбльдердің негізгі құрамы – дуэттер мен трио, квартеттер, квинтеттер, секстеттер және тағы басқа.

762. Баяншылар оркестрі орыс халық аспаптары секілді көбінесе халықтың ішекті аспаптары (домра, балалайка) сыныптары жоқ немесе аз дамыған музыкалық мектептерде 5 жылдық оқу мерзімі бойынша оқитын 3-5-сынып білім алушыларынан және 7 жылдық оқу бойынша оқитын 4-7-сынып білім алушыларынан құрылады.

Баяншылар оркестрінің негізін дайын аккордтары бар баяндар мен оркестрлік баяндар құрайды. Оркестр құрамына кіретін барлық аспаптар бірдей күйленеді.

763. Мектепте аккордеон сыныбы болған жағдайда баяншылар оркестрінің құрамына аталған сыныптың білім алушыларын қосқан дұрыс. Бұл оркестр сыныбын кеңейте түседі және оркестрге жаңа тембрлік үн береді.

764. Баяншылар оркестрінің дыбысталуы біртекті екендігін ескере отырып оның тембрлік байлығын және оркестр үнінің әр түрлілігін қамтамасыз ету үшін халық аспаптары оркестрі секілді оркестр құрамына басқа аспаптарды, мысалы, ішекті немесе контрабасты, соқпалы аспаптар тобын, мыстан және ағаштан жасалған үрмелі аспаптарды және тағы басқаларды енгізу ұсынылады.

765. Оркестрдің сандық құрамы 15 – 40 адам аралығында болуы мүмкін, ол музыкалық мектептің халық аспаптары бөлімінің мүмкіндігіне байланысты болады.

766. Баяншылар оркестрінің негізі болып бірінші және екінші баяннан, альтадан, тенор мен бастар тобынан тұратын квинтет саналады. Дауыстар көлемі оркестр құрамына аспаптардың басқа түрлерін, мысалы, жоғарыда аталған аспаптарды енгізу есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

767. Оркестрдің жетекшісі өз жұмысында баяншылар триосы мен квартетіне арнап жазылған немесе бейімделген пьесаларды пайдалана алады.

768. Оркестрмен жұмыс істеудегі басты элементтердің бірі – оның қатысушыларын дайындықтар мен концерттерде дұрыс орналастыру. Оркестрдің орындаушылары жинақы отырады. Білім алушыларды музыкалық дайындық деңгейлері мен тәжірибелеріне байланысты оркестрдің тобы ішінде де дұрыс отырғыза білу маңызды.

769. Баяншыларды отырғызудың бір үлгісі ұсынылады:

1 қатар – бірінші және екінші баяндар;

2 қатар – альттар, тенорлар мен бастар.

Қалған аспаптар дирижердің шешіміне сәйкес орналастырылады. Оркестр топтарының концертмейстері етіп ең қабілетті және үздік, оркестрде ойнау дағдысы бар білім алушыны тағайындаған жөн.

770. Музыкалық мектептердің оркестр құрамдары білім алушылардың мектепті бітіріп кетулеріне байланысты жыл сайын өзгеріп отыратын болғандықтан оқу жылының басында жұмыс істеу үшін жаңадан келгендердің құрамға тезірек сіңісіп кетулеріне көмектесетін біршама жеңіл және оңай шығармалары таңдалады.

771. Оркестрде әр білім алушы оркестрлік аспаптардың түрлі міндеттерімен танысады. Оркестр жетекшісі оркестрге қатысушының осы уақыт ішінде оркестрдің түрлі партияларын – бірінші және екінші баяндарды ғана емес, сондай-ақ альттар, тенорлар және бастар партияларын да орындауын қадағалап отырады. Сонымен бірге әрбір оркестрде ойнаушының оркестрде болған уақыты ішінде жанры, түрі және сипаты әр түрлі болып келетін музыкалық шығармалармен танысып шығуы да маңызды.

772. Оркестрдің, ансамбльдің репертуары. Оркестрдің дайындық деңгейінке сәйкес келетін қажетті, қызықты ноталық материалды іріктеу оның жемісті жұмыс істеуіне әсер ететін маңызды шарттардың бірі болып табылады. Оркестрде түрлі сынып білім алушыларының бар екендігін және олардың дайындықтарының әр түрлі екендігін ескере отырып жетекші шығарманы мазмұны мен техникалық қиындығы жағынан оркестрге қатысушылардың барлығы орындай алатындай етіп таңдалынады.

773. Оқу жылы ішінде оркестр сыныбында 4-6 шығарманы үйреніп шығады, оның біреуінің ірі көлемдегі шығарма болғаны жақсы.

774. Ансамбль мен оркестр сабақтарында оркестрде ойнаушы нотаны парақтан оқып үйренеді. Аталған дағдыны біртіндеп және жоспарлы түрде дамыту мақсатында жұмысты орындауға қолайлы болатын тональдықтағы, альтерациялық белгілері аз және ырғақ суреті қарапайым жеңіл шығармадан бастаған дұрыс.

775. Нотаны парақтан оқу барысында орындалатын шығарманың түрі мен мазмұны туралы дұрыс түсінік алу үшін берілген партитураның қарапайым талаптары орындалады.

Пысықталатын музыкалық шығармалардың саны, олардың жанры, түрі, фактурасы мен сипаты бойынша әр түрлі болуы оркестрде ойнаушының музыкалық ой өрісін кеңейтіп қана қоймай, нотаны парақтан оқу дағдысын дамытады.

776. Полифониялық пьесаларды талдау және үйрену ерекше зейін қоюды талап етеді, оларды орындау үлкен музыкалық және тәрбиелік маңызға ие және музыкалық ойлаудың дамуына ықпал етеді. Оркестрлер мен ансамбльдердің репертуарларында әндерде көп кездесетін қосымша дауысты полифонияларды, сондай-ақ классиктер мен қазіргі кездегі композиторлардың үздік шығармаларын кеңінен қолданылу ұсынылады.

777. Репертуар тізімінің келесі тараулардан тұрады:

- 1) халық аспаптары оркестріне арналған шығармалар – түпнұсқалық өңдеулер және инструменталдар;
- 2) халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуіндегі түрлі аспаптарға арналған шығармалар;
- 3) халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуіндегі дауысқа арналған шығармалар;
- 4) баяндар оркестріне, сондай-ақ баяндардың дуэті, триосы, квартетіне, аккордеондардың дуэтіне, триосына арналған шығармалар.

778. Репертуар тізімі ақырғы нұсқау болып табылмасы анық. Оркестр жетекшісі өз қалауынша оркестрдің немесе ансамбльдің құрамын және дайындық деңгейін ескере отырып ұсынылып отырылған тізімді жаңа, орыс, қазақ және шетелдік композиторлардың жаңадан шыққан шығармаларымен (түпнұсқалармен, өңдеулермен және бейімдеулермен), өңделген халық әндерімен және өзінің инструменталдарымен толықтыра алады және толықтыруға міндетті.

779. Оқу-тақырыптық жоспар. Бірінші оқу жылы.

- 1) Оркестрлік музыка аспабымен танысу – 12 сағат.
- 2) Ұжымдық музыканың негізгі қағидаларын меңгеру – 22 сағат.
- 3) Дирижерлік қимылмен танысу, оны дұрыс түсінуді үйрену – 10 сағат.
- 4) Оркестрлік партияны орындау шеберлігін қалыптастыру – 26 сағат.
- 5) Музыкалық шығарманы зерттеу жұмысы – 32 сағат.
- 6) Жиынтық дайындықтар – 18 сағат.

Екінші оқу жылы.

1) Аспапта ойнауды жетілдіру және оркестрде ойнаудың негізгі қағидаларын одан ары дамыту – 22 сағат.

2) Қосалқы дауысты, жеке орындаушы мен сүйемелдеу партияларын есту шеберлігін қалыптастыру – 16 сағат.

3) Жылдам қарқынды ырғақтық тұрақтылықпен жұмыс – 22 сағат.

4) Музыкалық шығарманың орындау айқындығына бағытталған құралдарды меңгеру (баса айту (фразировка), динамика, артикуляция, тембрлік салыстыру) – 24 сағат.

5) Оркестрлік партиядағы техникалық қиындықтарды анықтау және жеңу шеберлігі – 18 сағат.

6) Жиынтық дайындықтар – 18 сағат.

Үшінші оқу жылы.

1) Күрделі фактуралы шығармалардағы ансамбльдік ойнау дағдыларын жетілдіру – 24 сағат.

2) Музыкалық тілдің негізгі құрамдастарымен жұмыс (ырғақ, жоғарылығы, ладтық тартылыс, мелодия, сүйемелдеу) – 20 сағат.

3) Концерт кезіндегі оркестрлік орындаушылық, әртістік, өзін өзі ұстау дағдыларын дамыту – 18 сағат.

4) Жоғарғы қиындықты жаңа музыкалық шығармалармен жұмыс – 28 сағат.

5) Концерттік көрсетілімге дайындық – 12 сағат.

6) Жиынтық дайындықтар – 18 сағат.

780. Оркестр сыныптарындағы сабақтар Үлгілік оқу жоспарына сәйкес бес жылдық оқу мерзімі бойынша 3-сыныптан бастап және жеті жылдық оқу мерзімі бойынша 5-сыныптан бастап аптасына 3 рет жүргізіледі.

Бұдан басқа, оркестр сыныбында айына 2 сағат жиынтық дайындықтар өткізуге бөлінеді.

781. Оқу үдерісін жетілдіру мақсатында музыкалық ұжымдарда (оркестр, ансамбль) сабақтарын өткізуге кәсіби орындаушы (педагог) аталған тұлғалар үшін сағаттық жүктеме төлемімен шақырылады.

782. Оркестр құрамында бес жылдық оқу бойынша 6-7-сынып білім алушылары және жеті жылдық оқу мерзімі бойынша 8-9-сынып білім алушылары оқуын жалғастырады, оларға педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес арнайы кәсіби орта оқу орындарына түсуге дайындық жасау мақсатында мектепте оқуына рұқсат етіледі.

783. Оқыту жылдары бойынша қойлатын бағдарламалық талаптар.

Оқу жылы ішінде бірқатар шығармашылық көрсетілімдер жоспарланады:

- 1) педагогтер мен ата-аналарға арналған ашық дайындық сабақтар;
- 2) есептік концерттер;
- 3) музыкалық білімді насихаттауға арналған шараларға қатысу (жалпы білім беретін мектептерде, демалыс орындарында, балалардың шығармашылық үйлерінде және тағы басқа дәріс-концерттер);
- 4) байқауларға, фестивальдарға, көпшілік-концерттік шараларға қатысу;

784. Оркестрде ойнауда жеке орындаудағы секілді аспапты игерудің төмендегідей белгілі бір музыкалық-техникалық дағдыларының, бірлесе ойнау дағдыларының болуы қажет:

1) оркестрде ойнаған кезде орындаушылық ниеттің бірлігі мен орындаушылық ойдың жүзеге асырылуын көрсететін ұжымдық шығармашылық, оркестрде орындау саласындағы қалыптасқан білік және дағдылар;

2) музыкалық шығарманың түрі, жанры мен стилінің көркемдік мазмұны және ерекшеліктері бойынша музыкалық-орындаушылық міндеттерді кеңейту дағдылары.

785. Бірінші оқу жылының бағдарламалық талаптары.

Оркестрдің негізгі аспаптары (кіші домра, балалайка примасы, баяндар) мен қосымша аспаптарында (альт домрасы, балалайканың секундасы және альті, бас тобы) бастапқы ойнау дағдыларын игеру.

Мамандандырылмаған сынып білім алушыларының ойнау техникасының негізгі дағдыларын (отырыс, дыбыс шығару әдістері, аппликатура) игеру.

Ұжымдық ойнау дағдыларын, оркестрлік партияларды өз бетінше талдау дағдысын дамыту.

Автордың ой мен оркестр жетекшісінің талаптарын орындай отырып өзінің партиясын орындау дағдысын қалыптастыру.

Кәсіби терминологияға қатысты осы кезеңге қажетті білімді игеру.

Дирижер қимылымен таныстыру, ойынды дирижердің қол қимылымен бастау және аяқтау дағдыларын игеру.

786. Екінші оқу жылының бағдарламалық талаптары.

Музыкалық аспаптарда ойнауды игерудің техникалық мүмкіндіктерін одан ары жетілдіру, ойнаудың жаңа әдістерін енгізу арқылы репертуарды күрделендіру.

Партияларды біркелкі аспаптар тобында және өз бетінше үйрену дағдысын; қосалқы дауыстарды, әншінің партиясы мен сүйемелдеуді есту, дирижердің қимылын түсіну дағдысын қалыптастыру.

Жылдам екпіндегі ырғақтың тұрақтылығын дағдыландыру.

Оркестрде орындаушылық және артистікт дағдыларын дамыту.

Музыкалық жанрлармен, композиторлардың шығармашылықтарымен, үздік орындаушылармен және оркестрлермен таныстыру, олардың ойнаулары мен жазбаларын тыңдау.

Дирижерлік етудің негізгі схемаларын білу.

Мәнерлі орындау әдістерін (фразировка, динамика, артикуляция) игеру.

787. Үшінші оқу жылындағы бағдарламалық талаптар.

Ансамбльде ойнау дағдыларын біршама күрделі фактурада жетілдіру, ойнау тәсілдерін синхронды орындау, орындалатын партия унисонының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Біршама жылдам және ақырын екпіндерде ырғақтың тұрақтылығын дағдыландыру.

Музыка тілінің негізгін құраушылармен (лад тартылысы, әуен, сүйемелдеу) таныстыру.

Ноталық мәтіндерді партиялар бойынша және оркестрдің барлық құрамы болып сауатты оқу.

Дыбыс шығарудың негізгі әдістерін, дыбыс атакасының түрлерін, артикуляция амалдарын, аппликатураны дұрыс қолдануды игеру.

Партиялардағы техникалық қиындықтарды анықтай және өте білу, үйреніп жатқан шығармасының эмоциялық-бейнелік мазмұнын түсіне білу шеберліктері.

Музыкалық шығарманы талдай және құрылу түрін анықтай білуін дамыту.

Концерт кезіндегі сахналық тәртіп дағдысын қалыптастыру.

788. Оркестр сыныбындағы білім беру кезінде білім алушылардың музыканы бірлесе орындауларына қажетті білім кешені, біліктері мен дағдылары қалыптасады, атап айтқанда:

1) оркестрлік өнердің негізін, орыс халық аспаптары оркестрінің көркемдік-орындаушылық мүмкіндіктерін біледі;

2) кәсіби терминологияны біледі;

3) оркестрдегі ұжымдық орындаушылық шығармашылығы дағдылары, соның ішінде әнші мен оркестрдің өзара қатынасын көрсететін дағдыларға ие;

4) композитордың ойына және дирижердің талаптарына сәйкес оркестр ұжымында өзінің партиясын орындау дағдысы;

5) дирижердің қимылын түсіну дағдысы;

6) оркестрдің барлығы немесе жекелеген оркестрлік топтар орындайтын музыкалық шығарманы түсінеді;

7) негізгі тақырыпты, қосалқы дауысты, сүйемелдеуді ести білу дағдысына ие болады;

8) оркестр орындайтын шығарманы сауатты талдай біледі.

789. Білім алушылардың оркестр сыныбында алған білімдері мен біліктері түлектерге кейін түрлі кәсіби емес музыкалық ұжымдарға қатысу үшін, сондай-ақ кәсіби оқу орындарында оркестр сыныбындағы оқуын жалғастыру үшін қажет.

790. Білім алушылардың дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар.

Оркестрлік ойнауда жеке орындаудағы секілді аспапты игерудің төмендегідей белгілі бір музыкалық-техникалық дағдыларының, бірлесе ойнау дағдыларының болуы қажет:

1) оркестрде ойнаған кезде орындаушылық ниеттің бірлігі мен орындаушылық ойдың жүзеге асырылуын көрсететін ұжымдық шығармашылық, оркестрде орындау саласындағы қалыптасқан кешенді білік және дағдылар;

2) музыкалық шығарманың түрі, жанры мен стилінің көркемдік мазмұны және ерекшеліктері бойынша оркестрде орындаудың музыкалық-орындаушылық міндеттерін шеше білу дағдылары.

791. Оркестр сыныбындағы оқу кезінде түлектердің музыканы бірлесе орындауларына қажетті білім жиынтығы, біліктері мен дағдылары қалыптасады:

1) ансамбльде, оркестрде ойнау дағдылары;

2) музыкалық шығармаларды орындау кезінде тыңдауға бақылауын жүзеге асыра біледі;

3) музыкалық жанрлар мен нақыштық бағыттардың оларға тән ерекшеліктерін біледі;

4) музыкалық терминдерді білу және оларды тәжірибеде қолдана алады;

5) көркемдік бейне жасай алады;

6) үйреніп жүрген шығарманың орындаушылық жоспарын интонациялаудың, баса айтудың және динамиканың мәнмәтінінде анықтай біледі;

7) практикада орындалатын шығармалардың нақыштық ерекшеліктерін қолдана біледі;

8) музыкалық аспапты игерудегі өзінің техникалық мүмкіндіктерін жетілдіре алады;

9) музыканы ұжымдық ойнау арқылы музыкалық, көркемдік және эстетикалық талғамын тәрбиелеу, білім алушының рухани әлемін арттыру және байыту;

10) сахналық тәртіп дағдыларына ие болады;

11) оркестрлік өнердің бастапқы негіздері жайындағы, оркестрдің көркемдік-орындаушылық мүмкіндіктері туралы білімді игереді;

12) кәсіби терминологияға қатысты білімді игереді;

13) композитордың ойына және дирижердің талаптарына сәйкес оркестр ұжымында өзінің партиясын орындау дағдысын игереді;

14) дирижердің қимылын түсіну дағдысын игереді;

15) негізгі тақырыпты, қосалқы дауысты, сүйемелдеуді ести біледі;

16) оркестр орындайтын шығарманы сауатты талдай алады.

792. Білім беру бағдарламаларын меңгеруден күтілетін нәтижелер.

Білім алушы:

1) рухани-адамгершілікті, эстетикалық сапаны, жоғары көркемдік талғамды, өнер мен өмірге деген эстетикалық көзқарасты, өнертанушылық, эстетикалық және этикалық, музыкалық-тарихи білім жүйесін, музыкалық түсініктердің қалыптасқан кешені бар;

2) репертуарының мол, шығармаларды өз бетінше талдайды және жаттай алады, шығарманы аспапта айқын және техникалық орындайды (балалар музыка мектептерінің репертуар көлемінде);

3) парақтан оқу, есту арқылы әуенді және қарпайым сүйемелдеуді теру, ансамбльде музыка ойнау және тасымалдау (транспонирования) дағдыларының болуы.

793. «Орыс халық аспаптары оркестрі» пәні бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесі болып білім, білік, дағды табылады:

1) оркестрлік орындаушылыққа арналған көркемдік-эстетикалық, техникалық ерекшеліктерді білу;

2) музыкалық терминологияны білу;

3) оркестр құрамында партияны тәжірибе жүзінде орындау дағдылары;

4) музыкалық шығарманы аспаппен оркестрде үздік орындай білу;

5) парақтан оқы дағдылары;

6) аспаптарда түрлі жанрлар мен нақыштарда музыкалық шығармаларды өз бетінше жаттай алу;

7) аспаптарға арналған оркестрлік репертуарды білу.

794. Бақылау нысандары мен әдістері, бағалау жүйесі.

Оркестрді оқыту бағдарламасында үлгерімді бақылауды негізгі екі түрі бар – үлгерімді ағымдық бақылау, аралық бақылау болып табылады.

Ағымдық бақылау:

1) сыныптағы жұмысына баға қою;

2) ағымдық партияны тапсыру;

3) әр тоқсанның соңында бақылау сабағы.

Аралық бақылау: көшіру сынағы келесі сыныпқа ауыстыру кезінде және пәнді игеру мерзімі аяқталғаннан кейін өткізіледі.

795. Педагог білім алушы үлгерімінің есебін ағымдық білімінің, сабаққа қатысуының, оркестрлік партияларға қатысты білімін жекелей және топпен тексерудің негізінде жүргізеді. Білім алушыны бағалау кезінде оның ұжымдық концерттерге қатысуы да ескеріледі.

Педагог әр білім алушыны күнделікті бағалай отырып, олардың бұрынғы анықталған дайындық деңгейлеріне, әр баланың дайындығына сүйене отырып ең алдымен олардың оқу материалды игеру серпілісіне, оның іждағаттылық деңгейіне талдау жасайды, мүмкіндігінше оның оқуға деген қызығушылығын арттыруға тырысады.

796. Қорытынды (ауыстыру) бағаны шығаруда келесілер ескеріледі:

- 1) білім алушының жыл бойғы жұмысын бағасы;
- 2) партияларды тапсыру кезінде қойылған бағасы;
- 3) білім алушының жыл бойғы басқа да концерттерге қатысу бағасы.

Оркестрдің әр қойылымы (есептік концерт, байқауға қатысуы және тағы басқа) толық оркестр үшін және әр қатысушысы үшін сынақ болып есептелінеді.

797. Қорытынды шығару түрлері:

- 1) түрлі дәрежелі концерттерге қатысу;
- 2) оқу жылы аяғында орыс халық аспаптары оркестрінің есептік концертін беру.

798. Бағалау өлшемдері. Бағдарламаны орындау қорытындысы бойынша өткізілетін сынақта бес балдық жүйе бойынша баға қойылады.

5бағасы (үздік) – оркестр сабақтарына тұрақты қатысу, себепсіз сабақтан қалмау, оркестр сыныбында үйретілетін барлық шығармалардағы өзінің партиясын білуі, сабақтарда белсенді эмоциялық жұмыс жасау, ұжымның барлық концерттеріне қатысу.

4 бағасы (жақсы) – оркестр сабақтарына тұрақты қатысу, себепсіз сабақтан қалмау, сынып жұмысына белсенді араласу, қиын техникалық бөліктерін өңдеу жеткіліксіз болғанда партияның барлық бағдарламаларын тапсыру, оркестрдің концерттеріне қатысу.

3 бағасы (қанағаттанарлық) – оркестр сабақтарына тұрақты түрде қатыспау, себепсіз сабақтан қалу, сынып жұмысына селқос қатысу, партияны тапсыру кезінде кейбір партиураларды білмеу, партияны қайта тапсыру керек болған жағдайда мектептің есеп беру концертіне міндетті түрде қатысу.

2 бағасы («қанағаттанарлық емес») – оркестр бойынша өтілген сабақтарға тұрақты келмегені, сабақтан уәжсіз қалғаны, сыныптағы енжарлығы, жалпы бағдарламаның көпшілік партитурасын қанағаттандыратын тапсырмағаны үшін қойылады.

799. Білім алушыларды аттестациялауды жүргізуге арналған бағалау қоры түлектердің алған білімдерінің, біліктері мен дағдыларының сапасын бағалауды қамтамасыз етуге міндеттеледі, сонымен қатар түлектердің музыка өнері

саласында кәсіби білімдерін жалғастыру мүмкіндінің дайындық дәрежесін бағалайды.

16-параграф. Балалар өнер мектептерінің «Классикалық би» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

800. Балалар өнер мектептерінің «Классикалық би» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) пәннің мазмұныны, білім алушылардың білімдері мен біліктеріне қойлатын талаптарды, бағдарламаның негізгі тараулары бойынша оқу-тақырыптық жоспарды анықтайды.

801. Классикалық би барлық би пәндер кешенін оқытудағы жалпы іргетасы, классикалық би жоғары орындаушылық мәдениетінің көз-бұлағы болып саналады. Бұл жүйелік жаттығу түрлері дененің икемді әрі қозғалмалы болуын қамтамасыз етеді.

802. Бағдарламаның мақсаты: білім алушылардың табиғи қабілеттерін ескеріп техникалық орындаушылық дағдыларды және классикалық бидің комбинациясын меңгеру.

Классикалық бидің мақсаты: білім алушылардың эстетикалық дамуына, көркемдік талғамының дамуына мүмкіндік беретін білім алушылардың физикалық қасиеттерін дамыту, қажетті техникалық дағдыларды қалыптастыру.

Классикалық жаттықтырушылар мақсаты: арнайы жаттығулар арқылы би техникасын меңгеруге, классикалық би элементтерін игеруге, әртістік және көркем мәнерінің тәрбиесіне қажетті дағдыларды дамытуға бағытталады.

803. Классикалық би өнерін үйрену барысында келесі негізгі қағидаларды ескеріледі:

- 1) баланың табиғи қабілетінің біртіндеп дамуы;
- 2) техникалық тәсілдер мен би лексикасын игерудегі жүйелілік (бірізділік);
- 3) сабақтың жүйелі және уақытылы өткізілуі;
- 4) оқу үдерісінің мақсаттылығы.

804. Білім алушылардың даярлық сатысы кезеңінде «Ырғақ» және «Гимнастика» пәндерінің негізгі курстарын жетілдіре меңгеріп алған соң, хореография бөлімінің білім алушылары «Классикалық би» пәнін бірінші сыныптан жетілдіре үйрене бастайды.

805. Балалар өнер мектептері хореография бөлімдерінің топтарындағы балалардың сандық құрамы 8-ден кем емес жән 20 адамнан артық емес.

806. Барлық сыныптардағы классикалық би және кіші сыныптардағы халықтық-сахналық би бойынша сабақтартоптың құрамына байланысты қыздар және ұлдар үшін бөлек топтың топтасуына байланыссыз педагогтің нақты жұмыс істеген уақыты бойынша төленеді.

807. Балалар өнер мектептерінің (хореография бөлімдері) үлгілік оқу жоспарымен анықталған сағаттардан тыс классикалық, халықтық-сахналық, тарихи-тұрмыстық, заманауи, балдық билер, ритмика және концерттік

нөмірлерге дайындық бойынша сабақтар өткізу үшін концертмейстерлік сағаттар Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (оқу уақытының 100 пайызы) қарастырылады.

808. Концерттік нөмір қою әр білім алушы үшін пәнге бөлінген 0,5 сағаттың есебінен жүргізіледі.

809. Оқу процесін жетілдіру мақсатында есептік концерттерді (спектакльдерді) дайындауға қоюшы-режиссер, балетмейстер аталған тұлғалар үшін сағаттық жүктеме бойынша төлемімен үш айдан артық емес уақытқа шақырылады.

810. Бағдарлама 9-жылдық оқу мерзіміне арналып жасалған. Бірінші және бесінші сынып аралығында классикалық би әліппесі үйретіледі.

6-7-сыныптарда классикалық би дағдыларының негізі қаланады, адажио мен аллегроның жаңаша екіні, сондай-ақ бұрылу қозғалыстарының техникасы игеріледі. Бағдарламаға жоғарыдан секіру және қарғу енгізіледі, tours – ты үлкен қалпта үйрену басталады. Бұлшық еттің күші артып, би орындаушылық көркемдік мәнерге және айқындылыққа ие бола бастайды.

8-9-сыныптарда техникалық шеберлік әрі қарай дамытылады және өтілген материалға сахналық өңдеу жүргізіледі. Білім алушылар оқып үйренген элементтер негізінде қарапайым комбинацияларды ойдан шығарады. Арнаулы орта және жоғары оқу орындарына түсуге дайындалады.

811. Бағдарламада кез келген нақты жағдайларда сынып құрамындағы білім алушалардың мүмкіндігі мен өзіндік шамасын ескерген педагогтің пайдалануына болатындай материалдың ең жоғарғы деңгейі алдын-ала қарастырылған.

Білім алушалардың мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты білім алушыларының оқып үйренуіне қиындық келтіретін негізгі бағдарламаны педагог өз қалауы бойынша қолданыстан шығара алады, немесе оқытуды келесі сыныпқа ауыстыра алады.

812. Педагог білім алушылардың нақты бір тобына айқын, ашық көзқарасын білдіреді және оқу үдерісінде алдына қойып отырған мәселелерді шығармашылықпен шешеді. Күрделі және ерекше жағдайларда оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ететін негізгі тапсырма бес жұмыс әдісініздеп табу болып саналады.

813. Оқу түрі – топтық. Топ құрамы – 8 - 12 білім алушы.

814. Пәнді оқытудың негізгі кескіні: тәжірибелік сабақ. Классикалық би сабақтарының әрқайсысы оның даму заңдылықтарына сүйеніп қарапайымдылықтан – күрделіге, кішіден – үлкенге бағытталған қағидатына негізделеді.

815. Классикалық би сабақтары төрт бөлімнен тұрады:

- 1) станок алдындағы және зал ортасындағы экзерсиз;
- 2) adagio;
- 3) allegro және башпай жаттығулар;

4) тыныс алуды қалпына келтіру және ақзаны байсалды жағдайға келтіруге арналған *port de bras* түрлі нысандары.

816. Станок алдындағы жаттығулардың *peti*: *plie, battement tendu, battement tendu jete, rond de jambe par terre, battement fondu* немесе *battement soutenu, battement frappe, battement double frappe, rond de jambe en l'air, petit battement sur le cou-de-pied, battement developpe, grand battement jete*. Зал ортасындағы экзерсиз ықшам, қысқа және шебер жасалады.

817. Сабақ екі академиялық сағатқа есептелген. Бірінші және екінші сыныпта уақыттың көп бөлігі бұлшық ет жүйесі мен тірек-қозғауыш аппараты бекігенше *par terre* жаттығуларына беріледі. Осылайша омыртқаға түсетін артық жүктеме алынып тасталынады.

818. Оқытудың бірінші жылының міндеттері - бас, қол, аяқ, тұла бойдың классикалық жаттықтырушының қарапайым жаттығулары арқылы қойылуы, қимыл үйлесімділігінің қарапайым дағдыларын дамыту, орындау кезінде ұқыптылықтың болуы, тәртіп, зейін тәрбиесінің пайда болуын көздейді.

819. 3-сынып уақытының көп бөлігі асатаяқ алдында жасалатын жаттығуларға бөлінеді, оқу жылының аяғында бұл жаттығулар 45 минуттар аспайды. Әр жыл сайын шапшандықты арттыру салдарынан экзерсиз уақыты қысқартылады.

820. Бірінші жартыжылдықта барлық қимылдар бетімен таяққа қарап тұрып, оны екі қолымен ұстап тұрып жүргізіледі. Кейін таяққа қырымен тұрып және оны бір қолымен ұстап тұрып, екінші қолын 2 қалыпта аша отырып жаттығуларды жасайды. Саба би маршымен ақырын қарқынмен басталады, оларды жылдамдатуға немесе бәсеңдетуге болады. Марш ағзаны жұмыс күйіне келтіреді, тыныс пен қан айналымды қалыпқа келтіреді.

821. 4-сыныпқа білім алушылардың аса таяқ алдындағы жаттығуларда тұрақтылығын қалыптастырады, осы жаттығуларды дәл сол кезекпен залдың ортасына қарай ауыстырады, олар станоктың қасындағылардан да мықты жүргізіледі. Залдың ортасында экзерсиске біртіндеп денені *epaulement* күйінде *en face* қалпынан бұрылады және кері жасайды. Бірқатар жаттығуларда қолдың II позициясы төмендейді: қолдар жоғары дайындық жағдайында қолдар жайылады. Қарғып секірулер күшті және бұлшықеттің иілгіштігін дамытады.

822. 5-ші сыныптың негізгі міндеттері: жарты башпаймен жаттығу жасаудағы орнықтылығы бекітіледі. Бағдарламаның жаңа қозғалыстары таза түрде үйретіледі. Үйлестіруді дамыту үшін бірқатар жаттығулар біртіндеп *epaulement* ауыстырылады, алдымен залдың ортасында орындалады, ең жеңіл және қарапайым *croisee* позасын үйретеді. Башпаймен секірудегі және жаттығулардағы *epaulement* қалыбы өзінің бағытын біраз өзгертеді және сыныптың бірінші жоспары бағытына қарай бағыты өзгертіледі және ауысады.

823. 6-сыныптың міндеттері: тұрақтылықты дамыту, өткен жаттығулардың санын көбейту арқылы аяқтың күшін дамыту, мейлінше шапшаң жылдамдықта жаттығуларды орындау техникасын дамыту. *En face, epaulement* жаттығулары, таяқтың алдында, сонымен қатар ортасында, бірге

қосылады, басында екіден артық емес. Үйлестіруден басқа, қимылдардың тіркесі бишілікке тәрбиелейді. Музыканың сүйемелдеуімен, қимылдардың үйлесімінде, әуеннің жалпы сызығы сақталады, тактің ішіндегі ырғақтық сурет қана өзгереді, осылайша үйлесімді қимылдардың сипаты қоюлана түседі. Секіру жаттығулары секіру биіктігін жетілдіреді және төмен секіру кезінде бұлшық еттер жаттығады.

824. 7-ші сыныпта орындаудың дұрыстығы мен тазалығы қалыптасады, күш пен шыдамдылық дамиды, залдың ортасында жарты башпайлы жаттығуларда тұрақтылық қалыптасады, қимылдарға көркемдік бояулардың элементтерін енгізу арқылы бишілік дами бастайды. Тұла бойдың тірек аяққа тура келу қалпын тексеретін тәсіл қолданылады (әрекет соңында тірек аяқтың жарты башпайымен тұрып қалады, бұл кезде қозғалыстағы аяқ *cou-de pied* немесе кез келген 45,90 градус бағытында болуы мүмкін).

825. 8-сыныпта трамплин сипатындағы қарғулар енгізіледі, ол қысқа, бірақ қатты *plié* (бірінші, екінші қалыпта; кейіннен – бір аяқта тұрып екіншісі *cou-de pied* қалыпты алға және артқа). Тактің сегізінші бөлімімен орындалады. Созылмалы жұмсақ қарғулар мен трамплинді ауысырып отыру аяқтарды биіс, жеңіл қарғуларға дайындап, дамытады.

826. 9-сыныптағы экзерсистің негізгі міндеттері: бір аяқпен жартылай бұрылыс жаттығулары кезіндегі орнықтылықты бекіту және жетілдіру, тұла бойдың салмағы түскен ортаны тепе-теңдікті сақтай отырып ауыстыра білу. Зал ортасындағы экзерсисті қимыл-қозғалыстың өз есебінен, мысалы, *rond de jambe par terre* және *battement fondu* кезектестіре отырып немесе үйлесімді қимылдар саның шектей отырып қысқартуға болады. Үлкен қалыптағы *tours*-ке мұқият дайындық басталады. Әуелі бір орындағы, кейіннен қимыл-қозғалыстағы үлкен секірулер енгізіледі.

827. 10-сыныпта түрлі тәсілдер арқылы *pirouettes*, аяқты тез алмастыру техникасын (заноски) игере бастайды. Үлкен қалыптағы *tours*-ты оқып үйрену басталады. Бір қалыптан екінші қалыпқа ауысу кезінде иілгіштік пен нәзіктілік жетіледі. *Adagio*-ның барынша күрделі формасы енгізіледі. Үлкен секірулерде элевация дамытылады.

828. 11-сыныпта трамплиндік секірулерді орындауды жалғастыру қажет, оның жай түрі мен қоса күрделі түрінде орындалады (мысалы: бір аяқпен *temps leve*), себебі еденнен күшті серпілісті талап ететін барынша биік секірулер үйретіледі. Түрлі тәсілдер арқылы секірулерді орындау игеріледі және жоғары секірулерде «баллон» тәсілі жетілдіріледі. Қарқыны шапшаң аяқты жылдам алмастыру тәсілдері күрделене түседі.

829. Білім алушылардың білімі мен икемділігіне қойылатын талаптар. Белгілі бір білім мен дағдылар аясын игеру білім алушылардың көркемдік талғамының артуына көмектеседі, ал ол эстетикалық тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Би сабақтары және көрермен алдында топпен бірге билеп өнер көрсету білім алушылар бойында ортақ іске деген жауапкершілік сезімін, достық және жолдастық сезімдерін тәрбиелейді.

Сабақтарды балаларға мәдениеттілік дағдылары дарытылады. Би сабақтары білім алушы денесінің шынығуына мүмкіндік туғызады, ағзасын күшейтеді және олардың келбеті мен қимыл мәдениетіне жақсы әсерін тигізеді.

830. Білім алушылардың бишілік шеберлігі мен білімі педагогпен тексеріледі:

- 1) әр сабақта;
- 2) жарты жылдықта өткізілген бақылау сабақтарында;
- 3) 2, 4, 6, 8-сыныптардағы сыныптан -сыныпқа көшіру емтихандарында;
- 4) 9-сыныптағы бітіруші мемлекеттік емтиханында.

831. 9-сыныптан кейін білім беру ұйымын бітіргені жөнінде куәлік беріледі.

832. Төменгі сыныптарда бақылау сабақтарында білім алушылар тұла бойдың дұрыс қойылу дағдыларын, қол мен аяқтың тура қалыптарын игеру барысын көрсетеді, аяқтың қайырылу күйіндегі дағдылары да болады; кіріспе және қорытынды аккордтарды естіп, оның мәнін түсіне біледі.

833. Білім алушылар біледі:

1) қол мен аяқ қалыптарын, классикалық бидегі башпайлардың топтасуын;

2) preparation (қолдың дайындықтағы күйден бірінші қалып арқылы екіншісіне ауысып ашылуы және қолдың екінші қалыптан дайындықтағы күйге ауысып жабылуы, сонымен қатар preparations-тің түрлі жаттығуларын);

3) түрлі жаттығуларға түрлі preparation;

4) қимылдың әуелі станокқа қарсы қарап тұрып станок алдында «таза күйінде» орындау әдістемесі.

834. Орта сыныптарда білім алушылар станок алдында және ортада экзерсистің негізгі қимылдарын сауатты түрде орындалуын, секіру бөлімдерінде амал әрекеттердің қарапайым түрлерін тиянақты, мәнерлі, жақсы үйлестірілген түрде орындалуын көрсете біледі; айналу кезінде нүктені яғни тұрған орынды «ұстай білу».

835. Бітіру сыныптарында білім алушылар біледі:

1) барлық би әлемінде қабылданған француз тіліндегі классикалық би терминалогиясын біледі;

2) оқу бағдарламасының толық көлемін, игерілген қимыл-қозғалыстардың орындалуы мен амал-тәсілдерінің барлық ережелерін біледі;

3) өз денесін иелену, оқу тапсырмаларының мүмкін болып табылатын барлық түрін (олардың түрінің кез келген өзгерісінде де) ешқандай қиындықсыз, барынша белсенді, дәл, орнықты, икемді және жұмсақ, жеңіл орындай алады;

4) дамыған жақсы зейін, тамаша музыкалық және хореографиялық жад; ырғақты сезіну, әуенді әсерлене қабылдау, табиғи және айқын қиял, жақсы орындаушылық талғамдардың дамыған сезімдеріне ие болады;

5) түрлі тәсілдер арқылы екі еселенген pirouette-ті; диагональ және шеңбер бойынша дөңгеленуді; үлкен қалыптағы tours-ті меңгереді;

б) секірулердің жеңіл техникасын, сонымен қатар элефацияны және үлкен секірулердегі баллонды игерген;

7) оқып-үйренген элементтер негізінде қарапайым амал-әрекеттерді ойдан шығара біледі.

836. Классикалық би музыкамен тығыз байланысты. Сол себепті білім алушылардың музыкалық сауаттылығын білуі және кез келген музыкалық аспапта ойнай білуі білім алушыларға музыканы түсіне білуге көмектеседі, оның ырғағы мен тақырыбын – тұтастай өзін тыңдай білуге үйретеді және есту қабілетінің, білімі мен талғамының жетілуін, музыкалық тақырыптың ырғағына беріле әсерленуге үйретеді.

837. Тарихи тұрмыстық би пәні 6-сыныпта оқып-үйренуге болады, бұл уақытқа дейін классикалық бидің негіздері ерауlement қалпы жақсы игерілген, қимыл әрекеттері мен табан күші жетілген.

838. Білім алушылар классикалық жаттықтырушыда белгілі бір дағдыларды игере отырып, бұлшық ет жүйесі мен таяныш қозғалтқыш аппаратқа зиян тигізбей және терең түрде халықтық-сахналық бидің өзіндік ерекшелігін және басқа да пәндерді меңгере алады.

839. Классикалық бидің негізгі міндеті – білім алушылардың сапалы білім беруі болып табылады, ол кәсіби деңгейі жоғары педагогтер құрамына, дұрыс және жүйелі құрылған оқу үдерісіне ғана байланысты емес, сонымен қатар оқу және дайындық жаттығуларын өткізуге қажетті жағдайлармен де байланысты:

1) оқу сыныптарының болуы (екіден кем емес);

2) сыныптың жабдықталуы: станок, айна, балубалы еден немесе арнайы еденге арналған төсем (биге арналған ленолиум), кондиционер, шешініп-киінетін бөлме (екіден кем емес), білім алушыларға арналған бөлме.

3) техникалық жабдық: магнитофон, фортепиано, CD - ойнатқыш, бейнемагнитофон, бейнекамера.

4) дайындық жаттығуларына арналған сахналық алаң.

840. Коцерттік нөмірлерді дайындау:

1) костюмдерді репертуарға сай даярлау;

2) сахнаға және сабақтарға арналған аяқ киімдер (балеткалар, пуанттар);

3) жасанды (бутафория);

4) сахнаны безендіру (қойылым тақырыбына сай).

841. Нөмірдің музыкамен жабдықталуы:

1) ноталы материалдардың жинақталуы;

2) музыкалық материалдардың таратушы құралдары: CD-дискі, мин дискілерде жинақталуы.

3) оқу үдерісі мен сахналық материалдардың бейнежазулар мен фотосуреттерде, сонымен қатар сандық таратушы құралдарда тіркеліп қалуы.

842. Оқу сағаттарының сыныптар бойынша бөлу.

3-сыныпта – аптасына 5 сағаттан (жылына 170 сағат) басқа, 1 сыныптан 9 сыныпқа дейін сағаттар саны – аптасына 4 сағат (136 сағат).

4, 5, 6, 8-сыныптарда «таңдау бойынша пән» есебінен «классикалық би» пәніне бір сағат қосылады.

843. Бағдарламаның тәжірибилік бөліміне орындаудың жоғарғы кәсіптік техникасын талап ететін қимылдар енгізілмеген. Барынша күрделі қимылдар қосымша сабақтарында үйретіледі (педагогтің қалауы бойынша).

844. Бағдарламаның негізгі бөлімдері бойынша тақырыптық оқу жоспары.

1 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 40 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 96 сағат, барлығы – 136 сағат;

2 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 46 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 90 сағат, барлығы 136 сағат;

3 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 136 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 30 сағат, Allegro – 4 сағат, барлығы 170 сағат;

4 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 64 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 38 сағат, Allegro – 24 сағат, аяқ ұшындағы экзерсис - 10, барлығы - 136 сағат;

5 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 64 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 30 сағат, Allegro – 26 сағат, аяқ ұшындағы экзерсис - 16, барлығы - 136 сағат;

6 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 56 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 46 сағат, Allegro – 22 сағат, аяқ ұшындағы экзерсис - 12, барлығы - 136 сағат;

7 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 54 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 46 сағат, Allegro – 24 сағат, аяқ ұшындағы экзерсис - 12, барлығы - 136 сағат;

8 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 52 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 44 сағат, Allegro – 24 сағат, аяқ ұшындағы экзерсис - 16, барлығы - 136 сағат;

9 оқу жылы: станок жанындағы экзерсис – 46 сағат, зал ортасындағы экзерсис – 50 сағат, Allegro – 22 сағат, аяқ ұшындағы экзерсис - 18, барлығы - 136 сағат;

845. Балалр өнер мектептерінің «Классикалық би» пәні бойынша оқу-тақырыптық жоспары осы Баллар өнер мектептерінің «Классикалық би» пәні бойынша Білім беру бағдарламаларының 9-қосымшасында көрсетілген.

846. Бірінші оқу жылының негізгі міндеттері – классикалық жаттықтырушының қарапайым жаттығулары арқылы қол, аяқ, бас және тұла бойдың дұрыс қойылуы, қимылды үйлестіретін (координация) қарапайым дағдыларды жетілдіру.

Классикалық биді оқытудың екінші жылында бірінші сыныптың жаттығуларын пысықтау және бекіту жалғасады және күрделі жаттығулар қосылады.

Оқудың үшінші және төртінші жылдарында қарғу жаттығулары арқылы бұлшық еттердің созымдылығы мен күші дамиды.

Классикалық биге оқытудың бесінші жылында қимылдарды орындау техникасын одан әрі жүргізу. Жартылай башпайлармен жұмыс істеу арқылы табанның күшін дамыту. Бұлшықеттердің түрлі топтарын дамытуды қамтамасыз ететін жаттығуларды пайдалану.

Классикалық биге оқытудың алтыншы жылында орнықтылықты қамтамасыз ететеін жаттығулар мен бұрылыстарды меңгеру. Айналуға арналған бастапқы жұмыстар. Жаттығулардың шапшандығын ұлғайту.

Классикалық биді оқытудың жетінші жылында зал ортасындағы орнықтылықты бекіту. Қимылдардың тазалығымен жұмыс. Түрлі тәсілдермен *piouette* техникасын меңгеру.

Классикалық биді оқытудың сегізінші жылында *En tournant* қимылын бастапқы үйретулер. Қимылдардың тазалығымен ары қарай жұмыс.

Классикалық биді оқытудың тоғызыншы жылында түрлі бұрылыстардағы орнықтылықты бекіту. Қол мен тұла бойдың иілгіштігін дамыту. Бірінші жартыжылдық.

17-параграф. Балалар өнер мектептерінің «Халықтық-сахналық би» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

847. Балалар өнер мектептерінің «Халықтық-сахналық би» пәні бойынша білім беру бағдарламасы пәннің мазмұнын, оқытудан күтілетін нәтижелерді, білім алушылардың пәнді игеруден күтілетін нәтижелерді бақылау түрлері мен нысанданы, өнер мектептерінің хореография бөлімдерінің пәнге қолданылатын арнайы тәсілдерді, материалдардың көлемі мен олады әр оқу жылына бөлу мазмұнын анықтайды.

848. Халықтық-сахналық би – өскелең ұрпақты бай бишілік және музыка шығармашылығына араластыратын негізгі құралдардың бірі, сол арқылы олар өздерінің өз ұлтына деген сезімін түсінуге, басқа халықтардың би мәдениетінің бейнелік мәнін түсіну және ену.

849. Халықтық-сахналық бидің білім алушыларға ұлттық, интернационалдық және патриоттық тәрбие берудегі рөлі ерекше. Ұжымдық өнер ретіндегі хореография бала бойында ерте бастан ұжымдасу, бір-біріне талап қоя білу, мейірімділік, өз ойын айқын білдіруге, табандылық пен батылдық сезімдерін дамытуға мүмкіндік туғызады, ал бұл жағдай білім алушылардың орындаушылық әрекеттеріне әсер етуі мүмкін, себебі би қимыл-қозғалыстары кезінде тұлғаның мінезі мен рухани қасиеті айқындалады.

850. Халықтық-сахналық би балалар бойында халықтың би өнері шығармашылығына және биден байқалатын халықтық дәстүрге деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелейді, олардың жалпы мәдениетінің дамуына, адамгершілік қасиеттерін және дене бітімінің жетілуіне көмектеседі.

851. «Халықтық-сахналық би» пәні бойынша бағдарлама білім алушыларды «Классикалық би» пәнінің 3-жылдық оқуын аяқтағаннан кейін

халықтық-сахналық биді 6 жыл ішінде, яғни 4-сыныптан 9-сыныпқа дейін оқып үйренуін қарастырады.

852. Балалар өнер мектептерінің хореография бөлімдерінің топтарындағы балалардың сандық құрамы 8 адамнан кем емес және 20 адамнан артық емес.

853. Барлық сыныптардағы классикалық би және кіші сыныптардағы халықтық-сахналық би бойынша сабақтар топтың құрамына байланысты қыздар және ұлдар үшін бөлек топтың топтасуына байланыссыз педагогтің нақты жұмыс істеген уақыты бойынша төленеді.

854. Балалар өнер мектептерінің (хореография бөлімдері) үлгілік оқу жоспарымен анықталған сағаттардан тыс классикалық, халықтық-сахналық, тарихи-тұрмыстық, заманауи, балдық билер, ритмика және концерттік нөмірлерге дайындық бойынша сабақтар өткізу үшін концертмейстерлік сағаттар Үлгілік оқу жоспарына сәйкес (оқу уақытының 100 пайызы) қарастырылады.

855. Концерттік нөмір қою әр білім алушы үшін пәнге бөлінген 0,5 сағаттың есебінен жүргізіледі.

856. Оқу процесін жетілдіру мақсатында есептік концерттерді (спектакльдерді) дайындауға қоюшы-режиссер, балетмейстер аталған тұлғалар үшін сағаттық жүктеме бойынша төлемімен үш айдан артық емес уақытқа шақырылады.

857. «Классикалық би» пәнінен 3-жылдық оқуды аяқтаған кейін халықтық-сахналық би өнерін оқытуды 4-сыныптан бастаған жөн.

Бұл жастағы балалар халықтық би қойылымдарының элементтерімен жақсы және шет ел халықтық би шығармашылығымен танысып, музыкалық қабілетке ие болады, кез-келген ұлттың мінез-құлқын би қимылдары кезінде айқын көрсете алады.

858. Педагог әр жастағы баланың дене бітімі және рухани жағынан дамуының негізгі заңдылықтарын ескеріледі.

Кіші мектеп жасындағы баланың денесінің ерекшелігі, мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда сүйектері мықты болып келеді, алайда онда шеміршек ұлпасы көп болады, омыртқаның, жамбас сүйектері мен аяқ-қол сүйектерінің қатаюы жоғарғы сыныптарда пайда бола бастайды. Бұл жағдайды хореографияның ұжымдық сабақтарын ұйымдастыру кезінде есте сақтау қажет. Балаларды шаршатудан, нәтижесінде жүрек қызметінің өзгеруіне соқтыратын бұлшық етке, денеге шамадан тыс күш түсіруден сақтандырған жөн.

859. Оқу үдерісі барысында сабақтың тиімді болуы үшін дидактиканың негізгі қағидаттарына сүйенген жөн: әсерленгіштік пен ойшылдықтың үйлесімін, жалпы мен жекенің үйлесімін, көрнекілікті, метафора мен көркем сөздің қолданылуын, логикалық ұғымды, балалармен жұмыстың түрлі формасын өткізу әдістемесін қолдану кезіндегі оқытудың жүйелілігін, қимыл-қозғалыстың жеңіл, кереғар және салыстырмалы жүйелі болуын үнемі басшылыққа алу керек.

860. Білім алушылардың білімдері, біліктері және дағдылары бекітіледі:

1) түрлі ырғақтағы және басқа да қимылдармен үйлестірудегі бағыттың өзгеру амал-әрекеттерін қайталау арқылы;

2) оларды түрлі музыкалық-би жағдайлары мен білдіру құралы ретінде пайдалану арқылы;

3) орындау ережелерін түсіндіру арқылы.

861. Әдістемелік жағынан сауатты құрылған халықтық сахналық би сабақтары қимыл әрекеттерін жетілдіреді, бұлшық ет аппаратының күшейе түсуіне мүмкіндік туғызады, классикалық жаттығулары кезінде көп қатыса қоймайтын бұлшық еттер де шынығады. Білім алушыларға түрлі халық билерін орындау ерекшелігі мен оның түрлі нақыштарын, ырғағы мен қарқынының күрделі жақтарын игеріп алуға мүмкіндік береді.

862. Тәрбие үдерісінде білім алушылар бойында ырғақ пен есту қабілетінің дамуына ғана емес, сонымен қатар көркемді талғамының да жетілуіне жағдай жасайтын жақсы музыкалық сүйемелдеу маңызды рөл атқарады.

863. Бағдарлама мақсаты – баланы тұлға ретінде тәрбиелеу, халықтық-сахналық билерді меңгеру арқылы білім алушылардың бойында эстетикалық үлгі қалыптастыру. Білім алушыларға халықтық-сахналық би өнерін меңгерту арқылы олардың ізденпаздығын дамытуға және тұлғаның көркемдік-эстетикалық тәрбиесіне жағдай жасау және халықтық хореографияға қызығушылығын қалыптастыру.

864. Бағдарламаның міндеттері:

1) халықтық-сахналық бидің ұлттық стилін, орындалу тәсілін, айқын палитрасын дәл көрсете білу шеберлігінің жетілуін қамтамасыз ету;

2) өзін көрсете білу, жалпы мәдениеттілік, эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру;

3) білім алушылардың хореография саласында бейнелі түрде ойлай білуі мен фантазиясының дамуына, сонымен қатар дербестік пен жауапкершіліктің дамуына көмектесу;

4) би қимылдарын әсерлене отырып мәнерлі түрде орындауға тәрбиелеу;

5) білім алушылардың өзін шығармашылықпен көрсете білуге оқу уәждемелерін дамыту;

6) білімі мен біліктерін кең көлемде мерекелік концерттерде, байқауларда, фестивальдарда жүзеге асыруға мүмкіндік жасау;

7) ансамбльде орындау икемдігі мен кеңістікке бейімделу дағдыларының дамуына көмектесу;

8) қимыл-қозғалыстарда халықтық музыканың нақыштық ерекшеліктерін, оның ырғағы мен қарқынының әр-түрлілігін жеткізе білу шеберлігін тудыру.

865. Осы бағдарлама аясындағы негізгі міндет-талаптарды орындау барысында педагогтердің дайындық деңгейіне байланысты педагог материалдың көлемі мен техникалық жағынан күрделілік дәрежесін білім алушылардың дайындығына байланысты азайтып немесе көбейте алады.

Педагог сабақтар мен қойылымдарды шығармашылық тұрғыдан өткізу керек. Бағдарлама сабақтарға арналған материалдарды таңдау барысында педагогтің өзіне таңдау жасауға мүмкіндік береді.

866. «Халықтық-сахналық би» бағдарламасының мазмұны білім алушылардың халықтық сахналық бидің тәжірибелік дағдыларын игеруіне бағытталған.

Бағдарламаның аталған курсы игерудің нәтижесі ашық сабақ, этюдтер көрсету, бақылау сабақтары, емтихандар түрінде өткізіледі.

Диагностикалық және оқыту әдістемесін жүзеге асыру – би міндетін қалыптастыру негізіне жататын құраушы бір бөлігін белгілеп алуға мүмкіндік береді.

867. Халықтық сахналық биді оқытудың әр жартыжылдығын аяқтаған кезде, өтілген материалдың қорытындысы жасалады, яғни бақылау сабағы өткізіледі.

Оқудың толық курсы аяқтаған соң емтихан өткізіледі, онда білім алушылар ансамбльде орындау дағдылары мен біліктерін, халықтық музыканың қимыл-қозғалыстағы нақыштық ерешеліктерін, оның ырғағы мен қарқынының әр-түрлілігін бере алудағы шеберліктерін көрсетеді.

868. Апталық сағат саны: 4-сыныпта – 3 сағат (жылына 102 сағат), 5-9-сыныптарда – 4 сағат (жылына 136 сағат).

869. Балалар өнер мектептерінің «Халықтық-сахналық би» пәні бойынша оқу-тақырыптық жоспары осы Балалар өнер мектептерінің «Халықтық-сахналық би» пәні бойынша Білім беру бағдарламасының 10-қосымшасында көрсетілген.

870. Оқудың бірінші жылы – 4-сыныпта білім алушылар халықтық-сахналық бидің ерекшеліктерімен, оның дамуының негізгі кезеңдерімен танысады.

Бірінші оқу жылының міндеттеріне қарапайым элементтерді орындау кезіндегі қол мен аяқтың негізгі қалыптарымен және орналасуымен, бас пен тұла бойдың орналасу қалпымен танысу жатады. Станок алдындағы, зал ортасындағы және диагональ бойындағы элементтерді игеру, қимыл-қозғалысты үйлестіретін қарапайым дағдыларды жетілдіру де жатады.

Оқудың бірінші жылы үшін қазақ, орыс, беларус халықтарының билерінің, сондай-ақ Балтық жағалауы республикалары билерінің аз ғана әрекеттері мен элементтері үйрену ұсынылады.

871. 4-сыныпта аптасына 3 сағат, бірінші жарты жылдыққа 48 сағат бөлінген. Станок алдында жаттығу жасауды үйрену бірінші жарты жылдықта басталады, кейін зал ортасына көшіріледі. Қол мен тұла бойға арналған port de bras, халықтық бидің негізгі элементтерін игеру барлық жаттығулардың негізі болып табылады.

Екінші жарты жылдықтың негізгі міндеттері станок алдында және зал ортасында жасалатын жаттығуларда тұла бойдың, аяқ, қол және бастың дұрыс қойылуын игеру болып табылады. Екінші жарты жылдық қимылдар үйлесімінің

жетілдірілуіне жағдай жасайтын аса күрделі би композициялары мен элементтерін оқып-үйренуді қамтиды, аталған жаттығулар мен қимылдардың дұрыс игерілу дәрежесіне қарай, олардың жеңіл-желпі тәсілдері қарастырылады. Екінші жарты жылдықта барлық материалды оқып-үйренуге 63 сағат бөлінген.

872. 5-сынып. Оқудың екінші жылы. Халықтық-сахналық би пәні бойынша екінші оқу жылының міндеттері – аяқ күшін одан әрі шынықтыру, би қимылдарының үйлесімділік дағдыларын жетілдіру болып табылады. Станок жанында және зал ортасында орындалуын жағынан халықтық сипаттағы аса күрделі жаттығулар үйретіледі. Станок жанындағы жаттығулардың игерілу деңгейіне қарай, олардың кейбірі зал ортасына шығарылады және тұла бой, қол және бас қимылдарымен үйлестіріле орындалады. Халықтық бидің кейбір элементтері бас кезінде станок жанында үйретіледі және олар бұлшықет тобына сай келетін амал-әрекетке кіреді.

Үйлесімділікті дамытуға арналған аса күрделі би әрекеттерін оқып үйрену халықтық бидің өзіне тән орындалу тәсілін аша білу шеберлігімен тәрбиесіне үлкен мән беріледі.

Бірінші жарты жылдықта сабақ аптасына 4 рет өткізіледі, барлығы 64 сағат. Қазақ, орыс, белорус билерінің ерекшелігі мен мәнерін оқып-үйренуді жалғастыра отырып, Украина және Италия билерінің элементтері еңгізіледі.

Екінші жартыжылдықта сабақтар аптасына 4 сағат, барлығы 72 сағат жүргізіледі. Екінші жарты жылдықта станок жанындағы жаттығулармен зал ортасындағы қимылдардың күрделенген түрлері енгізіледі.

Биді орындау тәсілі мен оның өзіндік сипытын көрсете білу шеберлігі меңгеріледі. Қыздар үшін аяқпен еденді соғу күрделі қимылдары, ер балар үшін шапалақ, шапалақтау және жүрелеп отыру, жартылай жүрелеп отыру қимылдары енгізіледі.

873. 6-сынып. Оқудың үшінші жылы. Оқудың үшінші жылында станок жанында және зал ортасында күш-қайраттың көп жұмсалуды мен орындалуында тиісті үйлесімділікті талап ететін техникасы жағынан күрделі элементтерді одан әрі оқып үйрену жүзеге асырылады. Күрделі ритмикалық суреті мен қарқыны жеделдетілген этюдтер. Композициясы жағынан өте күрделі әрекет қимылдары игеріледі.

Халықтық биді үйрену барысында орындаудың мәнерлігіне және айқын тәсілі мен орындаудың нақты мінез-құлқын жеткізуге; бұрын игерілген аса күрделі үйлесімдегі би элементтерін қайталауға; халықтық хореографияның қалыптасуына әсер ететін өмірдің тарихи жағдайларымен, халық этнографиясымен таныстыратын жаңа халықтық билерді үйренуге ерекше көңіл бөлінеді.

Бірінші жартыжылдықта сабақтар аптасына 4 рет, барлығы 64 сағат жүргізіледі. Аптасына 4 сағат, барлығы 64 сағат. Зал ортасында қазақ, орыс, беларус билері негізінде жеңіл-желпі әрекеттер мен композицияларды

құрастыруға болады. Татар, башқұрт, өзбек билері элементтерін оқып-үйрену басталады.

Екінші жартыжылдықта сабақтар аптасына 4 сағаттан, барлығы 72 сағат жүргізіледі. Екінші жартыжарты жылдықта станок жанындағы жаттығулар күрделене түседі, зал ортасында және диагональ бойымен шыр айналу қимылдарына үлкен көңіл бөлінеді. Ер балалардың жүрелеп отыру және жартылай жүрелеп отыру қимылдарына, қыз балалардың аяқпен еденге соғу қимылдарына да көңіл бөлінеді.

874. 7-сынып. Жетінші оқу жылы. Станок жанындағы және зал ортасындағы жаттығулар мен элементтерін үйрену, олардың *epaulement croisee* және *effasee* орындалуы, сондай-ақ жарты башпайда тұру және орындау жаттығулары жалғастырылады. Амал-әрекет техникалық және үйлесімділік жағынан барынша күрделі болуы керек. Акробатикалық және ептілік элементтері бар жаттығуларға дайындық басталады.

Бірінші жартыжылдықта сабақтар аптасына 4 сағат, барлығы 64 сағат жүргізіледі. Қыздардың айналым және аяқ пен еденге соғу қимылдары мен ер балалардың жүрелеп отырып-тұру және шапалақтау әрекеттері күрделене түседі. Қазақ, орыс және украин билері элементтері үйретіледі. Молдаван және поляк билері жаңадан үйретіле бастайды.

7-сынып. Екінші жартыжылдықта сабақтар аптасына 4 сағаттан, барлығы 72 сағат өткізіледі. Серіктеспен қарым-қатынасын дамытуға септігін тигізетін жұп болып билеуге үйрету. Орындау тәртібі мен сипатына бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

875. 8-сынып. Оқудың бесінші жылы. Күрделі ырғақты ритмикалық мәнердегі, жеделдетілген қарқындағы барынша қиын құрастырылған қимылдарды станок жанында және зал ортасында орындау, олардың *epaulement croisee* және *effase* орындалуы, сонымен қатар жарты башпайға тұру және қарғып-секіруді орындау әдістемесі меңгеріледі.

Орындау кезінде ұлттық ерекшелік пен ұлттық сипаттың ашылуына, түрлі халықтың билерін жұптасып орындау кезінде бір-бірімен қатынас ерекшеліктерін басты назарда ұстай отырып, би қимыл-қозғалысының орындалу мәнерлі түрде болуына қол жеткізу қажеттігіне ерекше көңіл аудару керек. Аяқ пен еденге соға отырып айнарудың барынша күрделендірілген түрі, акробатика және трюк элементтерін жасауға дайындық жұмыстары енгізіледі.

Бірінші жартыжылдықта сабақтар аптасына 4 сағаттан, барлығы 64 сағат жүргізіледі. Серіктеспен қарым-қатынаста болу дағдыларын дамытатын жұптасып билеу әрекеті үйретіледі. Қазақ, орыс билері элементтерін оқып-үйрену жалғастырылады. Грузин, сыған, венгр, испан билері үйретіле бастайды.

Екінші жартыжылдықта аптасына 4 сағат, барлығы 72 сағат.

876. 9-сынып. Алтыншы оқу жылы. Білім алушыларды этюдтер мен концерттік нөмірлерді және көркем безендіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған құрама комбинацияларды ойлап табуға даярлау.

Бірінші жартыжылдықта сабақтар аптасына 4 сағаттан, барлығы 64 сағат оқытылады. Хореография өнерін игерудің соңғы жылы станок жанында және зал ортасында техникасы жағынан күрделі жаттығуларды оқып – үйренумен; орындаушылық деңгейдің мәнерлі болуымен музыкалық және әртістік қабілеттің жетілдірілуімен; қазақ, орыс, грузин, сыған, венгр, испан билерінің күрделі элементтерін оқып – үйренумен ерекшеленеді.

Екінші жартыжылдықта аптасына 4 сағат, барлығы 72 сағат.

877. Таңдауы бойынша болжамды репертуарлар.

1) Қазақстанның билері: «Қамажай», «Тепеңкөк», «Көбелек», «Қара Жорға», «Домбыра», «Балбырауын», «Қазақ вальсі».

2) Ресей билері: Орыс кадрили; «Сегіздік»; «Бестік» переплясы; «Вензеля», «Қызға арналған пляска», «Ойна, гармонь», «Сібір полькасы» - билері; «Алтын цепочка», «Метелица», «Улитушка», «Березка» - хороводтары; Шәлі орамалмен солтүстік хороводы; Матрос биі «Яблочко».

3) Алтай билері: «Аққулар», «Аққу», «Көңілді маралыталар», «Теленгитский», «Көгілдір таулардың гүлдері», «Урсулай».

4) Белорус билері: «Крыжачок», «Веселуха», «Бульба», «Лявониха», «Янка».

5) Литва билері: «Ругучай», «Микита», «Клумпакоис».

6) Латыш билері: «Руцавиетис», «Цимду парис», «Мельница», «Шестерка».

7) Эстон билері: «Ямая-лабаялг», «Йоксу-полька», «Качели».

8) Румын биі: «Калабреазе».

9) Украин билері: «Веснянка», «Гопак», «Метелица», «Ползунок».

10) Молдаван билері: «Хора», «Жок», «Молдовеняска», «Сырба», «Букурия».

11) Татар биі.

12) Башқұрт билері: «Жеті ару», «Гульназира».

13) Чуваш биі: «Линка-линка».

14) Орта Азия халықтарының билері.

15) Тәжік билері: «Бубенчики», «Бақташы биі (Пастух)».

16) Түрікмен билері: «Пиэла», «Жігіт биі».

17) Әзірбайжан биі: «Газахы», «Узундара».

18) Өзбек билері: «Андижан полькасы».

19) Өзбек биі «Лязги».

20) Осетин биі «Симд».

21) Грузин биі «Лезгинка», «Картули».

22) Поляк билері: «Краковяк», «Куявяк», «Понтозоо», «Оберек», «Мазурка».

23) Болгар биі.

24) Венгр билері «Харомугрош», «Чардаш».

25) Итальян биі «Гарантелла».

26) Чех биі «Обкрочак».

- 27) Словак биі «Яношиковский».
- 28) Американ биі «Көңілді ковбойлар».
- 29) Испан биі «Фламенко», «Арагонская хота».
- 30) Неміс биі «Тиррольский», «Шапалақтармен және бұрылыстармен би», «Полька».
- 31) Грек биі «Сиртаки».
- 32) Қытай билері: «Лотос биі», «Желпіуіштермен», «Шамдармен».
- 33) Мексикан биі «Харбэ Астеко», «Авалюлька».
- 34) Еврей биі.

878. «Халықтық-сахналық би» пәнін оқу барысында білім алушыларға бағдарлама ұсынып отырған халық билерінің ұлттық ерекшеліктерімен таныстырып, халықтық әдет – ғұрып, салт – дәстүр, оның тарихы мен өмір жолы туралы әңгімелеп айту қажет. Осының бәрі ұлттық ерекшелікті терең түсінуге көмектеседі, орындаудың мәнерлілігін арттырады. Бидің орындалуы әрқашанда табиғи түрде болуы керек, ал ұсынылатын материал – білім алушылардың техникалық мүмкіндіктеріне ғана сай болып қоймай, олардың жас ерекшелігіне сай психологиясын да ескеруі қажет.

879. Әр бөлімнен кейін түрлі халықтың би этюдтерінің тізімі ұсынылған. Әр жарты жылдықта педагогтің таңдауы бойынша екі этюд қойылады.

Әр оқу жылы соңында бала бойындағы ансамбльді құру өнері мен сахналық бейнені бақылауға бағытталған кең көлемдегі композиция немесе аяқталған би қойылымы дайындалуы қажет.

880. Бағдарлама неғұрлым жеңіл меңгерілетін би мәтінін, оның түрленуін таңдап алуға мүмкіндік береді. Станок жанында немесе ортада жасалатын әр элементтің музыкамен сүйемелденуін таңдаған кезде, білім алушылардың музыканы түсіне білуіндегі жас ерекшеліктері ескерілуі қажет, ал бұл техникалық жағынан күрделі элементтердің игерілуін жеңілдетеді және би билеу мен мәнерлілікті жетілдіруге көмектеседі. Сипаты, стилі және ұлттық ерекшелігі жағынан музыка қимыл – қозғалыс мінезіне сай болады.

881. Сабақтар станок жанында, кейін зал ортасында бұлшық ет аппаратына түсетін күш пен қиындық деңгейінің белгілі бір дәрежесі мен формасындағы, нақты бір жастағы білім алушыларға ыңғайлы болып келетін халықтық би элементтерін игеру жаттығуларымен басталады. Төменгі сыныптарда білім алушылар зал ортасындағы халықтық – сахналық биде қабылданған қол, аяқ қалыптарымен танысады, қарапайым үйлесімдерді, сондай-ақ балараға түсінікті би элементтерін игереді.

882. Классикалық биді оқу үдерісімен байланыстыруға мүмкін емес күрделі халық билерінің өзіндік ерекшеліктерін тым ерте және тез еңгізуден сақтау керек. Мысалы, қырына қисайған табан, кенеттен жүрелеп отырып қалу, аяқтың жабық қалпы, классика үшін әдеттенбеген тұла бойдың иілуі сияқты элементтер жиі қолданылатын болса, білім алушылардың бұлшық еттері физиологиялық жағынан қабылдамайды және оның ешқандай пайдасы болмайды.

883. Жаңа материалды оқу барысында келесі өлшемдер ескеріледі:

- 1) назар аудару, зейін қою (қимылдың мәні, оның құрылымы, амплитудалық ерекшелігі қаншалықты тез игерілді);
- 2) қиындық деңгейі (даярлық жаттығулар қажеттілігі);
- 3) музыкалық қабілет (қимылдарды музыкалық сипаттамасын ескере отырып орындау);
- 4) үйлесімділік (қимылдарды «таза күйінде», қол, бас, тұла бой қимылдарымен үйлестіре отырып орындау).

Бағдарлама бойынша оқытуды баланың бабын табуға сараланған тәсіліне сүйенеді.

Оқудың бірінші жылында (4-сынып) келесі жылдары бекітілетін және дамытылатын дағдылары мен білімінің іргетасы қаланады. Бірінші жылдың ерекшелігі оқуды одан әрі жалғастыру үшін құрылатын нақты бір базаны игеруде білім алушыларға мүмкіндік беру болып табылады. Қазақ, орыс, белорус, татар билерінің кішігірім амал – әрекеттерінің элементтерін өту ұсынылады. Сонымен қатар, түрлі би билеу элементтеріне дайындайтын қосымша көмекші материалдар пайдаланылады.

884. Техникалық қиындықтардың, ерекше үлкен жүктеменің болмауы сияқты жағдайлар педагогтің биді орындалу мәдениетіне ерекше көңіл аударуына мүмкіндік береді. Кеңістікке биімделе білу, алаңда түрлі ракурс пен көріністе қозғала біледі. Үйлесімділік дағдылары, қалыпты «поза» сезінуі, серіктеспен қатынас мәдениеті, ансамбльде орындаудың бастапқы дағдыларын дамытады. Орындаудың жақсы тәсілі мен нақыш тазалығын қалыптастырудың негізі болып табылатын халық музыкасының нақыштық ерекшеліктерін, оның қарқыны мен ырғағының әртүрлілігін көрсете білу, тез әсерленіп, ықыластану сияқты күрделі және алуан түрлі міндеттер оқытудың бастапқы кезеңін шешуге мүмкіндік береді.

885. Оқу үдерісі жиынтық жаттығулар (дайындықтар) өткізуді қарастырады, олардың ұзақтығы оқу материалының көлеміне байланысты, алайда әрқайсысы 4 сағаттан аспайды (аптасына екі, тіпті үш ретке дейін).

886. Оқудың екінші жылында (5-ші сынып) білім алушылар станок жанында және зал ортасында барынша күрделі жаттығуларды оқып үйренеді. Барлық оқу кезеңі бойында бұлшық еттің күш – қуатын одан әрі арттыру бірте – бірте және жоспарлы түрде, «қарапайымнан күрделіге» қағидаты бойынша жүргізіледі. Би этюдтері мен тапсырмалардың лексикасын, композициясын қиындату, жаңа техникалық әдіс – тәсілдерді енгізу – осының бәрі өткен оқу сабақтары барысында игерулері тиіс. Комбинация негізінің іргетасы бір элемент болуы керек, және оны амал – тәсілдерді қиындатылған басқа қимылдармен толықтыру қажет.

887. Оқытудың үшінші және төртінші жылдарында (6-7-сыныптар) бұлшық ет аппаратының күш – қуатын арттыру, материал ұсынып отырған техникалық жағынан күрделілік дәрежесі біртіндеп арттырылған жаңа элементтерді терең оқып үйрену, жұптасып билеу элементтерін көбейту, тез

әсерленіп ықыластану, орындаудың жақсы тәсілі мен нақыш тазалығын және жалпы мәдениеттілікті қалыптастыру жұмыстары жалғастырылады.

888. Оқытудың бесінші – алтыншы жылдарында (8-9-сыныптар) білім алушылар өнер мен мәдениет саласындағы кәсіптік оқу орындарында оқуды жалғастыруға қажетті арнайы міндеттерді игереді. Курсты бітірушілер бітіру емтихандарын тапсырады және оларға куәлік пен бағалары жазылған қосымша парақ тапсырылады.

10-11-сынып білім алушылары мәдениет пен өнер саласындағы жоғары оқу орындарына түсу үшін өнер мектептерінде белгілі бір бағыттағы бағдарлама бойынша оқуын жалғастыра алады.

889. Би пәндерін оқып-үйрену барысында пәнаралық байланыс маңызды рөл атқарады. Бір пәннің екінші бір пән материалын игеру кезінде олардың бір-бірінен асып кетуіне жол бермеуі керек. Халықтық-сахналық би педагогі оқыту үдерісін, басқа пәндер бойынша сыныптың дайындық деңгейін ескере отырып, құруға тиіс. Классикалық би мен халықтық-сахналық биге үйретуді бір мезгілде бастамау керек, себебі классикалық би білім алушылардың би қимылдарын игеруінің негізін дайындайды.

890. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарын жасау кезінде, «Шетел хореографиясы», «Қазақстан хореографиясы» және халықтық-сахналық би пәндері бойынша тақырыптарды өтілу мерзімімен келісілу қажет, ал бұл өтілетін материалдың әсерленгіштік палитрасын барынша терең түсінуге жағдай жасайды.

891. Байқылаудың түрлері мен нысандары. Ағымдық бақылау бүкіл оқу жылы бойынша іске асырылады. Диагностикалық және оқыту әдістемелерінің орындалуы арнаулы міндеттердің қалыптасу негізінде жатқан бөлшектерді белгілеп алуға мүмкіндік береді.

Оқудың әр жартыжылдығының аяғында қорытынды шығарылады – бақылау немесе ашық сабақтар өткізіледі. Білім алушыларды аралық аттестациядан (көшу емтихандары) өткізу және 9-сыныпта қорытынды аттестация (мемлекеттік емтихан) өткізіледі. Білім алушылар би техникасының, актерлік шеберлігінің және орындалу тәсілінің дамуы мен жетілдірілуін көрсетеді, ал бұл алынған білімі мен шеберлігінің қалыптасуына септігін тигізеді.

892. 9-сыныптағы бақылау сабақтары тұтастай немесе жартылай білім алушылар ойлап шығарған амал-әрекеттерге құрылады, онда білім алушылар станок жанындағы және зал ортасындағы оқу амал-әрекеттерін, сауатты түрде ойлап шығара білу шеберліктерін, сондай-ақ этюдтердің композициялық құрылымын көрсетеді.

893. Бағдарламаны іске асыру шарттары. Халықтық-сахналық бидің негізгі міндеті - білім алушыларға сапалы білім беру, ол тек педагогтік шеберлігіне, оқу үдерісінің дұрыс және жүйелі құрылғандығына ғана емес, сонымен қатар оқу сабақтарын өткізуге арналған қажетті жағдайдың болуына байланысты:

- 1) оқу сыныптарының болуы (екіден кем емес);
- 2) сыныптарды жабдықтау: станоктар, айналар, палубалы еден немесе би арналған еден жапқыш, кондиционерлер, шешінетін бөлмелер (екіден кем емес), педагогтерге арналған бөлме;
- 3) техникалық жабдықталуы: магнитофондар, баяндар, видеомагнитофондар, видеокамералар.
- 4) дайындық жүргізуге арналған сахналық алаңдар;
- 5) концерттік нөмірлерді әрлеу: репертуарларға сәйкес киімдер, сахнаға және сабаққа арналған аяқ киімдер (өкшесі бар); бутафориялар; сахнаны сәндеу (қойылымның тақырыбына сәйкес);
- 6) нөмірлерді музыкалық әрлеу: материалдық шығындардың мүмкіндіктеріне қарай музыкалық материалдарға аранжировка жасау, музыкалық және ноталық материалдар қорын жинау.

894. Күтілетін нәтижелер. Оқудың бірінші жылының аяғында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) дұрыс дене сымбатын сақтау;
- 2) арнаулы алаң бойымен және суреттің өзгеруін есте сақтай отырып, белгілі бір өрнек бойымен қозғала білу;
- 3) қимылды музыкамен үйлестіру;
- 4) бір қимылдан екіншісіне ауыса білу;
- 5) аяқ-қолды ұстау қалыптарын меңгереді.

895. Оқудың екінші жылында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) тұла бойдың дұрыс қойылу негіздерін біледі (сонымен бірге педагог білім алушының дене бітімінің табиғи ерекшеліктеріне көңіл аударуы керек);
- 2) бұлшықет аппаратын бірте-бірте шынықтыруға үйренеді (әсіресе, бел және іш прессі);
- 3) станок жанындағы халықтық-сахналық экзерсистің қарапайым элементтерін және зал ортасындағы би элементтерін игереді;
- 4) кеңістікке бейімдеді;
- 5) ракурс пен қалыпты сезінеді;
- 6) бұлшық еттің түрлі тобын шынықтыруға үйреді;
- 7) музыка өлшемін біледі;
- 8) ырғақты сезінуін жетілдіруі, музыканың ерекшелігін қимыл-қозғалыспен көрсете білуге үйренеді.

896. Оқудың үшінші жылының соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) халық билеріндегі башпайлардың топтасу қолдың қойылу тәртібін біледі;
- 2) сымбатты дене бітімін сақтай отырып, музыка ырғағымен дұрыс қозғала біледі;
- 3) музыканың ерекшелігін сезіне білу және сонымен байланысты көңіл-күйді көрсете біледі;

- 4) аса қиын емес би қимылдарын орындай біледі;
 - 5) актерлік айқындылық дағдыларын игереді, би қадамдарында бидің көркемді үлгісін көрсете біледі;
 - 6) түрлі жан толғанысындағы бейнені көрсете біледі.
897. Ересек жастағы білім алушылар денеге (бұлшық етке) түсетін үлкен ауыртпалыққа да шыдай алады, атап айтқанда:
- 1) (preparation) жаттығуларға дайындық жұмыстарын орындайды;
 - 2) қолдың даярлы қимылдарын біледі, қолдың бел тұсында дұрыс ашылуын және жабылуын біледі;
 - 3) бес қалыптан тұратын станокқа қырынан тұру қалпын игереді;
 - 4) аяқтың ашық болу қалпы дағдыларын үйренеді;
 - 5) қимылдарды тактінің соңғы буынынан басталатын (затактовый) әуендерге сай орындай біледі;
 - 6) орыс билерін немесе басқа да жеңіл-желпі билерді орындай біледі;
 - 7) орыс билерінің аяқты кезектестіріп адымдау, бір аяққа отырып жүру сияқты қимылдарын біледі;
 - 8) ер балалар жүрелеп отыру және шапалақтау қимылдарын дұрыс орындай біледі;
 - 9) қыздардың айналым және аяқты еденге соғу қимылдарын біледі.

18-параграф. Балалар өнер мектептерінің «Акробатика» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

898. Балалар өнер мектептерінің «Акробатика» пәні бойынша білім беру бағдарламасы пәннің мақсатын, міндетін, мазмұнын, бағдарламамалық талаптарды, оқыту жылдары бойынша оқу-тақырыптық жоспарды, бақылау нысанын, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін анықтайды.

899. Акробатика - цирк өнерінің негізгі жанрларының бірі, өйткені акробатика барлық цирк нөмірлерінің құрылыс іргетасы, демек негізгі пішінделген тәртіптердің бірі, цирк өнердің зерттеуінде болып көрінеді. (аудармада грек «akrobateo» - аяқ ұшымен жүріп, үстіне өрмелеймін).

900. Пәннің мақсаты: «Акробатика» пәні аясында білім алушылардың физикалық қасиеттерін, дара ерекшеліктері мен әртістік қабілеттерін анықтау.

901. Пәннің міндеттері:

- 1) білім алушылардың физикалық аппаратын икемділігінің дамуы (барлық бұлшықет топтарымен жұмыс істеу);
- 2) үйлесімділіктің қимыл-қозғалыс сезімін дамыту және кеңістікте бағдарлану;
- 3) тепе-теңдік аппараттын жетілдіру;
- 4) реакцияның жылдамдығын дамыту;
- 5) адамгершілік-ерік сапасын тәрбиелеу;
- 6) салауатты өмір салтын насихаттау;

7) ұжымдық қызметтегі шығармашылық дағдыларын дамуы, ұжымның әр мүшесі өз жұмыс нәтижесіне жауапты болады.

902. Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі:

1-3-сынып – аптасына 3 сағат, жылына 102 сағат, оқыту курсының барлығы - 306 сағат;

4-9-сыныптар – аптасына 2 сағат, жылында 68 сағат, оқыту курсының барлығы - 408 сағат.

Концерттік нөмірлерді дайындауға арналған оқу сағаттары топтық формада, сондай-ақ жеке сабақтарда пайдаланылады.

Оқу процесін жетілдіру мақсатында есептік концерттерді (спектакльдерді) дайындауға режиссер-қоюшы, балетмейстер, аталған тұлғалар үшін сағаттық жүктеме төлемімен шақырылады.

903. Білім алушылар контингенті 6-дан 16-ға дейін (1-9-сыныптар):

1-3-сыныптар – кіші топ;

4-6-сыныптар – орта топ;

7-9-сыныптар – жоғары топ.

904. Бағдарламаны іске асыру үшін жағдайлар жасалады.

1) Қажетті құрылғылары (шығыршық, қоссырық, трепециялар, швед қабырғасы және басқалары) бар арнайы жабдықтарған орын (спорт залы немесе манеж).

2) Станоктары, айналары, рояль немесе пианиномен жабдықталған хореография залы.

3) Концерттік рояль немесе пианино, пульстар және дыбыстық техникалық құрылғылармен жабдықталған концерт залы.

4) Киім бөлмесі.

5) мамандандырылған материалдармен жұмыс істеуге арналған бөлме.

6) Фонотека, фидеотека, көретін видеозал.

7) топтық, шағын топтық және жеке сабақтарға арналған оқу орындары.

8) Арнайы жабылғымен, перделермен, дыбыстық және видеоаппаратурамен жабдықталған оқу аудиториялары.

9) Реквизиттер: қарама-қарсы жастықтар, сымдар, желпуіштер және басқалары.

905. Пәннің мазмұны. Оқыту жылдары бойынша оқу-тақырыптық жоспар. Әр оқыту жылының басында бір сабақ қауіпсіздік техникасына арналады. Қауіпсіздік техникасы – ережелер мен нұсқаулықтарының жинағы, қауіпсіз еңбек етуге және әрбір сабақ өткізуге бағытталған нұсқаулығын қамтамасыз етеді.

906. Мақсаты: білім алушылардың қауіпсіздігін, денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету. Сабақтардың қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз ету келесі факторлармен анықталады:

1) штаттан тыс жағдайлар туралы мәліметтерді ең төменгі көрсеткішке жеткізу ;

2) қызметтердің нәтижелерінің тиімділігін көтеру үшін жаракаттар туралы

мәліметтерді ең төменгі көрсеткішке жеткізу.

907. Сақтандыру түрлері:

- 1) шылбыр көмегімен сақтандыру;
- 2) ілмекті пайдалана отырып сақтандыру;
- 3) пассировка.

Сақтандыруға жататындар:

1) трюк әрекеттерді орындаушылар, биіктігіне қарамастан, күтпеген жағдайда құлау мүмкіндігі;

2) барлық биік, қатты және сенімсіз еден, кілемге немесе манежге «келу».

908. Сақтандыру трюкты орындаудың нақты ша шарттарынан, қатысушылардың санды нөмірдің нақты қауіпсіздік мүмкіндіктер (лонж, торлар, топса тағы басқалар) арнаулы құрылғылар көмегімен жүзеге асуы керек.

Білім алушылар өзін өзі сақтаудың негізгі тәсілдерін игереді және іс жүзінде оларды қолдана алады.

909. Мойын мен арқа бұлшық еттерін күшейту үшін қосымша жаттығулар керек және ол жарақаттануға ұшырағандар дәрежесін азайтады.

Білім алушы тек педагог ұсынған жаттығуларды немесе педагог рұқсатымен жасайтын жаттығуларды ғана орындайды.

910. Снарядтарында орындаған жаттығулар алдында педагог олардың күйін тексеріп, мүмкіндігінше құлау аймақта матты төсеп қою керек.

911. Жаттығудың орындауы немесе сақтандыру кезінде алаңдауға және басқаларды алаңдатуға тыйым салынады.

912. Спорт киімдеріне қойылатын талаптар. Спорт киімі сыдырма ілгек, түймелер және басқа ілгексіз болуы керек немесе кедергі келтіретін элементтер денені жауып, кең қалта болмасын және қосымша бөлшектер; сыртқы киім түрі таза және ұқыпты болуы керек. Футболка немесе майка шалбарға салынған болуы керек, сақтанатын уақытында бетке түсіп, орама жасалынады. Жаттығуды алдында сағаттар, шынжырша, сақина, білезіктер, сырғаны шешіп және басқа қатты немесе кедергі келтіретін бұйымдарды шешеді.

913. Зал, жабдықтары және залда жүріп-тұру тәртібі мен ережесі.

1) Егер педагог залда жоқ болса, онда кіруге тыйым салынады.

2) Топтың барлық мүшелері, педагогтарына, залда жұмыс атқарғандармен сыпайы қатынаста болу керек.

3) Педагогтың нұсқау жұмысын нақты және өз уақытында орындау жөн. Алдын ала жаттығуларды сапалы орындау қажет.

4) Егер өзін нашар сезінсе, педагогке хабарлау керек.

5) Топта жаттығуларды орындау жайында соқтығысып қалудың алдын алу үшін арақашықтық және интервал сақтау қажет (бастапқы орынға құлау, аялдама, қалпына қайтару және тағы басқалар) жаттығудың бұрыс орындауын жағдайда мүшелердің қайсысы болса да.

6) Күрделі жаттығуларды орындау үшін мұғалім сақтандыру қамтамасыз етуді сұрап, жерге қонудың аймағына гимнастикалық төсеніш салады.

7) Жаттығушылар өртке қарсы қауіпсіздікті ережесін және эвакуация жайында ғимараттан шығу жоспарын білу қажет. Электр жабдығындағы ақаудың табылу жағдайда, шапшаң мұғалімге хабарлау керек.

914. Реквизит және оны пайдалану ережелері.

1) Залдағы спорт жабдығына ұқыпты қарау және киім шешінетін және қосалқы бөлмелерде тазалық тәртібін сақтау керек.

2) Сабақ аяқталған кезде спорт жабдықтарын орынына апарып, жинап, жаттығулар орнын және киім шешетін бөлмеде орындарына қойып кету керек.

915. Акробатика және акробатикалық кілемде сақтандыру мен пассировка.

1) Сабақ кезінде бір жерден басқа жерге жүгіріп жүруге тыйым салынады.

2) Күрделі акробатикалық жаттығуларды сақтандырусыз орындауға тыйым салынады.

3) Жерге түсу аймағында немесе жаттығуды орындау кезінде құлаудың мүмкіндігі болатын жерде ойнауға тыйым салынады.

4) Орта сызықтан жағалай шетке жетпей, екпінмен секіру бағытында орындау.

5) Жаттығудың орындау алдында, аймақ екпінмен секіру кезде жер бос болатынына сену.

6) Аймаққа акробаттық жол бойынша екпінмен секіріп қайтуына тыйым салынады.

916. Снарядтар мен тренажерлерде жаттығуды бастамас бұрын, олардың техникалық жарамдылығын тексеру керек, ақаудың тапқан жағдайда педагогке хабарлау. Құлау мүмкіндігі бар аймақтарға сақтық маттарды қою керек.

917. Жазатайым оқиғада, жарақат алғанда, зақымданған немесе болған оқиғаны көрген адам бірінші дәрігерлік көмек көрсетуге дейін шұғыл шараларды қабылдауы үшін педагогке дереу педагогке хабарлауға міндетті.

918. Сабақ аяқталған кейін керек-жарақ спорт жабдықтарын орнына жинау, киім шешетін бөлмені және жаттықтыру құралдарын тәртіпке келтіру қажет.

919. Күтілетін нәтижелер. Оқу соңында кіші топтың білім алушылары (1-3-сыныптар) біледі:

1) арнайы терминологияны;

2) акробатикалық жаттығу техникаларының негізін;

3) акробатикалық жаттығу орындаудың қауіпсіздік техникасы ережесін сақтау;

4) гигиенаның негізі және салауатты өмір салтын;

5) зиянды әдеттердің алдын алуды.

істей алады:

1) жалпы дене-күш жаттығулар, статикалық жаттығулар, икемділік жаттығуды орындауы және созу, кульбит және құламалар, бағдарлама кіруші қарқын жаттығуларды орындайды;

2) сабақ үдерісінде қауіпсіздік техникасы ережелерін дұрыс қолданады;

3) салауатты өмір салтының ұстанады.

920. бағдарламалық талаптар. Оқудың бірінші жылы (жылында - 102 сағат, аптасында 3 сағат, 34 оқу аптасы).

1) Қауіпсіздік техникасы.

2) Жалпы дене шынықтыру жаттығулары. Тұла бойды әдемі ұстап кең еркін қамадармен жүру, қолдарды түрлі қалыпта ұстап жүру, қолдарды қозғалта отырып, аяқтың ұшымен жүру, жартылай отырып өкшемен және жартылай отырып жүру.

Жүгірумен кезектестіре отырып жүгіру, түрлі бастапқы қалыптардан; жұппен, топпен жүгіру. Секіру бір және екі аяқтардың секірісі; бір орында секіру және жылжумен секіру.

3) Статикалық жаттығулар. Бір аяқтағы тепе-теңдік (қарлығаш); арқаға қолдары жауырынға тұрып тірелу; қабырғада қолға тұру; бір аяқты сермеу, педагог көмегімен қолға тұру.

4) Созылу мен икемділік жаттығулары. «Көпір» арқада жату қалпы; жартылай шпагат және шпагат (оң аяқты, сол аяққа және көлденең); аяқтармен сермеу; еңкейіп және қадамын қарсы басу; сермеумен секірістер.

5) Кульбиттер мен каскадтар. Кульбит: тіреуден алға отырып; қарқында алға; алға аяғын айқастыру; тіреуден кейін отырып; қарқында артқа; артқа аяғын айқастыру; артқа секіріп жоғары, тіреуге құлау.

6) Қарқынды жаттығулар. Бүйір шеңбері: орыннан вальсетамен секіріс.

921. Оқу-тақырыптық жоспар.

1) Жалпы дене шынықтыру дайындығы пәнімен таныстыру - 1 сағат.

2) Әңгіме: «Балалық шақтан келген цирк» - 1 сағат.

3) «Сақтандыру жабдығы». Қауіпсіздік техникасы – 2 сағат.

4) Енкею және аяққа отыру – 3 сағат.

5) Жүрістің әр түрлілігі – 4 сағат.

6) Жүгірудің әр түрлілігі – 4 сағат.

7) Секіру – 2 сағат.

8) «Қарлығаш». Бір аяқта теңдік сақтау – 2 сағат.

9) Жауырында тұру – 4 сағат.

10) Қолда тіреліп тұру – 6 сағат.

11) Арқада жатып көпір жасау – 4 сағат.

12) Аяқты айналдыру – 3 сағат.

13) Жартылай шпагат – 4 сағат.

14) Шпагат – 7 сағат.

15) Топтасу – 4 сағат.

16) Топтасып домалау - 6 сағат.

17) Кульбит алға отырып тірелу – 8 сағат.

18) Кульбиты алға ырғақта – 8 сағат.

19) Кульбит алға аяғын айқастыру – 2 сағат.

20) Кульбит артқа отырып тірелу – 8 сағат.

21) Кульбиты артқа ырғақта – 8 сағат.

22) Кульбит артқа аяғын. Айқастыру – 2 сағат.

23) Бүйірлік шеңбер – 7 сағат.

24) Барлық сағат саны – 102 сағат.

922. Бағдарламалық талаптар. Оқудың екінші жылы (жылында 102 сағат, аптасында 3 сағат, 34 оқу аптасы).

1) Қауіпсіздік техникасы.

2) Жалпы дене шынықтыру жаттығулары. Жүру, жүгіру, қозғалыста жаттығу; қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне жаттығу; жергілікті жерден жаттығу; секірістер; бағыттың өзгеруімен орын ауыстыру.

3) Статикалық жаттығулар Қолға тұру; 1 аяқты сермеу қолға тұру; екі аяқтарды түрткі қолға тұру; 1 аяқты сермеуді білектерде табанды; баспен тұру; жауырынға тұру жартылай кульбитамен артқа.

4) Созылу мен икемділік жаттығулары. «Көпір» (оңға, сол аяқ және көлденең) сермеулер; аяқтармен сермеу; көлбеу және қарсы басу; сермеу секірістер; қолға тұру көпірі; алдыңғы асыра лақтыру шпагаты; қолға тұру шпагаты.

5) Кульбиттер мен каскадтар. Жатып секіру; жүгіріп келіп кадқадтық кульбит жасау; кульбитпен алға қолға тұру; жүгіріп кульбит жасау; трамплиннан кульбиттер жасау.

6) Қарқынды жаттығулар. Трамплиннен қарқынды секіру; курбет; «қарқын алдыңғы және трамплиннан артқа сальто».

923. Оқу-тақырыптық жоспар.

1) Акробатика сабақтарда қауіпсіздік техникасы – 1 сағат.

2) Жүру, жүгіру – 2 сағат.

3) Қозғалыс жаттығулары – 4 сағат.

4) Қозғалысты үйлестіру жаттығулары – 4 сағат.

5) Жалпы дамыту жаттығулары – 6 сағат.

6) Секіріс – 4 сағат.

7) Бағытты өзгерту үшін қозғалыс – 2 сағат.

8) Қолында тұру – 8 сағат.

9) Басында тұру – 4 сағат.

10) Иықта тұру – 4 сағат.

11) Әр қимылдан көпір – 6 сағат.

12) Еңкейлерімен шабуылдар – 2 сағат.

13) Шпагат – 4 сағат.

14) Жатып тұру – 4 сағат.

15) Курбет – 8 сағат.

16) Кульбиттер мен каскадтар – 8 сағат.

17) Трамплиннен секіру қарқыны – 10 сағат.

18) Шеңбер (орнында, секіруден, жүгіру) – 8 сағат.

19) Акробатикалық байламдары – 10 сағат.

Барлығы: 102 сағат.

924. Бағдарламалық талаптар. Оқытудың үшінші жылы(жылында 102 сағат, аптасында 3 сағат, 34 оқу аптасы).

Бағдарламалық талаптар.

1) Қауіпсіздік техникасы.

2) Жалпы дене шығықтыру жаттығулары. Жүру; жүгіру; жаттығу қозғалыстары; қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне жаттығу; жергілікті жерлерде жаттығу; секірістер; бағыттың өзгеруімен орын ауыстыру.

3) Статикалық жаттығулар. Жауырынға тұру; бүйір арабеспен бір аяқта тепе-теңдік; түрткі баспен тұру топтау арқылы; түрткі қолға тұру топтау арқылы.

4). Созылу мен икемділік жаттығулары. Көпір; (оңға, сол аяқ және көлденең)

шпагаттар; аяқтармен сермеу; көлбеу және қарсы шығулар; сермеу секірістер; баспен тұру мен түзету мен көпір; басқа бұрышпен бір аяққа қолдары көпір тіректі.

5) Кульбиттер мен каскадтар. Биіктіктен каскадты кульбиттер жасау; қолға тұрып алға қарай кульбит жасау.

6) Қарқынды жаттығулар. Еркін жаттығулар (педагогтың тандауы бойынша алатын кешендер).

925. Оқу-тақырыптық жоспар.

1) Сабақтағы қауіпсіздік техникасы – 1 сағат.

2) Жүру, жүгіру – 2 сағат.

3) Қозғалыстағы жаттығулар – 3 сағат.

4) Үйлестіру қозғалысының жаттығулары - 6 сағат.

5) Жалпы дене шынықтыру жаттығулар – 6 сағат.

6) Секіріс – 2 сағат.

7) Бағытын өзгерту жылжыма жаттығулар – 2 сағат.

8) Жауырында тұру – 2 сағат.

9) Бір аяқта теңдік сақтау – 4 сағат.

10) Баста тұру – 6 сағат.

11) Қолда тұру – 8 сағат.

12) Әр қалпынан көпір – 4 сағат.

13) Шпагаттар – 4 сағат.

14) Аяқпен сермеу – 2 сағат.

15) Енкейіп алға басу – 2 сағат.

16) Биіктіктегі кульбит – 8 сағат.

17) Қолда тұрып алға қарай кульбит жасау – 6 сағат.

18) Акробатикалық буындар – 8 сағат.

19) Еркін жаттығулар кешені – 10 сағат.

20) Шеңбер – 6 сағат.

21) Курбет – 6 сағат.

22) Жатып секіру – 4 сағат.

Барлығы: 102 сағат.

926. Күтілетін нәтижелер. Оқудың аяғында орта топтың білім алушылары (4-6-сыныптар) біледі:

- 1) арнайы терминалогияны;
- 2) акробатикалық жаттығулар техника негіздерін;
- 3) қарапайым акробатикалық жаттығуларды біртұтас номерге (этюдке) біріктіру техникасын;
- 4) акробатикалық жаттығуларды орындаудағы қауіпсіздік техникасының ережелері;
- 5) гигиена негіздері және салауатты өмір салты;
- 6) зиянды әдеттерді алдын алу шаралары.

істей алады:

- 1) жалпы дене шынықтыру жаттығуларын, статикалық жаттығуларды, иілгіштік пен созылуға арналған жаттығуларды, кульбиттер мен каскадтарды, қарқынды жаттығуларды, бағдарламаға кіретіндерді орындау;
- 2) жеке акробаттық элементтерді бір номерге (этюд) біріктіру;
- 3) сабақ үдерісінде техникалық қауіпсіздік ережелерін дұрыс қолдану;
- 4) салауатты өмір салтын ұстану.

927. Бағдарламалық талаптар. Оқудың төртінші жылы (жылында 68 сағат, аптасында 2 сағат, 34 оқу аптасы).

- 1) Қауіпсіздікдік техникасы.
- 2) Жалпы дене шынықтыру жаттығулары. Акробаттық элементтерді Қолданумен эстафета; жүру; жүгіру; қозғалыстағы жаттығулар; қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне арналған жаттығулар; бір орында тұрып жаттығу жасау; секіру; сермеумен секіру.
- 3) Статикалық жаттығулар. Отырып тіреуден қолға тұру, көпір, (оңға, сол аяқ және көлденең) шпагаттар; аяқтармен сермеу, еңкею және қарсы басу.
- 4) Созылу мен икемділік жаттығулары. Көпір жасау, (оңға, сол аяқ және көлденең) шпагаттар; аяқтармен сермеу; көлбеу және қарсы басу; көпір бір аяқты сермеу баяу артқа аунап түсу; сермеулік секірістер.
- 5) Кульбиттер мен каскадтар. Биіктіктен каскадты кульбит, жүгіріп келіп биіктігі 20-30 сантиметрлен кульбит жасау; қолға тұрып алға қарай кульбит жасау; акробатикалық байланыстар мен комбинациялар; шеңбер ішінде каскадты кульбит жасау; жүгіріп келіп копфшпруг жасау; алға аунау, трамплиннан шеңберге каскад жасау.

6) Қарқынды жаттығулар. Қарқынды секірістері; қарқындабүйір шеңбер; рондадшапқылау; баспентұрулармен аяқтың көпірінетүзетубөлек; сальтотоптаумен қарқын секірістері; рондадшапқылау және вальсета; келесі бұрылыспен курбет 180 градусқа дейін.

928. Оқу-тақырыптық жоспар.

- 1) Сабақтағы қауіпсіздік техникасы - 1 сағат.
- 2) Жүру, жүгіру – 2 сағат.
- 3) Қозғалыстағы жаттығулар – 3 сағат.
- 4) Үйлестіру қозғалысының жаттығулары – 6 сағат.

- 5) Жалпы дене шынықтыру жаттығулар – 6 сағат.
- 6) Секіріс – 2 сағат.
- 7) Акробатикалық элементтерін қолдану жарысы – 4 сағат.
- 8) Жауырында тұру -2 сағат.
- 9) Теңдік сақтау – 4 сағат.
- 10) Баста тұру – 2 сағат.
- 11) Қолда тұру – 4 сағат.
- 12) Әр қалпынан көпір – 4 сағат.
- 13) Шпагаттар – 4 сағат.
- 14) Аяқпен сермеу – 2 сағат.
- 15) Енкейіп алға басу – 2 сағат.
- 16) Жоғарыдағы кульбит – 4 сағат.
- 17) Кульбит алға отырып қолға тірелу – 4 сағат.
- 18) Акробатикалық буындар – 6 сағат.
- 19) Копфшпругтар, аударылым – 4 сағат.
- 20) Барлығы: 68 сағат.

929. Бағдарламалық талаптар. Оқытудың бесінші жылы(жылында 68 сағат, аптасында 2 сағат, 34 оқу аптасы).

- 1) Қауіпсіздік техникасы.
- 2) Жалпы дене шынықтыру жаттығулары. Жүру; жүгіру; қозғалыстағы жаттығу; қимыл-қозғалыс үйлесімділікке жаттығу; бір орында тұрып жаттығу жасау; секірістер.
- 3) Статикалық жаттығулар. Екі аяқпен отыруға салмақ салып қолға тұру қолда тұрып аяқтарын семеу.
- 4) Икемділік және созылу жаттығулары.Көпір; (оңға, солаяқжәнекөлденең) шпагаттар; аяқтармен сермеу, еңкею жәнеқарсы басу.
- 5) Кульбиттер мен каскадтар. Бүйірмен домалау, баспен тұру, кульбит алға басу, кульбитпен жауырынға тұру.
- 6) Қарқынды жаттығулар. Қарқынға 180 рондадқа, 2 рондад бұрыла секіру қарқынында араға лақтыру курбеті.

930.Оқу-тақырыптық жоспар.

- 1) Сабақтағы қауіпсіздік техникасы – 1 сағат.
- 2) Жүру, жүгіру – 2 сағат.
- 3) Қозғалыстағы жаттығулар – 2 сағат.
- 4) Үйлестіру қозғалысының жаттығулары – 4 сағат.
- 5) Жалпы дене шынықтыру жаттығулары – 3 сағат.
- 6) Секіріс – 2 сағат.
- 7) Отыру тірегімен қолда тұру – 4 сағат.
- 8) Бір аяқпен сермеу жасап қолда тұру – 3 сағат.
- 9) Бүйірмен домалау – 4 сағат.
- 10) Жауырында тұрып алға кульбит – 4 сағат.
- 11) Курбет – 4 сағат.
- 12) Әр қалпынан көпір – 3 сағат.

- 13) Шпагаттар – 4 сағат.
- 14) Аяқпен сермеу – 2 сағат.
- 15) Енкейіп алға басу – 2 сағат.
- 16) Қыратын кульбиттер – 4 сағат.
- 17) Кульбит алға отырып басқа тірелу - 6 сағат.
- 18) Қарқынды 2 рондада. Акробатикалық байламдар – 8 сағат.
- 19) Қарқынды лақтырыс – 6 сағат.
- 20) Барлығы: 68 сағат.

931. Бағдарламалық талаптар. Оқудың алтыншы жылы(жылында 68 сағат, аптасында 2 сағат, 34 оқу аптасы).

- 1) Қауіпсіздік техникасы
- 2) Жалпы дене шынықтыру жаттығулары.

Жүру; жүгіру; қозғалыстағы жаттығу; қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне жаттығу; жергілікті жерлерде жаттығу; секірістер; күшке арналған жаттығу.

- 3) Статикалық жаттығулар.

Жұпты жатығулар; жамбасқа сүйеніш; жатып сүйену; «жартылай колонна».

4). Созылу мен икемділік жаттығулары. Көпір; (оңға, сол аяқ және көлденең) шпагаттар; аяқтармен сермеу; көлбеу және қарсы басу.

5) Кульбиттер мен каскадтар. Бүйір шеңберіне (3 қарқынға); трамплиннен жасалатын кульбит; кульбит алға және бүгілген аяқтарға копфшпрунг; трамплиннен созылған кульбиті.

- 6) Қарқынға 3 рондад; рондад бүйір шеңбері; (лонж) орыннан флик-фляк.

932. Оқу-тақырыптық жоспар.

- 1) Сабақтағы қауіпсіздік техникасы – 1 сағат.
- 2) Жүру, жүгіру – 2 сағат.
- 3) Қозғалыстағы жаттығулар – 1 сағат.
- 4) Үйлестіру қозғалысының жаттығулары – 3 сағат.
- 5) Күш салу жаттығулар – 8 сағат.
- 6) Секіріс – 2 сағат.
- 7) Жұп жаттығулар – 6 сағат.
- 8) Жамбасқа сүйену – 6 сағат.
- 9) Жатып сүйену – 4 сағат.
- 10) «Жартылай колонналар» - 4 сағат.
- 11) Жүгіріп, келіп бүйір шеңбер (3 ырғақта) – 5 сағат.
- 12) Әр қалпынан көпір – 2 сағат.
- 13) Шпагаттар – 2 сағат.
- 14) Аяқпен сермеу – 2 сағат.
- 15) Енкейіп алға басу – 2 сағат.
- 16) Трамплиннен кульбит – 4 сағат.
- 17) Копфшпрунг – 4 сағат.
- 18) Акробатикалық буындар – 4 сағат.
- 19) Флик-фляк – 6 сағат.

Барлығы: 68 сағат.

933. Күтілетін нәтижелер. Оқудың аяғында орта топтың білім алушылары (7-9-сыныптар) біледі:

- 1) арнайы терминалогияны;
 - 2) акробатикалық жаттығулардың техника негіздерін;
 - 3) күрделі акробатикалық жаттығулардың сипаттамасын;
 - 4) біртұтас нөмірге акробатикалық жаттығулардың қарапайым қимылдарды қосу техникасын (этюд);
 - 5) шығармашылық жобаны әзірлеу технологиясын;
 - 6) күрделі акробатикалық жаттығуларды орындау кезінде жарақат алмау үшін алдын алудың және сақтандыру шаралары туралы ескертуді;
 - 7) салауатты өмір салты және гигиена негізін;
 - 8) зиянды әдеттерді алдын алу шараларын.
- істей алады:

- 1) күрделі акробатикалық жаттығулар, статикалық жаттығулар, икемділік жаттығуларын орындау және созу, кульбит және құламалар, бағдарламаға кіретіні қарқынды жаттығуларды орындай алады;
- 2) біртұтас нөмірге жеке акробаттық элементтерді (этюд) біріктіре алады;
- 3) өз бетімен шығармашылық жобаны әзірлейді және қорғайды;
- 4) сабақ үдерісінде техникалық қауіпсіздік ережелерін жұрыс қолданады;
- 5) салауатты өмір салтын ұстанады.

934. Бағдарламалық талаптар. Оқудың жетінші жылы(жылында 68 сағат, аптасында 2 сағат, 34 оқу аптысы).

- 1) Қауіпсіздікдік техникасы.
- 2) Жалпы дене шынықтыру жаттығулары. Жүру; жүгіру; қозғалыста жаттығу; қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне жаттығу; бір орында тұрып жаттығу жасау; секірістер; күш жаттығуы.
- 3) Статикалық жаттығулар. Топтық жаттығулар; пирамидалар.
- 4) Созылу мен икемділік жаттығулары. Көпір; (оңға және сол аяқ, көлденең), шпагаттар; аяқтармен сермеу; еңкейю және қарсы басу.
